

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Ақын, жазушы, қоғам қайраткері М.Дулатұлының
туғанына 140 жыл толуына арналған
"А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ
АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫ"
*атты республикалық ғылыми-практикалық конференция
материалдары*

5 қыркүйек 2025 жыл



Материалы
республиканской научно-практической конференции
"ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ТВОРЧЕСКИЕ НАСЛЕДИЯ
А. БАЙТУРСЫНУЛЫ И М. ДУЛАТУЛЫ",
посвященной 140-летию со дня рождения
поэта, писателя, общественного деятеля М.Дулатулы

5 сентября 2025 года



Астана 2025

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Қ17

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

Таубаев А.А. – ректор учреждения «Esil University», доктор экономических наук, профессор
Мақыш С.Б. – первый проректор – проректор по учебной работе, доктор экономических наук, профессор
Турекулова Д.М. – проректор по научной работе и интернационализации, доктор экономических наук, профессор
Шуйтенов Г.Ж. – проректор по стратегии и цифровизации, кандидат педагогических наук, доцент
Юнисов Е.А. – заведующий кафедрой социально-гуманитарных дисциплин, PhD
Досанова А.Ж. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, кафедры социально-гуманитарных дисциплин
Алдабергел Е.К. – главный специалист Отдела организации НИР

Ақын, жазушы, қоғам қайраткері М.Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына арналған «**А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлының ағартушылық қызметтері мен шығармашылық мұралары**»: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Астана: «Esil University» БПО, 2025. – 199 б. // Астана: ИПЦ «Esil University», 2025. – 199 с.

«**Просветительские деятельности и творческие наследия А.Байтұрсынұлы и М.Дулатұлы**» посвященной 140-летию поэта, писателя, общественного деятеля М. Дулатұлы: Республиканская научно-практическая конференция. – Астана: «Esil University» БПО, 2025. – 199 б. // Астана: ИПЦ «Esil University», 2025. – 199 с.

ISBN 978-601-7625-90-0

Ақын, жазушы, қоғам қайраткері М.Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына арналған «**А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлының ағартушылық қызметтері мен шығармашылық мұралары**» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағына А. Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының шығармашылық мұралары және олардың -қоғамдық-саяси қызметтері жайында өзекті мәселелер бойынша ғылыми баяндамалар енгізілді.

В сборник материалов республиканской научно-практической конференции «**Просветительские деятельности и творческие наследия А.Байтұрсынұлы и М.Дулатұлы**», посвященной 140-летию поэта, писателя, общественного деятеля М.Дулатұлы, вошли научные статьи по актуальным вопросам творчества А. Байтұрсынұлы и М. Дулатұлы и тезисы докладов об их общественно-политической деятельности.

**Конференция материалдары автордың түпнұсқасы негізінде басылып шығарылған.
Материалы конференции отпечатаны с авторских оригиналов.**

ISBN 978-601-7625-90-0

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

© ИПЦ «Esil University», 2025
© «Esil University» БПО, 2025

**ҚР ПАРЛАМЕНТИНІҢ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ,
ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР Б.Т. БЕЙСЕНГАЛИЕВТИҢ КОНФЕРЕНЦИЯ АШЫЛУЫНДАҒЫ
КІРІСПЕ СӨЗІ**

**ҚАЙЫРЛЫ КҮН!
ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР, ҚОНАҚТАР,
ОҚЫТУШЫЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАР!**

Бүгін конференцияда қатысушы мемлекет және қоғам қайраткерлерін, ғалымдарды, жоғары оқу орындары қызметкерлерін ақын, жазушы, қоғам қайраткері М. Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы қарсаңында көргеніме өте қуаныштымыз!

Бүгінгі конференцияға жоғары қызығушылықпен келіп түскен баяндамалардың көптігі осы іс-шараның маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді. Биылғы жылы елімізде М. Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде атап өтілуде.

"А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлының ағартушылық қызметтері мен шығармашылық мұралары" атты конференцияның Esil University мекемесінде аталып өтуі бәріміз үшін де өте маңызды тарихи оқиға болмақ.

Қазақтың ұлы ағартушылары – көрнекті қоғам және саяси қайраткерлер, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы мен ақын, жазушы М. Дулатұлы Торғай өңірінен шыққан Алаштың зиялы азаматтары.

Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының педагогикалық идеялары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймай, сабақтастықта болып, өміршендігімен ерекшеленіп келеді. Педагогикалық баспасөздің рөлі, бастауыш мектептің, орта білімнің, жоғары білім беру жүйесінің проблемалары, оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру, өскелең ұрпақты сауатты тәрбиелеу Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде көрініс тапса, М. Дулатұлы және жалпы Алаш қайраткерлері ХХ ғасырдың басында туған халқының бостандығы үшін сол кездегі барлық дәуірлік өзекті жұмыстарды атқарды.

Қазақ тарихы үшін Жаңғыру дәуірі болған осы кезеңде Алаш ұлт-азаттық қозғалысымен бірге олар ұлтының жаңа мәдени деңгейге көтерілуі үшін де күресіп, бұл салада аса ірі нәтижелі жұмыстарды орындады. М. Дулатұлы А. Байтұрсынұлы бастаған саяси серіктерімен бірге Алаш қозғалысының бастауында тұрып, қайраткер ретінде алдымен Алаш автономиясына, кеңестік кезеңде Қазақ автономиясына қол жеткізді. Сондықтан біз қос қайраткерді ұлт күрескері ретінде де ерекше бағалаймыз.

Тағы бір қуанышпен айтатын ерекше жаңалығымыз – атаулы мерейтойға байланысты өтіп отырған конференция аясында А. Байтұрсынұлына және М. Дулатұлына арналған заманауи технологиялармен жабдықталған атаулы дәрісханалардың ашылуы. Бұл дәрісханалар болашақта студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми орталығына айналатынына сенім зор.

Сонымен қатар, конференция қатысушыларына арнап, университет қабырғасында Қостанай облысының басшыларының қолдауымен көшпелі мұражайдың ұйымдастырылуы – тұтас халықтың көшбастар көсемдері А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлына деген құрметіміздің көрнісі. Бұл іс-шараны ұйымдастырушы, Торғай өңіріндегі мұражайлардың басшысы Сәрсекей Гүлбану Қулетызы ханымға да шынайы алғысымызды жеткізгім келеді.

Конференция барысында А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының қоғамдық-саяси қызметтері мен шығармашылық мұралары жан-жақты қарастырылатын болады деп сенім білдіремін.

Бүгінгі конференция «Оян қазақ» деп жастарды патриоттық тәрбие беруге шақырған М.Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы қарсаңында еліміздің әлеуметтік, мәдени және тәрбиелік әлеуетінің ықпалдасуына және тарихи тәжірибе мен өткен жетістіктерді ұқыпты

пайдалануға, ғылыми зияткерлік әлеуетті дамыту үшін қажетті жаңа тәсілдер мен технологияларды әзірлеуге ықпал ететініне сенімдімін.

Бүгінгі конференцияда А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының халқына жасаған қызметі мен артында қалдырған шығармашылық мұрасы негізінде өзекті мәселелер сараланып, ортақ ұсыныстар да қабылданатын болады.

Бұған еліміздегі ахметтанушы, міржақыптанушы, алаштанушы ғалымдар, тілтану, тарих т.б. салалардағы белгілі зерттеушілер қатысып, ғылымдардың шығармашылық мұраларының дамуына игі ықпалын тигізіп отыр.

Конференцияға ұсынылған баяндамалар мен мақалалардың тақырыптары да сан алуан, соған сай болашақта ахметтану, міржақыптануда жаңа бағыттардың пайда болуына жол ашыла бермек.

«Ғылым мен өнер елсізді елдіге, жоқты барға теңгереді» демекші, ғылым жолында еткен істің берекелі болмағы – үлкен абырой, игіліктің өзі. Осындай білім ғылымды серік ете отырып, елін сүйген қайраткер тұлғалардың өмірі мен мол мұрасын тану арқылы біз халқымыздың болмысын, тарихын және рухани әлемін біле түсеміз. А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының тағылымды тәлімі, қалдырған мұрасы бізді елдікке, ұлттық ұйысуға, білім әлеміне үндейді. Бұл бүгінгі өскелең ұрпақ үшін және осы залда отырған осы университеттің студенттері үшін қашанда аса маңызды.

Конференция нәтижелері барлық қатысушыларға пайдалы болатыны анық, ал ұсынылған ұсыныстар әрқайсымыздың практикалық қызметімізде өз қолданысын табады деп ойлаймын.

Конференцияның өтуіне белсенділік танытып, ат салысқан ұйымдасушылар мен қатысушыларға жемісті еңбек, тың идеялар, ғылым жолында шығармашылық жетістіктер тілеймін!



ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ



МІРЖАҚЫПТЫҢ ОРАЛУЫ: ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Әлім Қ.

Жазушы, міржақыптанушы

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Қазақстан Журналистер одағы М.Дулатов атындағы сыйлықтың

және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

Қазақстан журналистер академиясының академигі, Астана қ.

Бүгін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні! Баршаңызды осы мерейлі күнмен құттықтаймын.

Бүгін Алаш арысы, жалынды зияткер, ұлт болашағы жолында жанын пидә еткен Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияның осынау ерекше күнмен үндестіріліп өткізіліп жатқаны қандай ганибет.

Ажырамас қос тұлға: Ахаң мен Жақаң! Торғайдан түлеп ұшып, Алаш қозғалысының бастауында тұрған қос ғұлама! Ешнәрсе көлегейлей алмайтын мәңгілік жарқын жүзді жасампаздық жампоздары. Біртуар Алаш көсемдері.

Ахаң Алматы түбінде атылып кетті. Жақаңның сүйегін 57 жылдан соң Карелиядан, Сосновец стансасында жерленген жерінен бұрынғы Торғай облысынан арнайы жасақталған экспедициямен барып, 1992 жылдың 1-18 қыркүйегінде туған топырағы Қызбел өңіріне – Бидайық ауылына әкеліп жер қойнына қайта табыстадық. Бұл елжандылық іс – Еліміз Тәуелсіздігінің елең-алаңында болған айтулы оқиға ретінде тарихқа енді.

Міржақыптың оралуының танымы мен тағылымы, міне, қайғы мен қуаныш қапталдасқан сол күндерден жүлгеленіп, күллі елімізге жан-жақты қырынан паш етіле бастады. Танымы – Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Смағұл Садуақасұлы сынды Алаш арыстарының сырт жерде сүйектері қалғанына налу мен назалану болса, Тағылымы – сол ардақтыларымыздың мүрдесін туған топырағына жеткізудің себеп-салдарларын ежіктеп, осы тектес батыл қадам жасау ұмтылысына мәрттікпен бекінгендік еді. Иә, бұл ретте сәтімен оңғарылған іс деп, араға ұзақ уақыт салып Смағұл Садуақасұлының дене-күлінің елге жеткізіліп, рәсімделіп қойылуын айтауға болады.

Міржақыптың оралуынан соң оның рух күшінің еселене түскенін сезінгендей күй кештік. Оның «Оян, қазақ!» деп салған баяғы дабылы бүгінде әр қазақтың жүрегіне өзгеше жігер беріп, күш-қуат құйды: Тәуелсіздікке серпін, сергектік, сезімталдық, саналылық сыйлады! Ал Міржақыптың туған қызы, ерекше жаратылысты Гүлнәр кейуана кешегі Әлихан, Ахмет аталарының тізесінде отырып, төрт-бас жасындағы естігендерінен, есейгендегі көзбен көргендерінен тарқатып том-том кітап жазып, жүз жасына сынық сүйем қалғанда «Ардақтап өттім Алашымды» деп көз жұмды. Тірісінде билік тарапынан бір марапат көрмей, бір ауыз жылы сөз естімей, еңбегін ешкімге бұлдамай кетті. Ең құдіреттісі сол, алтын көмбелі жүректің Алаш тұрғысындағы көл-көсір қазынасы Елінің құлағына жетті! Күллі қазақ әйелінің қасіретін бір басына жинаған қайран сол Гүлнәр Міржақыпқызының биылғы 110 жылдығын ескеріп жатқан кім бар екен? Барлық қасірет шеккен аналардың

жиынтық бейнесін сомдап, осы Гүлнәр Міржақыпқызына ескерткіш соқса да артық болмас еді!

Ұлт пен Міржақып – егіз ұғым! Ұлтының мұңын мұндаған оның тағы бір үзеңгілес серігі, Қызбелде бір туған түйедей құрдасы, Алаштың заңғар заңгері Сейдәзім Қадырбаевтың да биыл 140 жылдығы екенін еске саламыз. Ол Алашорда Үкіметі – Ұлт кеңесінің мүшелігіне кандидат болған, Әділет Халық комиссариатының бөлім меңгерушісі ретінде сот жүйесінде қазақ тілінің орнығуына жанкештілікпен еңбек сіңірген ұлтжанды тұлға. Қазақ автономиясының тұңғыш Ата Заңы авторларының бірі, білікті аудармашы, азаттық жолындағы күрестің жалынды ұйымдастырушысы Сейдәзім Қадырбаевтың мұраларын ұрпақ жадында қалдыру үшін қыруар іс-шара жүзеге асырылғаны абзал. Оның есімін мәңгілік есте қалдыру жағына жұмыла кіріскеніміз жөн болар еді.

Қостанай қаласында Міржақыптың ескерткіші бой түзегелі жатыр. Қуанышты, әрине. Осы қуаныштың иірімінде өзге ойлардың бұлқынысы шиыршық атады. Алаш арыстары ескерткіштерінің Аллеясы Астанада салтанат құрса деген бүкілхалықтық ұсыныстар уақыт өте келе өз шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр!

Ғасыр саңлақтары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы, басқа қырларын айтпағанда оқу-білімге, ағарту ісіне жанын салған ғұламалар екендігі белгілі. Сол себепті де болар, бүгін «ESIL UNIVERSITV» мекемесінің басшылары осы айтулы қос тұлғаның атына арнап қос дәрісхана ашып отырғаны. Бұл тарихи іске мұрындық болған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, белгілі ғалым, қазақтың ұлтжанды азаматы Берік Тұрсынбекұлы Бейсенғалиевке айтар алғысымыз шексіз. Ол Міржақып Дулатұлының мерейтойына ықылас пен мейірімділік танытып, қолдау білдіріп, Торғайда өтетін республикалық ақындар айтысының жеңімпазына деп, өз отбасының атынан арнайы жеңіл автокөлік тігіп отыр. Сондай-ақ жазушы Қайсар Әлімнің осы қазір тұсауы кесілетін «Міржақып Дулатұлы» ғұмырнамалық кітабының түрік тіліне аударылып, Ыстамбұлдан басып шығарылуына демеушілік жасады. Міне, осындай ел рухын көтерер жарқын істерді баяндамамыздың тақырыбына алынған «Міржақып тағылымына» жатқызуға әбден болады. Көсегеңіз көгерсін, Берік бауырым!

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовпен екеуара 34 жыл хат жазысып, соның нәтижесінде жазылған «Махаббат жыршысы» деген кітабымды аға-досым қолымен ұстап, кеудесіне басып, ақ батасын беріп кеткен еді. Жылы жүрек Әзағам мерейтойға бара қалса, өзі көтеріп апарып, кітап сыйлайтын еді. Сол дәстүрмен мен де қос арыстың дәрісханаларының ашылуы құрметіне университет кітапханасына авторлық жиынтық 300 кітабымды сыйға тартып отырмын. Бұл да – алыптар тағылымы деп ойлаймын.

Ахаң, Жақаң дәрісханалары білім бұлағының көзін бұрқыратып аша түссін!



АЛАШ ҒАЛЫМЫ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ: ДЕКОЛОНИЯЛЫҚ ДИСКУРС

Ісімақова А.С.

алаштанушы ғалым

филология ғылымдарының докторы, профессор

Назарбаев Университеті, Астана қ.

Алаш ақыны Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» атты отаншылдық мемлекеттік ұраны мен «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ қоғамының отарлық кезеңдегі күйін анық бейнелеген, ұлт азаттығы мен рухани еркіндік ұстанымын көтерген мәтіндер.

Әдебиеттегі деколониялық дискурс – отарлық кезеңнің идеологиялық қысымына, отарланған халықтардың өзіндік мәдениетін, тілін және дүниетанымын қайта қалпына келтіруге бағытталған әдеби және теориялық бағыт. Деколониялық дискурс отарланған халықтардың тарихы мен мәдениетін қайта жазуға, отарлық білім жүйесінің ықпалынан арылуға бағытталған. Бұл бағыт қазіргі әдебиетке де жаңа теорияларды енгізуге, отарлық кезеңнің ғылыми, әдеби мұрасына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді [1].

Міржақып Дулатұлының деколониялық дискурсы қазақ халқының отарлау кезеңдегі әлеуметтік, мәдени және саяси жағдайын сынға алып, ұлттық сана мен ұлттық бірлікті қалыптастыруға арналды.

Міржақып Дулатұлының деколониялық дискурсының негізі: ұлтжандылық, жаппай орыстандыруға қарсы күрес, әйел теңдігі мәселесі, қазақ тілінің мәртебесін көтеру деп анықтауға болады:

1. Ұлтжандылық ұстаным: М. Дулатұлының шығармаларында ұлтжандылық ерекше орын алды. Ол қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайту, ұлттық құндылықтарды сақтауды басты етіп көтерді.

2. Колониялыққа қарсы күрес: М. Дулатұлы өз заманына сыни көзбен қарап, білім мен ғылым қазақша болуын көздеді.

3. Әйел теңдігі мәселесі: М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы қазақ қоғамындағы әйелдердің мүшкіл жағдайын сипаттап, олардың тең құқықты болуын талап етті. Бұл роман арқылы ол әйелдердің қоғамдағы орнын арттыруды көздеді.

4. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру: М. Дулатұлы қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, оны кеңсе, ғылым мен білім саласында кеңінен қолдануды ұстаным етті. Ғалымның «Есеп құралы» сияқты ғылыми еңбектері қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құралдарының бірі болды.

М. Дулатұлы қазақ тіліндегі тұңғыш деколониялық гендерлік «Бақытсыз Жамал» романының авторы. Романның басты ұстанымы: романист қазақ қызы келешекте ұлттың Анасы болғандықтан, оның қоғамдағы орнын көтеру қажет деп санаған. Қазақ қызы күн болса, одан өзі сияқты құл ұрпақ туады деген Алаш партиясы ұстанымы бұл романның басты тақырыбы болды. Осыдан 100 жыл бұрын халқымыз отарланған кезде қазақ қызының жағдайын дұрыстауды Алаш ұстанымы етіп көтерген бірегей деколониялық гендерлік романда отарлаушы саясаттың озбырлығы мен ұлтты тоздырып құлдыратқан отарлаушы биліктің тетіктері айғақталған. Бұл деколониялық роман дискурсы.

М. Дулатұлы «Абай» мақаласына «Опат. 23.06.1904» деп ақынның өлген жылын анықтап жазған. Абайдың қайтқанына 10 жыл болу қарсаңында («Қазақ», 1914 жылы № 67 санында) жарияланған. «Қазақ әдебиетінің атасы, Хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жыл өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді» [2, 189 б.]. Абай туралы 1904 жылы Омскіде Ахмет Байтұрсынұлынан естігені, Ә. Бөкейхан бастауымен 1909 жылы Абайдың балалары ақын кітабын бастырып, Петербордан шығарғаны сөз етілген. «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі, қазақ басқа жұрт пен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтығынан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері болуы қиын. Әдебиет, тарихы

жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады» [2, 190 б.]. Осы ретте М. Дулатұлы: Әдебиет не үшін керек, ол нені көрсетеді? - деген сауалға жауап береді: «Қандай жұрттың болса да, жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ». Әдебиетші «Абайтану не үшін керек?» деген сауалға: «Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», – дейді.

1908 жылы жарық көрген «Ибраһим ибн Құнанбаев» мақаласында («Уақыт» № 383) Абайдың кім болғаны айтылған. М. Лермонтовтың «Жалғыздықта» өлеңінің қазақша аудармасын Абай қалай жасағаны, неге осы өлеңді таңдағаны сөз етілген. «Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымды, ауқымды еді». Абай қандай адам болды? «Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді» [2, 31 б.]. М. Дулатұлы таңдап алып келтірген Абай өлеңі өзіне үндес екені «Оянбай, қайран жұрт» деген сөздерден де көрініп тұр: «Қуатты оттай бұрқырап, Уәзінге салып тізілген. Жаңбырлы жайдай зырқырап, Көк бұлттан үзілген. Қайран тіл, қайран сөз, Наданға қадірсіз. Тәуекел мен батыр ой Өткір тілді найза етіп. Сайысып-ақ бақты ғой. Неше түрлі айла етіп. Оянбай қайран жұрт. Ұялмай қал жым-жырт! «Уақыт», 1908 №383 [2, 31 б.].

М. Дулатұлы Алаш ғалымдары сияқты «асыл сөз – қазақ елінің тарихы, оның жаны туралы болу керек» деп санаған. Әдебиетші «тарихты білу керек» деген міндетке байланысты М. Дулатұлының «Хан Абылай». («Айқап», 1912. №12), «Қазақтың тарихы» («Қазақ», 1913. № 7; «Қазақ», 1913. № 3; «Қазақ», 22 март 1913. № 7) атты еңбектерінің ғылыми деколониялық ұстанымы анық.

Шоқаннан кейін екінші болып Абылайхан туралы мақала жазған М. Дулатұлы «Хан Абылай» мақаласында Абылай туралы деректер әдеби мәтіндермен дәлелденген: «Кеше Кенесары заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар: Қылады Мақаржада байлар сауда. Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда. Сұрасаң Абылайдың тұрған жері, Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда» [2, 48 б.]. Қазақтың ханы Абылай ХҮІІІ ғасырда туып, Көкшетау деген жерде «қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрыпты» деген дерек осылай айғақталған» [2, 50 б.]. Абылайдың Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйі» қашан, қандай мақсатпен, кім салып берген? деген мәлімет те осы ретте нақтыланған.

Ғалымның «Эсперанто тілі», «Ғабдолла Тоқаев», «Жер аудару», «Қазақ жайлы», «Қазақта муфтилік мәселесі», «Құлдар достығы», «Тірі жүк», атты мақалалары ХХ ғасыр басындағы деколониялық ұстаныммен: саяси-әлеуметтік, ғылым, әдебиет мәселелеріне арналғанымен құнды.

М. Дулатұлы қазақ ғылымындағы шоқантанудың басында тұрған ғалым. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан (1837–1865)» атты зерттеу 1914 жыл «Қазақ» газетінің № 71, 73, 76–77 сандарында жарияланған. Мақала Шоқанның қайтыс болуына 49 жыл қарсаңында жазылған. «Шоқанның кім екенін көп қазақ білмейді» деп жазылған мақала Шоқанның ата-тегі, шеше-тегі, оқуы, оның ғалымдық ісі туралы мағлұматтарға құрылған. М. Дулатұлы Потаниннің Шоқан туралы сөзін келтірген: «Орысша оқыған қазақтың ең есті, артына кітап қалдырғаны – осы Шоқан» [2, 196 б.].

Шоқан қандай азамат болды? деген сауалға М. Дулатұлы Потанин сөзімен жауап берген: «Потанин жазады: «Шоқан өз жұртын өте сүюші еді, қолынан келсе, жақсылық қылу, қазақ халқының кемшілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді». «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жақта», – деуші еді Шоқан. Шоқан шешен, өткір тілді, өшіккен кісісін әзілмен, сықақпен кемітіп тастайтын еді. Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының данышпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құраушы болмақ еді, бірақ заман хәм тағдыры опа қылмады, Шоқан арманда кетті...» [2, 203 б.]. М. Дулатұлы Шоқантануды тұңғыш рет осылай

қалыптасырып берген. Совет кезінде тура осы Шоқантануды Әлкей Марғұлан ғана жалғастырды. Күні бүгін қазақ ғылымында осы екі ақ шоқантанушы бар.

«Тіл құрал». Қазақ тілінің сарфі (шығарушы Ахмет Байтұрсын) «Қазақта», 1915 №93 М.Д. деген есіммен жарық көрген. Бұл кітапқа берген пікір ғана емес. Ғалымның келесі ойлары өзін жойған емес: «Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз айтамыз... Бірақ құр «бай, таза» деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете алар ма? Қай жұрттың болсын тілі болса да, түү басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған» [2, 219 б.].

М. Дулатұлы Алаш ғалымы А. Байтұрсынұлының емлесін қолдауға өзін міндетті деп санаған: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынұлы қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарайды. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап, «түсінбейміз, оқи алмадық» деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық ғана қызмет, иншаллаһ. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор» [2, 220 б.].

«Ұлы» ма, «ов» па? «ов» туралы мақаласында («Қазақ», 1915 №121) қазақтың «ұлы», «қызы» деп жазылуы құпталған. Қолдау ретінде «Әлихан Бөкейхан», «Назипа Құлжан» мысал ретінде келтірілген [2, 238 б.]. Үлгі ретінде М. Дулатұлы: «Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Едіге, Мамай, Ноғай, Жәнібек, Әйтеке есімдерін келтірген. Стамбұлдағы түріктерді тарих Қаңлы дегені, олардың салты біздікіндей, азаматтарын өз атымен атайтыны айтылған: Мұстафа Кемал. Алаш ғалымының ұстанымы анық айғақталған: «Бізге де газет те, журнал да, кітап та, кеңсе де қазақ жұртының тіл салтына түскен оң. Біз өз жұртымыздың тіл салтына, заңына түссек, елге жылдам жақындаймыз, елге жанасқан сайын, ел ағартқан іс гүлдейді» [2, 239 б.]. Сондықтан деколониялық ұстаныммен: «Біздің айтайық дегеніміз, «ов»-ты орысқа қалдырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атағанда «Байтұрсынұлы Ахмет», «Дулатұлы Міржақып» деп жазу дұрыс. «ов»-ты етегіне намаз оқыған мешандарға берейік. Еш нәрсені тесе қарап тексермей, тоқ қарынға мәз болып жүре беретін, не дінді, не білімді, не тұрмысты, не төрені сынамаған, байға, төреге еліктеген, өмірін малша өткізген адамды А.И. Герцен «мещанин» деп атаған. М. Д.» [2, 239 б.].

М. Дулатұлы – қазақ әдебиеттану ғылымында ахметтанудың да негізін осылай қалыптастырған ғалым. «Ахмет Байтұрсынов» (М. Дулатов. Биографический очерк. Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III. Оренбург, 1922) атты орысша мақала Ахмет Байтұрсынұлы 50 жасқа толу мерейтойына арналып, орыс тілінде жазылған. «Ақжол» газетінде М.О. Әуезов мақаласымен қатар басылған бұл мақала алғаш ғұмырнамалық дерегі мол зерттеу. Ахмет Байтұрсынұлының туған жері, оқу жолы, шығармашылығы, ататегі толығымен қарастырылған. Өзіміздің шенеуніктердің ақталған кезде жіберген ақауы арқасында бізді күні бүгін шатастырып келе жатқан дерек, бұл жерде дұрыс берілген. Ахаңның әкелерінің текті істері, өзінің жастай кедейліктен көрген тауқыметі, бірақ білім арқылы осы қасіреттен құтылуы көрсетілген. «Ахаң қандай білім алған?» - деген сауалға жауап осы зерттеуде берілген. Ғылыми еңбектерімен қатар, Ахаңның ақындығы, аудармашылығы нақты талдаулар арқылы айқындалған.

Деколониялық ұстаным былай келтірілген: «Через всю литературную деятельность Ахмета Байтурсынова красной нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее» [1, 63 б.]. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы ерекше дарынды көсемсөзші екені айғақталып, «Қазақ» газетін ашуы үлкен азаматтық іс ретінде анықталған. Ахмет Байтұрсынұлының кеңес кезінде де ұлты үшін бәріне көніп іс басында болуы ер азаматтық, тұлғалық қызмет ретінде бағаланған. Ахаңның тілтану, әдебиеттану ғылымдарының қалыптасуына себеп болғаны ерекше аталған.

А. Байтұрсынұлының Крылов мысалдарын аударуы сол кездегі тілі байлаулы Алаш қайраткерлерінің қолданған амалы деп анықталған. Деколониялық мақсат ашық айтылған: «Ахмет Байтурсынов – народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на казахский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению

народный массы, основная идея его высказывается и тут: как поэт-протестант, А. Байтурсынов поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей казахов. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют казахскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтена, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух», – то же самое мы можем сказать и в отношении А. Байтурсынова. Как у Крылова, так и у Ахмета Байтурсынова, о естественности, простоте и разговорной легкости языка тоже не приходится говорить. Ахметом переведено 40 басен Крылова, и под названием «Сорок басен» сборник выдержал уже несколько изданий» [1, 62 б.]. А. Байтұрсынұлының ақындық әлемінің де басты деколониялық дискурсы былай суреттелген: «В своих стихотворениях А. Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных слов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным казахским языком поёт о свободе, о нации – призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом казахе чувства гражданства. Стихотворения А. Байтурсынова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в казахской литературе. У А. Байтурсынова, кроме «Сорока басен», имеется еще небольшой сборник оригинальных и переводных стихотворений под названием «Маса» и несколько не напечатанных стихов лирического характера» [1, 62 б.].

А. Байтұрсынұлының деколониялық қызметіне келесі әділ баға берілген: «В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсынов поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» [1, 66 б.]. Мақаланың орыс тілінде жазылуы – жалпы жұртқа таныту үшін екені анық. Бүгінгі ахметтанушылар қолданып жүрген мәліметтер толығымен осы зерттеудің негізінде екені де айқын.

М. Дулатұлы «Қазақ халқының бас адамдарына» мақаласында (Азамат Алашұлы. «Айқап» 1911. №7) күні бүгін өзін жоймаған сөздер келтірілген: «Біздің әрбір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз бар – қалтасы тесік, байларымыз бар – төбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де қосылмайды» [2, 41 б.]. Алашқа жаны ашыған тұлға осы екі қауымның басын қосуды меңзейді. Биік дәрежедегі жігіттеріміз бен қазақты билеп, жұрт ағасы болып келе жатқан ел ішіндегі жақсыларға айтқан сөздері бүгін де өз күшін жойған емес: «Қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз», – дейді Алаш ғалымы. Осыдан 100 жыл бұрын айтылған бұл сөздер күні бүгін қазақ үшін қажетті.

«Оян, қазақ!» деп ұлтының еңсесін көтерген Алаш ардақтысының ғылыми мұрасы қазіргі Тәуелсіз кездегі ғылымға қосылған сүбелі үлес екені айқын. Қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық есеп құрал иесі, ұлттың тарихы, тілі мен әдебиеттануын тарихи контексте қарастырып, оның негізгі өкілдері туралы осыншама ғылыми құнды зерттеулер қалдырған Алаш ғалымы М. Дулатұлы қазақ тіліндегі есеп құрал математиканы қазақшалаған, қазақ тілі, әдебиеті, тарихы, көсемсөзін осыдан 100 жыл бұрын деколониялық тұрғыда қалыптастырып берген қазақтың Ғалымы.

Міржақып Дулатұлы – отарлық үстемдікке қарсы күрескен Алаш саяси элитасының өкілі ғана емес, сонымен қатар ұлттық әдебиет пен қазақ тіліндегі ғылымды деколониялық бағытта қалыптастырып берген бірегей Ғалым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Whispering Without A Body, (De) colonization of the Indigenous Language and Cultural Codes: Jorge Sanjinés from Manifestos to Third Cinema
2. Міржақып Дулатұлы. Шығармалар жинағы. 5 томдық. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2004.



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Негимов С.Н.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология ғылымдарының докторы, профессор, Астана қ.

Алаш арыстарының ортасында тұлғасы толық, тұрманы түгел, тұйғындай түлеп, алтын оттай жайнаған дауылпаз үнді өршіл ақын, жалынды көсемсөзші, сан қырлы сарабдал санаткер, салиқалы қайраткер, әмбебап білімпаз Міржақып Дулатұлы тұр еді.

1909 жылы "Оян, қазақ!" деп қыранша қанат қағып, сұңқарша саңқылдап, қазақ жұртына:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Ер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты,

- деп айқын ойшылдық, көрегендік, суреткерлік тегеурінмен дабылдата ұрандатқанды. Бұл – бір тастүйін толғам-толғаныс Міржақып Дулатұлының өлшеусіз тарихи қызметі, дархандықпен дарыған ақындығының асыл сипаты.

Міржақып Дулатұлының әдеби-ғылыми шығармашылық еңбегі мейлінше кемел, байтақ, телегей. Сан алуан лағыл сырларымен, түйінді тұжырымдарымен, оюлы-ойлы оралымдарымен, рух, тіл, сезім, көңіл байлығымен өзгешеленеді. Ол "Оян, қазақ!" (Уфа, "Шарқ" баспасы, 1909; Орынбор "Уақыт" баспасы, 1911), "Бақытсыз Жамал" (Қазан, Каримовтар баспасы, 1910), "Азамат" (Орынбор, 1913), "Есеп құралы" (Орынбор, 1914, 1922), "Терме" (Орынбор, 1915), "Қирағат кітабы" (Орынбор, 1916, 1923), "Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіштері" (Қызылорда, 1926-1927), "Қылмыстық істерді жүргізу заңы" (Орынбор, 1924) дейтін сүбелі, сүйекті шығармалар тудырды. Алаш ардақтысының буырқанған ойынан, ғұламалық зердесінен, даналық кеудесінен толқындап туған көсемсөздері, әдеби-көркем сындары, зерттемелері "Серке", "Қазақ", "Бірлік туы", "Кедей сөзі", "Ақжол", "Ауыл тілі", "Еңбекші қазақ", "Ауыл" газеттері мен "Айқап", "Қызыл Қазақстан" журналдарында жарық көрді.

Кемел ойлы кеменгердің ұлттық рух, мемлекетшілдік-елдік сана, ұлттық тіл, мәдениет, өркениет, ғылым, оқу-ағарту, өнер-білім, ұлт баспасөзі, журналистика, саясат, тұлғатану мәселелеріне қатысты шалқыған сымбатты сара ой-пікірлері тәуелсіздік тұсында да өзектілігімен, көкейкестілігімен ерекшеленеді. Және де интеллектуалдық мәдениеті, ойлау қабілеті, көркемдік дүниетанымы аса жоғары саңлақ әдеби жанрлардың гүлденіп көркеюіне керемет үлгілі үлес қосты.

Ұлтының өркендеуіне тілеуқор, мақсаткер Міржақып Дулатұлының даңқты "Оян, қазақ!" кітабында ел мен жер тағдыры, замана, қоғам қайшылықтары, рухани сұлулық, оқу-ағарту мәсе-лелері турасындағы шамшырақтай ой-толғаныстар шоғырланып жинақталған. "Оян, қазақтың!" аңдатпасында: "Қой бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, һүнерге Аллатағала қасында һүммәтіміз! саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылым оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық. Екінші, дүниемізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан хорлық көрмес үшін, орысша оқып һүнерлі болалық" деп негізгі ізгі ойын байқатады.

Ол "Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі" дейтін толғауында жалындай маздап:
Бой тежеп жүрексіну дұрыс емес,
Шашылған ризықты жүріп татпай, - деп армандайды.

"Жиырманасыншы ғасырдың жастарына" алға аршынды қадам басалық, халыққа қамқорлық жасалық, қазақтың бұрынғы билеріндей "өрнек шашалық", "артықтан тағылым алып", ғибрат берелік, сөйтіп "қазақты ояталық" деп берекелі кеңес береді.

Бас қосып киргизский интеллигент,

Біздерге халықтың қамын ойлау міндет.

Культура деген сөзді на практике,

Етпейміз не себепті осуществлять? -

деп, тастүйін тиянақты құбылнамалық ойын мәлімдейді.

"Үнерін халық файдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға..." атты жырында өткір зейінді ой-парасат иесі:

Қазақты төрге сүйреп бір жеткізші,

Дін, дүние жеміс боп табыстарың, -

деп, ұлы дүбір сайыста "азуы алты қарыс айдаһармен" жекпе-жекте "қыран көзді арыстанының", "қамалға қарсы шапқан қаһарманының" есесін жібермей олжалы, "шабысының қайырлы" болатынына үміттенеді.

Намыстың отына күйіп-жанып, күйініштің улы заһарын жұтынып, заман запыранына жиіркене тұншығып, торға шырмалған тотықұстай шырылдап, қазақтың қасіреті, маңдайының соры, жер-суынан, атақонысынан айрылуы "Қазақтың жерлері" атты өлеңінде айшықты сипатталады.

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,

Мұжыққа, қош аман бол, барасың ба?

Қасиетті бабамыздың зираты,

Қалды ғой көшесінің арасында.

Моншаға зираттың тасын алып,

Ағашын отқа, мұжық, жағасың да.

Таба алмай бір барғанда еш белгісін,

Көзден жас көлдей болып ағасың да.

"Қазақ қазақ болғалы мекен еткен" салтанатты атақонысыңнан, ну орман-тоғайыңнан, айдын шалқар көліңнен, шүйгінді өрісіңнен қапияда айрылдың, қанатыңнан қайрылдың дейді. Ақынның қазақ жері туралы ой-толғаныстары барша шығармашылық мұрасында тереңдей түседі. Көл-көсір көсемсөздерінің басты сарыны, құлақ күйі осы.

Қазақ халқының күрделі тағдыры, рухани күйзелісі, өзекті өртерлік ыза-наласы, нақақтан төгілген көз жасы "Таршылық халіміз хақында аз мінәжат", "Үйренген халықпыз ғой кемшілікке", "Сайлау хақында", "Жесір дағуалары1 хақында" деген жырларында бедерленеді.

Міржақып Дулатұлының кең құлашты ақындық серпінін, азаматтық тұлғасын, ойшылдық, сыршылдық болмысын есілтіп-төгілтіп, жұтынтып жеткізетінін, кесек сөйлейтінін, ішкі қуатын, ішкі сарайын, ерекше мінезін танытатын туындысы – "Насихат ғумумия". Міржақыптанушы Жұмағали Ысмағұловтың көрсетуінше, "негізгі ақындық кредосы, азаматтық платформасы баяндалған поэзиялық монологтар", "нақыл-насихат, ақыл-парасат пайымдары", "бір ырғақта, бір екпінмен, бір леппен шұбыртпалы бір ұйқаста бәйіт үлгісімен жазылған деуі", сөйтіп, көркемдік шарттылықтарын нақ-нағымен, тақта-тақтасымен терең түсіндіруі ойландырады, қызықтырады.

Негізінде, мәнді ойлар, ғибратты сөйлемдер, өнегелі толғамдар жеткілікті.

Мысалы:

1. Үнерпаз қара жерге салар қайық,

Жиһаннан алар тағылым қанат жайып.

2. Білгеннің жүрген жері бәрі жарық

3. Майда бол жігіт болсаң, тал жібектей,

Жақсы емес қатты болу тікенектей.

Естілердің талай-талай мәслихатында ақылды кеңестерін, аталы сөздерін көкірегіне тоқыған, ұлт тәрбиесі мен көркемдік тәжірибесі келіскен, көмейінен сыр саулаған майталман сөз зергерінің нақылдары заттылығымен, мағыналығымен, сымбаттылығымен өзгешеленеді.

а) Қыздырмалы қызыл тіл,

Түбіңе жетер – соны біл!

Файдасы жоқ тиындай,

Сөз байлығы дария Ніл.

ә) Тәңірі жаққан шам-шырақ,

Су құйсаң қайтіп сөнеді?

Намыстанып орынсыз,

Абыройын пенде төгеді.

б) Ықылассыз кейбір надандар,

Тасқа егін себеді.

Ақымаққа айтқан насихат

Дәл осымен тең еді.

"Насихат ғумумия" толғауында мұсылманшылық, түрікшілдік сарындар көрініс тапқан.

Әуелі үйренетін бір ғылымың,

Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.

Шарттарын исламның кәміл білсең,

Ахиреттік азық берер шын ғылымың.

Әрі қарай ақынның ойын сабақтастырып жалғастырсақ, шарифат қағидаттарын парыз санау, әндетіп, мақамдап оқу, Құранды құрметтеу, жоғары медреседе білімге қанығу, сонан соң орысша оқу, пайдалы тілді үйрену керек екендігін ыждаһатпен пайымдайды. Сонда "ақылы – дария, көзі – өткір, көңіл – шебер" кісілікті, білікті "сырың бір, қырың сегіз" шаһбаз санатына қосыласың дейді. Осынау ой-пікір сарындары "Қазақ халқына діни бір уағыз", "Мәсжід – медресе хақында", "Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта" дейтін жыр-толғауларында жалғасады.

Шынтуайттап келгенде, "Оян, қазақ!" – ұлттық поэзия тарихында бірегей құбылыс ретінде қабылдануға лайық. Бұл – өз заманының қайталанбас шарайнасы, ұлт руханиятының алға ұстаған тұтас бір бағыт-бағдары, беломыртқасы. Міржақып Дулатұлының жаңашылдығының бір қыры – ғылыми поэзияның (научная поэзия) үлгісін жасағандығында. Ғылым, техника, өнер жаңалықтарының, сонымен бірге, терминдік атаулардың қолданыс табуы, өзі айтқандай, "ғылыммен хасыл болған нәрселер". Бұл орайда "hүнерменен хасыл болған нәрселер" дейтін жырында телескоп, телеграф, пароход, автомобиль, телеграмм, телефон, воздушный шар, машина, электрический, граммофон секілді терминдік ұғымдар берілген.

Біз дағы ғылым білсек етпес пе едік,

Ілгері озғандарға жетпес пе едік.

Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,

hүнерлі халық атанып кетпес пе едік, - деп үміт отын маздатып, қиял пырағына мінеді.

"Оян, қазақта!" түркі жұртының білімпазы "Исмағұл Гаспринскийдің айтқан сөзі" дейтін мақаласында тарихи танымын, ұлттық ой-санасын әйгілейді.

"Сөз ақыры" дейтін түйін сөзінде "заманның кемшілігін айтқан", "милләтке жаны ашып, ғамын ойлаған" данышпандар Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Крылов, Тургенев, Толстойлармен теңдес "ғажайып хикмәттің кілтін ашқан" шешен-көсемдер, ақындар Абай, Ахмет, Әбубәкір, Қыпшақбай, Ақмолла, Нұржан, Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіптерді атайды.

Ілімді-білімді Міржақып Дулатұлы ұлт тарихы мен тағдырындағы түбірлі мәселелердің мәнісін, теңіздей терең сырын түп-тамырынан қозғап-толғап, себеп-салдарын түбегейлі талдап-саралап сөйлейтіндігі таңдай қақтырады. Оның саяси-әлеуметтік көзқарасы,

тарихи және діни-түркілік дүниетанымы "Оян, қазақта!" жанартаудай күркіреп, сахара жұртын көшкен таудай жаңғыртса, ал "Азамат", "Терме" жинақтарында лирикалық поэзияның әсем үлгілері бар екен. Жалын атқан шандоз ақынның көркемдік шеберлігі, сөз саптау мәдениеті, ойшылдық пен сыршылдық көріністері "Айтыс" (Лермонтовтан), "Таза бұлақ", "Гүл" (Пушкиннен), "Шағым", "Сұлу қызға", "Тағдырдан сұра, қаскүнем" (Абу Фирастан) тәрізді өлеңдерінде жарқын түрде шынайы суреттелген.

"Мың ділдә білімдінің жалғыз сөзі", деп өзі кестелеп бергеніндей, "Шағым" өлеңінің бастамасына жіті үңілейік:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, -
Пайдалан шаруаң жараса, Алаш!

Бұл – балауса балғын қасиетке ие үздік лебіз. Асыл ойдың төресі, заманауи тілектің сәулесі. Көзі жаңа ашылған бұлақтың кейпін елестеткендей. Жалқы туған Міржақыптың емес, Алаш жұртының мәңгілік ой-мұратының айғағындай, бойтұмарындай, дұға-дуадай қасиетті, киелі сөзіндей өткір қабылданады. Тереңдігі мен бейнелілігі үйлескен "Айтыс" өлеңі аллегориялық мазмұнымен ерекшеленсе, "Таза бұлақ" жыры тағылымдық, өсиеттік, ғибраттық сипатта өрнектелсе, "Гүл" символикалық-метафоралық мәнерлілігімен өзгешеленеді. Бірегей жыр мәтіндерінің ішкі семантикалық және көркемдік-бейнелік қырлары мейлінше өлшеусіз.

Ғаламдық деңгейге эпостан эпопеяға шарықтап дамыған қазақ ұлттық прозасының ғажайып жемісі ұлы суреткер М.О. Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясы десек, қазақ романистикасының тарихы М. Дулатұлының "Бақытсыз Жамал" (1910) романынан бастау алады. "Сөз басында" "Мақсаты романның – халықт түзетпек" дейді де, Жамал арудың тағдырын және оның көрген жәбір-жапасын білсін, шарифатта жазылған "Қор етіп әйел халқын аямасын" деген қағиданы мұқият ескерсін, әділеттілікке жүгінсін деген ойларды діттейді.

"Бақытсыз Жамал" романында қазақ тұрмысы, әлеуметтік жайы, отарлау саясатын жүргізушілердің, әпербақандардың әрекеттері, болыс, би, крестьянский начальник, стражник, поштабайлардың бейнесі, төре күтудің машақаттары, болыс сайлау нанымды суреттеледі. Тоқетерін айтқанда, "Бақытсыз Жамал" романының көркемдік сапасы, ішкі құрылымы, полифониялық сипаты көңіл аударарлық. Идея, кейіпкер, характер, композиция, стиль, баяндау, суреттеу тәсілдері жөнінен рет-ретімен көрсетілген, табиғилықпен баяндалған. Өмір, уақыт шындығын шынайы түсінуі, адамдардың психологиясын, мінез-қырын, қимыл-әрекетін, көзқарасын, сөйлеу мәнерін шеберлікпен сомдайды. Тегінде, жазу мәдениеті мен өнерінің шыңы – роман. Сондықтан да ол осынау жанашылдығымен, ізашарлығымен қымбат!

Жазушының "Балқия" атты төрт перделі драмалық шығармасында (1922) әйел теңдігі, қыз тағдыры, қалыңмал, ана тілімізде оқитын ұлт мектептері мәселесі сөз болады. Драманың көркемдік шарттылықтары сақталған. Кейіпкерлер сөзі нақты. Оқиғаның дамуында табиғилық бар. Комедия, декламация дейтін терминдік ұғымдарды пайдаланған.

Қазақ әдеби тілінің байлығы, негізгі сөздік қоры, комедия, декламация дейтін терминдік атау-ұғымдар дұрыс пайдаланылған. Қазақтың байырғы тілінде амандасудың "Армаңыз" дейтін түрі бар. Ахметжан мұғалім Құлтасқа осылайша тіл қатады. Сонымен қатар, осы ұғымды терең түсіндіру үшін Қобыландының "Жетіп келдім арма деп, алдымда кісі бар ма деп" деген өлеңін мысалға келтіреді. Сондай-ақ мұғалімнің Қасымның: "Жер-суымыздың жақсысын алып жатыр, өзімізді тау-тасқа қуып жатыр", деген пікірінде әлеуметтік мағына, заманауи ащы шындық бар. Бұл ұлттық драматургияның қалыптасу, даму тарихындағы етек-жеңі жинақы, керім көркемдік мүлік.

Сөз зергерінің "Ақыл мен ырыс", "Екі қыздың мұңы", "Қымбат тай", "Қызыл қашар", "Кәкең, Сәкең", "Читаю, писаю", "Үш құлақ", "Қуанышты күн", "Тік бақайлар", "Сол қыздың атын ұмыттым", "Ішік қайырлы болсын" деген әңгімелерінде қазақ қызының бас

бостандығы, патшалық аппарат өкілдерінің қазақ жұртына жасаған өктемдігі, пәлекеті, алаяқтығы, арамдығы, рақымсыздығы, бір сөзбен қайырғанда, қазақ ауылының тыныс-тіршілігі соншалықты нанымды әрі тартымды суреттеледі.

Әдебиеттің дамуы, кемелденуі, байтақ өріске шығуы, рухани кеңістігінің кеңейіп көркеюі – аудармашылық өнерге де қатысты. Адамзат тарихындағы асыл ойлар қазынасынан сусындау – ұлт руханиятының өркендеуіне жол ашу деген сөз. Ендеше, орыс көркем ойының көшбастары А.С. Пушкиннің мына бір өлеңін аударма тарихы мен теориясының жетік білімдары, майталман тәржімашы Жұмағали Ысмағұловтың пікіріне жүгіне отырып, баяндалық. Ұлы ақынның "Всегда так будет, как бывало" деген бір шумақ өлеңіндегі "Ученых много – умных мало, знакомых тьма – а друга нет" дейтін лебізін: "Ғалым көп, ақылды аз байқасаңыз, Досың жоқ, танысың көп санағанда", деп әрі мұнтаздай келісті, әрі мағыналы ғып керемет жатық жеткізген.

Міржақып Дулатұлының суреткерлік қолтаңбасы, ақындық шабыты, көркемдік ойлау жүйесі сүйсіндіреді. "Сұлу қызға" деген өлеңіндегі "Майысқан алтын айдар еркесің, Оянған ұйқысынан табиғаттың" дейтін сыр мен суретке тұнған лебізі қандай! Сондай-ақ "Я, Алла", "Алашқа", "Елім-ай" атты өлеңдері ақынның асыл мақсатын, азаматтық тұлғасын, мұсылмандық көзқарасын әйгілейді.

Асылы, М. Дулатұлының поэзиялық мұрасы іргелі, дербес ел болуға, өзгелермен тең болуға, "ғылым шәрбәтінен" ыждаһатпен қоректеніп, мінсіз меңгеруге, өнер-білім, ақыл-парасат биігіне қыранша ұмтылуға, "азуды қайрап, бармақты шайнап" жүрген күндер өтті, енді "ғылымды іздер, алысты көздер" уақыт жетті, "халықты тура жолға басталық та" дегенді тәптіштеп ұғындырады. Алаш қайраткерлерінің шоғырындағы асқар таудай тірегі М.Дулатұлы ұлан байтақ көсемсөздерінде отарлық езгінің қамытын киген қазақ халқының көрген қорлығы, жер-суының, орман-тоғайының келімсектердің иелігіне көшкені, тасбауырлардың тасшоқпарынан зарлап-боздағаны, ел ішінде жалақорлықтың, парақорлықтың өршігені, мансапқорлықтың, опасыздықтың белең алғаны, тіліміздің, діліміздің, дініміздің нашарлағаны, мүшкіл күйге түскені, сағымдай құбылып, сабындай бұзылған заманның кейпі қанды қыздырарлық, жанды толқытарлық, әлеуметті ұйытарлық, ой-сананы сілкіндірерлік қуатпен жазылған. Бұл ретте "Біздің мақсатымыз", "Апат төнгелі тұр", "Государственная Дума һәм қазақ", "Жер мәселесі", "Жер аудару", "Қазақ жайлы", "Земство не нәрсе?", "Орынбор, сентябрь 14", "Біздің істер", "Алашқа", "Қайтсек жұрт боламыз?" және т.с.с. жазбаларында қазақ тағдыры терең пайымдалған. Мәселен, "шенеуніктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не келсе соны істеді" ("Біздің мақсатымыз", 1907). Және де дінімізге, әдет-ғұрпымызға, діни кітаптарымызға жасаған қиянатын тізбелейді.

Жер мен елдің тарихына жетік, болашақты болжағыш, көргіш М. Дулатұлының "Жер мәселесі" (1911) дейтін көсемсөзіндегі мына бір пікірдің жаны бар: "Қазақ жерінің алабы кең болса да, пайдаға жарарлығы аз. Жалғыз Балқаш көлі мен Бетпақтың шөл даласы елу мың шаршы шақырым орын алып жатыр. Бұлардан басқа да таулар, тастар, шөлдер, сорлар аз ба?". Бір ғасыр бұрын айтылған осынау ұлы уайым әлі күнгіше көкейкесті.

"Қазақ жас бала мысалында. Жас балаға қараушы, билеуші қандай керек болса, қазақтың да сондай билеушісі, көздеушілері даяр тұрады. Бір кісінің тізгіні біреуде болып, еркі болмау қандай кемшілік болса, бір тайпа жұрттың өз еркі өзінде болмауы онан мың есе жаман", - деп толғанады ("Земство не нәрсе?", 1913 жыл). Патшалық аппараттың өкілдері – ояз, крестьянский начальник, пристав секілді төрелер қазақты емін-еркін билеп-төстейді, дәулет-сәулетінен айырып, құтын қашырады. Ашаршылық апаты, дағдарыс, жантүршігерлік жәйттер "Алашқа" (1918), "Ел күйзелді" (1921) мақалаларында әсерлі баяндалады. "Ырғыз үйезінің қазақтары сарышұнақ тышқанды жеп жатыр. Күздігүні өлген малдардың өлекесін қар астынан қазып алып жатыр" деп сұмдық оқиғаларды күңіреніп айтады ("Ел күйзелді", 1921 жыл). Арқаның жалпақ даласындағы бес облыс (Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Бөкейлік) көрешекті көріп, берекесі кеткенін төбе құйқасы шымырлап отырып жазады.

"Рулы елің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа!" деп қыранша саңқылдап, ұран тастайды. Ұлтының есеюін, көркеюін, бақытты келешегін кесек, берекелі іс-әрекеттерімен, бейнелі, тегеурінді сес сөзімен, рухани құлшыныстарымен, теңіздей толқыған толғаныстарымен аңсаған ұлт санаткері Міржақып Дулатұлының абақты ішінде, сот, тергеу ісінде: "Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен байғұс басым өзімнің тақыл-тұқыл білімімді осынау қорланған, намысы тапталған, мүсәпір болған халқыма бағыштап, қол ұшымды беру перзенттік парызым деп санадым" дегенде (1929), артықша қайтпас қайсарлық, өзіндік берік ұстаным, рухани кемелділік, арыстандық мінез бар.

"Ибраһим ибн Құнанбаев" (1908), "Абай" (1914) атты мақалаларында ақынның қазақ әдебиетіндегі орнын, яғни "Қазақ әдебиетінің атасы хәкімінде", "Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіші – Абай сөзі", "Қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыз", "Бірінші ақынымыз" екенін, сонымен бірге, ақындық даралығын, интеллектуалдық дархан жаратылысын қадап айтады. Абай поэтикасы ой өрісінің, парасат-пайымының кеңдігі мен кемелдігі нақты түйінделген "Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп" деген Абайдың гуманизмі жайында: "Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді" - дегені тың тұжырым ретінде қабылдауға болады. XX ғасыр басында М. Дулатұлының келтірген әдеби-мәдени ой-толғамдары Абайдың шығармашылық өмірбаянын зерделеуде белгілі бір рөл атқарады.

М. Дулатұлы көсемсөздерінің тақырыптық ауқымы, ойлау өрісі, қиял кеңістігі мейлінше кең. Бұларға тереңдік пен шынайылық, тарихилық пен деректілік тән әрі сөз қолдану шеберлігін айтсаңызшы. Өрі-қыры бірдей білім-ғылыммен мұздай қаруланған табаны жалпақ тарланбоз тіл, мәдениет, ғылым, өркениет сабақтары жайында "Тіл мәселесі", "Дін және ғылым", "Ғылым төңкерісі", "Қазақ тілінің мұңы", "Сана қайда?", "Ажалдан құт-қарған қызыл тіл", "Эсперанто тілі", "Цифр жазуы", "Қазақ театрының жылдық тойы", "Мәдениет төңкерісінің міндеттері мен оқытушы", "Ай астында ешнәрсе басқарылмай тұрмақ емес" (Ничто не ново под луной), "Қазақ жайлы" атты ғылыми-публицистикалық мақалаларында алуан-алуан ойлар өрбітеді. Әлеуметке ой тастайды, жұмылдырады, ұмтылдырады. Әлеумет ісін өзінің міндеті санайды, үлгі-өнеге, өрнек шашады.

Кеңес заманының өзінде "қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты" дейді 1926 жылы жарияланған "Қазақ тілінің мұңы" мақаласында. Солай болса да ұлт тілінің көсегесі көгермеген-ді. Қайғы-шер кернеген ет жүрегі езіліп: "Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?" Мінеки, осы үдеріс тіпті тереңдеп, ХХІ ғасырдың қақпасын өлермендікпен айқара ашты. Сап тыйылар күні бар ма екен деп аласұрасың.

Міржақып Дулатұлының көрсетуінше, "ғылым мен өнер адам үшін шыққан", сол себепті басқа жұрттармен үзеңгі қағыстыру, иық теңестіру білім, өнермен іске асады. Иә, "өз ісімізді өзіміз істемей, өзгеге сенгендік" ұпайымызды түгелдей алмауымыздың басты кілтіпаны. "Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші" деген түйінді тұжырымы терең ойға шомдырады. Жазу ережесі, тәртібі, мәдениеті, тіл тазалығы, баяндап оқытудың мәнісі, дыбыс жүйесі, емле турасындағы өнікті, өркенді ой-толғамдары зейін аудармай қоймайды.

"Ертеден шапса кешке озған, ылдидан шапса төске озған" ойы ұшқыр, тілі ұтқыр, қабылдауы өткір М. Дулатұлы "Екінші февраль" (1913 жылдың 2 ақпаны – "Қазақ" газетінің 1-ші нөмірі шыққан күн), "Айқап" журналы, "Газета "шөп жемес", "Ұлт мәтбұғаты", "Баспа-сөзіміз не күйде?", "Баспасөз үмесі", "Баспасөз қатесіз болсын!", "Газет тілі оңды болсын" дейтін жарияланымдарында ұлт баспасөзі мен журналистикасының ең бір өзекті мәселелерін айрықша әңгімелейді.

Дархан дарынның тағы бір қыры – тарихшылдығы. "Тарих – түзу жөнді үйретуші", "түзушіліктің кітабы, тіршіліктің жолбасшысы", "халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс" дейтін даналық меруерттері Алаш санаткерінің тарихи-ғылыми танымын

танытады. Оның "Қазақтың тарихы", "Қазақ-қырғыздың ата тегі туралы" зерттеулеріндегі ғылыми-теориялық ойлары, тарихи-мәдени деректері бірсыпыра беймәлім жайлардың сырын ұқтыратындай, "ақыл қанағаттанарлық" дәрежеде сараланған. Мысалы, "Алаш" ұғымының төркініне үңілуі қызықты.

Сондай-ақ "Хазірет Сұлтан", "Хан Абылай", "Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан", "Абай", "Исмағұл бек Гаспринский", "Григорий Николаевич Потанин", "Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев", "Нариманұлы Нариман", "Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов" сияқты тарихи-ғылыми сипаттағы мұраларында шежірелік, мәдени-тарихи деректер, мәліметтер мол қамтылған.

Халық қызметкері Міржақып Дулатұлы: "Заман талас-тартысқа айналды. Қара күнін қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек", - деп мөлдірете жазады "Оқушыларға жәрдем" ой толғағында. "Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу". "Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі де керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате" деген салмақты, ардақты пікірі дәуірнамалық мәселені айқын, толық түсінуге көмектеседі.

Елді сәулелендіру, жан-жақты рухани тазалыққа қол жеткізу, имани орта, дұрыстықты қалыптастыру, ізгілік-адамгершілік құндылықтарды өркендету, білімді-білікті, кісілікті, ілтипатты ұрпақ тәрбиелеу – М. Дулатұлының негізгі мұраты, асыл мақсаты. "Қазақтың қарияларының айтып кеткен сөзіне қарағанда, - деп жазады, - тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді" ("Адамға тіршілік не үшін керек?").

Халық ісі, ел игілігі, ұлт тағдыры үшін жаралған "пайдалы адамдарға" берген анықтамасы мынадай: "Ақ жүрек таза болса. Жұртты иә сатып, иә алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса" ("Учредительное собрание").

Сайыпқырандық болмыс, тұйғындық, сұңқарлық мінез, ұйымдастырушылық өнегесі келісті кемел тұлға ел ішіндегі, адам бойындағы, қарым-қатынастағы берекесіздікті, ішмерездікті, жатыпатарлықты, құбақандықты, арызқойлықты, ұрлық-қарлықты өлтіре шенейді ("Жер аудару"). "Біреудің көрінеу жауыздығын айтпаудың өзі жауыздық. Біреудің ұрлығын біле тұрып айтпасаң, сен өзін ұрысың. Бір жұрттың тұтынып келе жатқан қалпы-салты теріс болса, оны көрсету – сол жұрттың өз пайдасы. ...Зиянды адамдардың көбеюі арқылы жұрт азады деген көзбен қарау керек" ("Біздің істер").

Міржақып Дулатұлының таудан үлкен, тастай берік қайырлы, кемел істері, ірілікті, ізгілікті, көсемдікті танытатын мұзжарғыш пікірлері мемлекеттік тұрғыдан ойлаудан туындайды. Сондықтан да оның ой-пікірлер жүйесі мемлекеттің ең басты, ең негізгі құрамдас бөліктері 1) территорияға, 2) ұлттық тілге, 3) ұлт тәуелсіздігіне, 4) дінге, 5) қорғаныс қабілетіне қатысты.

Жинақтап айтқанда, ұлт руханияты тарихында Міржақып Дулатұлы құбылысы айрықша аталуға, шексіз құрметке лайық. Ол ақын, прозашы, драмашы, тарихшы, әдебиет пен театр сыншысы, көсемсөзші, журналист, мәдениеттанушы, ағартушы, әлеуметтанушы ретінде ой-парасат кеңістігінде жарқын жұлдыздай жарқырай түспекші.



**МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ: «ҚАЙ ЕЛДІҢ БАСПАСӨЗІ
МЫҚТЫ БОЛСА, СОЛ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР»
ДЕГЕН ШІКІРІ – ТЕОРИЯЛЫҚ ІЛІМ**

Қайрат Сақ

Алаштанушы ғалым

филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика мәселелерін

зерттеу институтының директоры, Астана қ.

Алаш қайраткері төрткіл дүниеге жария еткен құнды пікірдің тарихи маңызы зор. Теория жүйелі тәжірибенің жемісі десек, Міржақып Дулатұлының бұл ілімі – бай тәжірибесінің сығымдалып берілген жиынтық қорытындысы.

Алаш ардақтысы жоғарыдағы теориясын жариялаған кезде қазақ жерінде тек газет-журналдар шығып тұрғанын ескерсек, онда бұл ілім бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарының барлығына қатысты деген тұжырым тууы заңды. Ендеше, Міржақып Дулатұлының әлемдік деңгейде құны зор теориясын заман талабына сай жаңғыртып: «Қай елдің бұқаралық ақпарат құралдары мықты болса, сол елдің болашағы зор» деп қабылдау маңызды. Кәсіби журналист, көрнекті көсемсөзшінің аталған теориясы екі бөліктен: «мықты баспасөз» және «болашағы зор ел» деген тармақтардан тұрады. Осындағы «мықты баспасөз» дегенді кім қалай түсінеді? Жалпы баспасөздің, яғни БАҚ-тың мықтылығын анықтау формуласы бар ма? Әрине, бар. Біз екі жол ұсынамыз: біріншісі – кез келген БАҚ-тың тиімділігін, екіншісі – пәрменділігін анықтау.

«БАҚ-тың тиімділігі» деген не? Хабар-ошарды адамдарға жеке-жеке айтып таратқан тиімді ме, әлде БАҚ арқылы жариялап таратқан тиімді ме? Сол секілді аз тиражды БАҚ-та жариялаған хабар кең тарай ма, көп тиражды БАҚ-та жариялаған хабар көп тарай ма? Тираж – тиімділіктің өлшемі. Тираж – аудитория, ал аудитория – оқырман, тыңдарман, көрермен жиынтығы. Бұдан шығатын қорытынды, аудиториясы кеңейген сайын БАҚ-тың тиімділігі арта береді, керісінше аудиториясы тарылған сайын тиімділігі кеми береді деген сөз. Осыдан келіп БАҚ-тың халықтық ұстанымы шығады. Оны жалпақ тілмен түсіндірсек, қай БАҚ халыққа жақындау болса, соның тиражы артып, тиімділігі өседі. Ал биліктің қас-қабағына қарап, билікке жақын, халыққа сырт болса, тиражы азайып, тиімділігі төмендейді. Оны ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген іліммен қысқа да нұсқа тұжырымдап берген.

«БАҚ-тың пәрменділігі» деген не? Бір ауыз сөзбен сығымдап түсіндірсек, БАҚ-та жарияланған сөздің, немесе көрсетілімнің нәтижелілігі. Оны қалай түсіндіруге болады? Айталық, белгілі бір БАҚ-та нақты фактіге жүгініп, сыни материал жарияланды делік, енді сол сыннан нәтиже шығу керек емес пе? Егер сыналған нәрсе түзелсе, онда ол БАҚ-тың пәрменділігі жоғары деген сөз. Ал керісінше болса, яғни әлгі БАҚ сынап-сынап, аяғында жалығып, қорытындысыз қалдырса, онда ол пәрменсіз екенін жалпақ елге өзі жария етті дегенді білдіреді. Ал пәрменсіз БАҚ кімге керек? Оның жабылып тынғаны абзал емес пе?

Осы орайда, БАҚ пәрменділігін арттырудың жолы бар ма деген сұрақ туындайды. Әлемдік тәжірибеге жүгінсек, оның жолы көп. Бір-ақ мысал, кешегі кеңес заманында БАҚ пәрменділігі әкімшілік-әміршілдік әдіспен қамтамасыз етілді. Барлық БАҚ Коммунистік партияның органы (үн қатушысы) болғандықтан, олардағы сынның шұғыл қаралып, тез түзетіуін партия бақылап отырды. Ал демократиялық елдерде ол басқаша жүзеге асты. Ол туралы кеңінен сөз тарқату – өз алдына жеке баяндаманың арқауы. Оған толық тоқталуды бұл жолы уақыт көтермейді.

Алайда, осы жерде мынаны айтпай кетуге болмайды. БАҚ пәрменділігі тек сыни материалдармен ғана байланысты екен деген біржақты ұғым тұмауы керек. Ол БАҚ-тағы жағымды дүниелерге де қатысты. Оны былай түсіндіруге болады. Айталық, ата дәстүрімізді

дәріптеген бағдарлама жарық көрді делік, бірақ ол телеарнада жарияланған күйінде қалып қойып, бірде-бір көрермен одан қорытынды шығармаса, онда ол телебағдарлама да пәрменсіз емей немене? Олай болуы әлгі телебағдарламаның тиімділігі жоқтықтан, яғни аудиториясы жоқтықтан болуы да мүмкін. Ондай болса, тиімділігі мен пәрменділігі жоқ телеарнаға халықтың салығынан түскен қыруар қаражатты шығындаудың қажеті қанша деген сұрақ туындайды. Ол риторикалық сұрақ.

Ал, талдауымызға арқау болып отырған М. Дулатұлының теориясында айтылған «болашағы зор ел» деген ұғымға келсек, ол да жеке қарастырып, жете талдауды қажет етеді. Алаш зиялыларының құнды мұраларын отандық және шетел мұрағаттарынан іздеп тауып, жинап-құрап кітап шығарып, қырық жылға таяу уақыт талмай зерттеп, зерделеп келе жатқан азамат ретінде айтайын, XX ғасыр басындағы қазақ оқыған-тоқығандары болашағы зор ел деп Жапонияны үлгі тұтты. Оның себебі олардың ата дәстүр, салт-санасын мүлтіксіз сақтап, соны атадан балаға мирас етіп ұстанатындары мен Еуропаның өнер, білім, ғылымы мен жаңа техникасын ілезде үйреніп, игеріп алуға құлшыныстарына тәнті болғандықтан қазақ жастарына соны үлгі етіп, өсиет етіп ұсынды. Ол кезде Жапония да аса дамып кеткен ел емес еді. Бірақ олардың болашағының зор екеніне Алаш зиялыларының еш күмәндері болған жоқ. Айтқандары айдай келді.

Жапония бүгінде әлемде ең дамыған елдердің алдыңғы сапынан ойып тұрып орын алды. Олардың бұл деңгейге жетулеріне, сөз жоқ, бұқаралық ақпарат құралдарының да қосқан үлестері өлшеусіз көп. Оған Жапония БАҚ-ының қоғамдық қызметіне (функциясына) талдау жасап та көз жеткізуге болады. Оларда бірінші орында БАҚ-тың тәрбиелеушілік, білім берушілік қызметі тұрады. Ал, БАҚ-тың көңіл көтерушілік қызметі оларда ең соңғы орынды алады. Ал бізде керісінше. Бірінші орынға БАҚ-тың демалушылық, көңіл көтерушілік қызметі шығарылған. Телеарналарымызды әншілер мен әртістердің жаулап алғандары содан. Ал телевизия тәрбиелеуші, білім беруші құрал екені мүлде ұмыт қалуда. Оған журналистерді кінәлай алмаймыз. Бұған еліміздегі мемлекеттік ақпараттық саясат кемшілігі деп қараймыз. Сол себепті оған күрделі түзету енгізу – уақыт талабы деп айтып та, жазып та келеміз. «Ештен кеш жақсы» деген. Алаш зиялысы М. Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған конференция сол кемшілікті түзеуге септігін тигізіп жатса, ең үлкен ұтысымыз сол болар еді деп үміттенеміз.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ҰЛЫ ДОСТЫҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Абдуллина А.Ә.

Құрметті профессор,

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті

Қазақ халқының оянуы мен ұлттық сананың қалыптасуына өмірін сарп еткен тұлғалар аз емес. Солардың ішінен Алаштың қос алыбы – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы дара тұрады. Олардың достығы – қарапайым қарым-қатынас емес, ұлт тағдыры жолындағы рухани және мұраттас үндестік еді.

Бұл қос арыс – бір топырақтан түлеп ұшқан, тағдырлас, мұраттас, рухтас жандар. Олар тек ағартушы, ақын, жазушы ғана емес, ұлт жолында жанын пайда еткен, бір-біріне демеу болған, адал достық пен терең сыйластықтың символына айналған азаматтар.

Киелі Торғай жерінде – бір топырақта туып, қатар аққан салалас бір өзеннің суын ішіп, бір мектепте оқып, келе-келе мемлекеттік, қоғамдық-саяси, әдеби-мәдени шығармашылық жолда жұбы жазылмай бірге жүріп, өмірдің қызығын да, шыжығын да бірге көріп, тіпті тағдыр тауқыметінің өзін қатар тартқан – мұндай бірінен-бірі ажырағысыз егіз тұлғалардың тарихта кезіге беруі сирек құбылыс. Олардың достығы – туған топырақтың, ортақ мүдденің, рухани үндестіктің жемісі.

Ахаң мен Жақаң – бірінен-бірі ажырамайтын егіз тұлғалар. Содан да болар, ел жұрт егіз тұлғаны бір-бірінен ажыратпай, бөліп жармай бірін – Ахаң, екіншісін – Жақаң деп атап кеткен.

Халқының жүрегінен мәңгілік орын алған Ахмет пен Міржақып – бірін-бірі толықтырып, бір биіктен көрінген қос тұлға. Ұлт санасына "Ахаң-Жақаң" болып бірге сіңуі – олардың рухани үндестігі мен ортақ мұрат жолындағы ерен еңбегінің айғағы. Бұл қос арыс – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бір тамырдан нәр алған қос шынары іспеттес.

Ахмет пен Міржақыптың ғұмыр жолы, рухани бағыт-бағдары, елге арнаған жүрек сөзі – барлығы бір арнаның суындай қатар ағып, тоғысқан тағдырлардай үйлесім табады. Ахмет Жыланшық бойындағы Сарытүбектің самалында дүние есігін ашса, Міржақып Қоңыраулы жағасындағы Сарықопаның құнарлы топырағынан нәр алып өскен. Туған өлкелерінің атаулары да бір-бірімен үндесіп, қос алыптың табиғи тамырластығын, рухани жақындығын бейне бір жаратылыстың өзімен-ақ айқындап тұрғандай.

Бұл – жай ғана географиялық сәйкестік емес, ұлт рухын көтеру жолында қатар туған қос жұлдыздың жер мен көкте де, ой мен істе де қатар жанғанының айғағы. Ахаң мен Жақаң да Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған білім ордасынан тәлім алған. Бір ғажабы - бір топырақтан өрбіген қос арыс тағдырдың талабы бойынша ғылым мен білімнің ордасына айналған Омбыда жолықты.

Азырақ құлағын сал, ақын інім,
Ойымыз, рухымыз жақын, інім.
«Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын», – деп ақыл, інім!
«Өзімді ағаңмын», - деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім.
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете гөр деп ғапу, інім.

Ахмет Байтұрсынұлының Міржақып Дулатұлына арналған «Ақын ініме» деп аталған өлеңі осылай басталады. Ақаң мен Жақаң достығының, сыйластығының бұл бір нәзік үлгісінен үзінді ғана. Исі қазақ алты алаштың баласы пір тұтқан Ахаң ойы, рухы бір ақын інісіне ағалық правосын қолдана отырып қана сөз салады. Онысына да кешірім өтінеді. Содан кейін ғана өз ойын білдіреді: «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дегендей әжіуалы ақылын айтады. Аға мен іні арасындағы бұл өлең – еркін пікір мен ілтипаттың, құрмет пен кеңпейілділіктің көрінісі. Ахаң да, Жақаң да бір-бірінің шығармашылығын жоғары бағалаған, бірін-бірі жетелеген, қажет кезде сынаған, бірақ бәрінен бұрын бір-бірін сүйе білген.

Ақаңның «Ақын ініме» деп сөз арнап отырған інісі Міржақып Ахаңнан мүшел жас жастығына қарамай, жас қазақ әдебиеті майданына қатар шығып, бірге ұран салған рухтасы да.

Ахмет Байтұрсынұлы «Маса» болып елін ұйқысынан оятуға тырысса, Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» деп халқын серпіліске үндеді. Екеуі де қазақ ұлтының надандық пен бодандық құрсауында қалмауы үшін қаламмен күресті. Бұл – қос арыстың рухани үндестігі мен мақсат бірлігінің айқын көрінісі. Ахмет пен Міржақыптың өлең шумақтарында терең

рухани үндестік байқалады. Екеуі де өз тағдырын ұлттың асыл мұратына байлап, бар ғұмырын елдің болашағы үшін арнаған ұлы тұлғалар екенін дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлы былай жырлайды:

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін».

Бұл жолдарда ақынның өз халқы үшін атқарған еңбегінің мәңгілік боларын, оның асыл арманының ұрпаққа қызмет ететінін аңғаруға болады.

Ал Міржақып Дулатұлы былай толғанады:

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жеміс көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш».

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының осы өлең жолдары – олардың ұлт алдындағы шексіз адалдығы мен рухани үндестігінің айқын көрінісі. Ахаң бүкіл өмірін елдің жарқын болашағына арнағанын, бүгінгі күні түсінбеген жұртқа жалықпайтындығын білдірсе, Жақаң өз өмірінің бір бөлшегін, тіпті «жарты жаңқасын» халқының игілігіне сарп етуге әзір екенін паш етеді. Екі ақын да өзін ерекше тұлға ретінде емес, халыққа қызмет ететін құнды құрал ретінде сезінеді – бұл олардың ұлтқа деген терең махаббаты мен үлкен жауапкершілігінің белгісі. Осындай ұстанымдағы үндестік – оларды біріктірген ортақ мақсат пен идеяның айқын дәлелі.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының Абай туралы жазған шығармаларында терең рухани үндестік байқалады. 1913 жылы Ахмет «Қазақтың бас ақыны» деген көсемсөз жазды. Онда Ахаң: «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын есімі Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы – соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», - деп бірден тұжырым айтады. Әрине, бұлайша баға беру үшін Абайды жақсы танып, білу қажет екені өзінен өзі түсінікті. Міржақып Дулатұлы Абай шығармаларымен 19 жасында, 1904 жылдан танысқан екен. Сол Жақаң өзінің «Абай» атты көсемсөзінде Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Омбыға барғанда Ахмет Байтұрсынұлынан көргендігін айтады.

Сонда Ахаң Абай туралы былай деген екен: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастыруға рұқсат бермейді екен. Күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып Абайға сәлем беремін, танысамын, һәм өлеңдерін бастыру жайымен сөйлесемін...». Өкінішке орай, Ахаңның бұл ойы орындалмайды. Абай сол жылы 23 маусымда дүние салады. Ахаң Абаймен таныса алмаса да, ақынның шығармаларымен жете танысқан, кейін тіл туралы жазған оқулықтарына кеңінен пайдаланған.

Абай – қазақ рухының жарқын жұлдызы, ал Ахаң мен Жақаң – сол жұлдыздың нұрын елге жеткізген қос шамшырақ. Олар Абайдың терең ойларын халыққа насихаттап, оның адамгершілік, білім, елдік туралы идеяларын өз еңбектерінде жалғастырды. Ахаң үшін Абай – жаңа дәуірдің негізін қалаушы, Жақаң үшін – рухани ұстаз еді.

Абайды ұлт рухының шамшырағы деп таныған Ахмет пен Міржақып сол мұрат жолында бірігіп «Қазақ» газетінде еңбек етті. Бұл басылым – олардың ой-идеяларын халыққа жеткізген рухани мінбер, елге ұран, жұртқа бағыт беретін алаштық ағартушылықтың алтын арнасы болды. Жақаң Ахаңмен иықтаса «Қазақ» газетін шығарысуға күш салысады. Мұның алдында ғана ол қазақтың тұңғыш журналы «Айқапта» істеп қаламы төселген-ді.

«Қазақ» газетінде көптеген өлең, мақалаларын бастырады. Мысалы, «Хазірет Сұлтан» мақалаларында Түркістан қаласының тарихы, жалпы қазақ хандарының тарихын жазады. Шоқан, Абай туралы сөз алады. Танымал ғалым Қайым Мұхаметханов Жақаң туралы: «М. Дулатұлының ақындық әсіресе, қабілетті маман журналистік атағы «Қазақ» газеті арқылы ел-жұртқа онан сайын кең тарады», - деп жазады.

Ахмет Байтұрсынұлы бас редактор ретінде газеттің мазмұнына, бағытына, елге берер тәрбиелік мәніне айрықша көңіл бөлсе, Міржақып Дулатұлы негізгі автор, публицист әрі

ұйымдастырушы ретінде оның ішкі мазмұнын байытып отырды. Олар «Қазақ» газеті арқылы халыққа білім, мәдениет, бірлік пен еркіндік идеясын жеткізуді мақсат етті. Газет бетінде жер мәселесі, оқу-ағарту, ұлттық мүдде, әйел теңдігі, саясат, дін, тіл сынды тақырыптар кеңінен қозғалып, ұлтты серпілту миссиясы атқарылды.

Бұл газет – бір баспасөз құралы ғана емес, Алаш арыстарының ұлтқа деген сүйіспеншілігінің көрінісі, ел тәуелсіздігі жолындағы рухани күрестің ұлы алаңы болды. Бүгінде «Қазақ» газетінің тарихы – ұлттық баспасөздің алтын қазығы, ал оны шығарған Ахмет пен Міржақып – сол баспасөздің шамшырақтары.

Жақанның шығармашылық еңбектері ішінде жалпы жұртшылықты бірден селт еткізген еңбегі де, туынды да «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағына енген бір өлеңінде Жақан халыққа қамқор болар Ресейлік данышпандарды атай келіп:

Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен,
Халықтан мойны озып болған көсем.
Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,
Сөзінде қате бар ма сынап көрсең.
Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Оқыған ғибрат алып жас жігіттер

Һәммесі өз халқына қызмет етпей, - деп Ахаң есімін аса құрметпен атайды. Ахаң сынды ол да ой-мақсатын, халықтың санасын оятуға бірлікке үндейді.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы қазақ халқына рухани жол көрсетіп қана қоймай, білім беру саласында да орасан зор еңбек сіңірген ағартушылар болды. Олар жазған оқулықтар – қазақ білімінің, ғылымының, тілінің негізін қалаған алғашқы әрі іргелі еңбектер саналады. Олардың жазған оқулықтары – біліммен қатар ұлтты сүюге, әділдікке, бірлікке тәрбиелейтін асыл мұра болып табылады.

Жақан 1924 жылы «Оқу құралы» атты кітап құрап шығарады. Кітапта пайдаланылған өлеңдердің арасында Ахаңның мына жолдары да тұрса керек:

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

Жақан өзі құрастырған оқулыққа Ахаңның өлеңдерін ғана кіргізіп ғана қоймады, сондай-ақ тұңғыш орыс тілінде Ахаңның өмір жолы мен шығармашылығы туралы өмірбаяндық очерк те жазды. Бұл мақала Ахаң 50 жасқа толардан бір жыл бұрын 1922 жылы Орынбор қаласында «Труды общества изучения Киргизского края» деген кітапта «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсынов» деген атпен басылып шыққан.

Аударма саласында Ахмет пен Міржақыптың шеберлігі олардың терең білімін, көркемдік талғамын және тіл байлығын танытады. Олар түпнұсқаның мазмұнын ғана емес, рухын, көркемдік өрнегін де сақтай отырып, қазақы болмысқа жақын етіп шебер жеткізе білді. Олар әлемдік классиктердің шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы ұлт әдебиетінің көкжиегін кеңейтті, ел санасын оятуға, рухани жаңғыруға жол ашты.

«Қазақ тілінің мұңы» атты әңгімесінде Жақан қазақ тілі болып былайша тебіренген еді: «Мен не көрмедім? Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Берін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күнде мені мүлде жоқ қылғысы келгенде болды. Өліде ұшпақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім...»

Қазақ тілінің болашағы, оның тазалығы жолында сол кезде-ақ дабыл көтерген Жақан шынында да алты алаш атын қазаққа қамқор болған жан. Қашанда Ахаң мен Жақан есімдерінің елдік, бірлік мәселелерін де қатар аталуы біз үшін, олардың жерлестері үшін мәңгілік мақтаныш та. Тек, солардың аттарын ардақтау жолында жұмыс жасау –

баршамыздың борышымыз болмақ. Ойлары сабақтас, рухтары бағыттас Ахаң мен Жақаң қандай бір шытырман кезеңді заман болмасын, сыйласып өткен, достықтары ажыраспаған. Еліміздің абзал азаматтары бола білді.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы – қазақ халқының рухани тірегі, ұлттық ой мен сөздің қос алыбы. Олардың шығармашылығы мен қайраткерлік жолы – тек өткеннің мұрасы емес, бүгіннің де, болашақтың да шамшырағы. Олардың рухани үндестігі – ұлттың ояну кезеңіндегі ең биік үйлесімдердің бірі. Бұл үндестік – ұлтты сүюдің, оған қызмет етудің көркем де кемел үлгісі. Ендеше, Алаштың қос алыбы қалдырған өсиетті ұмытпау, олардың арманын жалғастыру – әрбір саналы қазақтың парызы.

Өз ойымды мына бір өлең шумақтарыммен түйіндесем:

Бір мақсат, бір мүдде мен бір арманы,
Еңбек етті елді өрге шығарғалы,
Ахаң, Жақаң достығы берік болған,
Тобыл-Торғай елінің ұландары.
Олар барда жығылмас туым бардай,
Мейлі қанша келсе де сының қандай.
Екеуі де жұрт үшін жанын беріп,
Екеуі де ұлт үшін туылғандай.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ МҰРАЛАРЫ – МУЗЕЙ ЖАУҒАРЛАРЫ

Сәрсекей Г.Қ.

кешен басшысы

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының
«Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ
Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы

XX ғасырдың басында тарихи тамыры тереңде жатқан «Алаш» ұғымы жаңғырып, ұлт зиялыларының бастауымен қазақтың басын біріктіретін бостандық идеясына айналуы Алаш өкілдерінің мемлекет құру жолындағы ұлы жетістіктерінің бірі болды. Алаш қозғалысының мақсаты – саяси іс-шаралар арқылы еркіндікке қол жеткізіп, ұлттық мүддені қорғайтын мемлекет құру еді. Алаш қозғалысы өкілдерінің дүниетанымы барша қазақ елін дүрліктіріп, тәуелсіз мемлекет құру идеясы жанданып, ел арасында қолдауға ие болды.

Қазақ зиялыларының көш басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Мұхаметжан Тынышбай, Халел Досмханбет, Жаһанша Досмұхамет, Мұстафа Шоқай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабайлар болды. Қазақтың зиялылары Алаш идеясын тек қана туысқандықтың белгісі ретінде қолданбай, мемлекеттік идея дәрежесіне көтере білді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров сөзімен айтсақ:

«Басында ол қарағым тұр ғой дайын,
Тым ұзақ өмір берсін, бір құдайым.
Дулатов. Байтұрсынов. Бөкейханов.
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

Кешегі қара күнде болмап па еді?!
Бірі – күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым!
Солардан басқа кеше кім бар еді?

Қазақ үшін шам қылған жүрек майын», - бірі қазақтың айы болса, бірі күні болған қазақтың арыстары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатұлы – ең алдымен қазақ деген арда халықтың біртуар азаматы ғана емес, тұтас халықтың көшбастар көсемі. Ахмет – ең алдымен ұлттың ұйытқысы, тұтас қазақ халқының рухани жетекшісі. Ол – ең алдымен қазақ мемлекетінің тұтастығы мен дербестігін алға тартқан ұлтының жоқшысы. Білім дариясының реформаторы, қазақ грамматикасы мен морфологиясының іргесін қалап, керегесін керіп, уығын қадап, шаңырағын көтерген ғалым. Тіл білімінің негізін нық қалаған ұстаз. Сонымен қатар, Ахаң – теңдесіз тарихшы, ғұлама ғалым, ойы жүйрік ақын, қаламы ұшқыр жорналшы, елдің мұңын жырлаған публицист, аудармашы, ол әрі тарихшы, фольклоршы.

Ахаң қоғам қайраткері, әрі сөзге ұста дипломат. Осынау қасиеттерді өн бойына туған топырағынан, ана сүтінен алып өрбіткен ғұлама – ең алдымен туған елінің тәуелсіздігі үшін жанын қиған асыл ері. Ал Ахаң өрнектеген өнегелі өмір жолымен халқына арнаған өлшеусіз қызметі қандай? Біздің мұражайдан оған келушілер нақты жауап ала алады. Өйткені мұражайдағы әр зал кезең-кезеңімен Ахаңның өмір жолы мен қызметін толықтырып, салмақтандыра түседі.

Сол сияқты ақын – Міржақып Дулатұлының тағдыры мен алапат ғасырдың аласапыран тұсындағы өрескел озбырлы партократтардың әрбір іс-қимылымен халыққа көрсеткен қиянатына қарсы өршіл күресі – Жақаңның әдебиетші, ақын, алғашқы романшы, педагог, аудармашы әрі жорналшы ретінде сомдалып, оның тұлғасын биіктете түсетінін біздің мұражайда болған әр адам айқын сезінеді. Тіпті Гүлнар апай ұсынған Жақаңның қолы тиген мүліктер мен айдаудағы тұтынған заттары да қайсар жанның елін шын сүйгендігін шынайы аша түседі.

1991 жылдың 6-7 маусымы Республикалық деңгейде Торғайда Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатұлының күндері өтіп, ғылыми теориялық конференция өткізілді. Елдің ұлы тұлғаларының есімдері туған еліне оралу салтанатына орай Республикада тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатұлының еңбектері елімен 57 жылдан астам уақыттан кейін қайта қауышып, аудан орталығында Алаш арыстарына арналған Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы музейі ашылды.

Аталған музей алдында қос Арыстың қоладан құйылған биік тұғырдағы ескерткіші бой көтерді. Музейдегі бай экспонаттар мен құжаттар, мұрағаттар араға 60 жыл салып халық игілігіне мәдени өміршең мұрасына айналды. Мұнда Ахаң мен Жақаңның балалық шағымен басталған дерек пен дәйек, олардың сонау өткен ғасыр басындағы қоғамдық өмірдегі – тәуелсіздік пен бостандық жолындағы ұлы істерін көз алдына елестете алатын нақты құжаттар мен заттай айғақтармен қауышасың. Қос арыстың бірі ұйқыдағы елін өнер мен білімге, өркениетке үндей «Маса» боп ызылдап, жар салып ілгері сүйресе, бірі «Оян қазақ» деп ұрандап – XX ғасыр басында-ақ елін езгіден, отаршылдықтан, бостандықтан шығуға шақырады.

Музейде қос арыстың еңбектерінің түп нұсқасы мен тұтынған заттары музей жәдігерлерінің жауһарлары, халықтың мұрасы мен қазынасы. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының тұтынған заттары мен еңбектерінің түп нұсқаларын туыс-туғандарына арнайы барып жинақтап алып келініп, экспозицияға қойылған. Ахаңның қос кітабы «Қырық мысал» (Қазан, 1909 ж.), «Маса» (Орынбор, 1911 ж.) кітаптары 1937 жылы киізге оралып, жер астына көміліп, 1990 жылы қазып алынып, музей қорына табыс еткен Смағұлов Ерден ақсақал. Тапсырушы естелігінде: «әкем Смағұл «балам Ахаң халық жауы болуы мүмкін емес, түбі ақталады. Кезінде ақ келінді елге алып келгенде қос кітапты сыйға тартып еді, есінде болсын түбі ақталғанда осы жерден қазып аласың дегені». Аманатқа қиянат жасамайын деп мұражайға табыстап отырмын», - деген.

Гүлнар апамыз қиын-қыстау кезінде әкесінің дүниелерімен қатар, атасы Ахмет Байтұрсынұлының 4-кітабының түп нұсқасын Орынбордан Москваға көшіп бара жатқан татар көршісіне аманаттап табыстаған. Ол «Тіл құрал», «Оқу құралы», «Баяншы», «Сауат ашқыш» кітаптары мен өзінің хатымен музейдің құнды жәдігерлері.

Сондай-ақ, құнды жәдігерлердің бірі – жез леген, шифонер, ағаш диван, сағаты, журнал столы, патефоны болса, 2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Ахаң жүрген жолдармен» экспедиция мүшелері Ибрахим Ағытаев пен Абылай Мауданов музей қорына Ахмет Байтұрсынұлының 1932 жылдың наурызында Архангельскіге жер аударылып, ауыр еңбекке жегілген кезде тұрақтаған үйінен арнайы алып келген музей қорына деп шок үтігін сыйға тартты.

Осы экспедиция барысында Баку қаласына соғып, сол қалада Ахмет Байтұрсынұлының түркітанушылар съезіне қатысқандығын растайтын дыбыссыз видеомен музей қоры толықты. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы туралы үш тілде ЮНЕСКО тапсырысымен шығарылған кітаптары да табыс етілді.

Өкінішке орай, Алаш арыстарының күрескерлік жолы кеңестік кезеңде қуғын-сүргінмен аяқталды. Алайда оның ұрпаққа аманат еткен асыл мұрасы мен рухани өнегесін қыздары – Гүлнар Міржақыпқызы мен Шолпан Ахметқызы ұрпаққа жеткізді.

Бүгінде Гүлнар апамыз бен Шолпан апамыз бізге аманаттап кеткен, тарихи құндылығы жоғары мұралар Торғайдағы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби мұражайында сақтаулы. Атап айтқанда:

1. Міржақып Дулатұлының түпнұсқада сақталған «Бақытсыз Жамал» романы мен «Оян, қазақ!» еңбектерінің кеңестік цензурананған нұсқалары;

2. Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдығына орай жазған Міржақыптың орыс тіліндегі баяндамасының қолжазбасы;

3. Ғайнижамал Досымбекованың төркінінен келген үй тұрмысына қатысты шәй жиынтықтары, ас құралдары;

4. Қазақ зиялылары – Алаш арыстары бас қосқан кезде қолданылған тарихи ас үстелі, бұл үстел 1922-1928 жылдары Қызылорда қаласында тұрған кезде 200-ден астам қазақ зиялыларының бас қосып, ел тағдырын талқылаған қасиетті орын болған;

5. Міржақып Дулатұлының өзі тұтынған портпелі жол сөмкесі, кітап тумбасы, шаш алуға арналған арнайы машинкасы;

6. Ғайнижамалдың жеке қобдишалары, атлас көрпесі – сол кезеңнің тұрмыс мәдениетін айғақтайтын жәдігерлер;

7. Соловецк лагерінде Міржақыптың қызына жасап берген фото-рамасы, өзі тіккен, аяқталмай қалған тақиясы;

8. 2022 жылы музей қорына табысталған Зұлқайнар есімді туыс інісіне арнап жасалған Алаштың құпия белгісі – бұл жәдігер Міржақыптың Алаштық кезеңдегі қызметінің тағы бір дәлелі;

9. 1992 жылы Міржақып Дулатұлының сүйегі елге әкелінген кезде қабірінен алынған топырағы және Соловецк лагерінде көктас ретінде қойылған темірден жасалған «Мир-Якуб» жазуы бар белгі.

Ғайнижамал дүниеден өткен 1943 жылы оралған түркімен кілем – 1992 жылы әкесінің сүйегін елге әкелген кезде дәл осы кілеммен қайта оралған. Сонымен қатар, Гүлнар апамыздың жұмыс үстелі, жазу машинкасы, жеке пайдаланған заттары, «Шындық шырағы» кітабын басуға пайдаланған құралдары бүгінде мұражайдың басты жәдігерлеріне айналып отыр.

Гүлнар апамыздың ерекше еңбектерінің бірі – 1991 жылы жарық көрген «Шындық шырағы» атты кітабы. Бұл еңбек – Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы туралы нақты деректерге сүйене отырып жазылған, кеңестік цензурадан өткен ақиқаттың шынайы көрінісі. Осы кітаптағы мәліметтер – тарихшы-ғалымдар мен зерттеушілер үшін де таптырмас дерек көзіне айналды. Торғай жеріндегі асыл мұралар.

Ұлтқа қызмет – ұрпаққа аманат. Мұражайдағы осы баға жетпес жәдігерлер – тек Торғай өңірінің ғана емес, күллі қазақ халқының рухани қазынасы. Бұл мұраларды келер ұрпаққа жеткізіп отырған мұражай қызметкерлерінің еңбегі өлшеусіз.

Мұражайға келген қонақтар мен Торғайдың әр азаматы елдің, жердің өнердің қайнар көзіне айналған аймақтың өткеніне тамсанып, тағзым етсе, бүгінгі көзі тірі ел мақтанышына айналған ұл-қыздарының есімдерін ілтипатпен айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қосабаев Ж. Торғай – дуан. - Алматы: Айқап, 1995.
2. Сәдуақас Қ. Алаш алыптары. - Астана, 2016.
3. Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. - Астана, 2010.
4. Торғай елі энциклопедия. - Алматы, 2013.
5. Әбсемет М. Міржақыптың оралуы. – Алматы, 1995.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ

Досанова А.Ж.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор

«Esil University» мекемесі, Астана қ.

E-mail: izobilia@bk.ru

Ұлттық әліпби – сауат ашатын бірден бір құрал. Сол себепті әліпбиді хат танитын адам деңгейінде емес, мектепке алғаш келген баланың сауатын ашуға ыңғайлы, жеңіл белгілі бір ғылыми-теориялық, әдістемелік, практикалық, психологиялық талаптарға және әліпби жасау ұстанымдарына негізделу қажет.

Бұл жөнінде қазақ тіл білімінің негізін қалушы, оның ішінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің ғылыми негізін жасаған А. Байтұрсынұлының айтуынша: «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек». Осы сөздің терең мағынасына келсек, ғалым сөйлеуші қалай түсінікті етіп сөйлеу керек болса, оны «кестесін келтіріп» жаза білудің де салмағы дәл солай екенін айтады. «Кестесін келтіріп» дегенде А. Байтұрсынұлы жазу үшін ең алдымен сауатты әліпби керек екенін меңзеген.

А. Байтұрсынұлының «Әліб-бій деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы» деген сөзі қазақ әліпбиінің толық сипаттамасын беретіндей өте маңызды сөз. Демек, Ахаң сауатты қазақ әліпбиіне келесі талаптарды қойып отыр:

- әліпбиге алынған таңбалар қазақтың табиғи тіл дыбыстарының барлығына молынан жету керек;

- әліпбиге алынған әрбір таңба арнаған дыбысқа дәл келуі қажет;

- сауат ашатын баланың оқуына, жазуына жеңіл болуы қажет;

- оны балаға үйретуге оңай болса;

- заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, демек заманауи құрылғыларда жазуға мүмкіндік болуы қажет.

Осы талаптардың әрқайсысы бір-бір тақырып болатын терең мағыналы пайымдар екенін түсіне білгенде қазақтың тіліне лайық әліпби жасай аламыз.

Қазақ халқының қолданысында болған әліпбилерді, жазу-сызу, сауат ашу, оның ғылыми-әдістемелік негізін зерделеуден бұрын әліпби тарихын көне дәуірлерден бастағанды жөн көрдік.

А. Байтұрсынұлы жалпы қай жағынан болмасын терең білімді, жан-жақты ғалым болған. Өйткені бірнеше ғасырлар бойы түркі бабаларымыздың мол мұраларынан ажырап қалған кезеңдердегі білімге сусындаған қазақ жастарының ішінде түркі, араб-парсы, орыс, т.б. елдердің әдебиеттерін оқып сусындағандардың бірегейі Ахаң болды.

Жалпы біз қазақ әліпбиінің бастауын көне түркі әліпбиінен бастаған жөн деп білемін. Көне түркі әліпбиі ғылымда *руникалық жазу* (көне скандинавия тілінде *run* – құпия) немесе *ұрын* (құпия) *жазу* деп аталды. Руна жазуларының пайда болуын көптеген ерекшеліктеріне қарап, б.э.д. V-X ғасырлардан да әрі жатыр деп айтуға болады. А.Байтұрсынұлы осы көне түркі жазуынан хабардар болған деп айта аламын, өйткені ғалымның дауысты, дауыссыз тіл дыбыстарының ерекшеліктерін өте дәлдікпен анықтаған, олар көне түркі әліпбиіне ұқсас, әрі бір бірімен сабақтасып жатады.

Дания ғалымы В. Томсен мен орыс ғалымы Е.Д. Поливанов көне түркі әліпбиін арамей әліпбиіне жанасымы жоқ идеограммалардың негізінде пайда болды деп болжам жасайды [1]. Ал, орыс шығыстанушысы Н. Аристов түркі әліпбиін ешбір бөгде әліпбидің ықпалынсыз, түркі таңбалары негізінде туған *төл жазу* деп санайды [2].

Көне түркі жазуын ежелгі герман халықтары да пайдаланған, өйткені олардың әліпбиі руна жазуының дыбыстық және кескіндік жағынан ұқсас болған. Сол замандарда қай халықта әліпбилік жазу болса, сол халық өркениетті елдер қатарында болған. Ал түркі бабаларымызда, б.э.д. V-X ғасырлардың өзінде қалыптасқан әдебиет, мәдениет, жазу болғандығын ескерсек, әліпбилік жазудың одан да бірнеше ғасырлар бұрын пайда болған өркениетті елдер қатарында болғанының бірден-бір дәлелі деп айтуға болады. Оған дәлел Алтын адам жанынан табылған күміс тостағандағы көне түркі таңбаларымен жазылған мәтінді оқып, танығаннан кейін басыма осындай келді [3].

Орхон әліпбиі шамамен V-VI ғасырларда белгілі бола бастады. Оның 38 әрпі, жоғарыдан төмен, оңнан солға қарай жазылатын түрлері бар болғандығы белгілі. Орхон жазуында жіңішке және жуан дауысты дыбыстар бір таңбамен ғана беріледі. Ұйғыр, араб жазуларында да солай жазылады. Мысалы, *a* және *ə*, *o* мен *ө*, *у* мен *ү*, *ы* мен *і* дыбыстарының таңбалары бір ғана *a*, *o*, *u*, *y* таңбасымен белгіленеді. Бұндай сәйкестік А. Байтұрсынұлында да байқалады: олай дейтініміз, ғалым көне түркідегі жуанды-жіңішкелі 8 дауысты дыбысты белгілейтін 4 дауысты әріп таңбасы қазақ тілінде де дәл солай екенін анықтаған. Ал ерекшелігі: 10 дауыссыз дыбыс жуан-жіңішке дауыстылармен қатар келгенде екі түрлі болып жазылатындықтан әрқайсысы екі таңбадан болады: (*ʃ/ʁ*) б, (*ʒ/ʒ*) д, (*ʒ/ʒ*) г, (*ʒ/ʒ*) л, (*ʒ/ʒ*) н, (*ʒ/ʒ*) р, (*ʒ/ʒ*) с, (*ʒ/ʒ*) т, (*ʒ/ʒ*) у, және 1 тіркесімді (қосарлы) дауыссыз дыбыс екі екіден таңбалары болатынын жоғарыда айттық. Ал к/к дыбыстарына мыналай жеке таңбалар берілген: (*ʒ/ʒ*), *к* тек жуан дауыстылармен, *к* тек жіңішке дауыстылармен жазылады. 6 дауыссыз дыбыс *ʒ*, *ʒ*, *ʒ*, *ʒ*, *ʒ*, *ʒ* таңбалары барлық дауысты дыбыстармен қатар жазыла беретіндіктен, оларда тек бір таңбадан ғана болады. 8 әріп таңбасы тіркесіп айтылатын қосарлы дыбыстарды бейнелейді. Олардың екеуі (*ʒ*, *ʒ*, *ʒ*), (*ʒ*, *ʒ*, *ʒ*) дауысты мен дауыссыздың тіркесімі, төрт әріп (*-Nʒ*), (*-NY*), (*-LT*), (*-NT*) дауыссыз бен дауыссыздың тіркесімі [3].

Талдау барысында қазақ тіліндегі сингармонизм заңы көне түркі заманынан бері сабақтаса жалғасын тапқанын байқаймыз. Айырмашылығы – қазақ тілінде барлық дауыссыз дыбыс бір ғана таңбамен берілетін болса, көне түркі тілінде 10 дауыссыз дыбыстың екі-екіден таңбасы бар. Барлығы: 38 таңба. *ʒ*, *м*, *п*, *ш*, *з*, *ң* дыбыстары сөздің тек соңында ғана жазылады. *Б*, *д*, *ғ*, *л*, *н*, *р*, *ы*, *т*, *у*, *қ* және *оқ* тіркесті дауыссыз дыбыстарының жуан және жіңішке айтылатын екі екіден таңбалары болады. Қолданыста болған тарихи әліпбилерімізді жасаған Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы секілді ғалымдардың мол тәжірибесін қолдана отырып, олардың ондаған жылдар бала оқытып, сауат ашу әдістемесін терең меңгергеннен кейін ғана әліпби жасауға кіріскендігі жайдан жай емес.

1860 жылдары алғашқы қазақ әліпбиін Ы. Алтынсарин, 1912 жылғы қазақ дыбыстарының ғылыми негізін жасап, араб жазуына негізделген қазақ әліпбиін

А.Байтұрсынұлы, 1929 жылы латын негізіндегі қазақ әліпбиін Т. Шонанұлы, 1940 жылғы кирил негізіндегі қазақ әліпбиін С. Аманжолов секілді тіл ғылымының білгір мамандары біліктіліктері мен мол тәжірибелерінің негізінде жасап шығарды. Ең соңғы рет 1940 жылғы жасалған кирил негізіндегі қазақ әліпбиі бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

Сонымен, әліпби, әліпби түзу, сауат ашу әдістемесін терең меңгерген, әрі бастауыш сыныптарда сабақ берген тәжірибесі мол әдіскер-ғалым А. Байтұрсынұлы сапалы әліпби түзу әдістерін тәжірибе жүзінде, әдістемелік тұрғыда қарастырды. Өйткені алғашқы әліпби жасаған Ы. Алтынсарин, араб негізіндегі әліпбиді жасауда А. Байтұрсынұлы ондаған жылдар бала оқытып, сауат ашу әдістемесін терең меңгергеннен кейін ғана әліпби жасауға кіріскен. Осындай мәселелерді ескере отырып, жаңа әліпби жасауда бірнеше ұсыныстар берілді, әліпби түзудегі басты талаптар мен ұстанымдар анықталды.

Ы. Алтынсарин кирилл әліпбиін 1860 жылдары қазақ тіліне лайықтап, православиелік миссионерлердің діни басылымдарын шығару үшін, «орыс-түземдік» мектептер үшін лигатуралық және диакритикалық символдар қосып, әліпби жасады. Бұл әліпби ғылымда «миссионерлік кириллица» деп аталып, 1917 жылдарға дейін *классикалық араб әліпбиімен* қатар ішінара қолданылып келді.

Орыс әліпбиінде жаппай сауат ашуды жүзеге асыру ХІХ ғасырдың орта кездерінде орыс миссионерлерінің ықпалымен қолға алына басталды.

Түркі тілдес халықтарда оның ішінде қазақ халқында болып жатқан түрлі көзқарасты байқаған орыс миссионерлері бүкіл түркі жұртының мәдени, рухани құндылықтары мен тілдік болмысын жою үшін орыс графикасына негізделген қазақ әліпбилерін және оқулықтарын шығарды. Осы ретте Н.И. Ильминский, В.В. Катаринский, А.Е. Алекторов секілді миссионерлер қазаққа арнап әліпби жасады.

Н.И. Ильминский араб әліпбиі келешекте орыс жазуының етек алуына кедергі жасар деген оймен орыс графикасына негіздеп, жасаған қазақ әліпбиінің жобасын жасап ұсынды. Дауысты дыбыстарға 8 әріп арнайды: *а (ä), é (e); ы, і; о, ö; у, ü*, ал дауыссыз дыбыстарға 19 әріп: *п, б, м, ш, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, ж, к, г, ғ, ң*. Зер салып қарасақ, *а* мен *ә* ге бір таңба арнаған, дауыстылардан *ұ* дыбысын әліпбиге қоспаған. Дегенмен, Н.И. Ильминский қазақ тілінің дыбыстық құрамын мүмкіндігінше сақтап, тілімізге тән емес дыбыс таңбаларын қоспайды [4]. Кейіннен әліпби жасағанда ол қолданған кейбір қосымша таңбалар (*ä, ö, ü, w, j, k, y, i, нь*) ғана өзгерді. Ол қазақ дыбыстарының құрамын өзінше анықтап көрсеткен. Дауысты дыбыстар - 8 (*а (э), е, ы, і, о, ө, ұ, ү*) деп ажыратқан. Бұнда *а* мен *ә*-ні бір дыбыс деп оларды бір әріппен берген. Ал дауыссыз дыбыстар – 19 (*п, б, м, у, т, д, н, з, ж, ш, с, р, л, й, к, г, к, ғ, ң*), барлығы – 27 (28) дыбыс. А. Байтұрсынұлының анықтаған қазақ дыбыстары Н.И. Ильминский айтқанымен дәлме-дәл келеді. Қазақ сөздерін алғаш орыс графикасымен жазған миссионер Н.И. Ильминский.

А.Е. Алекторов орыс графикасындағы таңбаларды пайдалана отырып, 38 әріптен тұратын, орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиін құрастырады: *а, с, ш, у, з, к, ы, т, р, е, л, и, о, н, м, п, і, й, б, д, ж, г, ә, ө, ұ, ң, ь, ь, в, ф, ц, ч, щ, я, ю, э, е, ғ*. А.Е. Алекторов қазақ тіліндегі *а-ә, о-ө, ы-і* жұп дауысты дыбыстарына арнайы таңба арнайды [5]. Қазақ тілінің дыбыстық құрамында жоқ *ь, ь, в, ф, ц, ч, щ, я, ю, э, ё* дыбыстарын да қосады [3].


Осыдан кейін 1910 жылдары қазақ халқының бағына сауатсыздықты жою, білім-ғылымды дамытуды түбегейлі қолға алу жолында ұлт ұстазы, ағартушы ғалым А.Байтұрсынұлы келді. Қазақ арасында сауатсыздықтың нағыз орын алып тұрған кезде сауат ашуға мектеп жасындағы балалардан бастап үлкендерге дейін зәру болғандықтан сауатсыздықты жою мақсатында ел қамын ойлаған А. Байтұрсынұлы балаларға арнап әліпби жасады. Сол кездегі көзі ашық деген азаматтар сауатсыздықты жоюға тартылып, әр түрлі бағыттар бойынша оқулықтар жасалды, тіпті үлкендерге де арнап әртүрлі әліпшелер жазылды.

ХІХ ғасырдан бастап қазақ халқы арабша сауат ашуға жаппай ден қоя бастады, барлық ауылдың ауқатты адамдары арнайы молда ұстап, балаларға араб әліпбиін үйретуді қолға ала бастады.

Араб жазуы – әріп таңбаларынан тұратын консонантты жазу. Араб әліпбиі ескі арамей әліпбиінің негізінде жасалған арамей жазуының төрт бұтағының бірі. Араб әліпбиі ХҮ ғасырға дейін де ішінара қолданыста болған, оңнан солға қарай жазылады. Қараханидтер тұсында Қазақстан жерінде бұл әліпбиді түрік мәтіндерін жазу үшін Х ғасырларда пайдалана бастады, түркі халықтарының арасына ХІІ-ХІІІ ғасырларда мұсылман дінімен бірге келіп, әрі қарай қолданыс тапты. Көп уақыттар бойы тек дауыссыз әріптердің белгілерін (консонанттық түрін) қолданды.

Араб әліппесінде 3 қана дауысты дыбыс әрпінің болуы, біріне-бірі ұқсас дауыссыз дыбыстар әріптері түркі тілдес халықтардың ешқайсысын қанағаттандыра алмады. Сондықтан да түркі тілдес халықтар ылғи оның түрін өзгертіп, әрпін көбейтіп отырды. Бұндай өзгерістер А.Байтұрсыновтың ескі араб негізінде алғаш рет ұлттық әліпби жасағанға дейін 30 рет болыпты.

А. Байтұрсынұлының есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына К. Ататүрік, Ү. Гаспыралы есімдерімен қатар мәңгі өшпестей болып, алтын әріптермен жазылды. 1929 жылы Мәскеуде А. Байтұрсынов «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі. Ол – қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматикалық және әдебиет теориясының негізін салушы» деп бағаланады [6].



1-сурет. А. Байтұрсынұлының араб әліпбиінен реформациялаған қазақ әліпбиі

Қазірде біршама қауым «төте» (жәдид) араб жазуын біледі. Бүгінде «Байтұрсынұлы әліпбиі» аталып жүрген бұл жазу үлгісінің дүниеге келу себебі ашылып көрсетілмей, мән-мағынасы талдап түсіндірілмей жалаң насихатталып келеді (1-сурет). Ал А.Байтұрсынұлының алғашқы қадим үлгісімен жазылған оқулықтарының («Оқу құралы». Орынбор, 1912, 1914, 1919) сауат ашудағы орны туралы тіптен айтылмауда. «Әр дыбысқа – бір таңба» белгілеп, болашақ орыс жазуына дәл келетін көшірме айна жасау «реформасы» дәстүрлі әліпбиімізді сақтап қалды [7]. Қазақ қауымы ғасырлар бойы қолданып келген «қадим» (ескі) жазуын тастап, «жәдид»-ке көшкенде әліпби санатынан дәстүрлі араб жазуының 8 әрпін аластатылды. А. Байтұрсынұлының тәртібінше қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арналған әріп бар. Ол әріптермен не айтылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша (ا – h, ح – қ, خ – х, ف – п, چ - ш, ث – тыс, ذ – з, ض - з, ظ - з, س - с, ط - т, غ – ғ,) 13 әріпті кеміткен. А. Байтұрсынұлының қазақ дыбыстарына лайықтап жасаған әліпбиінде барлығы 24 дыбыс таңбасы беріліп, а, і, ү, ө дыбыстары сәйкес жуан дауыстыларға дәйекше қою арқылы жазылады деп атап көрсетілген [8].

А. Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы 1912 жылдан бастап қолданыста болғанымен, 1924 жылы ғана ресми түрде қабылданды. Бұл өз кезегінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиетінің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен маңызды құбылыс болды.

А. Байтұрсынұлының бұл тәжірибесін өзге түркі халықтары үлгі тұтып, өз жазуларына өзгерістер енгізді. Ғалым ширек ғасырдай күш жұмсап, тер төккен бұл еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуы қазақ мәдени талаптарын әбден өтей алады – деген көзқарасын латын әліпбиіне көшу жайында әңгіме басталғанда, 1926 жылғы Бакуде өткен

Бүкілодақтық 1-түркологтар съезінде барынша дәлелдеп, латынға көшуге қарсы болды [9]. Араб әліпбиі сол съезде қабылданбай қалғанымен, қазақ дыбыстарын ұлттық табиғатына лайықтап, ғылыми негізін жасаушы тұңғыш ғалым ретінде А. Байтұрсыновтың аты тарихта қалды.

А. Байтұрсынұлы әліпбиінің тарихтағы алатын орнына көптеген ғалымдар өз бағасын берді. А. Байтұрсынұлының қазақ тіліне икемдеген араб жазуын қазақ жұртшылығы, әсіресе, мұғалімдер қауымы талассыз қабылдады, себебі бұл қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп жасалған болатын.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде қазақ даласында оқу араб әріптері бойынша жүргізіліп келген болатын. Қазақ халқына араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшудің қолайлылығы түсіндірілді. Бұл мәселенің көтерілуінің негізгі себебі, сол кезде Кеңес Одағының жүргізіп отырған саясатына орай, КСРО құрамындағы барлық түркі халықтарында латын жазуына өту жайы сөз бола бастаған еді, сондай-ақ өркениетті Еуропа елдерінің латын жазуын қолдануы, Түркия латын әліпбиіне көшуі де себепші болды. Олар өз ойларын баспасөзде жариялап, араб жазулы қазақ әліпбиін ауыстыру жөнінде Қырғыз (қазақ) білімпаздарының 1924 жылы жазда болатын тұңғыш съезінде талқылауды ұсынды [10].

Ә. Ибраһымұлы «Емле түзеу жүзінде түрік жұрттарының алдыңғысы – қазақ» - деп А. Байтұрсынұлының жасаған қазақ әліпбиінің басқаларға қарағанда биік тұратынын атап айтады [11].

Жазба тілі қалыптаспаған немесе жазу жүйесі болғанымен сол тілдің дыбыстық ерекшеліктерін толық қамти алмайтын әліпбилерді қолданып жүрген түркі халықтарында латын жазулы жүйеге өту дау-дамайсыз іске асырылды. Ал, ана тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне, табиғатына сай араб әліпбиінен реформаланған, тілдік қажеттілікті толық өтей алатын төл әліпбиі бар қазақ халқында бұл мәселе үлкен айтыс-тартыс туғызды. А. Байтұрсынов бастаған М. Дулатов, Қ. Кемеңгеров, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Е. Омаров, С. Садуақасов тәрізді қазақ зиялылары қазақ әліпбиін латын жазуы негізінде жасалған жаңа әліпбиге көшіруге қарсы болды.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Т. Шонанұлы, І. Кеңесбаев, Ғ. Бегалиев А. Садуақасов, т.б. сияқты ғалымдар ғылыми мақалалары мен еңбектерінде латын әліпбиі мәселелері туралы айтып, сауат ашу оқулықтарын жасады.

Бүгінгі таңда қазақ тәуелсіз ел болса да, әліпбиіміздің артық дыбыстардан арыла алмай, қазақ әліпбиі деген атқа сай бола алмауы үкіметімізді де толғанып жүрген мәселелелердің бірі. Бұл мәселе 1993 жылдан бері қозғалып келеді. Дегенмен, бұл мәселе әлі шешімін таппай келді. Дегенмен, әліпбитанушы, сауат ашу әдістемесін зерттеуші ретінде латын графикасында авторлық әліпби жасап, оның ғылыми негіздемесі «Латын графикасында сауат ашудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты монографияда жарық көріп, авторлық құқық алынды. Латын негізді әліпби жасауда А. Байтұрсынұлы дыбыстық жүйесі мен қойған талаптары негізге алынды.

Кез келген әліпби дүниеге жайдан жай келмейді, оның сол халық үшін аса бір қажеттіліктен туындайтыны және сол халықтың болмысымен тілінің ерекшелігімен, тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен астасып жататыны белгілі. Оны түсіну үшін алысқа бармай-ақ көне түркі әліпбиіне жүгінсек болады. Ол таза ұлттық түркілік әліпби болып табылады. Ал бүгінгі таңда латынға негізделіп жасалып жатқан әліпбилерді көне түркідегідей ұлттық әліпби дей алмаймыз, өйткені өзге латын әліпбиі тіліміздің ерекшеліктеріне тура келе бермейді сол үшін тіл заңдылықтарының аздап болса да бұзылуына әкеліп соғады.

Таңбалар жиынтығын тұтас бір тілге ылайықтау – күрделі де ауқымды және өте ыждағаттылықты қажет ететін жұмыс болғандықтан оған жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Латынға негізделген жаңа авторлық қазақ әліпбиіне (бұдан әрі - Досанова әліпбиі) 76 фонеманы белгілейтін латынның 26 таңбасы және кеңейтілген латыннан үтір мен нүктесі жоқ (диакритикалық белгісі жоқ) қосымша 5 таңба алынды, барлығы 28 әріп таңбасы бар. Әліпбиге v, f, x таңбалары қосылған. Бұл үш таңба орыс алфавитінен 1940 жылдан бастап 1957 жылға дейін бірнеше рет топталып қосылған дыбыстардың ішінде бір топ болып енген.

Кейіннен әліпби орныққан соң, бұл үш таңба әліпбиден алуға болады. Әліпбиді тілге бейімдеу кезеңінде үш таңбаны қалдыруы жөн көрдік.

Досанова әліпбиінің ерекшелігі алынған қосымша таңбалар үтір-нүктесіз (диакритикалық белгілерсіз) болып келеді және қосарлы дыбыстар (диграфтар) жоқ. А.Байтұрсынұлы дыбыстық жүйесі, әліпбиге қойған талаптары мен ұстанымдарына мүмкіндігінше сай жасалған. Толық нұсқасын монографиядан оқуға болады.

Досанова әліпбиі 31 дыбыс таңбасынан тұрады. Оның 9 дыбысы дауысты, 22-сі дауыссыз дыбыс. Әліпби нұсқасына А. Байтұрсынұлы негіздеген қазақ әліпбиіндегі 28 дыбыс толық енген. Тілімізге тән емес 11 дыбыс таңбасы әліпбиге енген. Латынның 26 таңбасы әліпби нұсқасына толық қамтылған. Бұл – А. Байтұрсынұлы айтып кеткен әліпбидің негізгі талаптарының бірі. Латын әліпбиіндегі 25 дыбыс таңбасы дыбысталуы жағынан қазақ дыбыстарына жақын немесе сәйкес келеді [3].

Зерттеу барысында А. Байтұрсынұлы және Досанова әліпбиінің салыстырмалы кестесі жасалып, ондағы дыбыстардың сәйкестігі анықталды. Әліпбиде диакритикалық белгілердің болмауы сауат ашатын бала үшін оқуға да, жазуға да, әрі көз қарағанда эстетикалық тұрғыдан да А. Байтұрсынұлы айтқандай, өте ыңғайлы болмақ. Көркем жазуда қосымша белгілердің болмауы жазу каллиграфиясының әдемі болып, қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді. Әліпбиде қосымша белгілердің, қосарлы дыбыстардың болмау керектігін А.Байтұрсынұлымен қатар батыс ғалымдары да мақұлдаған. Сонда ғана әліпби білім сапасына кері әсер етпейтін дұрыс әліпби болатынын айтады.

Үшінші ұстаным бойынша, әліпбиде латын әліпбиіндегі барлық дыбыс таңбасы (26 таңба) қамтылып, мүмкіндігінше қазақ тілінің дыбысталуына сәйкес келетіндей, немесе жақын болатындай жағына мән берілді. Түркі тілдес елдердің латын әліпбилерінде шамамен 20-25 дыбыстың әріптері мен олардың дыбысталуы барлығында бірдей екенін көруге болады. Бұл әр тілдегі барлық дыбыс таңбасының 75%-77% құрайды. Бұл аталған түркі тілдес елдер бірінің тілін бірі оқуда жеңілдік келтіреді. Әр тілдің табиғатына қарай өзіндік тілдік өзгерістері мен ерекшеліктері болады. Сол себепті латын таңбаларымен әліпби жасағанда оған қойылатын әлемдік талаптардан ауытқуға болмайтынын ескерткен А. Байтұрсынұлы мен А.А. Реформатскийдің ойларын дұрыс деп ойлаймыз. Әріп таңбаларын іріктеуде (таңдауға мүмкіншілік болып тұрғанда) жазылуы оңай, үтір-нүктесі жоқ, сауат ашуда әріптерді шатыстырмайтындай, жазғанда эстетикалық жағынан әдемі көрінетін, оқуға жеңіл, әрі қарапайым жазылатындары іріктелді. Сол сияқты басқа түркі тілдестер де, еуропа халықтарының барлығы осындай таңба жетпеген дыбыстарға кеңейтілген латыннан дыбыс таңбаларын алған [3].

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімін, оның ішінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ғылыми негіздеген тұңғыш ғалым. Ол кісі сол дыбыстарды практика жүзінде қолдану үшін, халық игілігіне жарату үшін ұлттық әліпби жасаған. Әліпби болмаса – жазу қайда, жазу болмаса – оқу қайда, оқу жоқ болса – білім қайда, білім жоқ болса – ғылым кәне? Сонда білім-ғылымды дамытып, саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін ең алдымен әліпбидің маңызын ескерген Ахаңдай кемеңгердің еңбегін жалғастыру мен үшін үлкен жетістік деп білемін. Ахаң әліпбиін негізге алып, ұлттық негіздегі әліпби жасау – бүгінгі күннің міндеті. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбегі мен бүгінгі қазақ әліпбиінің сабақтастығы осы болып табылады. Ал оған қолдау көрсету ел басындағы азаматтар мен халқым деп білемін. Мақаламды А. Байтұрсынұлының: «Сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? Әрине, жазу болады. Сауаттылықты оқу мұқтажыды тудырған», – деген ұлағатты сөзімен аяқтаймын [12]. Шынымен жазу болмаса, оқу да болмас еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. - Алматы: Мектеп, 2003. - 368 с.

2. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма, 2003.
 3. Досанова А.Ж. Латын графикасында сауат ашудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. - Астана: Өрнек. 2024. - 260 б.
 4. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1860.
 5. Сулейменов Д.Д. Научно-педагогическая деятельность Алекторова А.Е. в Казахстане. - Семипалатинск, 1997. – 304 с.
 6. Әдебиет энциклопедиясы. - М.: Коммунистік академия, 1-том. 1929.
 7. Байтұрсынұлы А. Әліб-бій. - Қызылорда: Казиздат, 1928. - 118 б.
 8. Досанова А.Ж. Қазақ әліпбиінің тарихы. Оқу құралы. – Астана, 2011. - 159 б.
 9. Байтұрсынұлы А. Түрікшілер құрылтайы // Бүкілодақтық 1-түркітанушылар съезі. Жаңа мектеп, 1926. № 7-8, Б. 43-50.
 10. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. - Орынбор: Қырғыз мемлекеттік баспасы, 1924. - 43 б.
 11. Бірінші түркітанушылар құрылтайы. // Ә. Ибраһымұлы. Емле түзеу. - Баку, 1926.
 12. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) / ред. Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев. - Алматы: Ана тілі, 1992. Б. -448.
-



СЕКЦИЯ 1



ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКИХ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ И М.ДУЛАТУЛЫ



ОӘЖ 347.781

БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ӨРІСІ. ОҚУ МЕН ОҚЫТУ ІСІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ (Түрколог-энциклопедист Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы хақында)

Тұрысбек Р. ф. ғ. д., профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

E-mail: Rst58@mail.ru

Аңдатпа. Елдік ұстаным, оның бағыттары мен даму үрдістері қашанда мәнді. Арғы-бергі тарихта бұған қатысты жайттар көп. Бастапқы тұста – азаттық мәні, тәуелсіздік жайы кең орын алады. Алаш ардағы, ғалым-түрколог А. Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы, оның ішінде елдік ұстанымға қатысты мақалалары, басты еңбектері мен ондағы өзекті мәселелер кең түрде сөз етіледі. Оның ұлт мұраты мен руханиятындағы орны, мәні-маңызы кең түрде айқындалады. Кеше мен бүгін байланысы, ортақ мұраттары, сабақтастық сырлары көрсетіледі. Алаштың қайраткер-қаламгерлері – Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов т.б. орны айқындалады.

Тірек сөздер: Алаш, әдебиет, шығармашылық, үдеріс, ұлт, сөз, стиль

Ел мүддесі, ұлт тарихы қашанда маңызды, айрықша орны алады.

Қазақ тарихының белесті тұстарына, даму үрдістеріне ден қойсақ, ел ардағына айналған танымал тұлғалардың жарқын жұлдыздай шоғырына кезігеріміз хақ. Олардың есімі мен еңбектеріне жіті зер салсақ, елдік ісіне, ерлік шежіресіне, руханият мәніне, дәстүр мен дін, тарих пен таным арналарына, өмір тағылымына зор маңыз береді.

Арыдағы арнадан тартсақ, әл-Фараби, Ясауи, Баласағұн, Қашғари, Майқы Һәм Мөңке билер, Асан қайғы, Қазтуған, Бұқар, үш жүздің билері – Төле, Қазыбек, Әйтеке, Шоқан, Ыбырай, Абай әлеміне ұласады.

Алаштың қайраткер-қаламгерлері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, Ә. Нұршайықов, Ә. Нұрпейісов, Ш. Мұртаза, О. Сүлейменов, М. Шаханов т.б. ұлттық мұрат, елдік мүдде, ерлік істі бар асылдан да жоғары қойды. Отандық Һәм отбасылық мәселелерге сергек қарады. Ұлт руханиятының алтын арқауы – білім-ғылым ісіне, дәстүр мен дүниетаным иіріміне, тарих пен таным арналарына, тіл тұғыры мен тәлім-тәрбие мәніне ден қойды. Бастысы, ұлт

мұратын, елдік мүддені, руханият мәселесін – жұрт ісі, көптің қамы ретінде кеңінен қозғап, кемел сөз етті. Болашақ бағдарын – жұрт ісімен байланыстырып, жүрек әмірімен атқарды.

«Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін!», - деген (А. Байтұрсынұлы) ұстанымға мықтап табан тіреді. Бұдан басқа, анығын айтқанда: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» (Ө. Бөкейхан), «Алты Алаштың игі жақсысы бас қосса, төрдегі орын – ұстаздікі» (М. Жұмабаев) деген қағидалы-ғибратты сөздерде асыл арман, парыз бен қарыз ісі, терең мағына, мол тағылым, зор шындықтың сәулелі сәттері, сырлы сипаттары бар. Маңыздысы, Алаш мұраты, елдік мүддеге негізделген арман-аңсарлар жүйесі жіті көрінеді.

Алаш мәні, бағыттары мен сабақтастығы қазіргі кезеңде де өзекті боып табылады. Осы орайда, Алаштың қайраткер-қаламгерлері арасында – Ахмет Байтұрсынұлы есімі мен еңбегі айрықша аталады. Ұстаз-ғалымдығы, түрколог Іәм ақын-аудармашылығы да көрсетіледі [1].

Ұлт мақтанышы А. Байтұрсынұлы қазақ руханиятының дамуы мен кең өріс алуына сүбелі үлес қосты. Еске алсақ, Халық Ағарту Комиссары кезінде оқу-білім ісіне көп көңіл бөлді. Анығында, 1-2 басқыш мектебі үшін оқулық аудару, құрастыру мәселесін кең түрде қозғады. Орынборда өткен алқалы жиында бірқатар танымал тұлғаларға нақты тапсырма беріп, оның орындалуы мен жүзеге асуын жіті қадағалаған-ды. Осы тұста, арифметика – Тұрғанбаевқа, жаратылыстану – Омаров, Кемеңгеровке, физика – Ғалымжановқа, педагогика – Жұмабаевқа, дидактика – Аймауытовқа жүктеледі. Нәтижесі белгілі, кейіннен бұл еңбектер жарық көріп, әр қырынан дамытылып, ұлт мектептерін оқулықпен қамту ісінде зор маңызы болды. Әрі оқу-ағарту ісінде мектеп пен мұғалімге көңіл бөліп, жас ұрпақ тәрбиесін негізгі назарға алды. Мектеп жүйесінде оқулық пен қосымша құралдардың маңызын кең түрде ашып, оның біліми-ғылыми қырларына, көркемдік-рухани мәніне, құрылымдық-мазмұндық сипатына ден қойды. Жас ұрпақ білімі мен тәрбиесі – қоғам дамуының көрінісі мен көрсеткіші екеніне мән берді.

Алаш мұратына жіті көз салсақ, А. Байтұрсынұлы мұрасы, оның ішінде көсемсөздері ерекше маңызға ие екендігі айқын аңғарылады. Атап айтқанда, «Қазақтың өкпесі», «Қазақтың бас ақыны», «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» т.т. көсемсөздер тақырып әр алуандылығымен, қоғамдық хәм кезеңдік мәселелерді тап басып көрсетумен, ел-жер, адам еңбегі мен өмір тұрмыстарын сергек саралап, зерделі түйін-тұжырымдар жасауымен мәнді болып табылады. Қайсібір тақырып-мәселелерден елдік мұрат-мүддені көздеу, адам өмірі мен еңбегіне маңыз беру, білім-ғылым ісіне кең өріс ашу – Алаш ардақтысы, атақты түрколог, ұлт мақтанышы А. Байтұрсынұлының асыл мұраты, басты борыштарының бірі.

Қазақ руханиятын – А. Байтұрсынұлы қоғамдық, әлеуметтік хәм білім-ғылым ісіндегі ерен еңбектерімен жан-жақты байытты. М. Әуезовше айтсақ: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [2].

Осы орайда, А. Байтұрсынұлының көсемсөздері, ондағы ұлттық мұраттарға, елдік мәселелерге арналған ерен еңбектері қазіргі кезеңде де ұнамды үрдістермен сабақтастық табатынын айту абзал. Айталық, «Қазақтың өкпесі» – ел-жер тарихы мен тағылымының терең де тәлімді сырларын алға тартады. Халықтық қадір-қасиетіміз еркін көрініс береді. Озат та озық дәстүр өнегелеріміз, тәлімді тәжірибелеріміз көпке үлгі етіледі. Сөйте тұра, қазақ жері, оны игеру мен иемдену мәні, білім-ғылым ісі, өнер мұраты т.с.с. меңгеру мен дамытуға келгенде тым сылбыр да салғырт әрі бейқамдық байқалады. Өзгеге еліктеу, ілгері ұмтылысы да баяу, салғырт-ақ. Көсемсөзде осыған мән беріледі. Оның мән-жайын былай білдіреді: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас, тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп, өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ғылым,

өнерді керек қылмаған. Бірімен бірі жауласып, басқа берекелі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан...

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып, тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тартынбайды... беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз...

Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесепаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жаралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты» [3, 138-140 б.].

Бұл – ел-жер жайы, өмір шындығы, уақыт тынысы еді. Демек, «Қазақтың өкпесі» – халықтық қасиет, ұлттық дәстүр, елдік мұраттарды көздеумен қатар, қоғамда, өмір-тұрмыста кең етек алған – бейқамдық пен салғырттық сырларын кең көлемде ашады. Ел-жерге құрметтің төмендеуі, адамдар қарым-қатынасындағы салқындық, еңбекке, өнер-білімге көзқарастың талап деңгейінен тым алшақтығы сын-мін ретінде айтылады. Автор: «Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз» дегенді алға тарту арқылы әрекет етуге, еңбек көрігін қыздыруға, өркениетті елдер қатарына қосылуға бағыт-бағдар береді.

Білім-ғылым ісін ілгері дамытуға, өнер мұраттарына қызмет етуге мың сан мысал, деректер келтіреді. Келешек кілті, кемелділік кепілі – білім-ғылым мен өнер екендігі басым бағыттар арқылы жүйелі жеткізіледі. Бұдан шығатын түйін: А. Байтұрсынұлы ел-жер тарихы мен тағдырына, білім-ғылым ісі мен өнер тағлымдарына зор маңыз беріп, оны дамыту мен өркендетуге, қалтқысыз қызмет етуге айрықша әсер-ықпал жасайды. Ұлт пен ұрпақ қамына қамқор көңіл білдіреді. Ұлт мұраты мен оның басым бағыттарына, қымбат қазыналарына жіті назар аударады. Елдік мәселелер, ортақ мұраттар, өзекті жайттар алдыңғы кезекке шығады.

«Қазақтың бас ақыны» – Абай Құнанбаевтың өмірі мен өнегесіне, шығармашылық мұрасына арналады. Ақындық мұрат пен өнер тағлымдары кең көлемде сөз етіледі. Ұлттық сөз өнері – Абайдың ақындық мұрасымен, өмірбаяндық дереккөздерімен, отбасылық, өскен орта ерекшеліктерімен табиғи байланыста баяндалады. Автор алғашқы тұста: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін босаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең... не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын қасиетін қармай жазады...» десе (сонда, 140, 141 б.), одан кейінгі кезеңдерде – Михаэлис, Гросс сынды оқымыстылармен кездесуі, үлгі-ғибрат алуы нанымды баяндалады.

Абайдың ақындық өнері, өлеңге құрметі мен құштарлығы, талабы мен талғамы-ұлттық сөз өнеріне сүйіспеншілігінен туындап жатады. Абай өлеңі мен өнердегі – сөздің ажары мен шырайы, ойдың шеберлігі айрықша айтылады. Абай өлеңдеріндегі өмірдің өрнекті тұстары, адам әлемінің ішкі-сыртқы жайттары, жаңалық-жетістіктері ақындық өнердің үздік үлгісі ретінде кеңінен көрсетіледі. Өнер мұратына маңыз беріледі. Ол жайлы: «Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік аралықтағы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі шешендігі – Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз...

Абай, сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалпынша дұрыс айтуды сүйген», - деп жазады (Сонда, 146 б.).

Ой түйінінде: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» дейді. Абайдың ақындық өнерін, ондағы өнегелі, өрнекті сөздерін көпке үлгі ету, кең көлемде насихаттау баршаның ісі екенін де назарға алады. Мұның бәрі-баршасы, сайып келгенде – Абайдың ақындық өнерін жан-жақты танып-білу, оқып-үйрену, үлгі-өнеге ету болып табылады. Автор Абай өнерін, шығармашылық мұрасын кең көлемде сөз ету, тағылымды тұстарын баяндау арқылы ондағы құнарлы ойға, көркемдік пен шеберлік сырларына қалың көптің назарын аудару. Сол арқылы ұлттың бас ақынының басым бағыттарын, сөз өнеріндегі орын-үлесі мен

ерекшеліктерін жіті бақылап, сергек саралап, байыпты бағалайды. Абай әлемі бар қырынан айқара ашылып, ұлт мұраты мен ұрпақ қамы, елдің өзекті жайттары кеңінен көрініс береді.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық мұратты ұлықтаған, елдік мәселелерге еркін бойлаған тұсы – білім-ғылым ісінен көрінеді. Бұл бағыттағы бірқатар көсемсөздерінен («Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», т.т) оқу-ағарту ісінің алыс-жақын жерлердегі түрлі тәжірибелері, артық-кем тұстары, өзекті мәселелері тілге тиек етіледі. Мәселен, «Қазақша оқу жайынан» атты көсемсөзде оқу-ағарту ісінің бастау көздері, бала оқыту мен жас ұрпақ тәрбиесі, мектеп пен мұғалім мәртебесі, оқулық пен қосымша құрал, бағдарлама т.т. келелі мәселелер нақты жағдайларға байланысты сөз болады. Автор алғашқы тұста бала оқытуға қатысты бағдар беретін – бағдарлама (жосық) жайын қозғайды. Елдегі ауыр ахуал, оқу-білімге көзқарастың төмендігі – бағдарламадан тыс әліппенің тапшылығынан, өзге де пәндер (есеп, дін, жағрафия, тарих т.т.) жолға қойылмағандықтан, оқу ісінің қиын тұстары бары көпке жария үлгіде жеткізіледі. Алдымен бала оқытатын кітаптар тізбесі жасалу қажеттілігі көрсетіледі. Оқу-білім ісі, жас ұрпақ тәрбиесі – оқулық һәм оқу құралдары төңірегінде кең өріс алады. Мақсаты мен маңызы айқындалады. Бастысы, ұлт мұраты, елдік мүдде, руханият ісі басты орын алады.

Келесі назар аударарлық тұс – қайсы бір істі де білетін, келісті, шебер орындайтын адам туралы ойлар мен толғаныстар бүгінгі таңда да аса мәнді қалпында қалып отыр. Бала оқыту жайын айтқанда, мұғалім – адам жанын түсінетін, бала табиғатын танитын, көңіл сарайын ашатын ерекше тұлға болуын назарға салады. Мұғалім мәртебесі мен тұлғалық сипаты айқындалады. Ұлт болашағы, мектептің жан-жүрегі – мұғалім мәртебесі айқындалады.

Оқу ісінің – орысша өтетіні, молдалар арқылы жүзеге асатыны да негізгі назарда тұрады. Алуандылық пен әр қилылықтың қыр-сыры ашылады. Ұлт тілін меңгеріп, оқып-білу арқылы орыс тілін үйрену керектігі де еске алынады. Мұның өзі көп тіл білудің мүмкіндігі мен қажеттілігін алға тартады. Бұл қазіргі кезеңде өмір шындығына айналып отыр.

Жас маман – мұғалімдерге үлкен үміт артады: «Жаңа жылдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебін қолдарына алуға лайық адамдар әр жайдан хабардар: дүниеда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол» десе (Сонда, 177 б.), кемшілікті тұсы – дыбысты жақсы білмей – жаңа оқыту тәсілін жүзеге асыру қиынның қиыны, одан соң дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдету ісінде берері мол екені нақты да дәйекті көрсетіледі. Нәтижесінде: «...мұғалім жақсы оқыта білген қазақ тіліндегі оқушыларды көбейтіп, оқу ісінің шапшаңырақ ілгері басуына күш берер еді», - дегенге басымдық береді (Сонда, 178 б.).

Оқу-білімнің маңыз-мәні – «Оқу жайы» атты көсемсөзде әр бағытта байытылып, адам мен оның еңбегі арқылы кеңінен көрсетіледі. «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» деп (Сонда, 178 б.) оның мысал-дерегі болмашыға бергені, келесі кезекте өзіне әлденеше есе зорайып, қымбатқа түсетінін, әр нәрсенің парқы-нарқы барын назарға алу арқылы оқу-білімнің маңызын ашады.

Оқу һәм оқыту ісі, қазақша һәм орысша оқу жайы да кезеңдік көріністермен байланысты өріс алады. Ортақ кемшілік ретінде төмендегі жайлар еске алынады: «Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» (Сонда, 179 б.).

Біздіңше, бұл тұстардан да оқу-білім, өнер мұраты терең танылады. Оқу-біліммен ерте қаруланған, оны өмір-тұрмыста, еңбекте басты нысана ету – қоғамнан өз орныңды адаспай

тауып, басты мақсат жолында өрнекті ғұмыр кешуге алып келетін сара да даңғыл жолдардың бірі. Автордың әуелгі ұстанымынан – ұлттық мұрат, елдік мүдде жоғары көрінсе, оның өмірдегі көрінісі – білім-ғылым ісін жолға қою, өнер мұраттарына адалдық таныту, жас ұрпақ тәрбиесіне жауапты һәм сергек қарау екендігі сәт сайын сезіледі. Өйткені: білім – басты капитал, өсу негізі. Ел дамуының негізгі көрсеткіші, бел-белестер өлшемі де білім-білікке қатысты.

Білім-ғылым һәм өнердің танымдық-тағылымды тұстары – «Білім жарысы» көсемсөзінен көрініп, оның қалың көпке рухани әсері жан-жақты айқындалады. Автор білім бәсекесінің алыс-жақын елдердегі үлгі-өнегесін, адам мен оның өміріне, еңбегіне қатысты тұстарын кең көлемде ашады. Еуропалық үлгілерді, Нобель сыйлығының мәнін кеңінен ашып, сол арқылы адамзат дамуын, білім-ғылым өресін, өркениет ісін алға тартады. Автор осы және басқа да жайттарды, ұнамды-оңды көріністерді үлгі ету арқылы халықтық ерекшеліктерімізге де кең орын береді: «Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады» дейді (Сонда, 181 б.).

Бұдан басқа – ас, бәйге туралы ойлар ортаға салынады. Онда да байлық, ас та төк әрекеттер алдыға шығатыны ойға оралады. Автор алыс-жақын елдердегі білім жарысын, маңызды тұстарын назарда ұстап, оның ұлтқа қатысты жағына да тоқталады: «Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болуы керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы.

Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ» (Сонда, 183 б.). Демек, білім жарысы – ұлттық мұратты, елдік салтты, дәстүрге адалдықты танытумен бірге, адамдық һәм азаматтық борышты, ақыл-парасатты, ғылым-өнерді қалың көпке бағыттау, қоғамды дамытуға, жақсы өмір-тұрмысқа барынша ашық сипатта ұмтылу, үлес қосу. Өмір мәні, мұраты да осы емес пе? Бүгінгі бағыт, негізгі нысана, ұстаным да осыған келіп саяды.

Автор Еуропа һәм қазақ байлары хақында да өрелі ойлар қозғайды. Ұлт, ру намысы төңірегінде де сөз етеді. Соның бәрінде де білім-ғылым ісін, өнер мұратын жоғары қояды. Білім жарысы – ақыл-парасаттың, іргелі ізденіс пен ерен еңбектің жеңісті, жетістігі тұстарымен өлшенетінін басты назарда ұстайды. Демек, білім жарысы – байлық пен жомарттық көрінісі емес, керісінше ұлтқа қызмет ететін, елдік мұрат-мүддені көздейтін, ең негізгісі – адам мен оның өмірін жеңілдететін, мәдени-рухани әсер беретін, кемел келешекке үміт-сенімін еселеп арттыратын көпке ортақ, баршаға маңызды, сауапты іс болу қажеттілігі байыпты баяндалады. Ендеше, білім жарысы арқылы да қоғам дамуына, өмір-тұрмысқа, дәстүр өнегелерімізге әсер-ықпал етуге болатынын айқын аңғарамыз.

Оқу-білім – ақыл-парасат өлшемі ғана емес, өркениетке бастар жол, кемел келешек кепілі. Кемел білім мен ғылым – болашақ мәні мен ісі.

Білім жарысының – қоғамдық мәні, рухани олжасы осы.

Бұдан басқа – «Оқыту жайынан» оқу-білім ісіндегі: байыпты бағдарлама, оқу құралы һәм мұғалім төңірегінен ой қозғайды. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді де негізгі назарда ұстайды. Автор осы жайларға мән бере келіп: «Қазақ мектебінде оқу үш жылдық болуы қолайлы» дегенді де қолдайды. Оның бәрін белгілі тәртіп, жүйемен жүзеге асыру – әрбір адамнан, әсіресе мұғалім мәртебесімен байланыстырады.

Елдік мұратты қалыптастыру, халықтық қасиеттерді қадір тұту, жас ұрпақ тәрбиесіне ден қою – «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» сынды көсемсөздерде оң бағыт алады. Оқу-білім жүйесі, мектептің халыққа жақындығы, жас ұрпақ білімді – ана тілінде алу

қажеттілігі уақыт талаптары тұрғысынан сөз етіледі. Бастауыш мектепте ұлт тілінде оқылатын – оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаралыс жайы айрықша атап көрсетіледі. Қыр мектебі мен қала мектебінің ортақ белгі һәм ерекшеліктері көрсетіледі.

«Мектеп керектері» – жас ұрпақты ана тілінде оқыту, мұғалім мәртебесін арттыру, оқу бағдарламасы мен құралдарды дайындау жайын кеңінен қозғайды. Мектеп мәселесінде – жас ұрпақты ана тілінде оқыту, кішкене кезден ой-санасына елдік-халықтық қасиеттерді сіңіру отанға, жерге, еңбекке сүйіспеншілігін қалыптастыру т.с.с. аса кәделі, игілікті істер қатарына жатады. Автор мектеп мәселесін көтеру негізінде оны оқу-ағарту орны ғана емес адамдық һәм азаматтық қасиеттердің қастерлі ордасы екеніне мән береді.

Игілікті істер мен ізгілікті қадамдардың ортақ арнасы, ең негізгісі жас ұрпақтың елдік мүдде төңірегіндегі алғашқы ұғым-түсінігі қалыптасатын, жастық кезеңі мен достық сырларын, адамгершілік асыл мұраттарды еркін сіңіретін аяулы орта, ыстық ұя екендігі көрсетіледі. Мұның бәрінен, оқу-білім, өнер мұраттары айқын аңғарылып, қоғамның қымбат қазынасы – адам мен оның еңбегіне құрмет терең танылады. Адам – ардақты ат, қоғам байлығы, уақыт өлшемі екені де анық.

Бұдан, әрине: «Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланған да, Ахмет, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай-күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым-түсініктерін бөлісуді парыз санайды» [4, 108-109 б.]. Оның үстіне, жинақтап айтқанда: «Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған» [5, 29 б.].

Алаш ардағы А. Байтұрсынұлының ел әдебиетіне қосқан сүбелі үлестерінің қатарында – фольклорлық мұралары бөлекше арна құрайды. Айталық, «Ер Сайын» жыры (Мәскеу, Күншығыс баспасы, 1923) – Шоқанның досы, орыс ғалымы Г.Н. Потанинге тарту ретінде жарық көрді. «Қазаққа Потаниннің аты ардақты», - деген өлең жолдарынан да бауыр-дос, жақын тұту, рухтас мұрат пен терең мәнді ортақ мұрат, сырлар кең көлемде танылса керек.

Ал, «23 жоқтау» (Мәскеу, 1926) – баһадүр батыр, би-шешендер сынды ел ардағына айналған танымал тұлғалардың елдік-ерлік шежіресі мен өмір-тағдырынан тұратын трагедиялық жырларды негіз етеді. Ел әдебиеті, ерлік іс, өршіл рух мұраттары айқын.

Анығында, А. Байтұрсынұлының ұстаз-ғалым, теоретик-эстетик сынды бірегей тұлғасын танытатын басты еңбектері қатарында – «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) кең түрде аталады. Еңбектің тұтас табиғатынан ұлттық әдебиеттану ғылымының бастау арналары, әдіснамалық-көркемдік негізі, жанр жүйесі, терминдер мәні мен категориялары кең орын алады.

Сөз сарасы, анықтығы мен дәлдігі, көрнектілігі мен тазалығына терең мән беріледі. Өлең өрісі, ағындары мен айшықтары, буын мен бунақ, тармақ пен шумақ, ұйқас мәні кең түрде көрсетіледі. Эпос – әуезе, лирика – толғау, драма – айтыс түрінде көрініс берсе, ішкі бөліктері – заманхат, өмірбаян, көсемсөз түрінде кездеседі.

Халық әдебиеті – аңыз-әңгіме, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, немесе: батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс, өлең, толғау, терме болып бөлінеді. Мақал-мәтел, тақпақ, ділмар сөз (афоризм) жеке берілсе, келесі кезекте – беташар, жар-жар, той бастар, жарапазан, неке қияр бөлек аталып, мәні мен нәріне кең орын беріледі.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу жайы – діндар әдебиеті, сындар дәуір әдебиеті болып жүйе құрайды. Бұл бағыт-арналардан да сөз өнерінің табиғаты мен тағылымы танылады.

Діндар әдебиетіне – мақтау, даттау, насихат, мінәжат, хисса, хикаят жатса, сындар дәуіріне: ұлы әңгіме – роман, ұзақ әңгіме – повесть, әңгіме – кірмек болып аталады. Лирика жайынан – толғау, марқайыс толғау, намыстаныс толғау, сұқтаныс толғау, немесе: мазақ, мысқыл, әзіл, сықақ түрлері де кездеседі. Қысқасы, «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған»

(Р. Нұрғали). Демек, А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегі арқылы ұлттық сөз өнерін қазақы болмыс аясында қарастырып, мәнді-нәрлі тұстарына ден қойып, жалпақ жұртқа ортақ ұстанымды негіз етіп, жүйелі де нанымды сөз етеді. Ел әдебиетінің рухы еркін көрініс береді.

А. Байтұрсынұлы мұрасының елдік мүддені негіз еткен, көпке ортақ мақсаттар мен руханият ісіне табан тіреген тағылымды тұстары осыған келіп саяды. Асылы, руханият өрісіне жаңа бағыт, кең арна, тың тыныс беретін – ақыл-ой алыптары екені анық. Бұл қатардың бастауында, сөз жоқ ұлт руханиятын биік белеске көтерген, соңына мол мұра қалдырған, азаттықты ту еткен – Ахмет Байтұрсынұлы тұр. Мұны білген жөн. Әрі ел дамуы мен мүддесін ойлаған тұста, назарда болуы тиіс. Ұлттық мұрат, рухани жаңғыру бағыты да осында жатыр.

Ел әдебиеті тарихы мен руханият әлемінде – А. Байтұрсынұлы мұрасы, азатшыл-елшіл ұстанымдары айқын аңғарылып, өміршең үрдісі, уақыт рухы терең танылып тұрады.

Ой-сөз жүйесін түйіндер тұста, Ахмет Байтұрсынұлына жүгінер болсақ, асылында: «...ісімізге жөн қарап, жоғымызды іздеуге, барымызды сақтауға» қадам жасау – басты бағыт, негізгі ұстаным болары хақ! Ахаң айтады: «...Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла тынбай істесек өнеді. Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай, кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы. Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы!».

Бұл, Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы айтқан басты ақиқаттардың бірі. Сөз жүйесі, шындық сыры да осыған саяды. Мұның мәні мен мәнісі: бірлік негізі – тірлік! Істі – айқындау, жоқты – іздеу, барды – бағалау болып табылады. Жұрт жұмысын – құмырсқаша жұмылып, бірігу арқылы ерінбей-жалықпай еңбек ету; қолдан келгенше әрекет-қимыл жасап, еңбек көрігін қыздырып, жаңа бағыттарды айқындап, соны да тың тынысын ашу – ұлт дамуының қайнар көзі екенін анық айтады. Нәтижесінде: «Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы!», - деген ақиқатқа табан тіреп, қағидатты ойлардың маңызы ашылып, мәні айқындалады. Кешегі күннің шындығы бүгінгі кезеңнің бағыт, үрдісімен үндесіп, сабақтастық сипат алғаны да аңғарылады. Бастысы, ұлттық мұрат, елдік мүдде, дәстүр мен дін, тарихқа ден қойып, тағылым ету бар.

Қазіргі қоғамда: «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін!» ұстанымының алға шығуы, еңбекқорлық идеясын орнықтыру мен адами капитал жоғары болу қажеттілігінің өзектілігі толық танылды. Демек, мұның өзі: «Еңбек – бәрін жеңбек!» қағидасының ақиқаты мен шындық сырларының мәнін айқындай түседі. Жұрт жұмысы, еңбек мәні, өмір тағылымы кең түрде танылады. Ұлт мұраты мен руханият ісі алға шығады. Ел дамуының бір жолы осы.

Анығында, ұлт руханияты Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы арқылы да жүйелі дамып, жарасымды жалғасын тауып, кеше мен бүгін байланысы, ортақ мұраттары негізінде кең өріс алуы – елдік мүдденің белесті биігін айқындап, жасампаздық жолын көрсетіп, дәстүр мен сабақтастық мәнін арттыратыны анық. Мұның кеше мен бүгін байланысында мәні зор.

Алаш ардағы А. Байтұрсынұлынан жеткен ақыл-нақыл һәм даналық мәйегінен де елдік мұрат-мүдде, адамдық борыш, қарыз-парыз ісі кең көлемде көрініс береді. Оқып көрелік: «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін азғыруға тырысады», «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек», «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау», «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би

жақсы болмақшы», «Сөздің ең ұлысы – тарих» т.с.с. өмір мәні, тағылымы мол. Абай айтқан: «Сезімпаз көңіл, Жылы жүрек» мәні де, «Қайран тіл. Қайран сөз» сипаты да адамдық борыш, қарыз-парыз ісімен байланыс-бірлікте, сабақтастықта өріс алады.

Бастысы, А. Байтұрсынұлы өзі айтып-жазғанындай – «Адамдық диханшысы» мәні мол, маңызы зор өзекті мәселе. Адамдық мұрат, асыл борыш, сыйластық сыры қазір де мәнді.

Алаш мұраты, өмірдегі қарыз-парыз да осында емес пе?

Адамнан ардақты, еңбектен құрметті не бар? Адам – қоғам байлығы, өмірдің мәні мен нәрі екендігіне басымдық беріледі. Адам бақыты мен мұраты да осында екені анық. Өйткені: «Адам өз атын кісілікпен көтереді» (Ж. Баласағұн), «Адам өтеді, игі аты қалады» (М. Қашқари), «Жақсы аты қалған ер өлмейді», «Өз қадірің – өз байлығың» (С. Сараи).

Адам мәні мен мұраты, қоғамдағы орын-үлесі қашанда маңызды екені анық. Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбатында: «...Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін», - деген ұстанымды алға тартады. Бұдан басқа: «...елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет», «...Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз», - деп елдік мәнін, азаттық пен тәуелсіздіктің қадір-қасиетін кең түрде ашып, анық-қанық айтты [6].

Негізінен алғанда, Алаш ардағы А. Байтұрсынұлы ұлттық мемлекет пен ел руханиятына мықтап табан тірегені анық. Бір ғана әліпби төңірегіндегі басты бағыт, ұстанымдарынан елдік жайттардың түйінді тұстары танылар еді: «...Әліп-би деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Қазақ әлдеқашан тілде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстыкінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындыкінен оңай, оңтайлы», - дегенді анық айтады [7, 27 б.].

Бұл бағытта қазақ зиялылары да әр қиырдан үн қосып, ортақ іске жұмыла кірісті. Ойға алсақ, Алаш арысы Ж. Аймауытұлы осы тұста әліпби, жазу мәселесіне жіті ден қойды. Оқып көрейік: «...Қазағыстанның ел болуы: үш жүзінің басы қосылуы, қыр мен сырдың жамырап табысуы, біріне-бірі түрлі өнегені жұқтырады, киім де, тіл де, салт-сана да мыйдай араласады. Қазақтың астанасы Қызыл ордада тұрса, ондағы басқа елден барған азаматтар сырдың тілінен де телімін алады. Түркістан елдерінің «жүде», «құб», «қайыр» деген тілдері жалпы қазақтікі болып кетеді. Қайдан келсе де, қазақтың тілі болса, жатырқамау керек», немесе: «...Әдебиет тілі деген тіл болу керек. Ол қара халықтың сөйлеп жүрген тілінен өзгеше, ойдан шығарған, көктен түскен тіл емес, сол қара халықтың сөйлеп жүрген тіліндегі ең қолайлысы, қонымдысы, таңдамасы, пернелісі болу керек», - дегенге екпін түсіріп, басымдық береді [8, 281-282 б.].

Сайып келгенде, ақын-ағартушы, түрколог-ғалым А. Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы, елдік мүддеге қызметі, ұлт руханиятындағы орны, көсемсөздерінің басты ерекшеліктері:

- елдік мұрат-мүддеге негізделуімен қалың көптің ортақ мақсаттарына қызмет етеді;
- ел-жер мәселесі – ұлт күретамыры, қазақтың тірі я өлі болуымен байланыстырылады;
- адамдық мұрат – асыл борышты білуі – білімнің, адамшылық ісінің тұтқасы етіледі;
- адамға қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі екендігіне басымдық беріледі;
- ұлт руханиятының биік өлшемі – білім-ғылым ісі бар асылдан да жоғары тұрады;
- оқу-білім, мектеп ісі – жас ұрпақтың өсіп-есеюінің, арман-аңсарларын жүзеге асыратын бірден-бір баспалдақ екендігі кең көлемде көрініс береді;
- адамдық һәм азаматтықтың оңды да ұнамды сипаттары – ақыл-парасат арқылы жүзеге асатын білім нұры мен ғылымның құндылық қырлары айқын аңғарылады;

- мектептің жүрегі, жас ұрпақтың тірегі – мұғалім мәртебесі, руханияттың қайнар көзі – кітап, оқулық хақындағы ойлар мен толғаныстардан жауапкершілік жүгі, жанашырлық белгісі, ұлттық мұратқа деген адамдықтың шынайы да шындық сырлары самаладай жарқырап, нұрлы да сәулелі сәттерін, мейірім шуағын молынан түсіреді. Жаңа кезең, уақыт бедері мен рухының әсер-ықпалы да терең танылады.

Алаш ардағы А. Байтұрсынұлы мұрасы, көсемсөздерінің елдік мүддені негіз еткен, көпке ортақ мақсаттар мен руханият ісіне табан тіреген тағылымды тұстары осыған келіп саяды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ әдебиеті (Энциклопедиялық анықтамалық). – Алматы: Аруна, 2005. Б. 112-113; Байтұрсынұлы А. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). – Алматы: Қазақ университеті, 2006. Б. 215-248; Байтұрсынұлы А. – «Алаш» қозғалысы. – Алматы: 2008. Б. 55-58; Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. - Б. 153-208.
2. Әуезов М. Ахаңның 50 жылдық тойы. М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағы, 2 том. – Алматы: 1998.
3. Байтұрсынұлы А. Маса. – Алматы: Паритет, 2005. - Б. 138-140.
4. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – Б. 108-109.
5. Нұрғали Р. Толғауы тоқсан қызыл тіл. – Алматы: Үш қиян, 2009. - 29 б.
6. Тоқаев Қ.Ж. Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Қазақстан. Егемен Қазақстан, 2022, 18 ақпан.
7. Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы: Palitra Press, 2013. – 328 б.
8. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, 2013. - 640 б.

ОӘЖ 37.091.4

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ: ӘЛІПШЕЛЕРІ, ТІЛ-ҚҰРАЛДАРЫ, ӘДІСТЕМЕЛІКТЕРІ, ҚҰРЫЛЫМЫ, МАҢЫЗЫ

Қыдыршаев А.С., п.ғ.д., профессор

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қоғамдық даму департаментінің директоры, Орал қ.

Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қазақ өркениетінің ең ірі қарқынды дамыған, гүлденген тұсы – өткен ғасырдың алғашқы отыз-қырық жылының үлесіне тиеді. Бұл кезең «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» делініп те жүр. Бұлай делінуінің басты себебі – А. Байтұрсынұлының ұлт ғылымының көшбасшысы болуы. Осыған орай кезінде оған Елдес Омаров «первый светоч науки» деп баға берген. Сондай-ақ, Ахаң өз халқының «ұлтының ар-намысы бола білген» (С.Сейфуллин) «қазақ жұртының көсемі» (М. Әуезов) де.

Белгілі ғалым Р. Сыздықованың: «Ахмет Байтұрсынұлы мен оның замандас-пікірлестері жайындағы қазіргі жүргізіліп жатқан ізденіс-зерттеулерімізді жинақы бір атаумен «ахметтану» деп айтар едім.

Ахметтану – тек бір ғана қайраткерді танып-білу мақсатын көздемей, тұтас бір кезеңге қатысты мәселелерге баратын таным тармағы болуға тиіс», - деуі құптарлық. Демек, Ахаң туралы сөз қозғау – қазақтың біртуар зиялылары, ерен тұлғалары Ғ. Қараш, Т. Шонанұлы, М.

Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, Қ. Кемеңгерұлы және т.б. туралы іргелі де кең тынысты зерттеулерге ден қоюда.

Ахаңның 50 жылдық мерейтойына орай замандас ізбасарлары ретінде М. Әуезов «Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей)» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан, № 270), М. Дулатов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» (биографиялық очерк), І. Омаров «Ученая деятельность А.Б. Байтұрсунова», Т. Шонанов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы» сияқты материалдарын жариялаған.

Өз тұсында Ахаңның 130 жылдығына орай қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі де тегін емес. 1995 жылы (29 маусым) осы жолдардың авторы тарапынан профессор Н. Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен тұңғыш рет «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалса, осы жылдың қазан айынан бастап университетімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі бірлестігі жұмыс жасап келеді. 1995 жылдан бастап студенттерге «Ахметтану» арнайы курсы жүргізіліп келсе, 1998 жылы университет баспаханасынан «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» монографиясы (8,0 баспа табақ) жарық көрді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. «Ахметтану: әдістану ілімі, әдістеме тарихы және оқыту технологиясы» атты оқу құралы (10,0 баспа табақ) баспа жоспарына енгізілді өз тұсында кафедра жанынан жылма-жыл «Ахметтану тәлімі» конференциясын (қыркүйек айында) өткізу ұйғарылып, диплом жұмыстары қорғалуда.

Уақыт көші ілгері озған сайын қазақ феномені А. Байтұрсынұлының аяулы есімі әлемдік мән-мағына ала түсуде. Оған айғақ – әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдер мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындардағы қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек сияқты өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары.

А. Байтұрсынұлы әліппелері туралы. А. Байтұрсынұлы халықтың санасына бірден әсер етуді, ақыл-ойын өзгертуді, көзін ашуды сауаттандырудан бастамақшы болды. Ол қоғамдық қызметін ағартушылық жұмыспен қатар жүргізу қажеттігін түсінді. Жұртшылықтың сана-сезімін ояту үшін, дұрыс бағыт алуы үшін жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін ұқты. Бұл туралы ғалым Р. Сыздықова былай деп жазады: «Қысқасы, А. Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды» [1; 2].

А. Байтұрсынұлы 1905 жылы Қарқаралыда қызмет атқарып жүрген кезінде бір топ қазақ зиялылары бірлесіп, патша үкіметінің жоғарғы басқару орнына петиция жолдағаны белгілі. Онда өзге мәселелермен бірге қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін нақты талап еткен. 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен жарық көрген «Қазақ» газетінің бас редакторы бола жүріп те А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулық шығару, сауат ашу, оқыту мәселелерін бір сәт естен шығармаған. 1913 жылы ақпанның 2-сінде шыққан газеттің тұңғыш нөмірінде-ақ «оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету» негізгі көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыттарының бастыларының бірі екендігін айтқан.

Ал 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында ІІ жалпы Қазақ съезі өткені тарихтан мәлім. Зерттеуші Б. Қойшыбаев осы съездің 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрғанын, А.Байтұрсынұлының халық кеңесі құрамына ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланғанын жазады («Көзқарас эволюциясы», Қазақ әдебиеті, 1989, 27 қаңтар). Яғни, бұған дейін де сауат аштыру, оқыту бағытындағы әліппе, тіл құралдарын жарыққа шығарып үлгерген А. Байтұрсынұлының осы орайдағы халыққа ауадай қажетті ісін жалғастыруы орынды көзделген. Ал А. Байтұрсынұлы секілді ғұламаның

қазақ жұртшылығы үшін жасаған өзге қызметтеріне қоса әйгілі оқулықтар жазуына да түрткі болған негіз – оның жан сала айналысқан жұмысы ағарту ісі. А. Байтұрсынұлы туған халқын оқуға тек жалаң шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы, жан-жақты сөз етті. Бұл орайдағы жазбаларының өзі үлкен бір тізбек құрайды. Ал бұның өзі А. Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтарын құрастырып, жазуының баспалдағы, соған барар жолдағы сүрлеуі іспетті.

А. Байтұрсынұлы білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепке баса назар аударады. «Қазақ» газетінің бетіндегі «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігін мәселе етіп қойып, сол тұстағы қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы қиын екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтудан бастаған («Бастауыш мектеп», «Қазақ» газеті, 9 мамыр, №16).

А. Байтұрсынұлы бірде «қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы – кітап» деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне атсалысуға болатындығын айтады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетіндегі «Оқыту жайынан» атты мақаласында да осы ойын нақтылайды. Онда: «Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз», - деп түйеді [3].

Қазақша оқулықтар да бірден жазыла салмағаны белгілі. Сол кезеңде қазақтың көзі ашық зиялылары, ағартушылары осы орайда пікірталас жүргізіп, ой бөлісіп отырған. Соның бірі ағартушы әрі ақын Таһир Жомартбаевтың жоғарыдағы мақаладағы «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы? Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?» деген сауалдары. А. Байтұрсынұлы бұған жауап ретінде ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейтіндігін бірден айтады. Бірақ тап сол тұста қазақ мұғалімдерінің қолына ұстата салар оқулық та жоқ болатын. Амалдың жоқтығынан А. Байтұрсынұлы: «Сондықтан қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, программа бір жаққа, оқу екінші жаққа – екеуі екі жаққа кетеді. Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс», - дейді [2, 4, 5, 6].

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрттың ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. «Көш жүре түзелер» деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы қам қылмаса», - деген ағартушы оқуға керек құралдар, ол құралдардың ішінде ең керектісі әрі қымбаты оқу кітаптарын шығаруды әріден ойлайды.

«Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды», не болмаса, «Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де, қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды» деген тұжырымға келеді. Осы саладағы А. Байтұрсынұлының зор еңбегін ғалым

Р.Сыздықованың сөзімен түйіндесек былайша өрілер еді: «А. Байтұрсынұлы – қазақ арасында мектеп ісін (жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жазу, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А. Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінеді» [2, 7, 8, 9, 10].

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе құралдарын жасау қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (М. Нұрбаев, М. Малдыбаев, З. Ерғалиев т.б.) қазақша әліппелері жарық көрді, бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппесі 40 беттік көлемде «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М.Ш. Кәрімов, Ш. Құсайыновтар баспасында жарық көрді. Осы ретте ағартушы ғалымдарымыздың бірі Т.Шонанұлы: «Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес. Дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «Әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді», - деп жазды.

Тұңғыш оқулық авторының өзі де қазақша әліппенің 1-кітабы деп көрсеткен. Оқу құралы сол кездегі ең алдыңғы оқыту әдістерінің бірі усул сотие жолымен тәртіп етілген. Оқу құралының титул бетіне алты тармақ өлең жолын келтірген. Соңына «А.Б.» деп көрсеткен. Қарап отырсақ, бұл өлең жолдары атақты Ыбырайдың күллі алаш еліне белгілі «Кел, балалар, оқылық!» атты әйгілі шумағымен үндес, тақырыбы бір – оқуға, өшпес жарық, кетпес байлық-даналыққа бастар жолға түсуге шақырады. Титулдың екінші жағына: «Бұл алифбадағы қай харіф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз. Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатұғын харіптер алифбаға жалғас 2-кітаптан оқылады», - деген жолдармен сілтеме берген.

А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу ағарту жұмысында біршама ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылады. Негізінен А.Байтұрсынұлы әліппелері Орынбор, Семей, Ташкент, Қызылорда қалаларында бзрнеше реттен басылып шықты.

Бұл оқу құралдарына өз тұсында әр түрлі бағалар да берілген. Мәселен, әдіскер ғалым Т. Шонанұлы: «... Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. ...Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – А.Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі», - деп жоғары бағалады.

А. Байтұрсынұлы үнемі ізденістің нәтижесінде 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. Бұл жаңа құрал осы күнгідей түрлі суреттермен берілген оқулық еді. Кітап «Әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда қаласынан 116 бет көлемде басылып шығады. Осы жолы «Жаңа мектеп» журналы бетінде жазған рецензиясында Т. Шонанұлы А.Байтұрсынұлы «Әліп-биін» «үлкен олжа» ретінде бағалайды: «Бұл әліп-биі оқу құралдығы жағынан бір қымбат болса, ішкі маңызымен екі есе қымбат. Жаңа әліп-би Ахаңның бұрынғы әліп-билеріне тіпті ұқсамайды.

Тұңғыш қазақ кеңес библиографы М. Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» еңбегінде А. Байтұрсынұлының оқулықтарына көрнекті орын берілген. Осы көрсеткіште 1926 жылы жарық көрген «Әліп-би» оқулығына Қазақстан мемлекеттік білім кеңесі былайша жоғары баға берген: «Бұрынғы Әліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Мынау жаңа Әліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Әліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім

кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы тәртіппен құралған.

Бұл Әліпби бұрынғысына жүде ұқсамайды. Көңілдегідей болып шыққан» [3]. Осы іспетті пікірді әдіскер ғалым Т. Шонанұлы да былай білдіреді: «Бұл жөнінде ана тілі методикасының (методика – тарих жүзінде адам баласының үйрету тәжірибелерінің шығарған қорытындылары мен заңдарының жинағы) беті америка әдісіне қарай маңдайын аударған соң, Ахаң жаңа Әліпбиін дыбыс әдісімен де, америка әдісімен де оқытуға жарамды қылып шығарған. Бұл америка әдісімен оқыта алған тұтас сөз жүйесін қолдансын, әлі келмесе қалың мұғалім бұрынғы дыбыс әдісін қолдансын деген болар. Жаңа Әліпбидің бұл бір ұнамды жері» [3]. Оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған А. Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді. Осыншама таралымнан басылым көріп, ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік жағынан енгізілген материалдары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспайды. Ал А. Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық қағидаттарды сақтай білуімен, жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. А. Байтұрсынұлы әліппелерін қазақ жұртшылығы ана тілінде жазылған аса қажетті тың құрал ретінде қабылдады. Ұлы ағартушының әліппе, оқулықтарының үсті-үстіне мол таралыммен басылып, ұзақ қолданылуының бір астары осында.

А. Байтұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатынан туған. «Тіл құралдарды» ұсынудағы алға қойған мақсаты жөнінде А. Байтұрсынұлы оқулыққа жазған «Сөз басында» жеткілікті баяндаған. Онда адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі ретінде тілді жоғары бағалай отырып: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғанынан жеңіл болмас еді», - дейді. Ендеше, жазу заманында, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден де артық дәрежеге жеткен заманда «сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек» деген түйінге келеді. Ал бұл күрделі түйінді шешетін бір-ақ нәрсе, ол – «Тіл-құралдары» [1; 2; 3].

Жалпы А. Байтұрсынұлының бастауыш мектепте балаларға арналған тіл таныту ісі дыбыс жүйесі мен түрлері, сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері сынды үш сатыға бөлінеді. Оқулық авторы бірінші тіл танытқыш кітаптың 1925 жылғы басылымында «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретіледі. Қандай қай жылда үйретілетіні бастауыш мектеп програмдарында көрсетілген», - деген пікір де келтіреді. Әрине, бұл қазақ тілін белгілі бір бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін аңғартса керек. Қалай болғанның өзінде де А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралдары» - қазақ қауымы үшін бұрын-соңды болмаған соны дүние, тың құбылыс еді. Оқулық авторының өзі де: «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана, онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа», - дегені бар.

Демек, А. Байтұрсынұлы «Тіл-құралдарының» шынайы құнын аңғартар жоғарыдағы іспетті тілші-ғалым топшылауларын, орнымен берілген бағаларын соза беруге болады.

Айналып келгенде, жоғарыда келтірілген үзінділер бірін-бірі толықтыра отырып, А.Байтұрсынұлы «Тіл танытқыштарының» теңдесіз ролін аңғартса керек.

А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы. А. Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған.

А. Байтұрсынұлы мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда, бұл еңбектер Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Еліміздегі Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырата алмадық. Дегенмен аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенмен, деректерге сүйене келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта өрілгенін аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы М.Әуезов А. Байтұрсынұлы жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: “Бұрынғы оқушыларға белгілі “Тіл-құрал”, “Оқу құралдарынан” басқа, соңғы жылдарда “Әліппе астарын” һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр” («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан), - деп хабарлайды. Нұсқаудың алғашқы бетінде “Оқу құралы” деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы деп көрсетілген. Әдіскер ғалым М. Жұмабайұлы да А. Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық әдіспен құрылғанын сілтей келе: “Бұл алифба бойынша қалай хат танудың жолы А. Байтұрсыновтың “Баяншы” һәм «Әлифба астары» деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын» («Бастауыш мектепте ана тілі», Ташкент, 1923), - деп жазды. Ал ахметтанудың негізін салушы ғалым Р. Сыздықова: «Оқу құралын» пайдаланудың, жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді («Ахмет Байтұрсынов», А., 1990), - деген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті архивында сақталған 1929 жылы мамырдың 5-інде А. Байтұрсынұлының өз қолымен жазып берген “Газет және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі” деген құжатта “Әліппе астары әліппеге методикалық нұсқау” деп көрсетілген [1, 2].

А. Байтұрсынұлының “Баяншы” әдістемелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет. Таралымы 8600 дана. Кіндік қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі бастырған. Еңбектің титул бетінде “Қазақ мұғалімдері үшін” деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: “Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төменгі “Қазақ дыбыстары һәм олардың жазылу белгілері” деген һәм “Дыбыспен жаттығу” деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған” - деп те көрсетеді. Бұл еңбек ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған А. Байтұрсынұлының: “Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін (бұл жерде әліппені оқытуды айтып отыр деп білеміз). Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын,” - деуі де дәлел [2].

“Баяншы” 1920 жылы баспа жүзін көрді дедік. Бірақ әдістемелік нұсқаудың жазылуы бұдан ертерек секілді. Бұны алғаш байқаған ғалым Р. Сәтіғалиқызы жоғарыдағы аталған еңбегінде былай деп жазады: “1912 жылы шыққан бұл “Әліппеден” біздің көңілімізді аударатын бір мағлұмат аламыз, ол – Байтұрсыновтың «Баяншы» атты методикалық кітапшасы сол кезеңде-ақ бар екендігі. Оған мына текст дәлел: «Бұл алифбадағы қай харф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз». Тілші ғалым пікіріне біз де қосыламыз. Келтірілген үзіндіге жүгінсек, сауат аштыру, тілді оқыту әдістемесінің негізін жасауға ұмтылыс нәтижесінде әзірленген «Баяншы» еңбегі 1910-1912 жылдары дүниеге келген болып шығады, т.б.

А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің біраз бөлігі мақалалар тобынан құралады. А. Байтұрсынұлының мақалаларының өз ортасына «әлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс-тәсілмен оқыту орындылығы айтылады, өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитика-синтетикалық оқыту әдісі жөнінде алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер – Ахмет Байтұрсынұлы. Сондай-ақ, аталған әдістердің жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын (терминдерін) да тұңғыш қолданысқа енгізген де Ахаң. Бір ғажабы ғалым әрбір әдістемелік пікірін өзге алуан тілдің ерекшеліктерімен, қолдану тарихындағы тәжірибелерімен салыстыра қараған.

Демек, А. Байтұрсынұлының әдіскер ретіндегі жазған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының бір парағы осындай. Ал осынау әдістемелік нұсқау, көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы, көтерген мәселесі қандайлық деңгейде екендігі – өз алдына кең көлемді әңгіме.

Қорыта айтсақ, А. Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйене айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахаңның сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді контексте, белгілі бір жүйеде әлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының А. Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахаң мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А. Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Ал бұтарлай үңіле түссек, ахметтану баспалдақтары сапына алғашқы кезекте төмендегі мәселелерді аша, анықтай түсуді қосар едік:

1. А. Байтұрсынұлының қоғам қайраткерлік қызметіне қатысты кезеңін қосымша деректермен толықтыра түсу қажеттілігі айқын сезіледі. Әсіресе, Ахаңның қазақ мемлекеттілігін қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек сіңіргендігін кейінгі ұрпаққа таныту. Мәселен, қазақ автономиясын құру, бөлшектеліп, кеткен қазақ жерін түгендеу, аштарға көмек ұйымдастыру, халық ағарту саласын жүйеге келтіру, қазақ мектептерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету, тіл саясаты мен қазақ тілінің мәртебесіне ден қою, т.б.

2. А. Байтұрсынұлын тіл маманы ретінде әр қырынан жан-жақты тани түсу де парыз болмақ. Осы тұрғыдан келгенде Ахаң мұрасы әлеуметтік лингвистика ғылымы саласынан арнайы зерделеуді қажет етеді. Бұл – Ахаңның тілді қарым-қатынас құралы ретінде орнына, тіл саясатына, тілдің әлеуметтік қызметіне (жазуды жетілдіру, қазақ тілін дамыту, ұлтты дамыту, терминдерді жаңарту, кірме сөздерге қатысты көзқарас, дұрыс емле түзу мәселесі т.б.), қазақ тілінің таза сақталуына, тілдердің байланысына, тіл болашағын болжауға қатысты ой-түйіндерінің астарына үңілу деген сөз.

3. Академик З. Қабдолов Ахаңның әйгілі «Әдебиет танытқышын» (1926) біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасымен» теңдес сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу ретінде бағалайды. Сөзсіз, бұлардың «бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы әліпбилері». Осы түйіндерге жапсарлас айтар болсақ, Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге аса жауапкершілікпен қарау мәселесі күн тәртібінде. Яғни, Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау, талғау, талдау нәтижесінде екшеу, елеу, іріктеу, сұрыптаудың қажеттілігі.

5. А. Байтұрсынұлы еңбегінің маңызды бір саласы – қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулерінің ғалымдар тарапынан аз ескерілетіндігі. Ендеше, А. Байтұрсынұлының өз заманындағы әлемдік дәрежедегі ірі әдістемеші ғалымдардың еңбектерімен жетік таныс болғандығын, әлемдік деңгейдегі әдістеме теорияларымен

қаруланып қана қоймай, оған сын көзімен қарап, пайдалысын әліппе, оқулық жазғанда қолдана білгендігін ескеру қажет. Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының әдістемелік негізін талдап беру, оның қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолдану орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер ететіндігін білу. А. Байтұрсынұлының әдістемелік терең білімі, мұғалімдік тәжірибесі, оны қорыта білу қабілеті оқулықтарының әдістемелік негізде жазылуын ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның әдістемелік ғылыми еңбектер жазуына негіз болғандығын тану.

Қысқасы, ғылымның дамуына орай ахметтану сатыларын соза беруге болар. Біздің тарапымыздан айтылғандары бірер бастылары ғана.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. - 30 б.
2. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. - 132 б.
3. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы – әдістемеші // Жалын. 1993. № 3. Б. – 52-54.
4. Қыдыршаев А.С. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті боу // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1993. №10-11-12. Б. - 28-34.
5. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері// Бастауыш мектеп. – 1994. № 7-8. Б. -11-15.
6. Қыдыршаев А.С. А. Байтұрсынұлының әдіскерлігі // Бастауыш мектеп. 1994. №2. Б. 3-7.
7. Қыдыршаев А.С. А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы // Ұлағат. 1995. №3. Б. 47-53.
8. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері// Қазақ тілі мен әдебиеті. 1997. №9. Б. -10-56-62.
9. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы туралы // Поиск. 1998. №2. Б. -4-8.
10. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? Шешен сөйлеу мәдениетінің алатын қағидалары. Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
11. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым. – Орал, «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасы, 2023. – 424 б.
12. Қыдыршаев А.С., Шақуова Д.А., Татаханова А.С. Іскерлік шешендіктану. Бизнесмендерге, студенттерге арналған оқу құралы. – Алматы: Болат Медиа, 2025. – 432 б.

ОӘЖ 11.511.1

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ «МЕКТЕП» КОНЦЕПТІСІ

Хасанов Ғ.Қ., ф.ғ.д., профессор

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

E-mail: hasan.gabit@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы өз публицистикасында өзінің басты кредосы ретінде ұстанған позициясы қазақ балаларын мектепте оқыту болды. Мерзімді баспасөзде киіз үйдегі емес, тас үйде қазынашылық мектепте балаларды оқыту мәселесін үнемі көтеріп отырды. Оның басты ұстанған білім беру мәселесіне арналды. Осылардың ішінде Ахаң «Мектеп» концептісін өмірінің соңғы уақытына дейін өз мақсаты етті және соған адал болды. Ұлт ұстазы атанған Ахаң өз мақалаларында мектеп мәселесін басты назарда ұстады. Сол кездегі өкімет

қаржыландыратын мектептердегі әдістеме жайынан бұрын осы тектес тегін білім беретін оқу ошақтарын көбейту мәселесін баспасөз бетінде ашына жазып отырды.

Ұлт ұстазы шығармашылығындағы «Мектеп» концептісі оның көсемсөзі мен туындылары бойында қатар өрілді. Ахаң арманы – ағартушылық қызмет, мұғалім болу және мектеп. Оның шығармашылығындағы «Мектеп» концептісі сол кездегі жағдайды ескере отырып, көп мазмұнда байқалады. Бірінші, мектеп мазмұны, оның материалдық жағы, екінші, мұғалімдер құрамы, үшінші оқулықтар мәселесі, төртінші, мұғалімдерге әдістемелік көмек, бесінші мектептер түрі. Бұл мәселелерді қозғамастан бұрын, алдымен, концепт мәселесіне тоқталып өтелік.

Жалпы когнитивті аспектіні қарастырған зерттеулерде тілдік тұлғаның концептілері жан-жақты зерттеледі. Когнитивтік тіл білімі когнитивизм ғылымынан тарайды. А.Б.Әмірбекованың айтуынша, «Когнитивизм – бұл адамның зердесін, ойлау қабілеті мен ментальді әрекеттері және оның жай-күйін зерттейтін ғылыми бағыт. Адамның білімі мен танымы туралы, дүниені қабылдау және ұғыну механизмі туралы ғылым. Когнитивизм адамның ойлау әрекетін тереңінен танытатын «өндірістік», «жүйелі» ғылыми әдістер ұсынады» [1, 17-33 б.].

Когнитивтік тіл білімінде жаңа ақпаратты қабылдау және өңдеу құралы ретінде мына терминдер қолданылады:

- фреймдер (стереотиптік жағдаяттар мен сценарийлер);
- концептілер (тіл арқылы көрініс тапқан жан-жақты білімнің ойдағы жиынтығы);
- гештальт (дүние фрагменттерінің ұғымға дейінгі бүтін бейнесі).

Когнитивтік тіл білімінің қызметі – тілдегі бейнеленген мазмұнның санада қандай ақпараттар негізінде қарастыратын фундаментальді аспектіде және дұрыс ұғынуға күш салатын қолданбалы аспектіде шешу көзделген.

Когнитивтік ғылымның зерттеу нысаны – санада бейнеленген ақпараттар мен білім [1, 180 б.]. Санада бейнеленген білім когнитивтік тіл білімінде мынадай зерттеулер негізінде танылады. В.А. Маслова былай деп жіктейді:

- таңбаның (семиотика) түрі мен типтері;
- таңбада бейнеленген мазмұн мен білімнің түрлері және сол білімді таңбадан тану және ажырату механизмі, яғни интерпретация тәртібі;
- таңбаның қалыптасуы мен дамуының шарттары (семиотикалық онтогенез) [2, 5 б.].

Тілдің когнитивтік аспектісі білімді қабылдау, ұғыну, (концептілеу), топтастыру, конструкциялау, тілде бейнелеу мәселелерін қарастырады. Адамзат үшін дүниені танудың ең бірінші кілті – ұғымның, сезімдік негіздерден нәр алған сана әрекеті, ал тілдік белгі – танымның сыртқы формасы.

А.Б. Әмірбекова: «Тіл мен ойлау екі түрлі сала болғанымен әрқашан өзара қарым-қатынаста болады» [1, 16 б.] – дей келіп, олардың қатынасынан дүние бейнесі танылатындығын айтады. Оның бірі – ұсынуға қатысты, екіншісі – тілде бейнеленуіне қатысты. «Дүниенің бейнесі» деп ақиқат немесе бейақиқат болмыстың санадағы көрінісі деп түсінген дұрыс.

Когнитивтік бағыттың негізгі қызметі – дүниенің бейнесін белгілі бір жүйеде репрезентациялау. Репрезентация – алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білімнің көрінісі [1, 19 б.].

Осылайша, когнитивтік тіл білімінің негізгі эпинцентрі – санадағы дүниенің бейнесі (таңба), оның тірегі – концептілік құрылымдар. Дүниенің бейнесі – жан-жақты ақпарат, бұл ақпараттарды біріктіретін орта – концептілік жүйе. Сондықтан тілдің когнитивтік бағыты тілдегі ұғымды кешенді таныту мәселесін қарастырады.

Проф. Э.Д. Сүлейменованың зерттеуінде тілдің когнитивтік аспектіде көрінуі ондағы мазмұның жан-жақты танылуы мен дүниені бүтіндей меңгеруден байқалады. Бірақ тіл жеке тұрып ақиқат дүниені бүтіндей таныта алмайды [3, 127 б.]. Ғалым Ж. Манкееваның зерттеулерінде: «Тілдегі мазмұнның сақтаулы оның кумулятивті қызметімен тікелей

байланысты. Ол өз кезегінде қабылдау, ойлау, жад сияқты психологиялық ұғымдармен тығыз байланысты болып, тұтас күйіндегі когнитивті парадигма құрайды» [4, 22 б.], – деп тұжырым жасайды.

В.А. Маслова былай дейді: «Концепт, ұғым, мағынаның аражігін ашып, саралау теоретикалық тіл білімінің өте күрделі мәселесі болып қалып отыр, себебі ол эмоционалды, экспрессивті, бағалауышты ореолмен қоршалған күйде болады. Бұл «шоғыр» түсінік, ұғым, білім, ассоциациялар ұғымының сөзбен берілуі» [5, 35-38 б.]. Концептінің осы бір ерекшелігіне байланысты оның түрлері болады. Концепті ұғымын бүгінде когнитивті лингвистикада жалпы төрт түрге бөледі, яғни; лингвомәдени концепт, ұлттық-мәдени концепт, мәдени концепт, когнитивті концепт.

Публицистикалық стильде тілдік тұлғаның концептілік идеясы байқалып отырады. Осы жерде айтып кететін жайт, концептінің публицистикалық стиль арқылы ашылуы жете зерттелмеген. Ахаңның көсемсөзіндегі «Мектеп» концептісінің басты құрылымдық үлгілері бірқатар. Оның көбі білімге шақыруға негізделеді. Орынбор тарихшысы Т.И. Тугайдың «Ахмет Байтұрсыновтың Орынбордағы жолы» атты монографиясында сол кездегі қазақ ұстаздары Орынбор мұғалімдер семинариясы базасында бүкіл қазақ мұғалімдерінің сиезі өткені жазылады. Бұнда А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ғ. Әлібеков, Т. Имангазиев, Н.Құлжанов, Ғ. Балғымбаев, А. Кенжин т.б. белді мұғалімдер қатысқаны көрсетіледі. Бұлардың барлығы дерлік отызыншы жылдары Алаш партиясы мүшелері ретінде қудаланып, атылғанын ескерткіміз келеді. Т.И. Тугай бұл туралы былай деп жазады: «1912 жылы қазақ облыстарындағы мектептік білім берудің ахуалы жайындағы мәселе талқыланған Орынбор оқу өлкелерінің халық училищелері директорлары мен инспекторларының съезі өтеді.

Бір кездері А.В. Васильев ашқан ауыл мектептері өткір сынның нысаны болды. Съездің кейбір қатысушылары ауыл мектептеріне қарсылық білдіргенсіп, неғұрлым ұйымдасқан жалпы білім беретін мектеп-интернаттар талап ете отырып, тіпті «қазақ халқына» шағым арыз жасады. Оқу жұмысын қажетті деңгейге қоя алмайтын «шала сауатты мұғалімдердің» атына ескертулер айтылды. Съезде ақыл мектептерін бір кластық орыс-бұратана училищелеріне айналдыру шешімі қабылданды [5, 299-316 б.].

Ауыл мектептерінде бірнеше жыл жұмыс істеген А. Байтұрсыновтың өзі оларды қорғап, өзінің газетінде жазды. Ондай мектептердің жұмысы ең төменгі деңгейде тұрғандығымен келісе отырып, бұны қажетті оқу құралдарының жоқтығы, талапқа сай дайындықтағы мұғалім кадрлармен қамтамасыз етілмегендік деп түсіндірді. Сол кезде ол «барлық сауатты қазақтар (бұған оқу мен жазудың қарапайым дағдыларын білетіндер де және газет, журнал және кітап шығаруға қатысатындар да кіреді) ана тілінде білім алған мектептердің түлектері болып табылатындықтарын айтып кетті». Сондықтан, материалдық және кадрлық қамтамасыз етілудің ең әлсізіне қарамастан, ауыл мектептері тұрғындардың қолдауы мен құрметін пайдаланады, себебі, ол мектептерде оқу ана тілінде жүргізілді.

А. Байтұрсыновтың пікірінше, жалпы мектептік білім беруді дамыту үшін үш негізгі жағдай қажет; мектепті дұрыстап қаржыландыру; оқушыларды талапқа сай оқулықтар және оқу құралдарымен қамтамасыз ету; білікті мұғалімдерді даярлау» [6, 111, 112 б.]. Осындай мазмұндағы ұстанымды ұстанған Ахаң «қазақ мектебі» дегенде бар жанын сала жұмыс істеді. Ең алдымен, оқулық жазу міндетін өз алдына қойды. Оның публицистикасында осы басты ой оның концепциясына айналды.

Ахаң көсемсөзіндегі барлық ой оның танымындағы концептісінің көрінісі болады. Ахаң концептісі құрылымдық үлгілері осыған негізделген. Атап айтқанда, алдымен, «Мектеп» – қазақты надандықтан алып шығар жол» – басты құрылымдық үлгі. Келесі құрылымдық үлгі – «Бастауыш мектеп» – жаңа оқыту формасы.

1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Бастауыш мектеп» атты мақаласында былай деп жазады: «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды

ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз. Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек деген мәселені шешерден бұрын, осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектебі қай түрлі болу жайын сөйлеу тиіс» [7, 266 б.].

Ахаң осы мақаласында қазақ ауыл мектебі мен орыс мектебі туралы айтады. Ол былай деп жазады: «Әуелі, ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақта хат жаза білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі тек хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар. Мұнан көрінеді: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалыбында халық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жаып жатқаны, бұл мектептің халыққа жақындағы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі» [7, 266 б.].

Осыдан соң орыс школасы туралы былай деп жазады: «Алайық енді орыс школаларын. Қазақ арасындағы орыс школалары ауылный, волостной екі класты школалар. Бұлардан бітіргендер ілгері оқымаса, онда да жоқ болып, шала оқумен қалады. Елде бір-екі жыл тұрса, оқығанының көбінен айрылып, оқымағандармен бірдей болып, оқыған еңбек бос кеткен есебінде қалады» [7, 266 б.].

Бұл ойдан Ахаңның «Мектеп» концептісі ұлт мектебі ана тілінде білім беруі тиіс деген ұстанымын аңғарамыз. Осы мақаласында Ахаңның жан айқайын байқалды. Мәселен, ол былай деп жазады: «Бастапқы кезде ана тілімен оқыту тиіс деген сөз 1906-шы жылғы 31-ші март правиласында да бар еді. Осы күнге шейін ауылный, волостной екі класты бастауыш мектептерде қазақ әліппесімен қазақша басталып оқығаны еш жерде естілмейді. Себебі не? Правила бойынша қазақ тілі мен қазақ харпінен бастап оқыт деп отырған балалардың ата-анасы жоқ. Халықтың өз тілімен, өз харпімен оқығанын хакімдер жақтамайтын болған соң, учительдер өз беттерімен ана тілімен, ұлт харпінен бастап оқытамыз дей қоймайды. Сөйтіп, правила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ» [7, 268 б.].

Күні бүгінге дейін өзекті болып отырған ана тілінде білім беретін мектептер қажет екені сол кезде де өзекті болғанын Ахаң ойынан аңғарылады. Өзінің шығармашылығындағы «Мектеп» концептісі мазмұнын талдағанда тағы көзге түскен жайт; Ахаң қорқынышы. Оны мына сөздерінен байқаймыз: «Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі – өз діні, тіл, жазуы сақталу. Солай болған соң, бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек» [7, 268 б.].

Ахаңның «Мектеп» концептісіндеі басты құрылымдық үлгі «Мектеп – мұғалім». Бұл метафоралық жүйеге құрылған құрылымдық үлгі Ахаң концептісінің басты көрсеткіші деп санаймыз. Оның бар ойы осы жалынды жас ұстаздарға дұрыс жол нұсқау. Білім беру түсінігі Ахаңның ойынша, мұғалімге байланысты. Бұл сол кездегі жалпы қазақ мұғалімдерінің қолында екенін үнемі өз сөзінде Ахаң ескертіп отырады. Оның ойынша, қазақ мұғалімі – «білім нұрын жаюшы» тұлға.

Ахаң «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында былай деп жазады: «Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебін қолдарына алуға лайық адамдар әр жайдан хабардар: дүнияда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол.

Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар» [7, 253 б.].

Одан басқа «Мектеп керектері» атты мақаласында «Мектеп – мұғалім» үлгісі анық байқалатын қазақ мұғалімі туралы былай деп жазады: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектепен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай

болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім.

Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы, құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына құралдың сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – белгілеген программа» [7, 269 б.]. Мұнда ұлт ұстазы «Мектеп» концептісінің басты құрылымдары деп «Мектеп – құрал», «Мектеп – программа», «Мектеп – кітап» деп дәл атайды. Осы туралы Ахаң былай дейді: «Қазірінде пұлға табылмайтын – қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмерде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа кәсіп, жағрафия, жаралыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек, ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүнияға шығару керек» [2, 270 б.].

Ахаң шығармашылығындағы «Мектеп» – тәуелсіздік жолы. Енді сөзіміз дәлелді болу үшін, Ахаң ойларын талдалық. Ахаң өз мақалаларында жалпы оқу-білім мәселесін көтере келіп, қазақ тілі дыбыстарын түсініп, оқыту сияқты кәсіби мәселеге тереңдеп отырады, яғни бұл жерге келгенде, бұлардың ерекшелігін ашуды борышым деп санайды. Мәселен, «Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады.

Сондықтан көбіне бала оқытуында кемшіліктері – қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей усул сотие (жаңаша оқыту тәсілі) жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Мен көрген медресе «Ғалия», «Хұсайниядан» шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харпіне қарап есептейді. Араб харпі дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытуға болмайды.

Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен балаларды жаттықтыру оқу мен жазу үйретудің негізі, істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы» [7, 253 б.].

Ұлт ұстазының концептілік жүйесіндегі «Мектеп» концептісінің тағы бір үлгісі – мектеп түлегі ұлтқа қызмет етуі. Ахаңның «Мектеп» концептісінің басты нәтижесі де осы, ұлтқа қызмет еткен «Мектеп» қана – Ахаң арманындағы мектеп. Мектеп түлегі елге адал қызмет етсе деген арман оның көсемсөзінен, ғылыми еңбектерінен үнемі көрініп отырады. Осы ұстанымның басты мақсаты да жалпы ұлттық мектептер ашу.

Осы концептісінің тағы құрылымдық үлгісі; «Мектеп» – өнер, ұлт өнері». Ахаң ойынша, мектеп қана кәсіпке баулиды, кәсібі ар, өз қолымен өндіретін халық өнерлі халық. Ол «Оқу жайында» атты мақаласында былай деп жазады: «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолын көшпекші. Мұның себебі, ойлап қараса, біздің қазаққа мағлұмсыз емес» [7, 254 б.].

Қорыта айтқанда, когнитивтік тіл білімі бағытының қызметі:

- тілге дейінгі санада қалыптасқан дүние туралы ақпараттарды жинақтау және тұжырымдау (концептілеу);
- оларды бір жүйеге топтастыру (категориялау);
- дүниенің санада бейнелену көрінісін анықтау;
- тілдегі бейнеленуін анықтау.

Ахаңның «Мектеп» концептісінде тағы бір басты құрылым: «Мектеп» – қазақ болашағы». Ахаң былай деп жазады: «Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып, қайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс [7, 252 б.].

Осы тұрғыдан келгенде, Ахаң көсемсөзіндегі «Мектеп» концептісі – «Ұлтты ояту» тетігі, басты құралы. Ахаңның публицистикасындағы «Мектеп» концептісі оның

шығармашылығы ғана емес, өмірінің басты кредосы. Қазаққа керегі құралы толық, жаны таза, білімді мұғалімі бар мектеп, міне осы концепт Ахаңның басты концептісі болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд...дисс. - Алматы, 2006.-122 б.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – М., 2004. – С. 255.
3. Сулейменова Э.Д. Понятия смысла в современной лингвистике. – Алматы: 1989. - 160 с.
4. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің когнитивтік негіздері. Тілтаным. № 6, 2004.
5. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2007. – 296 с.
6. Тугай Т.И. Ахмет Байтұрсыновтың Орынбордағы жолы. – Орынбор: АҚБ «Университет», 2019. – 191 б.
7. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

ӘОЖ 372.416.2:371

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘЛІПБИІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Досанова А.Ж., п.ғ.к., қауымд. профессор
«Esil University» мекемесі, Астана қаласы
E-mail: izobilia@bk.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі А. Байтұрсынұлының араб әліпбиінен реформациялаған қазақ әліпбиін құрастыруда тілімізді лексикалық шұбарлықтан сақтауға, өзге тілдердің синтаксистік ықпалына тәуелді болмауына ерекше мән беріп, тіліміздің табиғи реңкін ғылыми негізде таза көрсетуге тырысқан еңбегінің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады.

Түйін сөздер: Байтұрсынұлы әліпбиі, араб әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиі, араб әліпбиінде сауат ашу, сауат ашу әдістемесі.

А. Байтұрсынұлы араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, ұлттық әліпби жасады. Қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын зерттеу қажеттігі оны ағартушылық қызметтен ғалымдыққа жетеледі. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оған қажет графика туралы алғашқы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде қазақ дыбыстарын білдірмейтін араб алфавитінің кейбір таңбаларын қазақ жазуына енгізбеу керектігін, тұтас сөздің жіңішкелігін білдіру үшін дәйекші деп аталатын белгі қою қажеттілігін дәлелдейді. Бұлайша түзетілген алфавиттің сауат ашудың дыбыс жүйелі әдісіне сай келетін графика екендігін дәлелдеді. Қазірде біршама қауым «төте» (жәдид) араб жазуын біледі.

Бүгінде «Байтұрсынұлы әліпбиі» аталып жүрген бұл жазу үлгісінің дүниеге келу себебі ашылып көрсетілмей, мән-мағынасы талдап түсіндірілмей жалаң насихатталып 43 келеді. Ал А. Байтұрсыновтың алғашқы қадим үлгісімен жазылған оқулықтарының («Оқу құралы». Орынбор, 1912, 1914, 1919) сауат ашудағы орны туралы тіптен айтылмауда. «Әр

дыбысқа – бір таңба» белгілеп, болашақ орыс жазуына дәл келетін көшірме айна жасау «реформасы» дәстүрлі әліпбиімізді сақтап қалды.

Бұл мәселенің бір кемшілігі – халқымыздың ғасырлар бойы тұтынып келген «қадим» жазуын тастап, «жәдид»-ке көшкенде әліпби санатынан дәстүрлі араб жазуының 8 әрпін аластатылды.

Ғасырлар бойы дамып, өркендеп келе жатқан тіліміз өзінің бірегей қайнар көзінен ұзақ уақыт ажырауымызға алып келді. Дегенмен бүгінгі күнгі дамыған ақпараттық технологиялар негізінде кез келген рухани қазынамызды қай әліпбиде, қай тілде болмасын аударып қолдана беруге мүмкіндік туып отыр. А. Байтұрсынұлы әліпби жасауда полиграфиялық жағынан қолайлы қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын ескерді. Бұл әліпби ғылыми жағынан қазақ тілінің дыбыстық табиғатын дәл көрсетті. А. Байтұрсынұлының тәртібінше қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арналған әріп таңбасы бар. Ол әріптермен не айтылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша (ﺎ – h, ﺡ – қ, ﺡ – х, ﺍ – п, ﺡ – ш, ﺕ – тыс, ﺫ – з, ﺽ – з, ﺯ – з, ﺱ – с, ﺗ – т, ﻍ – ғ, ﺍ) 13 әріпті кеміткен [1]. А. Байтұрсынұлының қазақ дыбыстарына лайықтап жасаған әліпбиінде барлығы 24 дыбыс таңбасы беріліп, ә, і, ү, ө дыбыстары сәйкес жуан дауыстыларға дәйекше қою арқылы жазылады деп атап көрсетілген. 1912 жылы А. Байтұрсынұлы «Жазу тәртібі» деген мақаласында орысша, мұсылманша сауат ашуға көп уақыт кететінін айтты. «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап, оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болу шарт. Ондай кітап жазу үшін алдымен жазу жөнделіп, дыбыстар анықталып, «сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу керек», - дейді [2].

Әліпбиде қазақ тіліне тән төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар алынбайды. Ғалым гетерогенді сипат алған емлені, әліпбиді жалпыхалықтық, ұлттық негізде қарастырады. Сондықтан А. Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесін ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз. А. Байтұрсынұлының есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына К. Ататүрік, Ы. Гаспыралы есімдерімен қатар мәңгі өшпестей болып, алтын әріптермен жазылды. 1929 жылы Мәскеуде А. Байтұрсынұлы «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі. Ол – қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматикалық және әдебиет теориясының негізін салушы» деп бағаланады.

А. Байтұрсынұлы 1929 жылы мамырда өз қолымен жазған (орыс тілінде) өмірбаянында: «ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім, одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып жеңілдету жолында жұмыс істедім», - деп жазады. Ғалым «Баяншы» атты еңбегінде: «Әліппе» кітабы оңай болып, оқытқанда балалары неғұрлым аз қиналса, соғұрлым жақсы болмақшы, - дей келіп, алға қойған мақсатпен әліппені жазарда әліппенің басынан аяғына дейін оңай, қысқа сөздерді алу, әр дыбысқа жеке харіп арнау. Бұл жөнінде ғалым: «олай болғанда бұрынғыдай бір харіп әр түрлі орында әр түрлі оқылмай, қай орында болса да, бір харіп бір-ақ түрі оқылады һәм бұл оқуды жеңілдетеді», - деді.

Әліпби жасауда ғалым қазақ тіліндегі дыбыстардың қайсысының жуан, жіңішке, қайсысының бірде жуан, бірде жіңішке айтылатын ерекшеліктері оларды белгілеуде қиындық туғызғанын айтады. Еңбектің «Дыбыспен жаттығу» атты бөлімінде: «Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені» - деп түйіндейді. Дыбыспен жаттығудың негізгі жолдары ретінде мыналарды көрсетеді:

- әуелі балаларға әр түрлі дыбыс бар екенін білдіру;
- балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айту;
- бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп сөз айтуды білдіру.

Мұны білмей тұрғанда, балаларға харіп көрсетуге болмайтынын, ол «жайпақпен жүрмей, жармен жүрген сықылды» балалардың күшіне тиетінін айтады. Балалар дыбыспен таныса бастағанда әріптерді жаздырып үйрету керек. Бұлардан кейін дыбыспен қалай оқыту жайына көшіп, алдымен бір буынды, кейін екі буынды, сосын 3-4 буынды сөздермен, олардың дыбыстарымен таныстыруды жөн көрген. Әдіскер-ғалым дыбыспен жаттығу

кезіндегі әдіс-тәсілдерден де мол мағлұмат, нұсқау бере білген. Екі буынды сөздің ішіндегі дыбыстарды айыруды үйрету, бұл арада балаларды сөздің ішіндегі дыбыстарды айыруды үйрету, бұл арада сөздің буынымен таныстыру керек десе, ол үшін екі буынды, үш буынды сөздерді алып, созып айтуды ұсынады. Сөзді буындап бөлуді білгеннен кейін екі буынды, үш буынды алып, әуелі екі сөзді буын-буыннан бөлдіріп, әр буындағы дыбыстарды айыртқызып, сонан соң тұтас сөздің ішінде қанша және қандай дыбыс барлығын көрсетеді.

Балалар сөзді буындап бөлгеннен кейін, сөздің әр буынындағы дыбыстарды айырып, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды білетін болған соң, дыбыстарды қосып сөз айтуды үйрету керектігін нұсқаған. Бұл үшін әуелі дыбыстарды емес, сөздердің буындарын бөлек-бөлек айтып, олардың қосуды ұсына келіп, ескертулер береді. Ғалымның ең алғаш жасаған әліппесі (1912) «Оқу құралы, қазақша алифба» деп аталады. Араб жазуын қазақ тіліне икемдеп, әр дыбысқа жеке таңба (әріп) берді, олардың сөздің әртүрлі деңгейінде (басында, ортасында, аяғында) жазылуын аңғартатын мысалдар, мәтіндер ұсынды, қолданылуындағы ерекшеліктерді ескертті. Арабтың бір ғана у әрпімен бес дыбысты (о, ө, ұ, ү, у) белгіледі. Ал, и әрпін үш дыбысқа (ы, і, и) пайдаланды [3].

Сөз ішінде кездесетін қысаң дауыстыларды жазбау сөздердің дыбыс, буын, құрамын тұмшалап, көп қиындық келтірді. Мысалы қйсық, (қисық), алу (алұу), салқн (салқын), т.б. «Қазақша әліппе» 1912, 1914, 1919 жылдары қадим үлгісімен басылды. Оның құрамында 37 дыбыс таңбасы болды. Бұл қазақша әліппе 1925 жылға дейін 7 рет басылып, сауат ашу құралы болды. Осы оқулықтан 13 таңба қысқартып, 1926 жылы «Әліб-бій» атты сауат ашу оқулығын жазды. Ол баспадан 3 рет басылып шықты. А. Байтұрсынұлының осы әліппесінің 3 басылуы (1928 ж) қолымызға түсіп, оған талдау жасуға мүмкіншілік болды [1].

Мұнда қазақ дыбыстарының саны 24. Олардың 5 дауысты, 17 дауыссыз дыбыс. Ал у, и дыбыстарын дауыстыға да, дауыссызға да қоспайды. Оларды жартылай дауыссыз деп таныған болу керек. Ал әріптер тәртібін бергенде 9 дауысты дыбысты ажыратады. Жіңішке дауыстылардан е-ні ғана есептейді де, қалғанын есепке қоспайды. Жалпы әріптер тәртібінде 28 дыбыс таңбасы бар.

А. Байтұрсынұлының бұл оқулығы – сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, озық әдістемелік теорияларға негізделіп, жасөспірімдердің психологиялық, ұлттық, жас ерекшеліктерін ескере отырып жазылған еңбек. «Әліб-бійді» араб жазуынан көшіріп, түсініктемесін жазып, әрі редакциясын басқарған Ұ. Асыллов араб әрпін бүгінгі кирилл әрпімен келтіріп жазды, бұл оқулықты танып-білуге, оның бүкіл сөздерін ұғып жазуға, түсінуге, талдауға мүмкіндік туғызды.

«Тағы да ескере айтарымыз: әліппе мазмұнына есептің түр-түрлерінің жеңіл бағытпен кіріктірілуі сол уақыттағы қағаз тапшылығынан деп айтуға болады. Ол кезде жеке-жеке пәндік оқулықтар жасау үшін де қаржы мүмкіндігі болмағаны түсінікті. Соған қарамастан А.Байтұрсынов оқулық мазмұнына әріп таныту, оқып сөйлету, жазып үйрету, есеп шығарту, табиғатты танып-білу, өмір сүру дағдыларын т.б. да мәселелер кіріктіріле жасалынды.

А. Байтұрсынұлының «Әліб-бійі» (1928) осы уақытқа дейін әртүрлі тұрғыда талданып, дыбыстардан сөз құрау, сөздерден сөйлем құрау тәсілдері, жалпы ғалымның әліпбиінің артықшылықтары туралы сол кезеңнен бері айтылып келе жатыр. Бұл оқулық – әлі де жан-жақты қырынан толық ашылып бітпеген үлкен ғылыми еңбек. Сондықтан да біз бұл әліппедегі әріптердің өтілу реті, әріп танытудағы пайдаланған әдістер тұрғысынан талдағанды жөн көрдік.

А. Байтұрсынұлының «Әліб-бійі» – ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық талаптарға сай жасалған, өз кезеңінің құнды оқулығы, балалардың нағыз сауатын ашатын қолайлы құрал екенін алғашқы беттегі мына сөзінен де аңғаруға болады: «Аш адам астың бабымен дәміне қарамайды. Қазақ оқу жағынан қандай ашығып отырғанын топырлаб мекеме алдын тоздырыб, оқитын орын таба алмай жүрген қазақ балалары көрсетіп отыр. Сол ашығып отырған қазаққа дәмін-бабын келтіріб, соңыра беретін асыңнан бабы дәмі кем болса да, әзір берген асың артық».

Оқулықты талдамас бұрын ондағы әліпби құрамындағы әріптер құрамын беруді дұрыс деп таптық. «Әліп-бий» оқулығында әріптердің құрамын (алфавит) А. Байтұрсынұлы «әріптер реті» деп атаған. А. Байтұрсынұлы ә, ө, і, ү дыбыстарын а, о, ы, ұ дыбыстарының жіңішке фонемасы (үншесі) деп танып, оларға өз алдына жеке таңба бермей, сәйкес а, о, ы, ұ дыбыстарының таңбасына дәйекше (‘) қою арқылы жазған. Сонда дәйекшелі жіңішке дауысты дыбыстарды қоса есептегенде барлығы 28 дыбыс болған. Бұл әліпбиде қазақ дыбыстарынан х дыбысы жоқ [4]. Х дыбысының орнына ғалым қ дыбысын (қат-хат, қалық-халық) қолданған. Бұл әліпбиде бас әріптер жоқ және сөйлем соңынан нүкте қойылмайды, әріптер, сөздер, сөйлемдер оңнан солға қарай оқылады. А. Байтұрсынұлы (1928) әліппесіндегі әріптердің оқытылу реті мынадай: ن س ت ق ی ب ل د ڈ ی و ش ع م ج ڈ پ ہ ک ی گ و ا و (араб әліпбиіндегі әріптер оңнан солға қарай берілген), түсінікті болу үшін кирилл әліпбиіндегі ретін де келтіріп кетейік: а-р-з, о, н, с, т, қ, ы, б, л, д, у, й, ұ, ш, ғ, м, ж, ң, п, е, к, і, г, ү, ө, ә.

А. Байтұрсынұлының а дыбысымен бірге з, р дыбыстарын (басқа дыбыстарды емес) өтуіне – араб әліпбиіндегі басқа дыбыстарға қарағанда бұл дыбыстардың жазылуының қарапайымдылығы және ұқсастығы, яғни бір ғана элементтен тұруы (ا ز ر - а, р, з) және сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында өзгеріске ұшырамайтыны себеп болған. Араб әліпбиінде тұрған орнына қарай өзгеріске ұшырамайтын дыбыстар санаулы ғана. Бұл дыбыстардан басталуының тағы бір себебі бір буынды, айтуға жеңіл сөздер (ар, аз, зар, ара, аза, азар, араз) құрауға икемділігі. Міне, сондықтан да араб әріптерін үйреткенде осы дыбыстардан бастап үйретілетініне көз жеткізуге болады [4].

Татар және орыс-татар мектептері үшін 1892 жылы 28 қаңтарда, Петроград цензурасының қуаттауымен араб әліпбиіне негізделген Ахметқазы Мақсудидың «Мұғалім сәні» атты әліппесі жарық көрген (түпнұсқасы қолымызда бар) [6]. А. Байтұрсынұлының 1912 жылғы әліппесі осы әліппеге ұқсас болып келеді. Осыған қарағанда, А. Байтұрсынұлы әліппе жасағанда көптеген елдердің әліпбилерімен қатар, татар әліппелерін де негізге алғандығы байқалады.

Татар және орыс-татар мектептерінде «кластық» оқытуда қолданылған арабша түпнұсқа әліппе – небәрі 48 беттен тұратын оқу құралы. Оның 2-3 беттерінде мұғалімдерге арнап алғы сөз жазылған) [4, 96 б.]. Татар әліппесінде де, А. Байтұрсынұлы әліппесінде де осы үш дыбыстан бастап үйретілуі осының дәлелі. Бұл дыбыстар мектепке алғаш келген балаларға оқуға жеңіл әрі жазуға да ыңғайлы болатындығына ғалым ерекше көңіл аударған. Сонымен бірге А. Байтұрсынұлы өтілетін дыбыстардың ретін сөз құрауға икемділігіне де қараған [4, 98 б.].

Байқап отырсақ, татар және қазақ дыбыстарының арасында аздаған ерекшеліктер болғанмен, екі әліппедегі әріптердің өтілу ретінде ұқсастықтар бар екені байқалады. А. Байтұрсынұлы әліпбиінде а-р-з дыбыстары бірге өтіледі де, қалған дыбыстар көрсетілген ретпен жеке-жеке оқытылады. Ал татар әліппесінде дыбыстарды таныстыру а, р, з дыбыстарынан басталғанмен, олар жеке-жеке өз алдына бір сабақта таныстырылады.

Ғалым-әдіскер жаңа әріппен таныстырғанда алдымен дыбыстың артикуляциясына ерекше мән береді. Осы мақсатта алғашқы сабақта а, р, з дыбыстарын таныстыру үшін ара, бала, иттің суреттері берілген. Бұл суреттегі бала «а» деп аузын ашып тұр, ара «з-з» деп ызылдап, ит «р..» деп ырылдап тұр. А дыбысын айтқанда баланың бет пішінінің қалай өзгеретіні суретте анық байқалады. Мысалы, а дыбысын айтқанда баланың аузы еркін ашылатындығы бет пішінінен айқын көрініп тұрады. Иттің де ырылдағанда ауызы еркін ашылмай, төменгі жақ кішкене өзгеріске ұшырап, тістері көрініп тұрғаны көрінеді [5, 88 б.].

«Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы» деген сөзімен А. Байтұрсынов әліпбиге қойылатын талаптарды меңзегендігін анық байқауға болады [7].

А. Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы 1912 жылдардан бастап жаппай білім беруде қолданыста болғанымен, 1924 жылы ғана ресми түрде қабылданды. Бұл өз кезегінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиетінің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен маңызды құбылыс болды.

А. Байтұрсынұлының бұл тәжірибесін өзге түркі халықтары үлгі тұтып, өз жазуларына өзгерістер енгізді. Ғалымның ширек ғасырдай күш жұмсап, тер төккен еңбегін, қазақ мәдени талаптарын әбден өтей алады – деген көзқарасын латын әліпбиіне көшу жайында әңгіме басталғанда, теріске шығара бастады.

1926 жылғы Бакуде өткен Бүкілодақтық 1-түркологтар съезінде А. Байтұрсынұлы өзі құрастырған әліпбидің ғылымилығы мен артықшылығын барынша дәлелдеп, латынға көшуге қарсы болды. Әліпбидің тарихтағы алатын орнына көптеген ғалымдар өз бағасын берді. А. Байтұрсынұлының қазақ тіліне икемдеген араб жазуын қазақ жұртшылығы, әсіресе, мұғалімдер қауымы талассыз қабылдады, себебі бұл қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп жасалған болатын.

А. Байтұрсынұлы әліпбиі жөнінде М. Дулатов: «Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. «Оқушылар сынасын» дегенге әркім басына келгенін жазатұғын болса, еш уақытта ойды бір жерге қорытып болмайды. Егер оқу, оқытуды машықтап, ол оқытудың һәм оқытқан нәрселерінің асыл тәртібін, түп негізін анық білетін кісілер жазу хақында өз пікірлерін түсінікті етіп жазса, сынаушы деп соларды айтуға жарайды. Құр шала-шарпы есіткен, яки өзінің көзі үйренгеннен басқаның бәрі де теріс деп білушілер сынайтын болса, біреу түгіл, тоқсан тоғыз тәртіпке де табан тоқтату қиын», - деген болатын [8].

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлының жасаған әліпбиінің маңыздылығы бүкіл түркі тілдестер арасында жоғары болды. Ғалымның қалыптастырған жаттығу үлгілері мен оқыту әдістері кейінгі оқулықтар мен әдістемелік еңбектерде одан әрі тереңдетіліп, күні бүгінге дейін қолданылуда. Ғалымның оқулықтарындағы оқушылардың сөздік қорын байытып, сөз мағыналарын дұрыс қолдануға баулу бағытындағы үлгілер кейін басқа оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасау кезінде де маңызды рөл атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әліб-бій. – Қызылорда: Казиздат, 1928. - 213 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 180 б.
3. Дыйканов К. Ахмет Байтұрсыновдың казакча алифбеси. Оренбург, 1914. Бишкек: Периодика, 1991. - 289 б.
4. Досанова А.Ж. Қазақ әліпбиінің тарихы. – Астана, 2011. - 160 б.
5. Досанова А.Ж. Латын графикасында сауат ашудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Астана, 2024. - 260 б.
6. Мақсуди А. Әліппе «Мұғалім сәні», татар және орыс-татар мектептерінің кластық оқуына арналған оқулық, (арабша). - Қазан: УМИДЪ, 14-басылымы. 1917.
7. Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы. - Баку, 1926.
8. Дулатов М. Жазу тәртібі. - Алматы, 1991. - 176 б.

А. БАЙТУРСЫНОВ О ПРОБЛЕМАХ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКИХ ДЕТЕЙ

Урунбасарова Э.А., д.п.н., профессор
Элмырза С.Е. студент 2 курса спец. «Статистика»
Учреждение «Esil University», г. Астана
E-mail: ela/urunbasarova@mail.ru

А. Байтурсынов – педагог-просветитель, деятель культуры, общественный деятель, основоположник казахской филологии (языкознания и литературоведения).

Ахмет Байтұрсынұлының қызметі білім беру жүйесін реформалаумен тығыз байланысты болды. Ол халықтың барлық топтарына, әсіресе кедей отбасы балаларына білімнің қолжетімді болуын жақтап, интернаттар құруды талап етті. Бұл мектептерде оқушылар білім алып қана қоймай, қолөнерді де игеріп, олардың әрі қарай өзін-өзі дамытып, еңбекпен қамтылуына ықпал етті.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының қазақ әдебиетінің, педагогикасының, қоғамдық ой-пікірлерінің дамуына зор ықпалы болды. Ол қазақ жазба прозасының қалыптасуына негіз қалап, ұлттық білім жүйесін құруға жол ашып, тұтас бір ұрпақ тәрбиелеп шығарды. Оның зайырлы білімнің маңыздылығы, білім мен мәдениетке деген құрметі туралы ойлары қазақтың зиялы дәстүрінің ажырамас бөлігіне айналды.

Оның қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі де зор. Ол өз шығармаларында көпшілікке түсінікті, қолжетімді, қарапайым тілді пайдаланған. Бұл әдеби нормалардың қалыптасуына, жазба қазақ тілінің танымал болуына ықпал етті.

Бүгінгі таңда Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарында Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы мен педагогикалық мұрасы зерттелуде. Оның ұлттық білім мен әдебиеттің дамуына қосқан үлесін бағалау қиын, шығармалары күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпайды. Оның үстіне оның идеялары қазіргі заманғы педагогтарды, зерттеушілер мен жазушыларды шабыттандырады. Ахмет Байтұрсынұлы туралы бірнеше көркем шығармалар жазылған еді. Солардың қатарында танымал жазушы Жайсаңбек Молдағалиевтің әңгіме-повестері ерекше орын алады. «Повесть – тек қарапайым оқиғаға құрылатын нағыз реалистік, кең көлемде алынатын, бірақ мазмұндық салмағы жағынан ғана романнан ықшам тұратын жанр» [1, 19 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы жай жазушы немесе ұстаз емес, қазақ халқының оқу-ағарту, мәдени өмірін түбегейлі өзгерткен нағыз реформатор болды. Оның шығармалары қазақ қоғамының жаңаруына, сауаттылықтың таралуына, ұлттық болмыстың нығаюына ықпал етті. Оның еңбегінің арқасында Қазақстанда заманауи білім берудің негізі қаланды, оның шығармалары еліміздің мәдени мұрасының ажырамас бөлігіне айналды.

Танымал жазушы Жайсаңбек Молдағалиевтің ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы жазған «Бекіністе», «Ерте тұрған адам», «Қыпшақ Ибраһим» атты шағын әңгімелері бар. Бұл әңгімелерде ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туралы да жазылған. Ғалымның Ы. Алтынсариннің шәкіртінде оқығаны мәлім. Егер Ы. Алтынсарин ағартушы ретінде қазақ тілінің сын есім, сан есім сияқты сөз таптарын шығарса, ғалым Ахмет Байтұрсынұлы аталмыш таптарды кеңейтіп, әрқасысына ереже жазып, жалғаулар мен жұрнақтарды атап, жүйелеген.

Бұл іргелі жұмыстардың бірі қазір де өзекті болып келеді. Жайсаңбек Молдағалиевтің Ы. Алтынсарин туралы жазған «Алғашқы қоңырау» романы туралы ғалым Р. Нұрғалиев былай деп жазған: «Шығарманың салған жерден көзге түсетін сапалы ерекшелігі – ықшамдылығында, прозада көп сөзділік, әсіресе, биографиялық туындылардағы көр-жерді тізе берушілік есебінен көлем өсіру секілді кемшіліктен жазушы бойын аулақ салған.

Суретке, детальға мән берген тұстарда автор ұтып кетіп отырады; юморға-әзіл-қалжыңға бейімділік бар.

Көз алдымызда отыздың үстіндегі Ыбырай, желкесін көтеріп, айтыңға шығып, сахарада бұрын болмаған тың іс бастаған. Осы тұстағы әрекеттер, ерлікке пара-пар қимылдар расында да кең тынысты, мол оқиғалы, психологиялық-әлеуметтік шығарма арқауы болуға әбден лайық» [2, 283-284 б.].

Бүгінде Алтынсарин есімін көптеген оқу орындары алып жүр, оның еңбектері қайта басылып, идеялары білім беру жүйесіне ықпалын тигізуде. «Қашан да ғылым ешбір дерексіз тумайды, дәуірдің талап-тілектеріне байланысты дүниеге келеді. Төңкерістің алғашқы жылдарынан бастап қазақтың ұлттық баспасөзін, ұлт мектептерін ашу міндеті алға қойылғанда, ең қиын, ең түйінді мәселенің бірі – ана тілі мен әдебиетін оқытуды бірінші кезекте шешу керек болды» [3, 177 б.].

Қорыта айтқанда, оның қазақ әдебиеті мен білімін дамытуға қосқан үлесі оны Қазақстан тарихындағы басты тұлғалардың біріне айналдырып, оның шығармалары жаңа ұрпақты жігерлендіре түсуде. Ғалым Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазіргі кезде ағартушы Ыбырай Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. Тарихи тұлғалар туған тілін жан-жақты зерттеп, заманауи зерттеушілерге мол мұрасын қалдырған.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіліндегі ерекше тұлға, сыршылдық пен ұлттық рухты тоғыстырған ұлы ғалым. Оның ғылыми еңбектері қазақ тіл білімінің ғылыми деңгейін жаңа биікке көтерді. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері тек ұлттық рухты көтеріп қоймай, сонымен бірге терең философиялық мазмұнға, көркемдік шеберлікке ие. Ғалым тілдік ерекшелігі, әдеби тәсілдерді қолдану шеберлігі және жалпы шығармашылығындағы эстетикалық құндылықтар талданады.

Қазіргі кезде ғалым Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің негізінде бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізілген еді. Зерттеулердің қатарында диалогтерге қатысты еңбектер де бар. Білім алушылар диалогты мәтінге айналдырып, әртүрлі лексикалық тапсырмаларды орындап, көркем шығармадағы тұрақты сөз тіркестерінің қолданысын меңгереді және белгілі бір дәуірдің көрінісін терең ұғынады. Қазақ әдебиетінің классик-жазушыларының танымал шығармалары арқылы қазақ тілін оқыту мәселесі өзекті болып саналады.

Қазіргі кезде жастардың басым көпшілігі батыс әдебиетін оқуда. Әр сабақта қазақ әдебиетіне назар аударып, оқыту патриоттық сезімді нығайтады және еліміздің тарихымен таныстырады. Осы тұста қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы туралы жазылған мақалалармен таныстыру қажет. Оның ағарту істерінің бастамасын қамтитын диалогтарды негізге алып, сол істердің бастамасын, қиыншылықтарын, нәтижесін қарастыруға болады. Білім алушы диалогтан мәтін құрастырып, мәтіннен диалог құрастырып, көркем шығарманың өзекті де терең ойын түсініп, қазақ әдебиетін жан-жақты қарастырады.

Қазақ тілін оқытуда көркем шығармаларда берілген диалогтарды қолдану ұтымды болып саналады. Белгілі бір замана белестерін суреттейтін көркем шығармада көркемдік шындық анық көрсетіліп, білім алушыларға ойлануға, оқиға желісін қарастыруға, эпизодтық және басты кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты белгілеуге, шығармада берілген жазушының өзіндік стилін зерттеуге, басқа стиль түрлерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Білім алушылар көркем шығармадағы диалогты мәтінге айналдырып, сол мәтін бойынша лексикалық тапсырмаларды орындайды.

Диалогтар арқылы жазушылар ұлттық менталитетті де шебер суреттейді. Қазіргі кезде бұл мәселе өзекті болып саналады. Жоғары оқу орнында оқитын білім алушыларды ұлттық менталитетке баулу маңызды болып саналады. Қазақ жазушылардың шағын әңгімелерінде ұлттық менталитет шебер көрсетілген. Ахмет Байтұрсынұлы, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов, Жайсаңбек Молдағалиевтердің шығармаларын үлгі ретінде қарастыруға болады.

Ахмет Байтұрсынұлының кейбір еңбектерінде диалог құрастыру жөнінде жазылған. Ғалым тіл мен әдебиетті байланыстырып оқытуды ұсынған. Тақырыптың басты идеясын анықтау үшін білім алушылар өздік жұмыс ретінде белгілі бір шығармада берілген

диалогпен қатар бүкіл шығарманы оқып шығады. Бұл үшін шығармалар көлемі жағынан шағын әңгіме, дастан сияқты болу керек. Шағын шығармада басты кейіпкер мен эпизодтық кейіпкерлердің желісі анық көрсетіледі. Шығарманы оқу үшін көп уақыт та кетпейді. Белгілі бір шығарманы оқып, түсініп, талдап, білім алушылар шағын топтарға бөлініп, шығармада берілген маңызды диалогтарды қарастырып, талдайды. Топтық жұмыс білім алушыларды белгілі бір кейсті шешу үшін де құрылады. Кейсті шешу үшін тапсырмада статистиканы белгілейтін сандар болу керек. Диалогты мәтінге айналдыру, ал мәтін бойынша диалог құрастыру жұмыстары белсенді лексиканы қолдануды талап етеді. Білім алушылар диалогтан мәтін құрастырып, грамматикалық ережелерді ескере отыра, мәтінді грамматикаға сәйкес қылып өзгертеді. Сонымен қатар, жұмыс дәптерлерінде білім алушылар диалогты толықтырып, сол диалог туралы өз пікірін жазады. Қазіргі кезде ғалым Ахмет Байтұрсынұлының осы әдістері өзекті болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтанаев Ә. Шын шеберлік. - Алматы: Жазушы, 1969. – 217 б.
2. Нұрғалиев Р. Телағыс. - Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
3. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. - Астана: Қазақ университеті, 2017. – 480 б.

ОӘЖ 37.014

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Досанова А.Ж., п.ғ.к., қауымд. профессор
Бейсенова А.Ж., п.ғ. магистрі, аға оқытушы
Нураханова Э.М., г.ғ. магистрі, аға оқытушы
«Esil University» мекемесі, Астана қ.
E-mail: izobilia@bk.ru

Аңдатпа. Мақалада А. Байтұрсынұлының мысал жанрына қосқан үлестері мен олардың тәрбиелік мәні туралы қарастырылады. Мысал жанры туралы түсініктер беріліп, оның түрлері қарастырылып, тарихынан мысалдар келтіріледі. Мақаланың басты мақсаты – А. Байтұрсынұлының аударған мысалдарының бүгінгі таңға дейін оқушылар үшін танымдық, тәрбиелік мәнін жоймай келе жатқан өзекті мәселе екенін таныту. Осы мақсатты жүзеге асыруда А. Байтұрсынұлының жалпы қазақ әдебиетіне қосқан үлесін, алатын онын айқындау міндеті қойылады. Сонымен бірге ақын мысалдарындағы танымдық, тәлім-тәрбиелік тағылымдарды қарапайым тілмен түсіндіре отырып, мысалдардың астарын түсініп, талдай және жинақтай білуге үйрету, кейінгі ұрпақты адамшылық қасиеттерге баулудағы тәрбиелік мәнін пайымдау, тұжырымдау болып табылады. Мақаланы жазуда ғалымның бірнеше еңбектері талданып, салыстырылып, сараланды.

Кілт сөздер: әдебиеттану ғылымы, «Қырық мысал», Крылов мысалдары, мысалдарды аудару, тағылымдық сабақ, түйін сөз, кемшіліктерді әжуалау.

Ахмет Байтұрсынұлы – тіл білімі және әдебиеттану ғылымына орасан зор үлес қосқан ғалымдардың бірегейі, қазақ елінің ұлт болып қалыптасуы жолында аянбай еңбек еткен ғалым. Білікті ғалым қазақтың тілі мен әдебиетін дамыта отырып, жалпы ұлт руханиятының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, қазақ ұлтының ұстазына айналды. Мектеп қабырғасында А.Байтұрсынұлының көптеген еңбектері оқытылады.

Биыл ғалым ұстаздың туғанына жүз елу үш жыл толуына байланысты ол кісінің рухани мұрасының берер тәлім-тәрбиелік тағылымы жаңа қырынан танылып, оқушылар үшін оның өзектілігінің мол екені анықталуда.

А. Байтұрсынұлының И.В. Крыловтан аударған мысалдары мен өлеңдері оқушылардың адамгершілік қасиеттерін шыңдауға тәрбиелейтін құрал болып табылады. Осы орайда биыл жүз елу жылдық мерейтойы өткелі отырған тұста А. Байтұрсынұлының рухани мұрасының берер тәлім-тәрбиелік тағылымы аса зор. Мақаланы ұсынудағы басты мақсат – А.Байтұрсынұлының аударған мысалдарының бүгінгі таңға дейін оқушылар үшін танымдық, тәрбиелік мәнін жоймай келе жатқан өзекті мәселе екенін таныту. Осы мақсатты жүзеге асыруда А. Байтұрсынұлының жалпы қазақ әдебиетіне қосқан үлесін, алатын онын айқындау міндетін алға қоямыз.

Мақсатқа жетудегі басты міндеттердің тағы бірі – ақын мысалдарындағы танымдық, тәлім-тәрбиелік тағылымдарды оқушыларға қарапайым тілмен түсіндіре отырып, мысалдардың астарын түсініп, талдай және түсіне білуге үйрету, кейінгі ұрпақты адамшылық қасиеттерге баулудағы тәрбиелік мәнін пайымдау, тұжырымдау болды.

Мысал жанрына тоқталып кетсек, ол – шағын көлемді, тәрбиелік, тағылымдық мәні бар шығарма. Көбінесе ондағы кейіпкерлер аң, хайуанаттар, жәндіктер түрінде көрінеді. Сол арқылы адамның бойындағы мінін, әлеуметтік ортадағы кемшіліктерді әжуалап жазады. Мысалдардың әр қайсысынан бір тағылымдық сабақ алуға болады. Сонымен қатар, мысалдарда жүрекке тікелей әсер ететіндей ой жинақталып астыртын жеткізіледі.

Мысал – үш бөлімнен тұратын сатиралық жанр. Бірінші бөлім жағдайды түсіндіреді, екінші бөлімде болған оқиға баяндалады. Ал үшіншісінде түйін сөз арқылы қорытындыланады.

Мысал – ақын ойын алыстан орағытып, сөйте тұра зейінді оқырманға өзекті ойды дәл жеткізетін қолайлы жанр. Мысалда адамдардың әрекеті мен мінез-құлқын жан-жануар, жәндіктер болмысына көшіріп, адамға ұқсас қылықтары арқылы жеткізеді.

Мысал жанры өте ерте кезеңнен бастап дамыған. XIII ғасырда шығыс ғұламасы Абул Фарадж ақыл-ойды сергітетін, қайғы мен қасіретті жүректен шығаратын ертегілерді мысалдар деп атай отырып, «Олар қайғы-қасірет шеккендерге жұбаныш, жүрегі жараланған адамдарға арналған емдік май, тәлімді жақсы көретіндерге нұсқаулық және әзілді білетіндер үшін жақсы ДОС болсын», - деп жазды [1].

Өз заманында Эзоптың қаламынан көптеген мысалдар туындаса, орта ғасырларда Лафонтен деген француз жазушысы тағылымды мысалдарымен көзге түскен. Орыс мысалшысы И.В. Крылов та «Қасқыр мен Қозы», «Саяхатшы бақа», «Түлкі мен қарға», «Шегіртке пен құмырсқа», тағы басқа да мысалдарды дүниеге әкелді.

Білгір ұстаз, білікті ғалым А. Байтұрсынұлы осы мысалдар тақырыбына көп үлес қосып, өзіндік ойларымен бөлісті. А. Байтұрсынұлының ұстаздық болмысын көптеген ғалымдардың аса жоғары бағалағандары бізге жеткен еңбектерден белгілі. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы туралы әдебиеттанушы М. Әуезов «Ахаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманнан бір ай ұзағамыз жоқ» десе [2], ақын С. Сейфуллин – «ұлттын шын сүйетін шын ұлтшыл» деп бағалаған [3]. И. Табынбаев болса, Ташкентте үлкен жиында ғалыммен кездескен кезде «...кеудесінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай өрге сүйреген сүйікті ұстазымыз, қажымайтын қаһарманымыз – Ахмет ағай Байтұрсынов. Ол – қазақ халқының алғашқы ұстазы» деп айтқан [4].

Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы И.А. Крыловтың мысалдарын аударып, оны «Қырық мысал» деген атпен бастырып шығарады [5]. Кейіннен «Жазушы» баспасынан өлеңдері мен аудармалары жинақталған «Маса» деген кітабы жарық көрді. Сонымен қатар баспадан «Әдебиет танытқыш» деп аталатын зерттеу еңбегі басылып шығады [6].

Ғалым Ө. Әбдіманұлы «Қырық мысалдағы» шығармаларды тақырыбы жағынан екі топқа бөледі. Бірі жастарды оқу-білімге, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, бірлікке шақыру болса, екінші топта елдің елдігін сақтау, бостандық жолында күресуге шақыру жөніндегі тақырыптар [7].

М. Дулатов қызметтес досы ретінде А. Байтұрсынұлының осы еңбегі жөнінде «Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых» деп, ол аударған мысалдардың тәрбиелік мәнін аса жоғары бағалаған [8].

А. Байтұрсынұлы туралы зерттеу мақаласын жазған Ж. Ысмағұлов та «Қырық мысалдың» – қазақ үшін таптырмас азық болғанын былайша атап өтеді: «...айтушысы Крылов болғанда, жеткізушісі Байтұрсынұлы болғандықтан да «Қырық мысал» қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді» [9].

А. Байтұрсынұлының И.В. Крыловтан аударған «Қырық мысалы» – адамды, жалпы адамзатты адамшылыққа тәрбиелейтін айқын ойлы, аса мәнді туынды. Аудармалар «Замандастарыма» деген өлеңмен басталады. Мұнда ол орыстың мысалдарын аударып жазғанын айта отырып, өзін «бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық» деп сипаттайды. Асыл азаматты арық еткен – елінің оның қамы мен мүддесі болса керек. «Әйтпесе арық шауып оңдыра ма, жүргенге қамыт басып, қажып-талып» деп, сол ойының астарында елінің бодандық халінің мүшкілдігін айтады.

Ақын «әзірге қолдан келген осы барым» деп, өз еңбегінің маңызы зор болса да, жай ғана нәрсе деп елеусіз етеді. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалында ынтымақ пен бірлік жайы ащы шындық айтылады. Аққу, шортан, шаян үшеуі де қанша талпынса да алға қойған мақсаттарына жете алмайды.

Себебі үшеуінде бірлік жоқ. Бірлік болмаған жерде тірлік те болмайтыны белгілі. «Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр» дегені, осыны меңзейді. «Оншама ол жүк артық ауыр емес» дегені істейтін еңбектері де тым қиын емес, тек ымыра біршілік керек екенін айтқандай [6]. Аударма тілі жеңіл, оқушыларға түсінікті, көлемі де көп емес, небәрі үш шумақтан тұрады. Оқушыға ұғынықты болу үшін әр мысалдың соңында түйінді ойын айтып кетіп отырады. Осы орайда ақынның өзі ұсынып отыратын түйінді сөздің оқырманға берер көмегі мол. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы:

«Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» деп түйін жасаған [6].

Ахмет Байтұрсынұлының сүйікті жанры – мысал болғандығын ғұлама ғалымның әрбір шығармасынан-ақ байқауға болады. Эзоп, Крылов сияқты Ахмет Байтұрсынұлы да маса, бүйі, есек, маймыл бейнелері арқылы кертартпа кемшіліктер мен жағымсыз қылықтарды сынау үшін «алмас қанжардай» өткір құрал еткен. Ахмет Байтұрсынұлының аударма мысалдарының өзіндік ерекшелігі ол әрбір мысал соңында ақынның «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жасаған, өзіндік қорытынды ойлары кез-келген жас оқырманды өзінше қорытынды жаса, қандай ғибрат алдым, - деп ойлан деген әрекетке итермелеп тұрғандай. Яғни, біз үшін ғұлама ғалымның ең бағалы мұраларының прогрессивті идеялары, шаршамай-талмай халқының кертартпа, кесепатты қылықтарын ашық сынап, оқырманның көзін ашуға тырысқандығы.

Мысалы:

Білмейсің жөнің менен терісіңді,

Ел болып іс етпейсің келісімді

Жөн айтқан жұртшылыққа

Шығарсың қолыңа ал керісіңді, - десе, тағы бірде:

...Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,

Қайтейін өзге десе көншігіңді.

Сықылды сынық бұтақ

Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді? - деп ұлтының бір-бірін көре алмаушылық, қызғаншақтық сияқты жағымсыз қасиеттерін ашына мысқылдап, ол қасиеттердің қауіпті екенін, болар елдің баласы олай етпейтіндігін, халқыма кесепаты тиетіндігін айта келіп, «лақ құрлы бақырмай, өлер болсаң», келімсектер алдында төмендей берсең, олардың оп-оңай жем

қылып, тоз-тоз ететіндігін, сондықтан опық жемей тұрғанда одан құтылар жол ізде деп терең ой тастайды.

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлы мысалдар арқылы адам мен қоғам арасында ұшырасатын түрлі келеңсіздіктерді жан-жануарлардың қарым-қатынас әрекеттері арқылы астарлап танытады. Халықты сондай қылықтардан аулақ болуға шақырады. А.Байтұрсынұлының тәлім-тәрбиелік ойларын мектепте және басқа да оқу орындарында насихаттау ұстаздардың басты мақсаты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абуль-Фарадж. Книга занимательных историй. - М.: Гослитиздат, 1957. - 272 с.
2. Әуезов М. Аханның елу жылдық тойы. - Алматы: Жалын, 1992. -544 б.
3. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды. - Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
4. Қожакеев Т. Халқымен қайта қауышты қайран ерлер. -Алматы: Жалын, 1992.–544 б.
5. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. - Астана: Фолиант, 2005. – 652 б.
6. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
7. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. - Алматы: Арда, 2007. – 296 б.
8. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. - Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
9. 20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.

УДК 37.013

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЛИДЕРОВ АЛАШОРДЫ

Ускенбаева С.Т., к.п.н., ст.преп.
Учреждение «Esil University», г. Астана
symbat_uskenbaev@mail.ru

Одной из важных задач образования в эпоху глобализации является привитие подрастающему поколению патриотических чувств. Для решения данной задачи необходимо опираться на достижения народной педагогики, целью которой является формирование и совершенствование знаний об истории, культуре и традициях родного этноса. Чувство гордости за родину и осознание своей роли в развитии Казахстана – стимул в формировании духовно-нравственных ценностей. Такие качества как честность, справедливость, смелость, ответственность, уважение к старшим, доброта, трудолюбие, которые всегда были в приоритете казахского этноса, содействуют становлению нравственного облика и установлению ориентира в поведении молодежи.

Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Дулатов и многие другие видные деятели казахского этноса считали образование ключевым фактором развития общества. Просветительская миссия лидеров Алаш проявляется прежде всего в призывах к образованию широких слоев населения и распространению знаний, направленных на развитие общества. Для казахов образование во все времена было главным вектором в становлении личности, повышении общей культуры и духовно-нравственных ценностей и формировании патриотических чувств.

В настоящее время большое внимание уделяется истокам народной педагогики. В связи с этим актуальны труды, содействующие трансляции и популяризации знаний о жизни и творчестве просветителей. Роль просветителей как интерпретаторов кодовых ценностей

родного этноса является важной, так как дальнейшее изучение их вклада в становление и развитие образования способствует в целом сохранению и распространению культурных ценностей этноса. Изучение литературного наследия выдающихся представителей казахской интеллигенции как источник, обогащающий представления обучающегося о родном этносе, об истории его развития, заслуживает отдельного внимания.

Создание партии Алаш и последующая ее деятельность стало не только политическим событием, но и важным шагом на пути к пробуждению национального самосознания. В это время начинают издаваться научные труды на казахском языке, создаются художественные произведения. Кроме того, следует подчеркнуть, что некоторые научно-теоретические труды сопровождаются методическими рекомендациями.

Передовые мысли педагогов партии Алаш нашли отражение в Девятой главе проекта программы под названием «Преподавание наук и знаний». Этот проект вышел на страницах газеты «Казак» в 1917 году. Главными положениями обозначены всеобщее бесплатное среднее образование на казахском языке, открытие высших учебных заведений на казахском языке. Смелым требованием, на наш взгляд, стало требование автономного, т.е. свободного от вмешательства правительства, образования, а также назначение преподавателей путем выборов. Понимая важность распространения информации в формировании национального сознания, просветители особую роль отводили свободному изданию и распространению книг и газет на казахском языке, открытию библиотек в стране.

Мыржакыш Дулатов в своем выступлении на втором съезде партии Алаш указал на нехватку казахских школ и необходимости их создания, об отсутствии учебников на казахском языке. По этой причине формируется комиссия для написания учебников на казахском языке для начальной и средней школы, которая должна была согласованно работать с Центральным национальным советом. Особо следует подчеркнуть, что комиссия должна была разработать программы для национальных школ; издавать инструкции для учителей; литературу по воспитанию детей; обеспечивать организацию народного образования.

Первым народным комиссаром просвещения стал А. Байтурсынов. Он написал первый казахский алфавит в 1912 году, а в 1926 выпустил новую «Азбуку» с иллюстрациями. В эти же годы издаются также труды по грамматике казахского языка: «Учебное пособие» (3-я книга), «Языкознание» (3-я книга), «Грамота», «Литературоведение», «Пособие по языку» (2-я книга) и др. Для научных трудов А. Байтурсынова присуща определенная систематизация знаний, логически структурированная подача информации. Педагог-просветитель, выдающийся общественный деятель являлся не только ученым-лингвистом, но и мастером художественного слова. Известны следующие художественные произведения А. Байтурсынова: «Қырық мысал», «Маса», «Баяншы», «Ер Сайын», «23 жоктау» и др.

В Алматы расположен мемориальный дом-музей А. Байтурсынова, открытый в 1993 году. В нем представлено богатое творческое наследие педагога-просветителя в виде рукописей.

На современном этапе развития казахстанского общества, по истечении века со времени провозглашения передовых национальных идей лидерами казахской интеллигенции, мы можем подчеркнуть, что эти идеи до сих пор актуальны. Отметим, что внедрение национальных ценностей в учебный процесс может быть реализовано в процессе изучения общеобразовательных дисциплин, которые содействуют интеграции духовно-нравственного воспитания. В эпоху глобализации важно сохранить историческое наследие этноса, его язык и культуру для укрепления этноидентичности в современном многообразном мире.

Основными формами работы в распространении знаний о жизни и деятельности казахской интеллигенции Алашорды, их взглядах и вкладе в формирование национального самосознания являются научные семинары и публичные лекции, выставки, экскурсии в музеи, спектакли, театральные представления и концерты, художественные и документальные фильмы.

Применение инновационных подходов совместно со сложившейся практикой традиционного воспитания предполагает использование современных технологий, например, игровых методов и метода проектов. Изучение истории, языка, традиций и обычаев родного этноса помогает сохранить и передавать культурное наследие будущим поколениям. К современным технологиям относятся цифровые технологии. Безусловно, знакомство с языком, историей и культурой родного этноса гораздо интересно с помощью мобильных приложений или онлайн-платформ.

Электронные учебные пособия, видео- и аудиоматериалы, игровые приложения и графические ресурсы с интерактивными элементами повышают познавательный интерес обучающихся. Посещение виртуальных экскурсий и интерактивных музеев, онлайн-платформ для поиска информации становятся средством для сохранения и совершенствования знаний о культурном наследии этноса.

В настоящее время, полагаем, важно продолжить эффективную работу по созданию и распространению учебно-методических пособий, мультимедийных материалов, посвященных истории, языку, традициям казахского этноса. Следует обратить внимание на влияние цифровых технологий на передачу культурного наследия и ценностей. Учет и реализация ранее обозначенных вопросов в образовании имеет огромное значение в формировании духовно-нравственных ценностей молодежи.

Важное направление просветительской деятельности интеллигенции Алашорда находит отражение в современной воспитательной деятельности. Простые истины, которые звучали в призывах передовых педагогов-просветителей, общественных деятелей опираются на истоки народной мудрости, которые способствуют устойчивому развитию страны, где молодежь знает историю своей страны, уважает культуру, обычаи и традиции, гордится принадлежностью к ней. В.В. Туев пишет, что процесс приобщения человека к культуре и последующего его активного включения в нее управляется обществом и социальными институтами [1].

С сентября 2025 года учебные заведения и госструктуры будут в своей деятельности ориентироваться на единую программу воспитания «Адал азамат». Этот долгосрочный документ имеет стратегическое значение национального характера и опирается на идеологическую концепцию «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс». Программа официально утверждена приказом Министерства просвещения РК.

Главной целью новой программы является формирование честного, трудолюбивого и ответственного гражданина, воспитанного на основе общенациональных ценностей. Реализация программы должна обеспечить устойчивые моральные и социальные ориентиры подрастающему поколению. Одной из особенностей новой программы также является оформление интерьеров и внешнего вида зданий, отражающих национальные ценности, культуру и атмосферу уважения к традициям [2].

Таким образом, знания и достижения культуры являются аспектами социального прогресса общества. В связи с этим просветители содействовали созданию народных школ, обеспечению их учебной литературой. Кроме того, большое внимание уделялось публикации учебной и научной литературы. Идеи казахской интеллигенции о народном образовании, о воспитании подрастающего поколения, обозначенные правительством «Алашорда» с самого начала существования, актуальны по настоящее время. Вера в пробуждение национального самосознания благодаря просвещению в сложные времена стала верой в служение образованной молодежи своей родине.

Использованная литература:

1. Туев В.В. Об атрибуте «социально-культурный» // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. 2003. №4. – С. 70-78
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/960280?lang=ru>

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Қайырбекова Ұ.Ж., ф.ғ.к., аға оқытушы

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ.

А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегі қазақ тілін үйретудің 3 деңгейіне, яғни 3 жылға арналған. Онда сөйлеу мен сөйлемді ажырата білу, сөздерді буындап, тасымалдау, қазақ дыбыстарына тән әріптерді үйрету жоспарланған. Автор өз еңбегінде оқыту мәселесі жайлы көптеген пікірлерін келтіреді.

Қазіргі әдістеме ғылымының іргетасы осы ғалымның еңбегінен басталады деп айтуға негіз де бар. Ол әдістемеге арналған еңбектерінің басында мынадай пікір келтірген: «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіп, оқытуға шабыттанады. Оқу басында қиын болса, балалар миға (ұйық) түскен мал секілді малтығып, жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады. Екі жағының да жігері кеміп, шабыты болмайды. Шабыттанып істемеген іс оңды да болмайды».

Ғалым оқыту әдістемесінде қарапайымнан күрделіге қарай оқыту әдістемесін ұсынады. Жоғарыдағы айтқан пікірі осының айғағы. Оқыту жүйесі тіл дыбыстарын дұрыс айтып, оларды әріппен дұрыс жазудан басталу керектігін айта отырып, сөздердің құрмындағы дыбыстардың меңгерту әдістемесіне тоқталады. Алдымен екі буынды, онан соң үш, ары қарай көп буынды сөздерді оқытып үйрету керектігін ескертеді [1].

«Тілжұмсар» еңбегінде ғалымның айтқан мынадай пікірі бар: «...Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оны білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру». Бұл пікірі теорияны практикамен ұштастыру керек дегенді білдіреді. Мұғалімдерге мәтіндерді оқытқанда қалай жұмыс жасау керектігі жөнінде, қандай сұрақ қою керектігі жөнінде кеңес беріп өткен [2].

Тіл үйренушілерге арналып шығарылған оқулығында мынадай тапсырмалар қарастырылған:

1-Жұмыс.

Әріп басына бір-бірден дәйекшелі сөз тауып жазыңдар (кітаптан қарап табасыңдар).
Дәйекшелі сөз таба алмаған әріптеріңді бөлек шығарып жазып көрсетіндер.

2-Жұмыс.

Қандай сөздерге дәйекші қойылмайды? Неге қойылмайды? Қорытынды жасаңдар.

3-Жұмыс.

Төменде екі сөздің арасында бір төл сөзден қалай етіп қайсысына теліп айтуға болады? Қалай етіп қайсысына теліп жазуға болады? Айтыңдар және жазып көрсетіндер [2].
Осы еңбегінде сызықшаны қолдану әдістемесіне де көңіл бөлінген. Мысалы, мына тапсырма осы тақырыпты меңгертуге арналған.

Сөз туғызу

Сайла – сайлау

Жаса – ...

Бақыла – ... Осы тапсырманы орындау арқылы әрі сызықшаны, әрі туынды сөз жасаудың жолдарын үйретуге көңіл бөлінген [2, 312 б.].

«Қай әдіс жақсы?» атты мақаласында әліпби үйретудің әдіс-тәсілдері жайлы айтады. Әдістің көптігі соншалық – оларды Еуропалық немесе орыс ғалымдарының әдісі деп бөліп –

жарып айтуға келмейді дейді. Мақалада орыс данасы Лев Толстойдың пікіріне тоқталады. Онда былай делінген: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орны да жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» [2, 324 б.].

Сөз құрамындағы дыбыстарды талдауға қатысты пікірлерінің өзін жеке талдау нысаны етіп алуға болады. Тіл дыбыстарын жіктеуде кездесетін біршама терминдері қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды. Олар: толық дауыстылар, шала дауыстылар, аңғал дыбыстар, қымқыру түрлі дыбыстар, босаң жолдылар, тұйық бөгеулісі т.б. Ғалым тіл дыбыстарын төмендегіше топтастырады:

Дауыстылар: а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, и.

Дауыссыздар: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, к, қ, г. Оның ішінде:

Толықтар: а, е, о, ү, ы;

шалалары: р, ң, л, м, н, у, и;

ауыз дыбыстары: ш, р, л, у, и;

аңғалы: а, е, ы; босаңы: р, у, и;

қымқырулы: о, ұ;

қысаңы: л;

қысаңдары: п, т, с, ш, к, қ;

ашықтары: с, ш;

тұйықтары: п, т, к, қ;

босаңдары: б, ж, д, з, г, ғ;

ашықтары: ж, з;

тұйықтары: б, д;

тұйықтаулары: г, ғ.

Осы дыбыстық топтастыруды атап көрсете келе, оларды ажыратудың мына принциптерін атап көрсетеді. Ол жөнінде былай дейді: «Дауыстылар мен дауыссыздардың шегін айыратын жіктеу жалғауы -мын, жалғаулық мен дауыстылардан соң -мын, мен дауыссыздардан соң -бын, бен, -пын, пен. Дауыстылардың өзара шегін ашып, толық дауысты, шала дауысты қылып айыратын тәуелдеу, жіктеу жүзінде толып жатқан нәрселер бар, оларды түгендеп жатпай, мына жағынан да айыруға болады: толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында келеді, соңында келеді. Толық дауыстылардың өзара шегін ашып, аңғал деп, қымқырынды деп айыратын мынасы: аңғалдары орын талғамайды, қымқырындысы бас буыннан басқасында келмейді...» [3, 346 б.].

Ғалым топтастыру дегеннің орнына «көшелеу» деген терминді қолданған. Мысалы, Түсінікті болу үшін көшелеп көрсетсек, бұлай болып шығады [3, 346 б.].

Ауыз жолды және мұрын жолды дыбыстар деген терминнің орнына «өткелділер» деген термин қолданылған.

А. Байтұрсынұлының пікірінше, тілдегі жуан дауыстылар мен жіңішке дауыстылар сөз ішінде араласып келмейді. Бұл тілге жат заңдылық. Сондықтан жуан дауыстыда -лық, жіңішке дауыстыда -лік жұрнағы жалғану керектігін айтады. Осыған қарағанда, А.Байтұрсынұлы заманында аралас буынды немесе қазақ тілінің үндестік заңына бағынбайтын сөздер болмаған секілді. Буындардың араласуы кейінгі уақыттарда пайда болған деуге болады.

Ғалым ана тіліміздегі дыбыстардың санын дәл көрсеткен деп айтуға болады. Ол сырттан дыбыс іздеудің қажеттілігі жоқ екендігін айтады. Сөздің айтылуы мен жазылуына да ерекше көңіл бөледі. Дыбысты таңбалайтын әріптердің санын көбейткеннен ешқандай пайда болмайтындығын ескертеді. Ол екі дыбыстың фонетикалық мәртебесі екі түрлі болса да, бір түрлі болса да, әдістемелік тұрғыдан шешілу керектігін, әдістемесі қиын болса, екі таңбадан белгілеп, әдістемесі қиын болмаса бір таңбамен беру керектігіне көңіл бөледі.

Жазу мәселесі жайлы да маңызды-маңызды мәселелерді көтерген. «Сауаттылық негізі – жазу» дейді ғалым. Қазіргі тілдік коммуникациядағы «жазуды көреміз, айтқанды естиміз» деген пікірлердің өзі А. Байтұрсынұлы еңбегінен бастау алған.

А. Байтұрсынов өз еңбегінде фонетика мен морфологияға қатысты бір-бірімен тығыз байланыста қарайды. Морфологиядағы түбір мен қосымшалардың үндесуін фонетикадағы үндестік заңымен байланыстырады. Яғни сөз түбірінің жуан, жіңішкелігіне қарай қосымшалардың жіңішке түрде жалғанатындығын айтып өтеді. Мысалы, баспа, кезбе, көмбе, тума және т.б.

Зат есімнің деректі, дерексіз, жалқы, жалпы зат есім секілді түрлерін ажыратып көрсетіп, оның жекелік айырыс және көптік айырыс деген түрлері бар екендігін атап көрсетеді. Мысалы, ата, дене, белбеу, керней, сырнайлар, қаздар және т.б.

Зат есімдердің септіктеріне қатысты теорияны айта келе, алты септігі бар екендігін айтады. Олар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс. Көмектес септігі жайлы айтылмайды.

Осы теориялық мәселелерді көрсете келе, оқушының тілдік қолданысын дамыту мақсатында мынадай тапсырма береді:

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді жекелік айырыстан көптік айырысқа көшірту. Кісі, адам, жан, бас, шаш, маңдай, желке, бет, жүз т.б.

Сонымен қатар зат есімдерде жай қалып және тәуелді қалыптың болатындығын айтады. Мысалы, кілем, жүген, күң, аға, жем және атам, терім, танауым, қойларым, миым т.б.

Сын есім. Сын есімнің 1. Тек сыны. 2. Сыр сыны деген екі түрін атап көрсетеді. Шырайдың 3 түрі бар дей келе, жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай дегендерге түсініктеме береді, жаттығу жұмыстарын береді. Сөздерді құрамына қарай ажыратуды үйрету мақсатында іздету, дағдыландыру сипатындағы жаттығу жұмыстарын береді.

Есімдікте танықтық есімдігі деген қазіргі білім алушыларға бейтаныс термин бар. Бұл – қазіргі болымсыздық есімдігі. «Танықтық есімдігі дегеніміз – нәрсенің жоқтығын яки анық белгілі еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер» дейді ғалым. Мысалы, ешкім, ештеме, ешбір т.б.

Етістіктегі ең өзгеше дүние – етістер. Ғалым өз еңбегінде етістің мынадай түрлерін көрсетеді: 1. Салт етіс. 2. Сабақты етіс. 3. Ортақ етіс. 4. Өздік етіс. 5. Өзгелік етіс. 6. Беделді етіс. 7. Ырықсыз етіс. 8. Шағыс етіс. 9. Дүркінді етіс. 10. Өсіңкі етіс.

Ғалым грамматиканы әдебиетпен байланыстырып оқытуды басты мақсаты етіп алған. Етіс түрлерін талдап көрсету барысында оқушыларға мынадай тапсырма береді:

Дағдыландыру: «Қирағат» кітабындағы мақаланың бірін алып, соның ішіндегі сабақты етістерді көрсеткізу.

Ғалым қазіргі қазақ тіліндегі етістікке қатысты амалдың өту сипатын білдіретін қосымшалардың барлығын етіс қатарында қарайды: -ғыла, -қыла, -ңқыра, -ңкіре т.б.

Райдың да бірнеше түрін атап көрсетеді. Олар: тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай. Қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ғалымның рай түрлерін жасалу жолына қарай емес, мағыналық реңктеріне қарай топтастырғанын байқауға болады. Мұнысы әрине, оқушылар үшін жеңіл. Мысалы, ереуіл райға «сұрасаң да бермеймін, сүйресең де ермеймін» деген мысалды келтіріп, сұрасаң, сүйресең дегендерді ереуіл рай деп көрсетеді. Өйткені сұрағанда алу мақсат, сүйрегенде еру мақсат деп көрсетеді.

«Шақырғанда барсамшы!», «айтпасамшы» дегендерді реніш рай деп көрсетеді. *Тұрғайсың, алғаймын, жатқыз* дегендерді сенімді, *барар ма екем, бармас па екем* дегендерді сенімсіз рай деп келтіреді.

Синтаксиске де қатысты өзіндік пікірлері бар. Ғалым өз еңбегінде сөйлем құрамындағы синтаксистік тұтастықтарды «өрнекті сөйлемдер» деп атайды. Оған мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемдерді иіріп-жиырып, жай

сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады».

Ғалым өрнекті сөйлемнің мынадай түрлерін бөліп көрсеткен: *себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым.*

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап А. Байтұрсынұлының еңбектері әлемдік ғалымдардың назарына алына бастады. Ғалымның еңбектерінде тіл танымдық, коммуникативтік тұрғыдан қарастырылды. Кезінде А. Байтұрсынұлы еңбектерінің барлығы тексеріліп, оны оқуға тиым салынып жатқан кезде түркітанушы академик А.Н. Кононов 1974 жылы өзінің зерттеу еңбегінің бір бетін А. Байтұрсынұлының еңбегінің маңыздылығын айтуға арнаған екен. Осының өзі ғалым еңбегінің маңыздылығын көрсетеді. Онан соң 1977 профессор Р. Сыздық ғалымның еңбектері жайлы конференцияда тұңғыш рет баяндама жасайды. Соңынан қауіпсіздік бөлімінің мамандары тексеріп, «Бұл пікірді қайдан алдың?» дегендерге ол дәлелдеме ретінде А.Н. Кононов еңбегін ұсынған деседі.

1988 жылы А. Байтұрсынұлын ақтау жөнінде комиссия құрылып, ғалымның еңбектерін зерттеу қолға алынғанда ең алғаш болып ғалым, академик Ә. Қайдар мен Р. Сыздық мақала жазған екен.

Ғалым А. Байтұрсынұлының 1914 жылы жарық көрген «Тіл-құрал» еңбегінің 1-кітабында тіл мәселесі практикалық тұрғыдан қарастырылды. Бұл кітап сөйлеу мен сөйлемді ажыратуды үйретуге арналған. Кітаптың «Сөйлеу хәм сөйлем» атты бөлімі қазіргі дискурсс деп аталып жүрген мәселеге арналған. Ғалым оны бұл терминмен атамағанымен, берілген тапсырмалардың барлығы тіл дамытуға арналған. Яғни, тапсырмалар арқылы ғалым білім алушыны тіл амалын пайдалануға, пікірін, ойын білдіруге тәрбиеледі. Сөйлеудің адамның психикасына, қоғамдағы орнына, тәжірибесіне байланысты болатындығын баса айтып көрсетті. Ғалымның әрбір берілген тапсырмасынан коммуникативті-прагматикалық мақсатты көздегендігін байқауға болады. Ол ақпараттың барлығын тұтас қабылдауды емес, керегін сұрыптап қолдануды, сөйлесушінің көңіліне әсер етуді мақсат еткен.

Доцент Н. Ильясова: «А. Байтұрсынұлының әлемдік лингвистикадағы әдеби тіл, дискурс, функционалды тіл білімі теориясына тән ұстанымдарды «коммуникативтік-прагматикалық», «семантикалық», «кумулятивтік» деп атамаса да, теориялық тұжырымдары осы мақсатта уәжделіп, XX ғасырдың бірінші жартысында, 1914 жылғы «Тіл – құрал» атты еңбегінде практикалық тұрғыдан дәлелдеп кеткен деуге толық негіз бар» - деп көрсетеді өз зерттеуінде [4, 103-104 б.].

Ғалым, ұлт ұстазының ана тілін үйрету бағытында жүргізген жұмыстарының тіл үйренуші үшін, қазіргі тіл ғылым үшін қаншалықты маңызды екендігін жоғарыда келтірілген деректерден байқауға болады. Ғалымның қолданған әдістемелік терминдері дәл қазіргідей ғылыми атаумен аталмағанымен, соның негізін қалыптастырған деуге болады.

Ғалым өз еңбегін жазуда тілді ғылыми тұрғыдан сипаттауға сүйенбеген. Ол тілді практикалық тұрғыдан үйретуді мақсат етті. Сондықтан да бұл еңбек тіл үйренушілер үшін аса қарапайым, түсінікті тілде жазылған. Дегенмен, қазіргі тіл және әдістеме ғылымдары үшін мұның маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін // Тіл тағылымы. – Казань, 1920.
2. Байтұрсынұлы А. Тілжұмсар. // Тіл тағылымы. – Қызылорда, 1928.
3. Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы. // Тіл тағылымы. – Қызылорда, 1928. -382 б.
4. Ильясова Н.А. Байтұрсынұлының қазақ грамматикасын анықтап-белгілеудегі ұстанымы әлемдік лингвистика деңгейінде // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е. Қажыбек, Ж. Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 б.

«БЕШПЕНТ» СӨЗІНІҢ ТІЛДІК САНАДАҒЫ СИПАТЫ

Сыздықова Г.О., фил. ғ.д., доцент

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

E-mail: go.syzdykova@mail.ru

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан гранттық қаржыландырылған АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба аясында жазылды.

Қазақ қоғамының рухани көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының анықтауынша, «сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау» [1, 242 б.]. Ғалымның пікірінен аңдағанымыздай, тіл мен сананың арасындағы тығыз байланыстан қалыптасқан «тілдік сана» ұғымы лингвистика саласының да зерттеу нысанына айналды.

Тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеу тіл ғылымы жаңа бағыттарының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл бағытта тілдік сананы ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған ассоциациялар арқылы зерттеудің де маңызы зор. Аталған эксперимент адам санасында қалыптасатын және қолданылатын сөздердің семантикалық өрісін анықтаудың тиімді әдістерінің бірі саналады.

Ғалым Ж. Манкееваның анықтауынша, «ұлттық мәдениеттің ерекше бір көрініс беретін саласы – киім-кешекке байланысты атаулар. Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі» қазынасы іспетті» [2, 309 б.].

Сондықтан адамдар қауымдастығында киім маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Белгілі бір этнос туралы нақты ақпаратты ұлттық киім түрлерінен де алуға болады.

Қазақтың ұлттық киім атауларының ішінде «бешпент» сөзінің тілдік санадағы сипатын анықтау үшін алдымен сөздіктердегі анықтамасына талдау жасалды. Ғалым Ә. Нұрмағамбетов «бешпент» сөзінің шығу төркінін парсы тілімен байланыстырады. Ғалымның өз сөзімен дәйектесек, парсы тіліндегі «бешпент» сөзінің алғашқы мағынасы «жүн» дегенді ұғындырған екен. «Бешпент» дыбыстық құрамына жеткенше мына өзгерістерді басынан өткен: пәшмин>бәшмин>бешмен>бешпен>бешпен+т>бешпент [3, 52 б.].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бешпент сөзі былай анықталады: «Бешпент зат. *Жеңілдеу тігілген астарлы шапаниа*» [4, 300 б.]; «Бешпент. *Кеудеге киетін астарлы жеңіл сырткіім*» [4, 130 б.]. Сонымен қатар сөйленісте қолданылатын бешпет, бешмет нұсқалары да берілген.

«Қазақ сөздігінде» (2013) «бешпент» сөзін «тік жаға етіп, жүн салмай, ұзындығын тізерлікке жақын етіп астарлап тіккен жеңіл киім» [5, 232 б.] деп анықтайды. «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығы бойынша: «бешпент – киіп жүруге жеңіл, тыс киім, келте шапан. Оны кейде бешмет деп те атайды. Шұға, мауыты тәрізді матадан тігіліп, астар мен екі араға жұқалап жүн, мақта салынып сырылады» [6, 155 б.].


«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» еңбегінде бешпент сөзінің бешпент, бешмет, мешпет нұсқалары былай түсіндіріледі: «етегі тізеден сәл жоғары келген, астарлы, жағасы ойма немесе тік келетін, көйлектің сыртынан киілетін сырттық жеңіл киім» [7, 498 б.].

Сөздік-мақалаларда «бешпент» сөзінің киім атауы ретіндегі мағынасы толық сипатталған.

Тілдік сананың тілде көрініс табуы тілді адаммен, оның танымы, ойы, санасы, т.б. рухани әрекеттерімен байланыстыра зерттеу нәтижелерімен дәйектелген. Соның негізінде сана «қоғамдық тұрғыда қалыптасқан тілдік мағына, ұғымдар арқылы түсінілетін ақиқаттың көрінісі» ретінде сипатталады [8, 232 б.].

«Бешпент» сөзінің тілдік санадағы ассоциативтік құрылымын анықтау мақсатында жүргізілген ассоциативтік экспериментке 17 мен 25 жас аралығындағы 634 (оның ішінде 317 ер, 317 әйел) адам қатысты (1-диаграмма).

1-диаграмма. «Бешпент» сөзінің ассоциативтік құрылымы



Эксперимент нәтижесінде «бешпент» стимул-сөзіне 646 реакция алынды. Реакция санының (646) респондент санынан (634) артық болуы кейбір респонденттердің 2,3,4 жауап жазуына байланысты.

Эксперимент нәтижесі бойынша "бешпент" стимул сөзінің ассоциативтік өрісін алынған реакциялардың сипатына қарай төмендегідей бірнеше тақырыптық топқа бөліп қарастыруға болады.

Киім-кешек: ұзын киім, сәукеле, мәсі, костюм, кимешек, келте шапан, етік, шидем, орамал, нәски, қыздардың киімі, қазақтың киімі, көйлек сыртынан киім, көйлек не мата, киім-кешек, жеңді сырт киім, желбегей, жейде киім, жейде, әйел адамның сырт киімі, әжелер киімі, әдемі сырт киім, галстук, бешпет, киім, шапан, камзол, сырт киім, ұлттық киім, аяқ киім, кәжекей, бас киім, қазақы киім, оюлы киім, бешпент, жакет, желетке, жеңсіз сырт киім, жеңіл сырт киім, әйел киімі, пиджак, тымақ, тон, кеудеше, камзол, шалбар, күрте.

Адам: әже, әйел, апа, ана, мама, құдағи, орта жастағы әйел, орта жастан асқан әйел кісі, ересек әйел, жеңгей, жеңге, әйел адам, солдат, көке, ата, ер адам.

Сапа, түр мен түс, қолданыс: жеңіл, жылы, бордовый түс, әдемі, қазақша, ақ, қызыл, сән, жеңсіз, жамылу, т.б.

Тағам: тағам, сүт, құрт, ет тамақ, беш, тамақ түрі, сорпа, тары, бешбармақ, шарап.

Зат: ыдыс, текемет, түйме, түйе жүні, жасау, әшекей.

Дене мүшесі: бас, саусақ, аяқ, бәшпай, кеуде тұсы.

Мемлекет, елді мекен: Ташкент, Өзбекстан, ауыл, қала, дала.

Басқа: ұлт, төс, тер, құм, көрме, жер, дәстүр, той, салт, меруерт, көнелік, ерлік пен батырлық, бұрынғы заман, бейбітшілік, алшын, т.б.

Эксперимент нәтижелері бойынша, респонденттердің тілдік санасында «бешпент» сөзінің ассоциативтік өрісіндегі *киім-кешек* (61,1%) тақырыптық тобы ерекше маңызға ие. Одан кейін *адам* (22,1%), *сапа, түр мен түс* (22,1%) және *тағам* (13%) тақырыптық

топтарын көрсетуге болады. Ал *зат* (7,8%), *дене мүшесі* (6,5%) және *мемлекет, елді мекен* (6,5%) тақырыптық топтарының пайыздық қатынасы, шамамен, бірдей.

Киім-кешек тақырыптық тобында респонденттердің басым бөлігі *киім* (170, оның ішінде ер 90, әйел 80) реакциясына басымдық береді. Сонымен қатар бешпент сөзін соған ұқсас *шапан* (35 (оның ішінде 18 ер, 17 әйел), *қамзол* (26, оның ішінде 4 ер, 22 әйел), *кәжекей* (8, 3 ер, 5 әйел), *желетке* (2, ер 1, әйел 1), т.б. сырт киім атауларымен сипаттаған ассоциациялар да бар. Бұл реакциялар «бешпент» сөзінің тілдік санадағы киім атауы ретіндегі сипатын толық ашады.

Адам және сапа, түр мен түс, қолданыс тақырыптық топтарының пайыздық қатынасы бірдей.

Адам тобындағы *әже* (19, оның ішінде 7 ер, 12 әйел), *әйел* (8, оның ішінде 3 ер, 5 әйел), *ана* (3, оның ішінде 2 ер, 1 әйел), *ана* (2, ер 1, әйел 1), *құдағи* (2, әйел) реакциялары тілдік санада бешпентті әйел киімі ретінде түсінудің басымдығын көрсетеді.

Сапа, түр мен түс, қолданыс тақырыптық тобындағы *жылы* (5, 3 ер, 2 әйел), *қызыл* (4, 1 ер, 3 әйел), *мата* (2, 1/1), *ұлттық* (2 /әйел), *ою-өрнек* (2/ әйел), *әдемілік* (2/ әйел), *жеңіл, жылы, жылулық, нақыш, бордовый түс, әдемі, ақ, сән, жеңсіз, қазақша, жамылу* (1) реакциялары бешпентті түріне, сапасына, құрамына, сыртқы сипатына және қолданысына (мәселен, *иыққа жамылып жүру*) қатысты белгілері арқылы сипаттайды.

Жалпы алғанда, ассоциативтік эксперимент деректері «бешпент» ұғымының тілдік санада ең алдымен, ұлттық киім атауы ретінде қалыптасқанын айғақтайды. Оған «бешпент» сөзінің ассоциативтік өрісін құрайтын тақырыптық топтар және ондағы ұлттық сипатты білдіретін реакция сөздер негіз бола алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
3. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір баспасы, 2013. – 1488 б.
6. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2005. – 656 б.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. А-Д. – Алматы: DPS, 2011. – 736 б.
8. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М., 1999. – 287 с.

ӘОЖ 80/81 (063)

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАС

Жакипбеков Б.А. ф.ғ.к., аға оқытушы

«Esil University» мекемесі, Астана қ.

zhakipbekov@mail.ru

XX ғасырдың басында қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін дамытуды көздеген, бойына демократиялық ойларды сіңірген, халықты жарқын болашаққа бастаған зиялы топ өкілдері қалыптаса бастады. Мұндай топтың басы-қасында болған, халықтың рухын көтерген көсем А. Байтұрсынұлы болатын. Өз елін алдыңғы дамыған елдер қатарында көргісі келген ұлт ұстазы халық арасында ағартушылық-насихаттаушылық жұмыстар жүргізе

бастады. Академик Р. Сыздық А. Байтұрсынұлының Ы. Алтынсариннен кейінгі әлеуметтік мәселені көтерген, оқу-ағарту ісін жолға қойған «екінші Алтынсарин» болғандығын атап өтеді [1, 15 б.].

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде әдістемеге басымдылық берілген. Оның әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері бар деп айтуға болады. Тіл дамыту жұмыстары ұлт ұстазының еңбектерінде 1-орында тұрған. Тіл дамыту үшін ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мақал-мәтелдерді, жұмбақ, жаңылтпаштарды қолданған.

Ғалымның көксегені мәтінді оқыта отырып, халықтың басты құндылықтарын балаға таныту, елтаныту болғаны белгілі. Яғни қазіргі ғылым тұрғысынан қарастырар болса, ғалымның еңбектерінің лингвомәдениеттанымдық, коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналғандығын байқауға болады. Оның әдістемесі ана тілін үйрету, баланы адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу, еңбекке тәрбиелеу, сабақты өткенде көбінесе балаға таныс заттармен байланыстыра түсіндіру, жеңілден ауырға қарай жүру, оңайдан қиынға қарай үйретуге құрылған. Бұл – Байтұрсынұлы әдістемесінің басты ерекшелігі. Ғалымның «Оқу құралы» еңбегі әдістемені үйретуде негізгі басшылыққа алынатын мұра ретінде бағалануы тиіс.

Жыл санап А. Байтұрсынұлы еңбектерін зерттейтін ғалымдар саны артып келеді. Р.Сыздықованың «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы» [2], Ө.Айтбаевтың «Ұлт мәдениетінің Хантәңірі» [3], Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ суперсегментті фонетикасының негізін қалаушысы [4, 26-36 б.], Ә. Жүнісбектің «Тағы да А.Байтұрсынұлы мен қазақ тілінің дыбыс құрамы жайлы» [5, 43-47 б.], Р. Бақбергенованың «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің реформаторы» [6] атты зерттеу еңбектері ғалымның шығармашылығы мен оқу-ағарту ісіне қосқан үлесін жан-жақты ашып көрсетуге арналған. Ғалымның зерттеу еңбектеріне арналған конференция материалдарының болашақ ұрпаққа берері мол [7].

1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық 1-Түркологиялық съезде түркі тілдерінің тарихы мен әдебиеті, оқу мәселесі қаралады.

Ғалым қазақ жерінде мектеп ашып, онда жұмыс жасайтын мұғалімдерге көмек көрсетіп, халықтың сауатын ашумен мақсатты түрде айналысты. Әсіресе, ұлт мектептерінде ана тілін үйретумен қатар халықтың рухани мәдениеті, тарихы, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары негізінде білім беру қажеттілігін үнемі ескертіп отырды.

Қазіргі сын тұрғысынан ойлау ұстанымының құндылығын ғалым сол кездің өзінде-ақ дәлелдеген деп айта аламыз. Оның қолданған жалқылау, жалпылау әдістерін, баяндау, дыбысты әдіс, әңгімелесу, жүйелеу, салыстыру, талдау, жаттау, жинақтау, сұрақ-жауап әдісі, сұхбаттасу секілді әдістері – осының айғағы [8]. Бұл – қазіргі күнде сын тұрғысынан ойлау технологиясы (СТО) ретінде басымдылық беріліп жүрген әдіс.

А. Байтұрсынұлы өз еңбектерінде тұтас сөз әдісі, сауаттау әдісі, шағын сөз әдісі, американ әдісі деген әдіс түрлерін қолданған. «Баяншы» еңбегінде бұл жөнінде өз пікірін білдіріп те өткен. Оқудағы басты мақсаттың қажет сөзді оқи білу мен жазу екендігін, жазудың сөздерді қағаз бетіне тізу екендігін, әріпті үйретпестен бұрын бірінші дұрыс дыбыстай білуді үйрету керектігін мақалаларында да атап көрсеткен. Қазіргі аталып жүрген тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым деген оқу дағдыларының ғалым еңбектерінен орын алғандығын көруге болады.

Қазақ тілінің алғашқы зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойған сияқты: бастапқыда араб әліпбиі негізінде қазақ ұлттық жазуын (графикасын) басшылыққа ала отырып «Байтұрсынов әліпбиін» жасады, оны оқыту үшін «Хрестоматия» алфавиттік оқулығын жазды, содан кейін ана тілімдегі қазақ тілінің құрылымын сауатты талдауды мақсат етіп қойды. Осыны ескерте отырып, ол өзінің еңбегін «Тіл жұмсар» деп қойғандығын айтып өтеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің лексикалық-грамматикалық табиғаты сияқты мәселелердің ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттелуі А. Байтұрсынұлы еңбегінен басталды.

Жұмыстың «Сөз тұлғасы» деп аталатын төртінші бөлімінде сөздер «түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар» жайлы мәселелерді қарастырады. Грамматикалық морфология саласында қарастырылатын ең өзекті мәселелердің бірі – сөз таптарының мәселесі. Айта кету керек, А. Байтұрсынұлы сөз таптарының табиғатын анықтау кезінде қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, сөз таптарының жалпы теориясына сүйенді.

А. Байтұрсынұлының сөз таптарын ішінара жіктеуінде өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы сын есімнің үш шырайын атап көрсетеді: «жай шырай, талғаулы шырай (жақсырақ, берегірек), таңдаулы шырай (ең жақсы, тым қорқақ, хас батыр)».

Қазіргі әдістеме ғылымының іргетасы осы ғалымның еңбегінен басталады деп айтуға негіз де бар. Ол әдістемеге арналған еңбектерінің басында мынадай пікір келтірген: «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіп, оқытуға жанады зорайып, шабыттанады. Оқу басында қиын болса, балалар миға (ұйық) түскен мал секілді малтығып, жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады. Екі жағының да жігері кеміп, шабыты болмайды. Шабыттанып істемеген іс оңды да болмайды» [8].

Қазіргі оқыту үдерісінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялардың бірнеше түрлері бар. Олар: деңгейлеп оқыту технологиясы, модульдеп оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, компьютерлік оқыту технологиясы, жобалап оқыту технологиясы және т.б. олардың әрбірін қолданысқа ендірген авторлары бар. Бұлардың барлығын жаңадан пайда болған технологиялар деп қарастыру бір жақты пікір болар еді. Өйткені дәл осы аталған технологиялардың бастауы А. Байтұрсынұлынан басталады. Оған А. Байтұрсынұлы көтерген мына пікірлер дәлел бола алады:

- ғалым оқыту әдістерінің шығу тарихына алғаш рет тоқталып, пікір айтқан;
- үлестірмелі карталарды қолдану жолдарын үйретіп, оқулық бетінде жариялаған;
- көрнекілікті дайындау және қолдану жолдарын үйреткен бірден-бір ғалым;
- грамматикалық тақырыптармен тіл дамыту әдістерін байланыстыра қарастырған;
- дидактика заңдылықтарын жақсы білген.

А. Байтұрсынұлының «Дыбысты әдісті» таңдаудағы мақсаты – балаға сөзде неше дыбыс бар екендігін үйрету. Бала дыбыстауды үйрене отырып, оның таңбасын, яғни әрпін үйренеді, сөздің неше дыбыстан құралғандығын меңгереді дейді. Бұл қазіргі тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы іске асады. Қарапайымнан қиынға қарай өрлей отырып, оқушының тілін дамытуды көздейді. Ғалым айтылым әрекетін бірінші орынға қояды:

- әуелі балаларға дыбыстарды меңгертеді;
- балаларға өздеріне таныс сөздерді естірте отырып, онда неше дыбыс бар екендігін үйретеді;
- дыбыстар арқылы сөз құратады [8].

Біздің қазіргі оқыту барысында қолданып жүрген әдіс-тәсілдеріміздің басым көпшілігі А. Байтұрсынұлы еңбектерінде айтылады. Тек аталуы басқаша болуы мүмкін. Осыған қарай отырып, ғалым, ұстаз әдіс-тәсілдерді шебер қолдана білген және басты мақсаты балалардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту болған деп батыл айтуымызға болады. Яғни, тіл дамыту мен оқушының танымын қалыптастыру ғалым еңбегінде басты назарда болған.

Ғалым ана тілін оқыту әдістемесін төмендегіше бөліп қарастырады:

- кейбір әдістердің негізі қосу, толықтыру болып табылады, бұл әдістерді көпшілік жалпылау немесе жиылыңқы әдіс деп атайтындығын айтып өткен;
- кейбір әдістердің негізі талдау, саралау болып табылады, оған негізделген әдістердің бірін жалқылау (талдау) әдісі немесе айырыңқы әдіс деп атайды;
- қосуға да, талдауға да негізделген әдіс, мұндай әдістерді жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы әдіс деп атайды.

Яғни, ғалым білім алушыға дайын ақпаратты беруден гөрі оның алдында тұрған мәселені зерттеуге, талдауға және салыстыруға, түсінуге және бағалауға мүмкіндік беру

маңызды екенін атап көрсетеді. Бұл категорияларды қазақ тілі оқулықтарын құрастыру кезінде де, білім беру әзірлемелерін әзірлеу кезінде де пайдалану керек.

Оқыту жүйесінде, заманауи білім беру ісінде шетелдік және ресейлік әдіскерлердің әртүрлі әдістемелерін енгізуге, оның нәтижелерін бөліп көрсету үшін біз Қазақстандағы әдіснаманың даму тарихын ашуға ұмтыла отырып, осы зерттеулер қатарына үн қосқымыз келді.

Ғалымның еңбегін саралай отырып, біз мынадай қорытындыға келдік:

А. Байтұрсынұлының еңбектеріне шолу жасай отырып, біз ғалымның фонетика, морфология, синтаксиске қатысты айтылған теориялық пікірлерінің күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығына көз жеткіздік.

А. Байтұрсынов неміс ғалымы Гедике, француз оқытушысы Жакото, неміс оқытушылары Погел, Томас, Белгелердің пікірін басты назарда ұстап, олардың әдіс-тәсілдерін түрлендіре отырып, қазақ әдістемесіне енгізген.

Талдау нәтижесі арқылы А. Байтұрсынұлының әдістеме саласындағы инноватор екендігіне көз жеткіздік. Оның әдістемеден алатын орны ерекше. Біз мұны жоғалтып алмауымыз керек.

Әдіскер-ұстаз, ғалым А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері ана тілін лингвомәдениеттанымдық, коммуникативтік, танымдық тұрғыдан оқытуды мақсат еткен. Бұл қазіргі тіл ғылымындағы антропоэлектік бағыттың негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Сондықтан біз ғалымның әдіс-тәсілдерін қазіргі әдістеме ғылымына енгізе отырып, оның қазақ әдістемесінің тарихына қосқан үлесін білім алушылар мен мұғалімдердің арасында кеңінен насихаттауды ұсынамыз.

Ғалымның лингвистикалық талдау жүйесіне қатысты әдістемелік көзқарастарын, ой-пікірлерін бүгінгі әдістеме ғылымындағы жаңалықтармен салыстырмалы түрде талдаудың маңызы зор. Бұл отандық әдістеме ғылымының даму тарихына қосылған сүбелі үлес болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2014 -15 б.
2. Сыздықова Н. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы // «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: зерттеу, жүйелеу, насихаттау» атты ғылыми конференция материалдары. – А., 2017.
3. Айтбаев Ө. Ұлт мәдениетінің Хантәңірі // Егемен Қазақстан, №23, - А., 1993.
4. Базарбаева. 3. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ суперсегментті фонетикасының негізін қалаушысы // Тілтаным. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының журналы, №1, 2021. 26-36 б.
5. Жүнісбек Ә. Тағы да А. Байтұрсынұлы мен қазақ тілінің дыбыс құрамы жайлы // «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: зерттеу, жүйелеу, насихаттау» атты ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2017.
6. Бақбергенова Р. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің реформаторы // «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: зерттеу, жүйелеу, насихаттау» атты ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2017.
7. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықаралық конф. материалдары / жауапты ред. басқарған Е. Қажыбек. - Алматы: Елтаным, 2017. - 396 б.
8. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Хамзина Қ.М., ф.ғ.к., доцент

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ.
e-mail: jako199473@gmail.com

Жекеева К.О., ф.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс
университеті КЕАҚ, Алматы қ.

Бүгінде Отанымыздың тарихын жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, діліміздің, рухани мұраларымыздың тамырын терең тануға кіріскен уақыттамыз. Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың ғылымын өркендетуге, білімі мен әдебиетін дамытуға өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлаған алыптардың тарихымыздан ойып орын алатындығы сөзсіз.

Ұлт атымыз өшпесін десек, қазақ әдебиеті мен тілін өркендетуді қолға алу керек деп ойлайды. Бұл ойын іске асыру мақсатында ең бірінші қазақ балаларына ана тілінде сауат ашатын әліппе «Оқу құралы» деген атпен жазып, басып шығарады. Кейін Ахмет Байтұрсынов мектеп оқушыларына ғана емес, сонымен қатар ересек адамдардың сауатын ашуға арналған «Әліп-би», мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын «Тіл – құрал» оқулығы қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеген еңбегін басып шығарады. Жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласында да айтарлықтай еңбек етті. Өткен ғасырдың II жартысында халық ауыз әдебиетін жинап, 1923 жылы «Ер Сайын» жырын, 1926 жылы «23 жоқтау» атты жинағы жарық көрді. Бұл да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері.

XX ғасырдың басындағы әдебиет дегенімізде бірінші репрессияға ұшыраған қазақ зиялылары еске оралады. Тұтастай буынның төлбасы, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ғалым, әдебиет зерттеуші, тілші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы, табиғатынан аса дарынды туған ұлтжанды тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Осы тұста ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы туралы он дерекке тоқталсақ:

1. Ахмет Байтұрсынұлының азан шақыртып атын қойған атасы – Шошак;

2. А. Пушкиннің, М. Лермонтов, Ф. Вольтер, С. Надсонның өлеңдерін қазақ тіліне аударды. И.А. Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Мысалдарда әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейпінен хабар береді. Кісілердің мінезі, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сөздерді Ахмет Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлардың да кездесетіні сөзсіз;

3. Кейінірек Қазақстанның халыққа білім берудің бірінші министрі, Қазақстандық академиялық орталықтың басшысы, Алматы қ., Ташкент орта мектептерінің профессоры;

4. 1909 жылы алғашқы кітабы – «Қырық мысал», ал 1911 екінші кітабы – «Маса» жарық көрді;

5. Елімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Тіл білімі институты, Қостанай мемлекеттік университеті, Алматы қаласындағы үй-мұражай және оның жанындағы сквер, Қостанай халықаралық әуежайы, сондай-ақ Қостанай, Алматы және Шымкент қалаларында ескерткіштер бар;

6. Ахмет Байтұрсынұлының хоббиі – фотокамерасымен өз дәуірінің қайталанбас жұмбақ сәтін өзгеріссіз түсіру;

7. Саяси көзқарасын ашық айтып, сенімді достары Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовпен бірге «Қазақ» алғашқы жалпыұлттық газетін шығара бастады, 1913-1918 жылдары ол қоғамды өнер мен білімге шақырған осы басылымның редакторы болды.

8. 1918-1919 ж. Алашорда қатарында болды. Қазақ халқының тәуелсіз мемлекетін құруға ұмтылды;

9. Ғалым-ұстаз Алматыда үш жерде тұрды: Қаскелең көшесі (Қазіргі Чайковский көшесі), қазір аэровокзал, Красин көшесі (қазіргі Уәлиханов көшесі) және Космонавт көшесі.

10. 1929 жылы маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Қызылордаға сапары кезінде тұтқындалып, Архангельск облысына жер аударылды. 1937 жылы қазанда ол қайтадан қамауға алынып, екі айдан кейін «халық жауы» деген айыппен атылды;

Өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте халық жүрегіне қозғау сала білген ақын арманы – «адамдық диханшысы» болып еліне қызмет ету. Ұлттың ұлы ұстазы 1895-1909 жылдар арасында Ахмет Байтұрсынұлы Ақтөбе, Қарқаралы, Қостанай уездеріндегі ауылдық, болыстық және екі сыныптық училищеде бала оқытқан болатын. Осы кезде қазақ жеріне орыс шаруаларының көшіп келуі көбейген-ді. Яғни, осы уақыттан бастап жергілікті қазақ халқының тілін, мәдениетін, елдігін сақтап қалу жағдайы туындайды.

Тіл құрыса, халық та құритыны анық. Ал қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, басты терминдері мен категориялары қалыптастырылған әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және тұжырымды еңбегі – «Әдебиет танытқыш» болып табылады. Бұл еңбек Ахмет Байтұрсынұлының әдебиетшілік көзқарасын, сыншылдық келбетін толық танытатын еңбек. Жалпы айтатын болсақ ойдың тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қажетті және ешқашан маңызы жойылмайтын құнды кітап. Қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі алғаш рет осы кітапта жасалған.

1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы түркі ғалымдарының бірінші съезіне қатысты. Кездесу Бакуде өтті. «Түркі тілдеріндегі терминология туралы» тақырыбында баяндама жасады. Ол қазақ халқының тілдік жүйесін дәлелдеп, өз халқының болашағы үшін батылдық танытты.

Сонымен қатар ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Батырлар жырының азайып бара жатқанын, бірте-бірте өлең түрінен айырылып, ертегіге айналатынын, рухы жоғалып бара жатқанын ескертіп, сондықтан жыршылар жоғалмай тұрғанда батырлар жырын жазып алуды ел ішіндегі азаматтардың халық алдындағы борышы деп көрсетеді. Мәселен, «Қарақыпшақ Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар» қазақ арасында көп айтылатын жырлар ретінде көрсетіледі.

1913 жылы «Қазақтың» тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазған: «... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс мектебі мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті», - деген екен.

Ұйқыдан оятар қаруы – өлең-сөз деп түсінген ол өзінің ағартушылық, демократтық ойларын халқына поэзия тілімен жеткізуді қолға алды. 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет жарияланған «Масаға» енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан.

Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?

Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызындап, ұйықтап жатқан халықты ояту. Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Ахмет Байтұрсынұлы пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналының 8-санында жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н. Толстойдың «Үйрету әдістері туралы» деген еңбегіне талдау жасай отырып, «әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес.

Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» деп ойын тұжырымдайды. Мұғалімдерді педучилищелер ашып арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді.

Олардың білімін жетілдіру үшін жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курс ашуды ұсынады. Міне, осындай бастамалардың арқасында Қазақ даласында ағартушылықтың бастамасы тамырын жайды десек, қателеспеспіз.

Ахмет Байтұрсынұлы қалдырған рухани мұраны толық игеріп, сол уақыттағы туған ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек. Ол шын мәнінде нағыз демократтық поэзияның негізін қалаушы болып табылады. «Байтұрсыновшыл» болу – бүгінгі қазақ зиялысының алдында тұрған басты міндет екенін естен шығармау қажет.

Бір кездері Самұрат Кәкішевтің (ғалымның жиені) өтініші бойынша Қазақ педагогикалық институтының архиві көтеріліп, онда профессор Байтұрсынов қамауға алынғанға дейін сабақ берді. Осыдан кейін ғана оның пайда болуының нақты күнін – 1872 жылдың 5 қыркүйегін белгілеу мүмкін болды, сондай-ақ оның қиын өмірінің басқа да бұлыңғыр фактілерін нақтылау. Енді бәрі түсінікті болып көрінді, бірақ әлі күнге дейін өмірбаяндық мақалалар кез-келген туған күнді «жылжымалы кестемен» атайды. Сондықтан мерейтойдың қашан тойланатыны мүлдем түсініксіз. Жарайды, мамандар түсінеді. Бізге Байтұрсынұлының өзі адам ретінде – тағдыры халық эпосы үшін жасалғандай қызықты.

1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, Қазақ елі қазірде өркениетті елдер қатарына қосылып, мәдениеті жоғары дәрежеде дамуда. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлын Қазақ елінің Ұлы педагогы ретінде тануымыз, оның еңбектерін сақтап, қолданып, ұмытпауымыздың түпкі негізінде үлкен құрмет, «Елім!» деген азаматтың атын асқақтату, абыройын көтеру мәселелері жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда – Ташкент, 1923.
2. Батырлар жыры. – Алматы, 1957.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, әдеби зерттеу. - Алматы: Жалын 1991.
4. Ер Сайын. Жырлаушылар аузынан алып, өңдеп өткеруші Байтұрсынұлы Ахмет. - М., 1923.

«ТІЛ – ҚҰРАЛ» – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БАҒДАРШАМЫ

Омар Б.Қ. ф. ғ.к., доцент

Ө. Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент қ.
bom_48@mail.ru

Қайшылығы мол дәуірде өмірі тартыспен өткен ұстазымыз Ахмет Байтұрсынұлының 120 жылдық мерейтойы республика көлемінде аты ақталғаннан кейін кеңінен атап өткізіле бастағаны белгілі. 1993 жылдың 25 мамырында ұлт ұстазының осы мерейтойы облыс, қала басшылығының ұйғаруымен Шымкент қаласындағы байырғы оқу орны, Шымкент педагогика институтында өткізілді. Мерейтойға арналған іс-шараға ғұламаның қызы Шолпан апамыз арнайы шақыртумен келіп қатысты, конференцияда әкесі, анасы туралы естеліктерімен бөлісті. Филология факультетінің деканы Жұмашев Оразбек ағамыздың: «үлкен кісіге ерекше күтім, қонақұйдан гөрі тыныш, жайлы жер керек» деген өтінуімен Шолпан апамыз осы күндерде біздің үйде болған еді. Сол кезде апамыздың жасы 75-терде екен. Жазықсыз құрбан болып, жапа шеккен педагог-ғалымның ақталып, мерейтойы аталып өтіп жатуын оңтүстік өңірі, қалың жұртшылық пен зиялы қауым ерекше ықыласпен қабылдады. Институтымыз орналасқан Рубинштейн көшесіне Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілді, қалада тұңғыш рет осы көшемен троллебус жүргізілді. Әрине, атқарылып жатқан бұл іс-шаралар өз дәуірінен оза туған ғұламаға, оның қайсар өр рухына жасалынған құрмет еді.

Иә, бір басында сан-салалы білім, ғылым, өнер тоғысқан ұстазымыздың лингвистикалық еңбектері осы мақаланың арқауы болмақ. Ахмет Байтұрсынұлы Ыбырай, Шоқан, Абайдай ағаларының оқу-ағартуды мақсат тұтқан жолын ұстанды, бүткіл саналы ғұмырын өзінің халқына, оның келешегінің жарқын болуына, отаршылық езгіден азат болып, дамыған елдер сияқты білімге ұмтылуына, тілі мен мәдениетінің өркендеуіне, ұлт ретінде сақталып қалуына арнады, сол жолда азапты ғұмыр кешті де.

Ұлт ұстазын халқымыздың ғасырлар бойы қаймағын бұзбай, кейінгі ұрпаққа қалдырылған асыл мұрасы, рухани байлығының ең биік шыңы, туған тіліміздің жағдайы ертеден-ақ толғандырған. Ол қазақ тіл білімінің негізін салып, болашақ ұрпақты таза қазақ тілінде оқытуға үндеді, қазақ тілі мен әдебиетіне, оның әдістемесіне байланысты оқу құралдарын жазып, қазақ лингвистикасы мен әдебиеттану ғылымына өлшеусіз еңбек сіңірді.

1895 жылдардан мектептерде бала оқыта жүріп, сол бала оқытуға қажетті дүниелерді түгелдеді. Нәтижесінде, сол заманның сұранысын өтеу мақсатында, жазу таңбаларын түсіндіретін, сауат ашып, тіл үйрететін «Баяншы», «Оқу құралы», «Әліп-би», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» – сынды еңбектері дүниеге келді. Ұстазымыз А. Байтұрсынұлының елімізге, жұртымызға жасап жатқан ерен еңбегі мен шығармашылығы өзінің көзі тірісінде-ақ еленді, замандастары М. Әуезовтің «Ахаңның елу жылдық юбилейі», С. Сейфуллиннің «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды», Т. Шонанұлының «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» атты мақалаларында лайықты бағасы берілді де [1, 120-127; 128-130; 131-143 б.].

Қазақ тіл білімінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысының негізі қаланған, ғалымның шоқтығы биік еңбегі – «Тіл – құрал». Алғаш 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Тіл – құралында» автор: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – дей келіп, адам баласының өміріндегі тілдің, сол тіл арқылы сөйлей білудің және жаза білудің қаншалықты керектігін түсіндіреді: «Осы дүниедағы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Адамға сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу

сондай керек», – дей келіп, баланы әуелі өз ана тілінде оқытып, өз ана тілінде жазу-сызу үйретіп, өз ана тілінің жүйесін таныту керектігін, одан кейін барып басқа тілдерді үйрету қажеттілігін айтады. Сондықтан да ол қазақтың үш жылдық бастауыш мектебіндегі оқуға шамалап, басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің наху, сарфы үйретілуі керектігін айтып, балаларға оқытуға ыңғайлы түрмен осы «Тіл – құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз, – дейді [2, 141-142 б.].

А. Байтұрсынұлының тілге, оқу-ағартуға байланысты еңбектері алғаш рет ХХ ғасырдың оныншы жылдары үш-төрт жыл өмір сүріп, кейін жабылып қалған «Айқап» журналында жариялана бастағаны, оның жоғары дәрежелі оқу орнын бітірмесе де, табиғат берген дарыны мен еңбекқорлығының арқасында бүкіл түркі әлемі мойындаған, ой-өрісі, дүниетанымы мол ерекше дарын иесі екендігін профессор Т. Қордабаев өз еңбектерінде атап көрсетеді [3, 232-235 б.]. Т. Қордабаев А. Байтұрсынұлы шығармашылығымен, әсіресе лингвистикалық еңбектерімен ертеден-ақ таныс болған, атын атап көрсетпесе де мақалалары арқылы лайықты бағасын беріп отырғанын, 1969-70 жылдары ЖенПи-де оқып жүрген біздерге ҚҚТ синтаксисінен сабақ жүргізгенде «Тіл – құралды» басшылыққа алғанын кейін түсіне бастадық.

Расында, оның күллі түркі әлеміне атақ-абыройын асырған, қазақ тілін жеке пән ретінде жүйелі оқытуды мақсат тұтқан «Тіл – құрал» атты еңбегі қазақ тілінің дыбыстар жүйесі мен грамматикалық құрылысын қазақтың төл терминдерімен жүйелеп, түсіндірген бірден-бір оқулық және қазіргі қазақ тілі грамматикасының негізі, бастауы болды. Осы орайда ұлт ұстазын ұлықтаған алғашқылардың бірі Р. Сыздық ана тіліміздегі ғылымның тіл білімі саласы үстіміздегі ғасырдың оныншы жылдарынан басталғандығы және оның іргетасын қалаушы Ахмет Байтұрсынов екендігі», – деп жазды [4, 2 б.].

Зерттеу жұмысыма материал іздеу мақсатымен 1990 жылдары Алматыдағы ұлттық кітапхананың «Кітап мұрасы мен қолжазбалар» бөлімінде болғаным бар. Осы бөлімде А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегінің 1918-1927 жылдар аралығында шыққан алты кітабы сақталған екен. Кітаптар араб алфавитімен (төте жазумен) жазылғандықтан оқу қиын болды. Осы бөлімнің қызметкері Аббахан Ибрайымова деген апайдың көмегімен сол кітаптармен танысып, сөзжасамға, терминжасамға қатысты қажет жерлерін қазақшаға аударып жазып алған едім, кейінірек, қорғау барысында пайдасы болды. Екі-үш жылдан соң «Тіл тағылымы» атты үлкен еңбегі де қолымызға тиді.

Үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралдың» бірінші кітабы дыбыс жүйесі мен оның түрлеріне, екінші кітабы сөз жүйесі мен оның түрлеріне, үшінші кітабы сөйлем жүйесі мен оның түрлеріне арналған. 1927 жылға дейін баспадан жыл сайын шығарылып отырған бұл үш кітап қазақ тілінің негізгі үш деңгейін, бүкіл грамматикалық жүйесін қамтиды. Мәселен, «Тіл – құралдың» Орынбордан 1914 жылы жарық көрген алғашқы кітабында қазақ тілінің дыбыс жүйесін, сөз, сөйлеу мен сөйлем, сөздердің буынға бөлінуі, буын мен дыбыс, буын мен сөз, әріп пен дыбыс, қазақ тіліндегі 24 дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінуін, олардың түрлері мен жазу қағидаларын ереже түрінде де, мысалдармен де түсіндіреді. Мысалдарының дені, негізінен, тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдер болып келеді. Мысалы, *Бар болсаң таспа, жоқ болсаң саспа. Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан* т.б. Сондай-ақ сөз тұлғасының 5-ке (түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар) бөлінетіні, олардың өздеріне тән сипаттамасы, жазылу ерекшеліктері мысалдар арқылы, дағдыландыру тапсырмалары арқылы дәйектеліп отырады.

Сөз таптарын *атауыш сөздер* (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік), *шылау сөздер* (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай) деп бөліп қарастырылуы сөз таптастырудың қазіргі заңдылығынан алыс емес. Теориялық материалдарды оқытып болған соң, дағдыландыру жаттығулары арқылы жаңа материалды меңгерту, дағдыланып, үйреніп болды-ау дегенде сынау керектігі түсіндірілген [5, 29-69 б.].

Сөздерді топтастыру – қазақ тілі грамматикасының ең бір өзекті мәселесі. «Тіл – құралдың» 1914 жылғы 1-жылдыққа арналған бөлімінде сөздерді *атауыш сөздер* мен *шылау сөздер* деп екі топқа бөліп, қалған сөз таптарын осы екі топтың аясында шолу ретінде

түсіндірсе, 1915 жылы жарық көрген «Тіл – құралдың» 2-жылдығына арналған бөлімінде сөз таптары кеңірек баяндалып, әр сөз табының өзіне тән лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктері толық түсіндіріледі [5, 105 б.].

Зат есімді түсіндіру барысында оның деректі, дерексіз; жалқы есім мен жалпы есім; жекелік, көптік болып екі айырысқа бөлінетінін, көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанатынын айта келіп, тәуелдіктің ортақ, оңаша тәуелденуі, анайы, сыпайы түрі, септік жалғауларының ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септіктерінде қолданылып, қазақ тілінде алты септіктің бар екендігін түсіндіреді. Бірақ көмектес септігі айтылмайды.

А.Байтұрсынұлы заманында да, одан бұрын да қазіргі көмектес септіктің қызметін көбінесе *менен, бенен* жалғаулықтары атқарған деген тілші-ғалымдардың тұжырымдарының негізі бар. Ал жіктік жалғауы зат есім жалғаулары қатарында емес, етістікке байланысты берілген. Сондай-ақ зат есімнің, сын есімнің, етістіктің сөзжасамы да назардан тыс қалмаған. Мысалы, жылқы бағатын адамды атау үшін *-шы, -ші* жұрнағын жалғап, *жылқышы*, егін егетін адамды атау үшін *-шы, -ші* жұрнағын жалғап, *егінші* дейміз деп түсіндіреді. Реңк мәнін білдіретін жұрнақтардың зат есімге жалғанғанда білдіретін әр түрлі мағыналық реңкін ескерту ретінде көрсетіп отырған [5, 106-129 б.].

Сын есімге анықтама беріп, оның *тек сыны* (ағаш аяқ, күміс қасық), *сыр сыны* (биік, аласа) деп екіге бөлінетіні, шырайдың: *жай, талғаулы, таңдаулы шырай* деген үш түрі көрсетіледі. Қазіргі оқулықтарда талғаулының орнына салыстырмалы, таңдаулының орнына асырмалы шырай қолданылады. Сын есімнің зат есім орнына жүретінін *зат сын* ал жалғыз сынды көрсететінін *жай сын* деп олардың септелуін, септелгенде зат есім мәніне көшетінін дұрыс көрсеткен.

Сан есімді *есептік, реттік, темілдік* деп үшке бөлсе, қазіргі грамматикаларда алты тобы бар [6, 93 б.]. Есімдікті зат есім, сын есім, сан есімнің орына жүретін сөздер екендігін айта келіп, *жіктеу, сілтеу, сұрау, жіктеу (шектеу), танықтық* есімдігі деп беске бөледі де әрқайсысын мысалдармен түсіндіреді. Мұндағы *жіктеу* (шектеу) есімдігі қазіргі *жалтылау, танықтық* есімдігі қазіргі *белгісіздік* есімдігі. Есімдіктің қазіргі грамматикаларда жеті тобы айтылады [6, 107 б.].

Сөз таптарының ішіндегі ең көлемдісі де күрделісі де етістік екендігі белгілі. Автор етістікті болған, болмаған істі көрсетуіне қарай *болымды, болымсыз* деп бөледі де, етістіктің өзгеше екі түріне (*есімше, көсемше*) тоқталады. Етістікте он түрлі етіс: (*сабақты, салт, ортақ, өздік, өзгелік, беделді, ырықсыз, шағыс, дүркінді, өсіңкі*) барын көрсетеді. Қазіргі грамматикаларда етістіктің есім сөздермен, соның ішінде табыс септікті сөзді керек етуі, керек етпеуіне байланысты салт, сабақты болып бөлінетіні, ал етістің төрт түрі өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ етіс сол А. Байтұрсынұлы айтқан етіс түрлерінен ықшамдалып іріктелген. Мысалы, *дүркінді* (атқыла), *өсіңкі* (жүріңкіре, айтыңқыра) қазір амалдың өту сипатын білдіретін категорияға жатқызылса, *беделді, шығыс* етістер өзгелік етіске жинақталған [6, 168-176 б.].

«Тіл – құралда» райдың он төрт түріне (*тұйық, билік, ашық, шартты, ереуіл, реніш, қалау, сенімді, сенімсіз, мұң, көніс, қайрау, азалы, теріс* рай) түсіндірме жасап, мысалдармен нақтылаған болса, қазіргі оқулықтарда төрт түрі қалыптасқан. Етістіктің уақытқа, шаққа қатыстылығы ашық раймен байланысты берілген. Расында, етістік лексика-грамматикалық мағыналарға бай категория. Мұнда автор амал-әрекеттің орындалу сәтіндегі мағыналық реңктерінің сан түрлі болуына қарай жіктеп көрсеткен болуы керек. Қазіргі грамматикаларда тұйық рай жоқ, ол тұйық етістік немесе қимыл есімі (қимыл атауы) деп аталады. Ол етістіктің ерекше түрі. Себебі ол жаққа да, шаққа да бейтарап, сондай-ақ есім сөздер сияқты түрленеді [6, 189, 194-197 б.].

«Тіл – құралда» үстеуді бес топқа бөліп, (*нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік*) деп қарастырса, нықтаулық – қазіргі күшейткіш, сынаулық – қазіргі сын қимыл, өлшеулік – қазіргі мөлшер үстеуіне сәйкес келеді. Мезгіл, мекен үстеулері қазіргі түрлерімен бірдей болса, мақсат, себеп-салдар үстеулері айтылмаған. Шылаудың түрлері *демеу* мен

жалғау жеке-жеке беріледі. Қазіргі грамматикада шылаудың үшінші түрі септеулік болса, ол «Тіл – құралда» жалғаулықтың ішінде қаралған.

Одағайдың оқшауланып тұратынын дұрыс көрсеткен де, оның үш түрі:

а) *ілездік* одағайы: лап, жалт, дік;

ә) *еліктеу* одағайы: шыр-шыр, пыс-пыс, дүңк-дүңк;

б) *шақырыс* одағайы: әй, аттан! шөре-шөре т.б. мысалдармен түсіндірілген. Сөз таптары қатарына кейіннен қосылған еліктеу сөздер «Тіл – құралда» одағайдың құрамында берілген. Демек, еліктеу сөздің жеке сөз табы ретінде танылуына алғаш ой салған А.Байтұрсынұлы деп айтуға негіз бар. Еліктеу сөздер мектеп грамматикасына тек 1970 жылдары ғана енгені мәлім.

Сонымен А. Байтұрсынұлы сөз таптарына классификация жасағанда сөздерді топтастырудың үш өлшемін басшылыққа алғаны байқалады. Қазіргі қазақ тілінің грамматикаларындағы сөздердің морфологиялық түрленуі «Тіл – құралда» көрсетілгеннен айырмашылығы жоқ деуге болады.

«Тіл – құралдың» Қызылордадан 1925 жылы жарық көрген 3-тіл танытқыш кітабы сөйлем жүйесі мен түрлеріне арналған. Бұл бөлімнен жалпы сөйлем жүйесі, сөйлем мүшелері мен оның түрлері, сөйлемнің жалпы түрлері мен айтылуынша айырылатын түрлері, құрылуынша айырылатын түрлері, іргелес және құрмалас сөйлемдер, олардың түрлері, тыныс белгілері мен оның түрлері туралы толық мағлұмат алуға болады. Мәселен, сөйлем мүшелерінің *тұрлаулы*, *тұрлаусыз* болып екіге бөлінетінін, *тұрлаулы* мүшенің өзі *бастауыш*, *баяндауыш*, *тұрлаусыз* мүшенің *анықтауыш*, *толықтауыш*, *пысықтауыш* болып бөлінуін, әр сөйлем мүшесінің қай сөз табынан жасалатынын айтқан. Сөйлем түрлері (жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, болымды, болымсыз), құрылуына қарай түрлері (салалас, сабақтас), сондай-ақ бұратана (қыстырма, қаратпа) сөздер, тыныс белгілерінің қойылатын орындары т.б. заңдылықтар мысалдармен дәйектелген [5, 191-266 б.].

«Тіл – құралды» зерделеу барысында қазіргі қазақ тілі грамматикасының негізі сол кезде қаланғанын байқау қиын емес. Әсіресе қазіргі бізге таныс лингвистикалық терминдерді ғұлама-ғалым сол кезден бастап қалыптастыруға күш салғандығын атап көрсетуіміз керек. 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың 1-съезінде А. Байтұрсынұлы қазақ тіліне қатысты көптеген мәселелерді ортаға салады. Соның бірі – терминология мәселесі. Терминжасам теориясы мен оның қалыптасуы туралы айта келіп, басқа тілден сөз алу және сөздік қордағы төл сөздеріміздің ішінен термин ретінде пайдалануға жарайтындарын алу терминжасамның тиімді әдісі екенін айтады [2, 417-425 б.].

Бұған дәлел, қазақ тіл білімінің терминдері: *сөз таптары*, *зат есім*, *сын есім*, *сан есім*, *есімдік*, *етістік*, *үстеу*, *демеу*, *жалғаулық*, *одағай*, *сөйлем мүшелері*, *бастауыш*, *баяндауыш*, *толықтауыш*, *анықтауыш*, *пысықтауыш*, *дыбыс*, *әріп*, *дауысты*, *дауыссыз дыбыстар* т.б. өз атауларына үндесіп, ұлт табиғатына сай сіңісіп, өз орнымен қалыптасқан терминдер екендігін өмір көрсетіп отыр.

Әрине, А. Байтұрсынұлы еңбектерінде қолданылған терминдердің барлығы бірдей өміршең болды дей алмаймыз. Ғылыми танымның өзгеріп, уақыт өтуімен байланысты қолданудан шығып қалғандары да болды. Мәселен, дыбыс жүйесіне байланысты *жарты дауысты*, *ымыралы*, *ымырасыз әріптер* т.б. [2, 147-149 б.]; сөз жүйесіне қатысты, *қосалқы сөз*, *тысқарғы*, *ішкергі жалғаулар*; *ереуіл рай*, *мұң рай*, *көніс рай*, *теріс рай* т.б. [2, 154, 240-244 б.]; сөйлем жүйесіне қатысты *бұратана сөздер*, *іргелес сөйлем*, *сыйысулы құрмалас*, *қыысулы құрмалас*, *ереуіл бағыныңқы*, *қыстырынды*, *келтірінді сөйлем* т.б. терминдер қазір қолданылмайды немесе басқаша аталады [2, 286, 300, 307-308 б.].

Аталған еңбектерінде лингвист-ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ тілі түркі тілінің бірі екендігін айта келіп, дүниежүзі тілдерінің типологиялық ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінетіндігін көрсеткен.

1. Түбіршік тіл. Бұл тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай, жапон тілдері.

2. Жалғамалы тіл. Бұл сөздің аяғына қосымшалар қосылып, өзгеріп отыратын тіл, мәселен, түркі және фин тілдері.

3. Қопармалы тіл. Сөз түбірімен қопарыла өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі мен араб тілі дей келіп, қазақ тілінің жалғамалы тілдерге жататындығын нақты мысалдармен түсіндіреді [2, 143 б.]. Лингвист-ғалымның жасаған бұл классификациясынан оның тіл тарихын терең білетіндігін байқауға болады.

Иә, сан-салалы өнерді меңгеріп, телегей теңіздей энциклопедиялық білім иесі бола тұра А. Байтұрсынұлы қайшылығы мол заманда тартысты ғұмыр кешті. Ғұламаның өмір жолына үнілген сайын осыншама еңбекті қуғын-сүргінде жүріп қалай жазған, қалай сақталған? деп таң қаласың. Рас, оның еңбектері жазықсыз жапа шегіп, ұсталып кеткеннен кейін көп қудалауға ұшыраған. Соның бірі – «Тіл – құралдың» 1924 жылы Орынборда жарық көрген үшінші кітабының АҚШ-тан табылуы.

1989 жылы «Қазақ әдебиетіне» шыққан бір мақалада: «Бұл кітапты ғалым ағамыз Ш.Шаяхметов АҚШ-та Нью-Йорк университетінің кітапханасынан көріп, көшірмесін алып келген. Кітаптың 42-бетінде Ахмет Вели Менгер (Вейоглу Р.К. 356)» Истамбул – Түркия деген мөрдің болуына қарап, бұл кітапты түрік зиялыларының бірі АҚШ-қа алып барған деген ойға қалдық», – деп жазады автор [7, 12 б.].

Ойымызды түйіндесек, өткен ғасырдың басында өмір сүріп, халқымыздың әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде өлшеусіз еңбегімен танылған Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл – құралы» арқылы қазақ тіл білімінің негізін салды, қазақ лингвистикасының бағдаршамы болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. Алтыншы том. Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы, 2013.

2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, 1992.

3. Қордабаев Т. Ахмет Байтұрсынов – қазақтың тұңғыш лингвист-ғалымы // Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 1991.

4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов // Қазақ әдебиеті. №2, 6 январь, 1989.

5. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 3. Тіл-құралы. – Алматы, 2005.

6. Қазақ тілінің грамматикасы. 1. Морфология. – Алматы, 1967.

7. Сманов Б. Асылдың сынығы. // Қазақ әдебиеті. 1989, 26 май.

ӘӘЖ 82.09:81'1(574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҮЛГІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ҒАЛЫМ

Қабдешова Қ.А., PhD, аға оқытушы

«Esil university» мекемесі, Астана қ.

e-mail: kuralay.kabdesnova@gmail.com

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік өмірі отарлық саясат пен ұлттық сана-сезімнің күрделі тоғысу кезеңі болды. Бір жағынан, Ресей империясының қатаң отаршылдық саясаты халықтың әлеуметтік жағдайын ауырлатса, екінші жағынан, қазақ қоғамында ұлт азаттығы, мәдени-рухани жаңғыру идеялары күшейді. Дәл осы тарихи жағдайда қазақтың жаңа интеллектуалдық буыны қалыптасты. Бұл буынның мақсаты халықтың тұрмысын жақсарту, ұлттық сананы ояту, ана тілінде білім беру жүйесін

қалыптастыру және мәдениет пен әдебиетті ғылыми тұрғыдан зерттеу еді. Осындай миссияны мойнына алған көрнекті қайраткерлердің алдыңғы сапында Ахмет Байтұрсынұлы тұрды [1, 52 б.] [2, 118 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса ірі тұлғаларының бірі. Ол – ағартушы, қоғам қайраткері, ақын, аудармашы, публицист қана емес, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы ғалым. Оның өмір жолы мен шығармашылық қызметі ұлттық ғылымның бастауында тұрғанын айқын көрсетеді [3, 19 б.]. Ғалымның ғылыми-теориялық мұралары қазақ әдебиеттануының тарихында өлшеусіз орын алады.

Әдебиет – халықтың рухани әлемінің айнасы, эстетикалық талғамы мен дүниетанымын танытатын күрделі құбылыс. Ал әдебиеттану ғылымы осы құбылыстың мәнін, заңдылықтарын, даму үдерістерін зерделейтін ғылым саласы. Қазақ әдебиеттануының жүйелі ғылым ретінде қалыптасуында Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері ерекше маңызға ие. Оның 1926 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуі – қазақ әдебиеттануындағы тұңғыш ғылыми еңбек ретінде бағаланады [4, 103 б.].

Бұл еңбекте сөз өнерінің табиғаты, әдебиеттің жанрлық жіктелісі, көркем шығарманың құрылымы, тіл мен стиль мәселелері алғаш рет жүйелі ғылыми тұрғыда қарастырылды. Сонымен қатар қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиеті мен жаңа жазба әдебиетінің өзара байланысы, олардың көркемдік ерекшеліктері сараланды. Ең бастысы – Байтұрсынұлы әдебиет теориясына қазақ тілінде жаңа ғылыми терминдер енгізді. «Әдебиет танытқыштағы» «әуезе», «толғау», «айтыс-тартыс» сияқты ұғымдар ұлттық әдебиеттану ғылымының негізгі категориялары ретінде орнықты [5, 57 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет туралы ойлары мен еңбектері тек ұлттық аяда ғана емес, жалпы түркі халықтарының әдебиеттану ғылымында да айрықша орын алады. Өйткені ол әдебиетті халықтың рухани өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, оның тәрбиелік және қоғамдық маңызын айқындады. Ғалым үшін әдебиет – тек эстетикалық құбылыс емес, ол ең алдымен халықтың рухани тұтастығын, мәдени дамуын қамтамасыз ететін құрал. Бұл ойлары XX ғасыр басындағы ұлттық жаңғыру идеяларымен үндес еді [6, 94 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы – ұлттық ғылымның іргетасы. Оның еңбектері арқылы қазақ әдебиеттануы өз алдына дербес ғылым саласы ретінде қалыптасты. Сондықтан Байтұрсынұлының еңбектерін жан-жақты зерттеу бүгінгі ғылым үшін де өзекті. Бұл зерттеу қазақ әдебиеттануының ұлттық сипатын айқындап қана қоймай, оны әлемдік әдебиеттану ғылымымен салыстыруға да мүмкіндік береді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбекті жазудағы басты мақсаты – қазақтың бай ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін ғылыми тұрғыдан саралап, ұлттық әдебиеттанудың теориялық базасын жасау. Ол «Әдебиет танытқышты» жазу арқылы бір жағынан ұлттық ғылымның қажеттілігін өтесе, екінші жағынан қазақ әдебиетін әлемдік әдебиет теориясымен деңгейлес дәрежеде танытуға ұмтылды [5, 45 б.]. Бұл еңбек тек әдебиет теориясының ережелерін жүйелеумен ғана шектелмей, әдебиеттануды дербес ғылым ретінде қалыптастыруға негіз болды.

Ғалым, ең алдымен, «сөз өнерінің» табиғатын айқындап, оның қоғамдағы әлеуметтік рөліне тоқталды. Сөз өнерін «қазақтың жан дүниесінің айнасы» деп бағалады. Бұл пайым қазақ әдебиетінің ғылыми тұрғыда зерттелуін жаңа деңгейге көтерді [3, 88 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетті тек теориялық деңгейде ғана қарастырған жоқ, сонымен қатар қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеуге де үлес қосты. Ол ауыз әдебиеті үлгілерін, жыраулар поэзиясын, XIX ғасырдағы ақын-жазушылар шығармашылығын саралай отырып, олардың тарихи маңызын көрсетті. Мәселен, ол Абай шығармашылығын ерекше атап өтіп, қазақ әдебиетінде жаңа дәуір ашқанын дәлелдеді [4, 96 б.]. Бұл Абайдың ұлттық әдебиет тарихындағы орнын ғылыми тұрғыдан айқындаған алғашқы пайымдардың бірі еді.

Әдебиеттанудың маңызды салаларының бірі – әдеби сын. Ахмет Байтұрсынұлы әдеби сынның қазақ топырағында қалыптасуына да ерекше ықпал етті. Ол шығармаларды тек мазмұндық тұрғыда ғана емес, көркемдік сапасына қарай талдауды ұсынды. «Көркем сөздің

әдемілігі» ұғымын енгізіп, жазушының шеберлігі, сөздің әсерлілігі, тілдің бейнелілігі әдеби шығарманы бағалаудағы басты критерий болуы тиіс екенін көрсетті. Осылайша қазақ әдеби сыны ғылыми негізге ие болды.

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттануды тек теориялық ғылым ретінде ғана емес, ұлттық рухани жаңғырудың басты құралы ретінде қарастырды. Оның пікірінше, әдебиетті тану – халықтың өзін-өзі тануы. Әдебиетті зерттеу арқылы халықтың тарихы, дүниетанымы, рухани құндылықтары айқындалады [1, 211 б.].

Бұл идея бүгінгі тәуелсіздік дәуірінде де өзекті болып отыр. Қазақ әдебиеттануының басты міндеті – ұлттық мәдениет пен әдебиеттің болмысын ашу, оны жас ұрпаққа жеткізу.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері тек ұлттық деңгейде емес, әлемдік әдебиеттану ғылымы тұрғысынан да құнды. Оның теориялық пайымдары Аристотельден бастау алған поэтика дәстүрімен, орыс ғалымдары Белинский, Чернышевский, Потебня идеяларымен үндеседі. Алайда ол бұл идеяларды қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық ғылымның ерекшелігін сақтап қалды [5, 112 б.].

Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануын әлемдік гуманитарлық ғылыммен тоғыстырған ірі тұлға.

Байтұрсынұлының еңбектері кейінгі ғалымдар үшін іргетас қызметін атқарды. Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1939), Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) еңбектерінде оның ғылыми идеялары жалғасын тапты. Сонымен қатар С.Қирабаев, Р. Нұрғалиев, М. Мағауин сынды ғалымдар да Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін дамыта отырып, қазақ әдебиетінің ғылыми негіздерін тереңдетті.

Ахмет Байтұрсынұлы – тек ХХ ғасыр басындағы әдебиеттанушы, ғалым ғана емес, оның мұрасы бүгінгі күнге дейін өзекті болып отырған ғылыми-рухани қазына. Әсіресе оның еңбектерінің қазақ әдебиеттануының кейінгі дәуірлеріне ықпалын бағамдау – ғылым тарихы үшін маңызды міндет.

1. Кеңестік дәуірдегі мұрасына көзқарас

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері 1920-жылдары ресми тұрғыда мойындалып, ғылыми ортада қолданылды. Алайда 1930-жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін кезеңінде ол «ұлтшыл», «алашордашыл» деп айыпталып, мұрасы идеологиялық тұрғыдан терістелді [2, 248 б.].

Оның еңбектерін оқуға, пайдалануға ресми тыйым салынды. Дегенмен жасырын түрде ғалым идеялары ғылыми ортада, әсіресе тіл мен әдебиет зерттеушілері арасында сақталып отырды. Бұл жағдай Ахмет еңбектерінің өміршеңдігін көрсетеді.

2. 1950–1980 жылдардағы ғылыми сабақтастық

1950–60-жылдары қазақ әдебиеттану ғылымы қайта өркендей бастаған тұста Ахмет Байтұрсынұлының идеялары жасырын түрде жалғасын тапты. Мәселен, Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» еңбегінде көркем шығарманы талдаудың басты принциптері Байтұрсынұлы ілімінен нәр алды [7, 32 б.]. Сондай-ақ З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» оқулығында Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнерін танудағы кейбір қағидалары елеусіз түрде қолданылды [8, 41 б.]. Бұл – ғалым мұрасының ғылымнан мүлде алынып тасталмағанын дәлелдейді.

3. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңғыру

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы жаңа қырынан зерттеле бастады. Ғалым еңбектері қайта басылып, ғылыми айналымға түсті. «Әдебиет танытқыш» еңбегінің құндылығы ерекше атап өтілді.

Бұл кезеңде Т. Жұртбай, Р. Нұрғали, С. Қирабаев, Б. Әбдіғазизұлы сияқты ғалымдар Ахмет мұрасын жүйелі зерттеп, оның қазақ әдебиеттануындағы орнын жаңаша бағалады.

Ахметтің әдебиет теориясындағы ұғымдары ұлттық терминология ретінде қайта орнықты. «Көркем сөз», «толғау», «шежіре сөз» сияқты атаулар ғылыми айналымда қайта қолданылды [5, 128 б.].

4. Қазіргі әдебиеттанудағы ықпалы

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріне бірнеше қырынан сүйенеді:

Әдеби теориялық негіз: «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі категориялар қазіргі теориялық талдауларда да қолданылады;

Әдістемелік маңызы: мектеп пен ЖОО-да әдебиетті оқытуда Ахмет Байтұрсынұлының терминдері мен ұстанымдары ескеріліп жүр;

Ұлттық ғылыми дәстүр: қазақ әдебиеттануын батыстық модельге ғана негіздемей, ұлттық іргетасқа сүйену қажеттігі дәлелденуде [6, 76 б.].

Сонымен бірге қазіргі зерттеулерде Ахметтің еңбектері постколониалдық көзқарас тұрғысынан қайта бағаланып, оның ұлттың рухани тәуелсіздігіне қосқан үлесі айқындалып отыр [3, 97 б.].

5. Жаңа бағыттарға ықпалы

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы бүгінгі күнгі әдебиеттанудың жаңа бағыттарына да әсер етуде.

Мәдениеттанулық зерттеулерде – оның сөз өнерін халықтың дүниетанымымен байланыста қарастыруы заманауи мәдениеттанулық талдауларға негіз болды;

Компаративистикада – Байтұрсынұлының әлемдік әдеби дәстүрлермен үндестігі қазіргі салыстырмалы әдебиеттану үшін маңызды дереккөз болып отыр;

Фольклортануда – оның ауыз әдебиетін жүйелеуі бүгінгі этнолингвистикалық зерттеулерге бағыт береді.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы кеңестік дәуірде тыйым салынғанымен, ұмытылмай, кейінгі ғылымға ықпалын тигізді. Тәуелсіздік дәуірінде оның еңбектері қайта жаңғырып, ұлттық ғылымның берік іргетасына айналды. Бүгінгі қазақ әдебиеттануы Ахмет Байтұрсынұлы салған жолды жалғастырып, оны жаңа ғылыми парадигмалармен сабақтастыруда.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиеттанудағы еңбегі – ұлттық ғылымның мәңгілік іргетасы. Оның «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттануын жеке ғылым саласы ретінде орнықтырды. Ахмет еңбектері ұлттық ой-пікірдің, рухани мәдениеттің озық үлгісі болып қала береді.

Оның мұрасы – тек өткеннің еншісі емес, қазіргі мен болашақтың да бағдаршамы. Қазақ әдебиеттануының барлық кезеңдерінде Ахмет Байтұрсынұлы салған ғылыми дәстүр жалғасын тауып, жаңаша сипат алуда. Бұл – ұлт руханиятының тұрақты даму кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. -Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
3. Әбдіғазизұлы Б. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 275 б.
4. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. -Алматы: Білім, 1995. – 279 б.
5. Әбдіғазизұлы Б. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ әдебиеттануы. -Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 290 б.
6. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. -Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 300 б.
7. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. -Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.
8. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. -Алматы: Мектеп, 1970. – 380 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Пазылова А.С., аға оқытушы
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Шымкент қ.
E-mail: alma_2314@mail.ru

Морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөздерді белгілі бір сөз таптарына қарай бөлу. Қазақ тіліндегі грамматикалық құрылыстың ана тілімізде зерттеліп, жарық көруі ХХ ғасырдың 10-15 жылдарынан басталады. Осы тұста сөз таптарының айқындалуына ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол өзінің 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Тіл – құрал» атты оқулығының 2-бөлімінде сөздерді тұлғасына қарай бес түрге бөледі:

1. түбір сөз;
2. туынды сөз (туғын сөз);
3. қос сөз;
4. қосалқы сөз (шылау);
5. қосымшалар [1, 168 б.].

Мұнда «қысқарған, біріккен» сөздер айтылмайды.

Ал сөз таптарын Ахмет Байтұрсынұлы:

- атауыш сөздер;
- шылау сөздер;
- 3. одағай деп үшке бөледі де, бұлардың біріншісіне:
 - зат есім;
 - сын есім;
 - сан есім
 - есімдік;
 - етістік, ал екіншісіне:
 - үстеу;
 - демеу;
 - жалғаулықтарды жатқызады.
- Одағайды өз ішінен:
 - еліктеуіш;
 - лептеуіш деп екіге бөледі.

Осы еңбектерінде айтылған пікірлерін «Тіл құралының» 1915 жылғы басылымында кеңейте дәлелдей түседі де, басқаларын осылардың ішінде сөз етеді [1, 199 б.].

Сөздерді таптастыруда негізінен орыс ғалымдарының пікірлері басшылыққа алынғаны белгілі. Осыған орай қазақ грамматикасының негізін салушы, лингвист ғалым А.Байтұрсынұлының сөз таптарына қатысты пірілері де баршылық және күні бүгінге дейін кейбір пікірлері әлі де сол күйінде грамматиканың морфология саласында орын алып келеді. Ғалымның сөз таптарына қатысты көзқарастарына тоқталып өтейік.

XIX ғасырдың екінші жартысында орыс түркологтары мен ХХ ғасыр басындағы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде шылау сөздер түрлерінің жеке-жеке сөз таптары ретінде танылулары зерттеу авторларының қазақ тілі сөздерін таптастыру барысында семантикалық принципті ғана басшылыққа алуының нәтижесі болды. Ал, ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап, қазақ тілі білімінде сөздерді таптастырудың семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптерінің енуіне байланысты жалғаулық, демеулік, септеуліктердің ортақ морфологиялық, синтаксистік блгілері анықталып, бір сөз табы аясында біріктірілді.

XX ғасыр басындағы А. Байтұрсынұлы еңбектерінде шылау сөздер түрлерінің жеке-жеке сөз таптары ретінде танылулары зерттеу авторларының қазақ тілі сөздерін таптастыру барысында семантикалық принципті ғана басшылыққа алуының нәтижесі болды.

Модаль сөздер секілді сөз табы ретінде бірде танылып, бірде танылмау қазақ тілі білімінде белгілі дәрежеде шылау сөздерге де қатыста болмақ болды. Қазақ тілі сөздерін түрлі топқа жіктеген Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский сияқты орыс түркологтары еңбектерінде союз, послелог (кейде частица) деген атпен шылау сөздердің түрлері жеке-жеке сөз табы ретінде берілгені мәлім. Сөз таптарын алғаш рет қазақ тілінде жүйелеген А. Байтұрсынұлы да союз, послелогтарды тиісінше жалғаулық, демеулік деп атап, бөлек-бөлек сөз таптары ретінде таниды.

Ал, 30-жылдардағы Қ. Жұбанов [2], С. Жиенбаев [3], С. Аманжолов [4], еңбектерінен бастап, бұлар шылау сөздер деген ортақ атпен біріктіріліп, бір сөз табы ретінде анықталды. Ал 50-жылдар аяғы мен 60-жылдар ішінде шылау сөздердің түрлерін жеке сөз таптары ретінде тануға қайта ықылас болғаны байқалды. 1955 жылы Р. Әміров жалғаулықтарды [5], 1964 жылы Ф. Кенжебаева септеуліктер мен демеуліктерді кандидаттық диссертация деңгейінде зерттеп, қорғады. 1967 жылы жарық көрген академиялық грамматикада жалғаулық, септеулік демеуліктердің әрқайсысы жеке сөз табы ретінде қаралады. «Тілімізде бір алуан сөз лексикалық мағынадан айырылып, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы қатынасты білдіру үшін немесе сөзге қосымша мағына үстеу үшін жұмсалып, грамматикалық мағына болмағанымен, өздеріне тән, қызметіне тән мағыналары бар. Ол – абстрактілі грамматикалық мағына.

Зат есімдердің мағыналық сипатына қарай жіктелуінде де А. Байтұрсынұлының өз көзқарасы болды. Ол зат есімдерді семантикалық сипатына қарай деректі, дерексіз, жалпы, жалқы [1, 203 б.] бөлсе, А. Ысқақов нақты, абстрактілік, жалпы, жалқы, даралау, жинақтау, жеке және топтау деп бөледі [6, 195 б.].

Сан есімдерді семантикалық жағынан топтастыруда түрлі пікірлер болды. Мәселен, А.Байтұрсынұлы сан есімдерді есептік, реттік және темілдік деп үш топқа бөліп, есептік сан есімдерді жай (бір, екі, үш) және жадағай (*біреу, үшеу, төртеу* ... қазіргі жинақтық сан есімдер) деп іштей екіге бөледі. Ал темілдік сан есімдерге *жарты, жарым, ширек* сөздерін жатқызып, олар «нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететінін» ескертеді [1, 223 б.]. Ғалымның «темілдік» сан есімдерге берген анықтамасы қазіргі бөлшектік сан есімдердің сипатын ашады. Ал берілген сөздер сан есім емес, сандық ұғымды білдіретін сөздер болып табылады.

Орынбасар сөз ретінде есімдіктер іштей бірнеше мағыналық топтарға бөлінеді. А.Байтұрсынұлының еңбегінде есімдіктер мағыналық сипатын қарай беске бөлінген: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) жіктеу есімдігі; 5) танықтық есімдігі [1, 230 б.]. Ғалымның топтастыруындағы жіктеу есімдігіне (4-түрі) *өз, бәрі, барша* тәрізді өздік және жалпылау есімдіктері, танықтық есімдіктеріне белгісіздік және болымсыздық есімдіктері жатқызылған.

Сын есімді мағынасына қарай жүйелеуде де түрлі көзқарастар болды. Мәселен, А.Байтұрсынұлы оны *тек сыны, сыр сыны* деп екіге бөлсе [1, 217 б.], Н. Сауранбаев оның сыр сыны, қатыстық сын, өнер сыны, салыстырмалы сын тәрізді төрт түрін көрсетеді [7, 119 б.].

Қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің шығу тегі мен қалыптасу тарихы, қызметі жөнінде Қ. Жұбанов, Ы. Маманов, А. Әбілқажыұлының пайымдауларының маңызы зор. Сондай-ақ көмекші етістіктің семантикасына қатысты А. Алтаеваның да зерттеу еңбегі бар. Мағынасына және қызметіне қарай көмекші етістіктер түрліше топтастырылады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы оларды *құр көмекші, күй көмекші, е көмекші*, М. Балақаев нағыз көмекшілер мен шала көмекшілер [8, 35 б.], Қ. Жұбанов төтенше кеміс (е, де, бол, шығар), толық (ал, сал, қал, жібер) [2, 386 б.], Ғ. Әбуханов арнаулы, ауыспалы [9, 135 б.], А. Ысқақов тұрақты және ауыспалы [6, 186 б.] деп бөледі. Көмекші етістіктер қимылдың жүзеге асуын нақты сипаттап, дәл көрсетуден ерекше қызмет атқаратындығы белгілі.

Рай категориясы қимыл, іс-әрекеттің іске асу мүмкіндігіне сөйлеушінің өзіндік көзқарасын білдіретіндігі белгісі. Қазақ тіл білімінде райдың түрлері жөнінде түрлі көзқарастар бар. Мәселен, А. Байтұрсынұлы оның 14 түрін көрсетсе [1, 234 б.], Ғ. Әбуханов бес түрін [9, 156 б.], Ы. Маманов 6 түрін [10, 194 б.] көрсетеді.

Семантикалық сипаты жағынан үстеу сөздер бірнеше топқа бөлінеді. Үстеудің мағыналық ерекшелігіне қатысты көзқарастарды екіге бөлуге болады. Біріншісі үстеу сөздердің мағыналық топтарының сан жағынан түрліше анықталуы, екіншісі кейбір мағыналық топтарының атауына, қызметіне қатысты. Біріншісі, яғни үстеулердің мағыналық топтарын сан жағынан анықтауда, А. Байтұрсынұлы оның төмендегідей бес түрін көрсетеді:

1) нықтаулық

2) сынаулық

3) өлшеулік,

4) мезгілдік

5) мекендік [1, 256 б.],

Ғ. Әбуханов та оны бес түрге бөледі:

1) мезгіл

2) мекен

3) бейнелік (сын-қимыл)

4) мөлшерлік

5) күшейткіш үстеулері [9, 167 б.].

Ал А. Ысқақов үстеулердің мағыналық сегіз түрін көрсетеді:

1) мезгіл

2) мекен

3) мөлшер

4) сын (я бейне)

5) күшейту (я ұлғайту)

6) мақсат

7) себеп-салдар

8) топтау я бөлу үстеулері [6, 355 б.].

Ғалымдардың пікірлерін саралай келе, қазіргі қазақ тілінде үстеулерді мағыналық жағынан сегіз топқа бөліп қарастыру қалыптасқан.

Сондай-ақ қазіргі *сын-қимыл, топтау үстеулерін* А. Байтұрсынұлы сынаулық үстеулері, ал *мөлшер үстеуін* өлшеулік деп атаған.

Қазіргі кезде еліктеу сөздер қазақ тіліндегі негізгі сөз табының бірі ретінде танылады. Еліктеу сөздердің сөз табы ретінде қалыптасу тарихына келсек, А. Байтұрсынұлы еліктеу сөздерді одағайдың ішінде ілездік, еліктеу және шақырыс одағайы деп бөліп қарастырады [1, 261 б.]. Бұлардың ішінде қазіргі одағайға сай келетіні – шақырыс одағайлар. Ал еліктеу, ілездік одағайлары – еліктеу сөздер. Ғалым одағайлар мен еліктеу сөздердің жігін ажыратпай, бір топ ішінде қарастырған. Ал Қ. Жұбанов «жалт-жұлт», «жылт-жылт» дегендер құбылыстың тұрақты, тұра қсыздығын, бір қалыпта болатын-болмайтынын білдіретін қолданыстар ғана» деп [2, 101 б.]. Одағай мен еліктеу сөздердің аражігін бөліп көрсетеді.

Сөз таптарының қалыптасу тарихында одағайлар бірде шылау сөздердің ішінде (А.Байтұрсынұлы), бірде таптаспаған сөздер (Қ. Жұбанов) ретінде өз алдына жеке сөз табы болып қарастырылды.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбегіндегі тағы бір түйінді мәселе – қазіргі қазақ тілінің грамматикалық терминін қалыптастыру мәселесі. Қазір де қолданылып жүрген фонетикалық, грамматикалық терминдеріміздің негізгілері А. Байтұрсынұлы жазған оқулықтардан басталып қалыптасқан және олардың бірсыпыралары байырғы замандардан бері қарай қолданылып, халық құлағына әбден үйреншікті болған, айтуға да, ұғынуға да ауырлық келтірмейтін жалғау, жұрнақ, жақ, шақ, рай, септеу, тәуелдеу, толықтау, анықтау, пысықтау т.с.с. қарапайым сөздер.

Ахмет Байтұрсыновтың 1 жылдық, 2 жылдық, 3 жылдық деп бөліне аталған «Тіл құралында» қазақ тілінде негізін қалаған ана тіліміздің морфологиясы 30-жылдар ішінен бастап 60-жылдарға дейін біріне-бірі жалғастырыла үздіксіз жүргізіліп келген. Оның сөз таптары туралы пікірлері кейінірек Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, А. Қалыбаева басқа да ғалымдардың зерттеулерінде де өз шешімін тапты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы». - Алматы, 1992. – 448 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1966. – 76 б.
3. Жиенбаев С. Грамматикалық категориялар туралы // Ауыл мұғалімі. – Алматы, 1936.
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы.-Алматы, 1994.-123 б.
5. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1993.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992. –131 б.
7. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982.
8. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 1992.
9. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі лексика, фонетика, морфология және синтаксис. – Алматы, 1982.
10. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966.

ӘОЖ 811.512.

АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Хасенова М.Х., к.п.н., доцент
Учреждение «Esil University», г. Астана
khasenova@mail.ru

В формировании казахской литературной среды, развитии национально-литературной мысли имеются большие заслуги Ахмета Байтұрсынова.

Знакомство в 1896 году с чувашским исследователем Алекперовым создает большие перемены в мировоззрении молодого педагога. Юный патриот изучает географию, в которой живет его народ, уклад жизни своей нации, собирает образцы фольклора. Эти поиски выводят его в ряды новаторов, стремящихся адаптировать образование к европейским методам, применять в преподавании научно-технические новшества. А. Байтұрсынов, работая в Каркаралинском уезде, принимает активное участие в общественно-политической деятельности. Революционные настроения, охватившие Россию в 1905 году, также сильно влияют на него.

На основе своего педагогического опыта в годы ссылки он пишет книгу «Правила чтения» (1910). В этой книге, которую он подготовил для учителей, объясняет правила произношения гласных звуков в текстах, написанных арабским алфавитом. На самом деле, А.Байтұрсынов этим самым служил распространению среди казахов новаторского обучения, начатого И. Гаспыралы.

В 1911 году ему удается напечатать в Оренбурге книгу стихов «Маса» (Комар) и стихи, которые он переводил. Свои переводы с русского языка он собрал и опубликовал в 1909 году в одной книге. В этой книге «Сорок сказаний» помимо переводов И. Крылова, также присутствуют переводы В.И. Майкова, А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова и

С.Я.Надсона. А. Байтурсынов, который писал сатирические стихи, переводил на русский язык произведения русских и западноевропейских классиков, начиная с 1911 года, публиковал статьи и стихи в газетах «Вилайет Туркестан» (1870-1918), «Вилайет Дала» (1888-1902), журналах «Айкап» (1911-1915/16) и «Совет». В 1913 году он организывает еженедельную газету «Казах» и становится ее редактором до 1917 года. Газету «Казах» А.Байтурсынов назвал видящим оком нации, слухом, говорящим языком. Он работает день и ночь во имя просвещения своей нации. В своих сочинениях он оценивает работу, проделанную казахской интеллигенцией для нации, открывает дискуссии о реформации школ, каким методом следует проводить уроки, критикует негодных, консервативных и коррумпированных чиновников. Число подписчиков газеты «Казах» в первый же год достигает трех тысяч человек.

В 1913 году в статье «Qazaqtıñ bas aqını» («Великий поэт казахов»), опубликованной в газете «Казах», он рассказывает о жизни и творчестве Абая (И. Кунанбаева), общественной деятельности, новшествах, которые он привнес в казахскую литературу. Большой резонанс вызывает критическая статья «методы управления Казахской губернией» в номере 80, изданном в 1914 году.

Газета «Казах», сыгравшая большую роль в просвещении и пробуждении казахского народа, в 1917 году становится официальным органом организации «Алаш». Однако не проходит много времени, когда по решению Тургайского областного суда издание газеты прекращается.

А. Байтурсынов в 1917-1919 годах работает в организации «Алаш». В 1919 году по собственному желанию уходит из этой организации.

А. Байтурсынов продолжает свою научно-педагогическую деятельность, работая на различных должностях в ЦК, Центральном исполнительном комитете Казахской ССР и в газете «Ак жол», органе ЦК Коммунистической партии Туркестана. Однако в 1926 году он был исключен из партии и снят с должности.

Работая с 1910-х годов над адаптацией арабского алфавита для тюркских языков, А.Байтурсынов издал в 1915 году в Оренбурге «Правила языка», в 1920 году в Казани «Введение в казахский алфавит», в 1925 году в Оренбурге «Языковую теорию», в 1926 году в Ташкенте «Теорию литератур», в 1928 году в Кызыл Орде «Использование языка». Эти и другие его книги свидетельствуют о его многогранной научной деятельности. М.Айвазов же в одной из своих статей отмечает, что А. Байтурсынов в 1923 году завершил работу над книгой «История культуры», информации об этой книге до сих пор нет.

Выдающийся ученый-тюрколог А. Кононов высоко оценил книги по грамматике и писал, что А. Байтурсынов был одним из известных тюркологов. В 1924 году на съезде казахско-киргизских деятелей науки и культуры в Оренбурге разработанный А.Байтурсыновым новый алфавит на основе арабского алфавита, был принят в качестве официального алфавита для казахов-киргизов и действовал до 1928 года, когда был принят объединенный тюрко-латинский (яналиф) алфавит.

Мощный контроль советских спецслужб над А. Байтурсыновым, возглавлявший в 1921-1925 годах комиссию по науке и литературе, и являвшимся почетным председателем общества исследователей Казахстана, не ослабевает ни на мгновение. Преподававшего казахский язык и литературу в Казахском педагогическом институте в Оренбурге, а затем в Казахском педагогическом институте в Ташкенте А. Байтурсынова в 1928 году приглашают на работу в Алматинский Казахский университет. Здесь он избирается профессором казахского языка и литературы. Но это не займет слишком много времени.

Первая книга Байтурсынова «Қырық мысал» (Сорок басен) вышла в 1909 г. В ней автор бичует колониаторскую политику России, произвол, насилие властей. Взяв за основу традиционные сюжеты басен Эзопа, Лафонтена, Крылова и Абая, создал ряд оригинальных произведений, в которых жанр басни обрел национальные черты. Гражданская идея-мечта Байтурсынова выражена в книге «Маса» (Жомар, 1911) — приобщать народ к знаниям и трудолюбию, способствовать развитию искусства, повышению культуры. Поэт призывает

избавиться от невежества, равнодушия и халатности. Продолжая и развивая просветительские и критические традиции Абая, Байтурсынов поднял казахскую литературу на новый уровень.

Статья «Главный казахский поэт» — одна из первых исследовательских работ Байтурсынова в области национального литературоведения. В ней рассматриваются историческая миссия Абая, самобытность и духовное богатство наследия поэта, раскрывается значение его произведений. Исследования и научные выводы Байтурсынова о художественном мастерстве Абая нашли свое отражение и развитие в казахском литературоведении.

«Әдебиет танытқыш» (1926) — первый фундамент научно-теоретического труда на казахском языке, в котором дано точное определение истории, теории и критики литературы, методологии, приведена в систему казахская литературоведческая наука. В национальном литературоведении Байтурсынов сформулировал новые понятия, термины, категории, например, такие как: искусство слова, произведение, устная литература, стихотворение-размышление, иносказание, эпитет, переосмысление, олицетворение, гиперболола, метафора, метонимия, ирония и другие. Байтурсынов изучал литературное наследие, устное народное творчество и издал отдельную книгу, куда вошли оригинальное художественное произведение – сказание «Ер Сайын» (1923) и сборник «23 жоқтау» (плачи, поминальные обрядовые песни) (1926).

Байтурсынов — основоположник казахской профессиональной журналистики. Развивая идеи Абая о демократичном обустройстве общества, газета «Қазақ» пробуждала национальное самосознание, поднимала вопросы социального-политического характера, образования, просвещения и быта нас. Байтурсынов — автор и реформатор нового алфавита, который на основе арабские графики был адаптирован к казахскому языку и стал значительным научно-культурным достижением в развитии казахской письменности.

«Оқу құралы» (Учебное пособие, 1912) – один из первых букварей, написанных на казахском языке; до 1925 года несколько раз переиздавался. «Тіл – құрал» – первое учебное пособие по казахскому языку, в котором дано определение лингвистическим понятиям, а также исследована и систематизирована языковая структура. Состоит из следующих частей: Морфология (1914), Фонетика (1915), Синтаксис (1916). Байтурсынов сформулировал грамматическую терминологию: имя существительное, глагол, местоимение, междометие, наречие, подлежащее, сказуемое, обстоятельство, служебные слова, часть речи, предложение, сложное предложение, обращение и другие. Байтурсыновым также написано практическое руководство для учителей «Тіл жұмсар» и учебное пособие «Баяншы».

Ахмет Байтурсынов был одним из первых просветителей Казахстана, которые осознали, что просвещение, образование принесут ощутимую пользу народу лишь в условиях свободы, общественных перемен. Он нередко выступал с разоблачением произвола местных управителей и колониальной политики царского самодержавия. Стремясь выволить народ из оков отсталости, Ахмет Байтурсынов глубоко понимал, что подъем культуры можно осуществить через всеобщее просвещение и усвоение достижений общечеловеческой цивилизации. В 1895-1909 гг. преподавал в аульских училищах Актюбинска, Кустанайского и Каркаралинского уездов. К этим годам относится начало пути А. Байтурсынова по стезе науки.

Новый казахский алфавит, названный в честь ученого байтурсыновским, в свое время служил хорошим образцом для всех тюркоязычных народов при проведении реформы письменности. Автором написаны также «Пособие по родному языку», «Изложение курса казахского языка», «Руководство к изучению грамматики», «Развитие речи», различные хрестоматии. Эти методические труды до сих пор пользуются авторитетом у ученых в области казахского языкознания и методики преподавания казахского языка.

Еще при жизни Ахмета Байтурсынова одним из первых о его творчестве написали статьи на русском языке его соратники, наши земляки Миржакып Дулатов и Елдес Омарулы.

«В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем киргизскую (казахскую) азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теория словесность на высокую ступень и заложил фундамент для национальной школы и родной литературы», - писал М. Дулатов.

«Ахмета Байтурсынова знает вся киргизская степь, его все уважают, любят и как будто высоко ценят его талант. Но его недооценивают. Его мы знаем и ценим как поэта, публициста, общественного деятеля, педагога. Но он почему-то не укладывается в нашем мозгу как ученый...» - такими словами начинается статья Елдеса Омарулы «Ученая деятельность А. Байтурсынова», написанная в Оренбурге 28 января 1923 года.

Ахмет Байтурсынов в программной статье, опубликованной в первом номере газеты «Казах» в 1913 году, писал: «Для того, чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре».

Эти высказывания и ныне не утратили свою значимость.

Наряду с работой учителя и занятием наукой, активной общественной жизнью А. Байтурсынов плодотворно работал в области художественного слова, принимал участие в развитии реалистических, гуманистических, просветительских традиций казахской литературы в условиях XX века. На рубеже XIX-XX веков одной из главных проблем казахской литературы был национальный вопрос, состояние казахского общества, пути его развития.

А. Байтурсынов активно включился в литературный процесс сборниками стихов и переводов "Кырык мысал", ("Сорок басен"), "Маса" ("Комар"), изданием образцов фольклора, разработкой проблем истории и теории казахской литературы в научно-теоретических статьях, трудах, учебниках. «Сорок басен» – это творческий перевод басен И. Крылова, в которых автор связывает сюжет басни с конкретными явлениями из казахской жизни.

Оригинальные стихи в сборниках «Сорок басен» и «Комар» Байтурсынова в основном посвящены вопросам культуры, науки, просвещения, прогресса. В них он выступает как продолжатель просветительских, демократических, гуманистических традиций и взглядов своих предшественников Ч. Валиханова, И. Алтынсарина, А. Кунанбаева. В стихотворениях «Состояние казаха», «Традиция казаха», «Письмо другу», «Пожелания», «Собранное – выбранное» и др., автор всматривается в явления и события окружающей жизни.

А. Байтурсынов написал песни «Екі жирен», «Аққұм», «Қарғаш», которые по утверждению его современников сам искусно исполнял, подыгрывая на домбре. Они долгое время считались народными песнями, лишь с обретением независимости они вошли в антологию казахских песен и сборник «Торғай әуендері» Калибека Дерипсалдина под именем самого автора А. Байтурсынова.

«Самое великое и симпатичное слово – история» – утверждал А. Байтурсынов в своей работе «Әдебиет танытқыш».

Большая заслуга Ахмета Байтурсынова была в исследовании истории и теории литературы. Известность приобрели его статьи об Абае Кунанбаеве и других, книги по теории литературы, сбор и издание фольклорных произведений, в частности, «Казахские приметы и пословицы», опубликованные в 1895 году в «Тургайской газете», «23 причастия», эпос «Ер-Саин», изданные в Москве в 1923 году.

На рубеже двух столетий вся мировая общественность переживала величайшие социальные потрясения. Для казахского народа рубеж веков был отмечен, в первую очередь зарождением национальной интеллигенции, которой, по выражению, писателя А. Алимжанова, предстояло «дать народу свет знаний, стать если в лице Ч. Валиханова, И. Алтынсарина, А. Кунанбаева Европа «увидела» цвет казахской интеллигенции конца 19 века, то 20-й век представил целую плеяду видных общественно-политических деятелей, ученых, поэтов, писателей, публицистов, педагогов-просветителей: С. Кубеев, С. Торайгыров, С. Донентаев, М. Жумабаев, А. Байтурсынов, Ш. Кудабердиев, М. Дулатов, М. Сералин и другие.

Современник поэта, классик казахской литературы. С. Сейфуллин писал: «Ахмет Байтурсынов – человек образованный. Он из тех просвещенных людей, которые в свое время возвысили свой голос против царских приспешников. Ахмет был единственным среди других ученых господ, который в царские времена пренебрег карьерой благами службы» (газета «Енбекши казах», 1923, 30 января).

Стихотворения А. Байтурсынова пронизаны тонкими поэтическими настроениями, переживаниями лирического героя, современника автора. Они отличаются также глубиной философских раздумий о судьбе казахского народа. Авторский голос получил наибольшую силу и выразительность в стихотворениях «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Досыма хат», «Досыма хат», «Анама хат», «Қарқаралы», «Ақын ініме» и др. Эти стихи также отличаются острой полемичностью и публицистичностью. В них затронуты актуальные социально-политические и духовно-нравственные проблемы современного общества.

Стихотворение «Анама хат» (в переводе «письмо матери») представляет лирическое повествование о горькой участи героя. «Письмо матери» – это исповедь лирического героя о себе, о своем времени. Особую поэтическую интонацию придают стихотворению размышления о смысле жизни, назначении человека.

В таком же тематическом ключе написано стихотворение «Қазақ қалпы» (в переводе М.Х. Сулейменова «Современное бытие казахов», в переводе М. Адибаева «Скитания»).

Тема положения казахского народа представляется традиционной в казахской литературе XIX-X вв. Раннее она прозвучала в лирике А. Кунанбаева, И. Алтынсарина. В творчестве А. Байтурсынова она приобрела новое звучание. Безусловно начинающий поэт следовал традициям великого Абая, но при этом предложил собственное решение проблемы. И в этом смысле А. Байтурсынов как поэт новатор. Впервые в казахской поэзии возник образ «зыбкой лодки без весел» – как символ неустойчивости, изменчивости мира.

Продолжая традиции Абая, Ахмет Байтурсынов резко критикует пороки, психологию, нравы современников. Показательно в этом смысле стихотворение «Обычай казахов».

В стихотворении «Жұртыма» звучит жестокая критика в адрес казахского народа. Причину тяжелого бесправного положения народа поэт видит в самой психологии, нравах и привычках его представителей.

Прилежно осваивая опыт поэтов предшествующих поколений, А. Байтурсынов разил и углубил традиции национальной литературы, обогатил ее новым содержанием.

Автобиографизм – характерная особенность лирики казахского поэта. Ничто не проходит мимо авторского взгляда. События личной жизни нашли отражение в отдельных произведениях А. Байтурсынова. Так, к примеру, стихотворение «Анама хат» написано в 1907 году, когда поэт находился в заключении. Стихотворение «Қарқаралы қаласына» также написано в пору пребывания его в этом городе.

Написанное в жанре арнау (посвящение), стихотворение по идейному содержанию совпадает со стихотворением русского поэта 19 века М.Ю. Лермонтова «Прощай немытая Россия».

Среди лирических стихотворений А. Байтурсынова особое место занимают стихотворения-послания, к примеру, «Досыма хат» («Письмо другу»). Продолжая разговор о современных нравах, поэт говорит об утрате духовных ценностей.

Особое место в лирике поэта занимает тема назначения поэта и поэзии. В этом смысле показательно стихотворение «Ақын ініме» («Юному поэту»). В опубликованной книге «Ақ жол» стихотворение сопровождается сноской «Міржақып Дулатовқа арналған» («Посвящается Мыржакыпу Дулатову») По праву старшего обращается поэт к младшему поколению со словами наставления.

Таким образом, Ахмет Байтурсынов известен как государственный и общественный деятель, просветитель, педагог, поэт, публицист, реформатор национальной письменности, основоположник казахской лингвистики и литературоведения.

Использованная литература:

1. Ахметжанова А.Т. А.Байтұрсынов: кладезь мыслей, идей и суждений / А. Т. Ахметжанова // Вестник КазНУ. – 2014. – № 1. – С. 172–179.
2. Раимбекова У.К. Три основополагающих принципа педагогической деятельности Ахмета Байтұрсынова // У.К. Раимбекова. – Молодой ученый. – 2022. – № 15. – С. 204-205. URL:<https://moluch.ru/410/90314/>.
3. Әшкеева Қ.А. Байтұрсыновтың философиялық көзқарасы: филос. ғ.к. авторефераты. – Алматы: 2003. - 17 б.
4. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): филол.ғ.к. авторефераты. - Алматы: 2006. – 22-23 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
6. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. - Алматы: Жалын, 2004, - 136 б.
7. Тұрғараева Г. М. А. Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007. - Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2007. – 432-437 б.

ӘОЖ 80/81 (063)

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Туранова М.А., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-зерттеуші
«Шәкәрім атындағы гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.
E-mail: turanova-76@mail.ru

XX ғасырдың басында ұлттық сана мен білім саласын дамытудағы Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше. ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында оның тіл білімі, педагогика, оқулық жазу және реформалар саласындағы мұрасы жаңа талдау және зерттеу әдістерімен қайта қаралып, жаңаша оқылып жатыр. Осы мақалада қазіргі заманғы зерттеулерге сүйене отырып, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық қызметін жан-жақты талдаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлы ақын, ұстаз, түркітанушы, аудармашы, қоғам қайраткері, ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі, публицист, ұлттық жазудың реформаторы. Бар ғұмырын халық болашағына арнаған Ахмет Байтұрсынұлы халықтың тілі мен өзіндік мәдениеті қалыптасқанда ғана елдің ертеңі жарқын боларына үлкен сенім білдірді. Ұлт болмысын, тілге деген құрметті сақтап қалу үшін әрбір салаға өлшеусіз үлес қосқан – ұлы ақын.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұстазы, халық жанашыры. Артында қалған еңбектері, ертеңгі өсіп келе жатқан жас буынға таптырмас жеміс. Оның әр еңбегі бүгінгі болашақ ұрпақтың келешегі. Бүгінгі жас ұрпақ Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш азаматтарына қарап бой түзейді. Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» атаумен шығу тарихы да осы келешекке ой салумен көзделген. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері, мысалдары мен нақыл сөздері жазылған. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болатын. [1, 45 б.] Бір мысал өлеңінің өзі бір ұрпаққа қырық жыл азық боларлық үлгі, қайталанбас өнеге.

А. Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған тұлға ретінде тарихта өшпес із қалдырды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін ғылыми тұрғыда зерттеп, алғаш рет жүйелі грамматика жазды. Оның «Тіл-құрал» атты еңбегі қазақ тіл білімінің іргетасы саналады. Бұл кітап арқылы қазақ тілі фонетика, морфология, синтаксис салалары бойынша алғаш рет ғылыми негізде сараланып, халыққа түсінікті тілмен жеткізілді. [4, 14 б.].

Ғалымның тағы бір тарихи еңбегі – қазақ жазуына енгізген реформасы. Ахмет Байтұрсынұлы араб графикасына негізделген «төте жазуды» жасақтап, қазақ халқының дыбыстық ерекшеліктерін дәл бейнелейтін әліпби құрастырды. Бұл реформа қазақ халқының сауат ашуын жеңілдетіп, ұлттық жазудың қалыптасуына ықпал етті. Оның «Әліппе» оқулығы бірнеше рет басылып, ондаған жылдар бойы қазақ мектептерінде қолданылды.

Сонымен қатар, Байтұрсынұлының әдебиеттану саласындағы еңбегі де айрықша. Ол «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде көркем әдебиеттің табиғатын, жанрлық түрлерін жүйелеп, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Бұл еңбектің құндылығы – ұлттық әдебиеттің теориясын тұңғыш рет ғылыми тұрғыда жүйелеуінде.

Ахмет Байтұрсынұлы ұстаздық жолында халықты білімге шақырып, жаңа оқу әдістемесін қалыптастырды. Оның оқулықтары қазақ балаларына ана тілінде білім алуға жол ашты. Әсіресе, бастауыш мектепке арналған «Оқу құралы» (1912) оқулығы – қазақ балаларына арналған тұңғыш Әліппе [2, 57, 59 б.].

Ахметтің педагогикалық көзқарасы – білімді елдің болашағы үшін ең маңызды күш екенін дәлелденілген. Ол балаларды ұлттық рухта тәрбиелеуді, оқу-ағартуда ана тілінің рөлін күшейтуді басты мақсат етті.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі оның ғалымдық еңбектерімен тығыз байланысты. Ол оқу-ағарту саласында ұлттық мүддені бірінші орынға қойды.

«Оқу құралы», «Әліппе», «Тіл-құрал» еңбектері қазақ балаларына арналған тұңғыш оқулықтар болды. Қазақ балаларының сүйсініп оқитын оқулықтарына айналды. Әрбір оқулық бала тіліне жеңіл, әрі түсінікті. Ол ана тілінде білім беруді басты қағида етіп ұстанылды. [2, 60, 62 б.].

Оқыту әдістемесінде баланың жас ерекшелігіне, қабылдау қабілетіне мән берді. Ахметтің ойынша, білім беру – ұлттың болашағын айқындайтын басты күш. Сондықтан ол мектеп жүйесін жетілдіру, мұғалімдерді даярлау, оқу құралдарын жазу ісіне ерекше еңбек сіңірді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ғылымы мен білімінің ұлы көшбасшысы. Оның тіл ғылымындағы еңбектері қазақ тіл білімінің негізін қаласа, педагогикалық көзқарастары ұлттық мектеп пен оқулық жазудың бастауы болды. Сонымен қатар, қоғамдық-ағартушылық қызметі арқылы ол халықты өркениетке жетелеп, ұлттық сананы қалыптастыруға зор үлес қосты.

Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының рухани жетекшілерінің бірі болды. Ол 1913 жылдан бастап Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетін редакциялап, халықты оятуға, ұлттық сана қалыптастыруға қызмет етті. Газет бетінде саяси еркіндік, оқу-ағарту, ұлттық тіл, жер мәселесі жайлы өткір мақалалар жариялады. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың ең басты құбылыстарының бірі – Алаш қозғалысы болды.

Бұл қозғалыстың мақсаты – қазақ халқының ұлттық дербестігін қамтамасыз ету, отарлық езгіден құтылып, өркениетті елдер қатарына қосылу еді. [3, 114 б.]. Осы тарихи кезеңде Алаш қозғалысының жетекші тұлғаларының бірі әрі рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы. Оның қоғамдық-саяси және ғылыми-педагогикалық қызметі Алаш идеясының жүзеге асуына тікелей ықпал етті. Алаш идеясы – қазақ халқының тәуелсіздігі мен ұлттық бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған саяси-әлеуметтік бағдарлама. Оның негізгі ұстанымдары мыналар болды:

- қазақ халқының мемлекеттік дербестігін қалпына келтіру;

- ұлттық тіл мен мәдениетті сақтап, дамыту;
- жер, дін, білім мәселелерін халық мүддесіне сай шешу;
- қазақ қоғамын демократиялық жолмен жаңғырту.

Ахметтің еңбектері арқылы қазақ қоғамы ұлттық дербестікке ұмтылудың қажеттігін терең түсінді. Ол Алаш партиясының бағдарламасын жасауға белсене қатысып, онда тіл, оқу-білім, дін және жер мәселелерін шешудің жолдарын ұсынды. Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынұлы – тек ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің рухани көшбасшысы болып қала береді.

Бар ғұмырын ұлтының болашағы үшін қиған, өз кіндігінен тараған ұрпағы болмаса да, әр қазақ баласы кішкене болсын білім мен өнер үйренсін деп, ауыр да азапты, қамшының сабындай ғұмырын ғылым жолына, ұлт жолына арнаған. Әрі, Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш идеясының басты насихатшысы әрі жүзеге асырушысы. Ол өз еңбектерінде қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғап, тәуелсіздікке жетудің рухани-ғылыми негізін қалады. Оның саяси қызметі мен ағартушылық мұрасы – қазіргі Қазақстан тәуелсіздігінің тарихи тамыры, ал Алаш идеясы – бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық жаңғырудың, мемлекеттілік пен бірліктің мәңгілік ұстанымы. Ахмет Байтұрсынұлы – біздер үшін идеал тұлға. Ұлтты сүйсеңіз, Ахметтей сүйіңіз. Бұл сөзді қайта-қайта айта беруден жалықпаспыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары». А. Байтұрсынұлы тағылымы: тіл, терминология, әдістеме. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. – Астана. 2010.
2. Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білеміз? «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №2, 2021. Б. 57–63.
3. Омарбеков Т. Алаш идеясы және тәуелсіз Қазақстан. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
4. Игісінова, А.Ш., Келінбердиева, Ы.С. Ы. Алтынсарин мен А. Байтұрсынұлының педагогикасы – инновациялық идеялардың негізі. «Педагог» журналы, № 3, 2019. – 14 б.
5. Малдыбай, А. Д. Ахмет Байтұрсынұлының әліпби реформасы. Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, № 4(134), 2012. Б. 322–325.
6. Ниеталықызы, Ә. Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым-зерттеуші. «Ұлағат» журналы, №1, 2013. Б. 77–81.

ӘОЖ 81.2(574.5):93

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Қаиргелді Н.Қ., студент

Ғылыми жетекші: Имамбаева Ғ.Е., ф.ғ.д., профессор ИнЕУ

«INEU» мекемесі, Павлодар қ.

E-mail: kaiyrgeldinazerke@gmail.com

Аннотация: Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен қазақ тіліне қосқан үлесіне көңіл бөлінеді. Ұстаз Байтұрсынұлының тіл грамматикасына қандай ықпалын тигізгені мен әдістемелерінің маңызылығы және қазіргі қоғамдағы өзектілігі жайлы зерттеледі. Сонымен қатар, мақалада тілдің қазіргі жағдайы және ана тіл мәселесінің өзектілігі қарастырылады.

Кілт сөздер: қазақ тілі, тіл грамматикасы, тіл дамуы, педагогикалық мұра, білім алу.

Елін шын сүйетін әр азамат елінің өркендей бергенін қалайды. Мемлекеттің дамуына әсер ететін нәрселер мен құбылыстар көп екендігін білеміз. Экономика, саясат және әлеуметтік-мәдени жақтары өсіп, өркендеуде ең басты рөлдер алады. Тіпті мәдени-әлеуметтік дамуы қоғамның санасы үшін шексіз әрі ерекше маңызды. Халықтың ұлттық сезімі және патриоттығы – мемлекетті алға бастыраар тылсым күш. Бұны Ахмет Байтұрсынұлы бұрыннан түсініп, әрекет ете бастағаны анық.

Байтұрсынұлының қазақ тіліне қосқан үлесі орасан зор. Бұл алып тұлға қазақ тіл білімінің негізін қалаушы. 1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыру үшін «Оқу құралын» жазғаннан кейін, көп ұзамай мектепте қазақ тілін оқыту үшін оқулық есебіндегі кітап жазуға кіріседі.

«Тіл – құралдың» фонетикаға арналған I бөлімі алғаш рет 1915 жылы баспа бетін көріп, онан соң өңделіп, толықтырылған нұсқасы 1927 жылы Қызылордада 7-інші басылым болып жарық көрген. «Тіл – құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Бұл еңбектерінде грамматика мен сөз құрамына көңіл бөлінеді. Ғалым сөзді тұлғасына қарай былайша бөледі: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар. Ұсынылған бұл сөз тұлғалары қазіргі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі сөйлем мүшелері мен сөз таптарының ғылыми тұрғыдан жіктеліп, қалыптасуына елеулі үлесін қосты. Оның грамматикалық ұғымдары әлі күнге дейін сабақ барысында кеңінен қолданылады және оқушылардың тіл жағынан дамуы үшін өте маңызды болып табылады. Бұл Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының қазіргі қоғамдағы өзектілігін дәлелдейді.

«Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек», – деп еді Байтұрсынұлының өзі. Соның нәтижесінде барша Қазақстандағы балаларды Байтұрсынұлының әдістемесімен оқыту жүзеге асты. Оның еңбектері тек тарих үшін маңызды емес, қазіргі мұғалімдер үшін де аса құнды болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл грамматикасы саласына қосқан үлесімен қатар, қазақ тілінің маңыздылығын шын ұлтшыл тұлға ретінде насихаттады. Бұл тұлға: «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», – деп бұрыннан бері қайталап айтып келді. Қазақ халқы өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекетке айналса да, ана тіл мәселесі әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, күрделі күйінде қалып отыр. Байтұрсынұлы ана тіл мәселесін жайдан-жай көтермеген, қазіргі күнге дейін тілдің шұбарлану себебі тарихта жатыр.

Кеңестік кезеңдегі отарлау және орыстандыру саясаты сияқты тарихи оқиғалар қазақ тілінің жағдайына айтарлықтай әсер етті. Көптеген жылдар бойы орыс тілі білім беру саласында үстемдік етті. «Кеңес үкіметі тұсында ауылдан қалаға бір ауыз орысша білмейтін жастар екі-ақ аптада орыс тілін меңгеріп алатын. Бұл – оқытушылардың талап қоюынан деп ойлаймын. Қазақ интернатының балалары орыс тілін еркін меңгеріп шықты. Сабақта 45 минут бойы бір ауыз қазақша сөз айтылмайтын.

Солтүстік өңірлерде мұғалімдерге қатаң талап қойылды. Қазақ мектептеріне сабақ беретін орыс тілі пәнінің оқытушылары талапшыл болды», – дейді Ерлан Нұрланбай. Міне, осындай өкінішті жағдайды көріп, А. Байтұрсынұлы ана тілді сақтап қалу, өз тілімізді жоғалтпауымыз керектігін ескертті. Қазақ тілі 2021-жылғы санақ деректері бойынша халықтың 80,1%-ы еркін сөйлейді, ал 83,7%-ы орыс тілінде сөйлейді. Этникалық қазақтардың тек 63,45%-ы және ел халқының 49,3%-ы күн сайын қазақ тілінде сөйлейді. Бұл ақпараттар тілдік орта мәселесінің өзектілігін дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы айтқан нақыл сөздері әлі күнге дейін қоғам үшін маңызды болып, өзектілігін жоғалтпаған. Бұл – ана тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, жетілдіру керектігін анық көрсетеді.

«Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт

баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз», – деген сөздері де бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Байтұрсынұлы әр бала ең бірінші өз ана тілін жетік меңгеруі керек деген ойды ұстанған. Бірақ қазіргі қоғамда қазақ балалары бүлдіршін кезінен бастап ана тілінде сөйлемейді, тіпті түсінбейді. Өзге тілдерді білу қазіргі заманда өте жоғары бағаланады. Бірнеше тілді үйреніп-білу адамның саналығын көрсетеді. Сонда да ана тілдің орны әрқашан биік болу керек. Бұл тек туған жерге, туған тілге байланысты патриоттық және ыстық сезімге ғана қатысты емес, ана тілін білу өте пайдалы.

Білім беруде туған тілін қолдану оқушылар үшін аса тиімді. Ана тілін жетік білу сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіреді дейді мамандар. Өз тілін дұрыс білмейтін адамға басқа тілдерді үйрену қиынырақ болады. Ал ана тілін жетік меңгерген балаға өзге тілді үйрену жеңілрек, себебі сөздерді өзара салыстыра алады және бір тілдік толық базасы болады. Бала кезінен бүлдіршін өз тілін жақсы білуі тиіс. Осы мәселені арнайы зерттеген бірсыпыра ғалымдар қостілділіктің жас баланың ойлау қабілетінің дамуына кері әсерін тигізетінін анықтаған.

Ойлау барысында екі тілдің бір-біріне кедергі келтіріп, тежеу тудыратындығы, сөйтіп баланың ойлау жүйесінің қалыптасуына айтарлықтай кері әсер ететінін алға тартады. Сондықтан әр баланың өз ана тілдік базасы толық болуы қажет. Бұл оның дамуына, өзге тілдерді үйренуіне өте жақсы әсер ете алады. Баланың ойлау қабілетіне ана тілін бала кезінен меңгеру оң ықпал ететіндігі дәлелденген. Соның нәтижесінде Байтұрсынұлының айтқаны дұрыс екендігін бүгінгі күннің өзі дәлелдеп отыр.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқы үшін сіңірген еңбегі өте көп және еңбектері қазіргі заманның өзінде маңызын жоғалтпаған. Байтұрсынұлы – қазақ елінің алып тұлғасы, балалардың оқуына жағдай жасап, көптеген үлес қосқан ұлы ұстаз. Бұл кісінің еңбектері ұмытылмай, дәл қазіргідей болашақта да аса жоғары бағалануы қажет. Байтұрсынұлы көп еңбек етіп, қазақ балаларын оқытқан азамат. Сондықтан оның мұралары қазақ елі мен болашағы үшін шексіз маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасындағы жұмсалымды грамматика [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adyrna.kz/post/108628> – Қолданылған күні: 29.03.2022.
2. Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы тағылымды ойлары [Электрондық ресурс]. – URL: https://massaget.kz/asyil_soz/ahmet-baytursynulyinyin-tl-turalyi-tagyilyimdyi-oylaryi-36592/ – Қолданылған күні: 18.02.2016.
3. Балаларды орыс мектебіне беру үрдісінен әлі де арыла алмай келеміз / Әсем Ұланқызы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://baq.kz/balalardy-orys-mektebine-beru-urdisinen-ali-de-aryla-almay-kelemiz-282822/> – Қолданылған күні: 11.07.2022.
4. Languages of Kazakhstan [Электрондық ресурс]. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Languages_of_Kazakhstan – Қолданылған күні: 2025.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Шалибекова Г.М., оқытушы
Сейдалиева С.Е., оқытушы

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі, Тараз қ.

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, ұлағат алар ғұламаларымыздың қатарына кіретін ұлтымыздың ең ардақты ұлдарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының есімін айрықша атауға тиіспіз. Ол қазақ филологиясының, тіл-әдебиет ғылымын, ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың қайнар бастауында тұрған аса көрнекті ғалым.

Халқымыз «Ұлт ұстазы» деп атаған аса көрнекті тұлғаны тереңірек таныған сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, тарихи, ғылыми санамыз да өсе түспек. Ең алдымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез-келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесі» түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да тұңғыш рет жасады.

Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы – терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсетті.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты терминдер жүздеп кездеседі [1].

Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А. Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасады. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған авторлық терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін, салалық терминологияны қалыптастыруы – оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің айқын дәлелі.

А. Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М. Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің

басшысы деп санайды» [7], – деген болса, әдебиетші ғалым Р. Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» - дейді.

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» [8].

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым [2].

Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда, А. Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі ең ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Яғни төртіншіден, А. Байтұрсынұлы – терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым.

Елімізде ұлттық тіл қанат жайып, өрістеуі үшін оның бірнеше шарты болады. Солардың бірі ұлттық терминологиялық жүйесінің мықты болуы. Осы мәселеге терең мән берген елдер ғылым мен білім, техника, технология және басқа салалардағы тілдің тұғырын биіктетіп, іргетасын нығайтатыны анық.

Қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастыруда тіл тазалығының сақталуы, бөтен сөзді көп алмай, ұлт тілінде сөз жасап, төл сөздерімізді пайдалану басты ұстаным болуы қажет. Осы бағытты қатты ұстанушы, Алаш зиялыларының басында қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым, тіл білімі және әдебиеттану ғылымдары терминологиясының авторы Ахмет Байтұрсынұлы болды (1-кесте).

Жалпы термин сөздің өзі әр халықтың тіліндегі ғылыми ұғымдардың атауы ғана емес пе, басқаша айтқанда, кірме сөз ғой. Біз, қазақтар, салалық ғылымдар терминдерін өзіміздің ұлттық тілімізге өзіміз алуымыз керек емес пе? Енді кірме сөздерді қалай қабылдауымыз керек деген маңызды сұрақ тұрады алдымызда. Бұл сұраққа қысқа да нұсқа, тамаша жауапты Ахмет Байтұрсынұлы баяғыда беріп кеткен.

Шетелден қосылған кірме сөздерді «Басына қазақтың түлкі тымағын кигізіп, үстіне ұлтымыздың шекпенін жауып, аяғына қазақ халқының саптама етігін кигізіп, үйлесім деген тілдің ұлы заңына сәйкес қабылдау керек» деген [3].

Ал, бір қызығы, біздің дана бабаларымыз университет бітірмей-ақ, профессор атағынсыз-ақ бәлен ғасыр бұрын шетелдердің қазақ тілінде баламасы жоқ сөздерін енгізудің классикалық тамаша үлгісін жасап берген ғой. Орыстың «самовар» деген сөзін «самаурын» деп, «ведро – бедіре» деп, тура қазақтың өз сөзіндей тілге енгізген. Қазіргі профессорлардың бәрі ауылдан шықтық қой, 15-17 жасқа жеткенше, орыстармен араласқанша жоғарыдағы сөздер орыстың сөзі екенін білгіміз жоқ қой. Сөзжасамның керемет жолы осы емес пе? Ахмет Байтұрсынұлының айтқаны да осы ғой.

А. Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдері-ақ Аханның қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген зор тұлға екенін дәлелдей алады. Алайда оның қаламынан туған терминдер мен сөздер мүмкіндігінше анықталып жатса, тарихи әділеттілік болмақ. Сондықтан ғалым мұрасын зерттеушілердің оны естен шығармағаны абзал [5].

1-кесте. Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімі және әдебиеттану ғылымдары терминологиясына жасалған сараптама нәтижесі.

Әріптер	Түбір сөздер	Туынды сөздер	Қосындысы	%
А	695	430	1125	1,22%
Б	478	135	613	0,66%
В	367	52	419	0,45%
Г	693	211	904	0,98%
Д	396	155	551	0,60%
Е	5	2	7	0,01%
Ж	9	3	12	0,01%
З	47	17	64	0,07%
И	408	190	598	0,65%
К	1100	575	1675	1,81%
Л	138	15	153	0,17%
М	762	496	1258	1,36%
Н	157	44	201	0,22%
О	143	54	197	0,21%
П	503	165	668	0,72%
Р	238	120	358	0,39%
С	440	124	564	0,61%
Т	441	122	563	0,61%
У	28	14	42	0,05%
Ф	594	61	655	0,71%
Х	93	25	118	0,13%
Ц	87	11	98	0,11%
Ч	23	3	26	0,03%
Ш	82	20	102	0,11%
Щ	3	6	9	0,01%
Э	136	68	204	0,22%
Ю	29	2	31	0,03%
Я	13	6	19	0,02%
Жиынтығы	8108	3126	11234	12,17%

Өзіміз қазақ тілі бай тіл деп дәлелдегенімізбен, іс жүзінде сол байлықты А.Байтұрсынұлы мен оның замандастары тәрізді шебер пайдалана алмауымыздан, термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан және әлі де кешегі кеңестік термин жасау қағидаттарынан шыға алмай отырғандығымыздан да термин жасау ісі өз бағытын анықтап, жүйелі даму жолына түсе алмай отыр [6].

Қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігі, сондықтан да оны термин шығармашылығында пайдалану мүмкіндігінің төмендігі тағы бар. Бесіншіден, А.Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

1-кесте арқылы біз кейінгі оқулықтар жазған авторлардың А. Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік мағынада жұмсағандығы арқылы олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады. Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А. Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек //А. Байтұрсынұлы. Ақ жол. – Алматы, 1991.
2. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/12246>
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd ЖШС, 2010.
4. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер С., Жұмашева Қ. - Алматы: Аң арыс, 2009.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998, - 509 б.
6. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
7. Әуезов М.О. Ақанның 50 жылдық тойы //«Ақ жол» газеті. 1923, 4-ақпан.
8. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш //А. Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. - 192 б.

ӘОЖ 37.013

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛ ҚҰНДЫЛЫҒЫ: ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Мусаканова Г.Е., магистр, аға оқытушы

Сапаров А.М., магистр, аға оқытушы

«Esil University» мекемесі, Астана қ.

E-mail: gmussakanova@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ұлы ағартушысы, тіл білімпазы, қоғам қайраткері. Оның еңбектері қазақ тілінің дамуына, оның ғылыми негізделуіне, әріптерінің реформалануына айтарлықтай үлес қосты. Алайда, Байтұрсынұлының ең маңызды мұрасы – ол қазақ тілінің ұлттық сана мен мемлекеттілік үшін қаншалықты құнды екенін терең түсініп, насихаттауында.

Ахмет Байтұрсынұлы тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, ұлттың жаны, рухы, мәдениетінің негізі ретінде қарастырды. Ол: "Тіл – халықтың жаны. Халықтың жаны болған тілді жоғалтса, халық та жоғалады" деген терең мағыналы сөздерімен тілдің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлін айқын көрсетті. Тіл арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып, ата-бабаның даналығы, тарихы, салт-дәстүрі, әдебиеті, өнері ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Тілсіз ұлт – тамыры жоқ ағаш сияқты, ол өмір сүре алмайды.

Байтұрсынұлы тілдің ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтті. Ол: "Тіл – халықтың ойлау қабілетінің құралы. Тіл арқылы халық өзінің ұлттық санасын, өзінің ұлттық ерекшелігін айқындайды" деп есептеді. Қазақ тілінде ойлау, сөйлеу, жазу арқылы қазақ баласы өзінің кім екенін, қайдан келгенін, қандай мақсатпен өмір сүріп жатқанын түсінеді. Тіл – ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, оларды сақтап, дамытудың басты құралы.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі маңыздылығын да түсінді. Ол: "Мемлекеттің негізі – халық. Ал халықтың негізі – тіл. Тілсіз мемлекет болмайды" деп айтты. Мемлекеттік тіл – елдің бірлігін нығайтып, ұлттық идеологияны қалыптастырудың, мемлекеттік басқару жүйесін тиімді жүргізудің негізі. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі – бұл тек тілдің ғана емес, қазақ халқының өз мемлекетін құру, оны басқару құқығының да айғағы.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы айтқандары бүгінгі күнде де өзектілігін жоймайды. Тілдің құндылығын түсіну, оны құрметтеу, оны дамыту – әрбір қазақстандықтың парызы. Тілді білу, оны еркін қолдану – бұл тек білімділік белгісі ғана емес, ол ұлттық сананың, патриотизмнің көрінісі.

Ахмет Байтұрсынұлының тілге қатысты айтқандары – бұл тек тіл білімі саласындағы ғылыми еңбектер ғана емес, сонымен қатар ұлттық рухты оятуға, ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған терең философиялық ойлар. Ол қазақ тілін қазақ халқының өмір сүруінің, дамуының, өзіндік ерекшелігін сақтауының негізі ретінде қарастырды. Оның еңбектері арқылы біз тілдің тек сөздер мен грамматикалық ережелер жиынтығы емес, сонымен қатар ұлттың тарихы, мәдениеті, рухани байлығының сарқылмас қайнар көзі екенін түсінеміз.

Бүгінгі таңда, еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі нығайып, оның қолданыс аясы кеңейіп келеді. Алайда, тілдің құндылығын тек ресми құжаттардағы жазулармен шектеуге болмайды. Тілдің шынайы құндылығы – оның халықтың күнделікті өмірінде, отбасында, білім беруде, ғылымда, мәдениетте, өнерде еркін және сапалы қолданылуында. Ахмет Байтұрсынұлының арманы – қазақ тілінің тек мемлекеттік тіл ғана емес, сонымен қатар еліміздің барлық азаматтары үшін сүйікті, қолданыстағы, дамыған тіл болуы еді.

Осыған орай, әрбір қазақстандық, әсіресе жас ұрпақ, қазақ тілінің байлығын, көркемдігін, мүмкіндіктерін тереңірек білуге, оны құрметтеуге, онымен мақтануға тиіс. Тілді үйрену – бұл тек жаңа білім алу емес, бұл өз тамырыңды, өз ұлтыңның рухани әлемін тану. Тілді дамыту – бұл ұлттың болашағын дамыту. Ахмет Байтұрсынұлының тілге деген адалдығы мен еңбегі – бізге үлгі, ал оның тіл туралы айтқандары – біздің ұлттық санамызды оятар, тілімізді қастерлеп, оны болашаққа жеткізуге шақырар мәңгілік аманаты. Осы аманатты орындау – әрбір қазақстандықтың парызы.

Байтұрсынұлының тілге деген адалдығы мен еңбегі – бізге үлгі, ал оның тіл туралы айтқандары – біздің ұлттық санамызды оятар, тілімізді қастерлеп, оны болашаққа жеткізуге шақырар мәңгілік аманаты. Осы аманатты орындау – әрбір қазақстандықтың парызы. Бұл парызды орындау тек тілді білумен шектелмейді, ол тілдің ішіндегі терең мағынаны, оның тарихын, оның арқылы жеткен даналықты түсінуді талап етеді.

Қазақ тілі – бұл тек сөздердің жиынтығы емес, ол ата-бабамыздың өмір сүрген ортасы, олардың ойлау жүйесі, олардың әлемді қабылдау тәсілі. Тіл арқылы біз олардың рухымен, олардың сарқылмас байлығымен байланыс орнатамыз. Бүгінгі таңда, жаһандану заманында, әлемдік тілдердің ықпалы күшейген шақта, қазақ тілінің өзіндік орнын сақтап қалуы, оның дамуы – ерекше маңызды. Бұл тек қазақ тілінің ғана емес, қазақ халқының өзіндік ерекшелігін, мәдениетін, рухани байлығын сақтаудың кепілі. Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған әліппесі, оның тіл туралы ғылыми еңбектері – бұл біздің тілімізді заман талабына сай, ғылыми негізде дамытуға бағытталған алғашқы қадамдар. Осы қадамдарды жалғастыру, тілімізді байыту, оның қолданыс аясын кеңейту – біздің міндетіміз.

Тілді дамыту дегеніміз – оны тек жаңа сөздермен байыту ғана емес, сонымен қатар оның ішіндегі терең мағынаны, оның көркемдігін, оның ойлау қабілетін арттыру. Қазақ тілінің байлығы – оның мақал-мәтелдерінде, жыр-термелерінде, дала поэзиясында жатыр. Осы байлықты жас ұрпаққа жеткізу, олардың тілге деген сүйіспеншілігін ояту – бұл біздің ағартушылық міндетіміз.

Тілді білу – бұл тек білімділік белгісі ғана емес, ол ұлттық сананың, патриотизмнің көрінісі. Өз тіліңді білу, оны мақтан тұту – бұл өз халқыңды, өз елінді сүюдің белгісі. Ахмет Байтұрсынұлының тілге деген адалдығы мен еңбегі – бұл бізге үлгі, ал оның тіл туралы айтқандары – біздің ұлттық санамызды оятар, тілімізді қастерлеп, оны болашаққа жеткізуге шақырар мәңгілік аманаты. Осы аманатты орындау – әрбір қазақстандықтың парызы. Бұл парызды орындау үшін біз тілді тек ресми құжаттарда ғана емес, күнделікті өмірімізде, отбасында, жұмыста, қоғамда белсенді қолдануымыз керек.

Тілді дамыту – бұл ұлттың болашағын дамыту. Ахмет Байтұрсынұлының арманы – қазақ тілінің тек мемлекеттік тіл ғана емес, сонымен қатар еліміздің барлық азаматтары үшін сүйікті, қолданыстағы, да мықты, дамыған тіл болуы еді. Ол тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірегейліктің, рухани байлықтың, мемлекеттіліктің негізі екенін терең түсінген. Сондықтан да, оның еңбектері қазақ тілін ғылыми негізде зерттеп, оны заман талабына сай дамытуға бағытталған баға жетпес мұра болып қала бермек.

Бүгінгі таңда, тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы үшін қазақ тілінің құндылығын түсіну, оны құрметтеу, оны дамыту – парыз. Бұл парызды орындау тек тілді білумен шектелмейді, ол тілдің ішіндегі терең мағынаны, оның тарихын, оның арқылы жеткен даналықты түсінуді талап етеді.

Қазақ тілі – бұл тек сөздердің жиынтығы емес, ол ата-бабамыздың өмір сүрген ортасы, олардың ойлау жүйесі, олардың әлемді қабылдау тәсілі. Тіл арқылы біз олардың рухымен, олардың сарқылмас байлығымен байланыс орнатамыз.

Жаһандану заманында, әлемдік тілдердің ықпалы күшейген шақта, қазақ тілінің өзіндік орнын сақтап қалуы, оның дамуы – ерекше маңызды. Бұл тек қазақ тілінің ғана емес, қазақ халқының өзіндік ерекшелігін, мәдениетін, рухани байлығын сақтаудың кепілі. Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған әліппесі, оның тіл туралы ғылыми еңбектері – бұл біздің тілімізді заман талабына сай, ғылыми негізде дамытуға бағытталған алғашқы қадамдар. Осы қадамдарды жалғастыру, тілімізді байыту, оның қолданыс аясын кеңейту – біздің міндетіміз.

Тілді дамыту дегеніміз – оны тек жаңа сөздермен байыту ғана емес, сонымен қатар оның ішіндегі терең мағынаны, оның көркемдігін, оның ойлау қабілетін арттыру. Қазақ тілінің байлығы – оның мақал-мәтелдерінде, жыр-термелерінде, дала поэзиясында жатыр. Осы байлықты жас ұрпаққа жеткізу, олардың тілге деген сүйіспеншілігін ояту – бұл біздің ағартушылық міндетіміз. Тілді білу – бұл тек білімділік белгісі ғана емес, ол ұлттық сананың, патриотизмнің көрінісі. Өз тілінді білу, оны мақтан тұту – бұл өз халқыңды, өз еліңді сүюдің белгісі.

Ахмет Байтұрсынұлының тілге деген адалдығы мен еңбегі – бұл бізге үлгі, ал оның тіл туралы айтқандары – біздің ұлттық санамызды оятар, тілімізді қастерлеп, оны болашаққа жеткізуге шақырар мәңгілік аманаты. Осы аманатты орындау – әрбір қазақстандықтың парызы. Бұл парызды орындау үшін біз тілді тек ресми құжаттарда ғана емес, күнделікті өмірімізде, отбасында, жұмыста, қоғамда белсенді қолдануымыз керек. Тілді дамыту

Тілді дамыту – бұл ұлттың болашағын дамыту. Ахмет Байтұрсынұлының арманы – қазақ тілінің тек мемлекеттік тіл ғана емес, сонымен қатар еліміздің барлық азаматтары үшін сүйікті, қолданыстағы, дамыған тіл болуы еді. Ол тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірегейліктің, рухани байлықтың, мемлекеттіліктің негізі екенін терең түсінген. Сондықтан да, оның еңбектері қазақ тілін ғылыми негізде зерттеп, оны заман талабына сай дамытуға бағытталған баға жетпес мұра болып қала бермек. Осы аманатты орындау – әрбір қазақстандықтың парызы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://sinonim.org/gen#res>
2. Сыздықова Н. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы // «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: зерттеу, жүйелеу, насихаттау» атты ғылыми конференция материалдары. –А., 2017.
3. Бақбергенова Р. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің реформаторы //«Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: зерттеу, жүйелеу, насихаттау» атты ғылыми конференция материалдары. –Алматы, 2017.
4. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықаралық конф. материалдары / жауапты ред. басқарған Е. Қажыбек. - Алматы: Елтаным, 2017. - 396 б.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ

Абзалбекова С.Б., мұғалім

Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің
«№49 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
E-mail: abzalbekova_sana@mail.ru

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы отаршылдық қысымында болса да, ұлттық сананы ояту, халықты білімге тарту, ғылымды дамыту бағытында жаңа қозғалыстар пайда болды. Сол қозғалыстың алдыңғы қатарында Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Ол – ұлттың рухани көсемі, ағартушы, ғалым әрі педагог ретінде қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған тұлға.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы – қазақ тіл білімінің іргетасын қалап қана қоймай, ұлттық мектептің қалыптасуына негіз болды. Оның еңбектерінде ана тілінде білім берудің маңызы, тәрбиенің ұлттық сипаты мен халыққа қолжетімді білім жүйесін құрудың жолдары айқын көрініс тапты.

Бұл баяндамада Ахмет Байтұрсынұлының ғылым мен педагогикадағы орны, оның ағартушылық қызметі мен мұрасының бүгінгі білім беру жүйесіндегі мәні қарастырылады.

Өмірбаяны мен қоғамдық қызметі

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Қостанай облысы Торғай уезінде дүниеге келген. Ол әуелі ауыл молдасынан, кейіннен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінен білім алады. Қостанайдағы мектепті тәмамдаған соң Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын оқу орнында оқып, 1895 жылдан бастап ауылдық мектептерде ұстаздық қызметін бастайды.

Мұғалімдік қызметін атқара жүріп, Байтұрсынұлы тек балаларды оқытуға ғана емес, халыққа білім таратуға, оқу-ағарту ісін жүйелеуге ден қойды. Ол қазақ қоғамының артта қалуының басты себебі – сауатсыздық екенін терең түсінді.

Саяси қызметінде де ол белсенді болды. 1905 жылғы Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі ретінде қазақ халқының құқықтарын қорғау жолында күресті. 1917 жылы «Алаш» партиясының құрамында ұлттық мемлекет құру ісіне атсалысып, ұлт тәуелсіздігін аңсаған қайраткерлердің алдыңғы қатарында жүрді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін зерттеуді ғылыми деңгейге көтерген алғашқы ғалымдардың бірі. Ол 1912 жылдан бастап қазақ жазуын реформалаумен айналысып, халыққа түсінікті, қолдануға ыңғайлы әліпби ұсынды. Араб графикасына негізделген «Жаңа әліпбиі» қазақ халқының сауатын жаппай ашуға үлкен ықпал етті. Бұған дейінгі жазу үлгілері қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтін. Байтұрсынұлы әліпбиінің ерекшелігі – тілдің табиғатына сәйкестігі мен қарапайымдылығы.

1914 жылы жарық көрген «Тіл құралы» – қазақ тіл біліміндегі тұңғыш ғылыми оқулық. Бұл еңбекте сөз таптары, сөйлем мүшелері, грамматикалық заңдылықтар алғаш рет жүйеленді. Ол халықтың сөйлеу тілін ғылыми жүйеге түсіріп, терминдер қалыптастырды. Оның енгізген зат есім, сын есім, етістік, бастауыш, баяндауыш сияқты ұғымдары бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Ғалым қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын дәлелдеп, оны басқа тілдерден өзгеше дербес жүйе ретінде көрсетті. Сонымен қатар, ғалым араб графикасына негізделген «Жаңа емле» үлгісін жасап, қазақ жазуын жеңіл әрі қолайлы етуге тырысты. Бұл реформа қазақ қоғамында жазу мәдениетінің дамуына зор үлес қосты.

Ғалымның тағы бір ірі еңбегі – «Әдебиет танытқыш». Бұл – қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы жүйелі еңбегі. Ахмет көркем шығарманы талдау әдістерін көрсетіп, поэтикалық ұғымдарды қазақша атаулармен берді. Мәселен, «айшықтау», «толғау», «шежіре» секілді терминдер әлі күнге дейін қолданыста. Оның ғылыми көзқарастары қазақ тілін ұлттық бірегейліктің негізгі тірегі ретінде бағалауға негіз болды.

Педагогикалық көзқарастары

Ахмет Байтұрсынұлы тек ғалым ғана емес, педагогика саласына да өлшеусіз үлес қосты. Ол білім беру жүйесінде ана тілінің рөлін басты орынға қойды. Оның пікірінше, халық өз тілінде сауат ашпайынша, нағыз ұлттық мектеп қалыптаспайды.

1912-1914 жылдары ол «Әліппе», «Оқу құралы» атты оқулықтарын жазды. Бұл еңбектер қарапайым ауыл мектептерінде кеңінен қолданылып, балалардың білімге деген қызығушылығын арттырды. «Әліппе» бірнеше мәрте қайта басылып, қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың дамуына түрткі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарасы – баланы біліммен қаруландырумен қатар, оны адамгершілікке, ұлттық санаға, елжандылыққа тәрбиелеуге негізделді. Ол мұғалімнің рөлін ерекше бағалап, «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай» деп көрсеткен. Бұл сөз бүгінгі білім беру жүйесінде де өз маңызын жойған жоқ.

Ұлттық мектеп пен тіл саясаты

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметіндегі басты ұстанымдарының бірі – ұлттық мектеп құру және ана тілінде білім беру болды. Ол қазақ балалары ең алдымен өз тілінде сауат ашып, ұлттық мәдениет пен тарихты меңгеруі қажет деп санады. «Бала білімді тәжірибе арқылы үйренуі керек, ал тәжірибенің тілі – ана тілі» деген оның қағидасы қазақ мектептерінің басты ұстанымына айналды.

Ұлт ұстазы мұғалімдерді даярлау ісіне де көп көңіл бөлді. Ол қазақ жастарының мұғалімдік мамандыққа келуін қолдап, ұлттық кадрлардың білім жүйесіндегі орнының маңызын көрсетті.

Ғалым ұсынған ұлттық мектеп пен тіл саясатының негізгі қағидаларын мынадай бағыттарда топтастыруға болады:

- ана тілінде білім беру – ұлттық болмысты сақтау тетігі;
- ұлттық мектептің мазмұны – халықтың тарихы, мәдениеті, әдебиетімен сабақтас болуы тиіс;
- жазу реформасы – халыққа қолайлы, ғылыми негізделген болуы шарт;
- мұғалімнің рөлі – мектептің жаны, білім мен тәрбие берудің басты тұлғасы;
- ұлттық тіл саясаты – ұлтты ұйыстырушы, рухани тұтастықты сақтаушы құрал.

Қоғамдық-ағартушылық қызметі

Ахмет Байтұрсынұлы тек ғалым және педагог қана емес, қоғам қайраткері ретінде де танылды. Ол «Қазақ» газетін шығаруға басшылық жасады. Бұл басылым қазақ қоғамындағы білім, мәдениет, саясат мәселелерін көтеріп, ұлттық ой-сананың қалыптасуына ықпал етті.

Ол сондай-ақ Алаш қозғалысының белсенді мүшесі болып, қазақ жастарын білімге, ғылымға тарту ісінде үлкен еңбек етті. Ахметтің еңбектері қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресіне рухани тірек болды. Ол білім мен ғылымды ұлтты өркендетудің басты тетігі деп таныды.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметінің тағы бір қыры – ұлттық сананы ояту. Ол қазақ халқының дербес ел ретінде сақталуы үшін ең алдымен мәдениеті мен тілін қорғау қажет деп санады. Оның мақалаларында білімнің маңызы, елдік бірлік пен ұлттық тәрбие мәселелері кеңінен насихатталды. Ғалымның «Басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек» деген сөзі – оның қоғамдық-ағартушылық ұстанымын айқын көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының қазіргі мәні. Қазақ білім беру жүйесін жаңғырту кезеңінде Байтұрсынұлының мұрасы ерекше мәнге ие. Оның еңбектері – ұлттық мектептің теориялық негізі ғана емес, бүгінгі білім беру реформаларына бағыт беретін құндылықтар жиынтығы.

Ең алдымен, ғалымның тіл ғылымына қосқан үлесі қазіргі кезеңде ерекше мәнге ие. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру, ұлттық жазу мен емле жүйесін қалыптастыру жолындағы еңбектері қазіргі мемлекеттік тіл саясатына негіз болды. Бүгінде латын графикасына көшу үдерісінде Байтұрсынұлының «Жаңа емле» тәжірибесі құнды әдістемелік бағдар болып отыр.

Екіншіден, оның педагогикалық идеялары бүгінгі білім беру жүйесімен үндес. «Мектептің жаны – мұғалім» деген тұжырымы қазіргі заман мұғалімінің кәсіби рөлін айқындауда аса өзекті. Құзыреттілікке негізделген білім беруде Байтұрсынұлы ұсынған оқушының жас ерекшелігіне сай оқыту, тіл арқылы ойлауын дамыту қағидалары әлі күнге дейін тиімді.

Үшіншіден, Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық, ұлттық сана-сезімді ояту жолындағы еңбектері қазіргі рухани жаңғыру саясатына тікелей үндеседі. «Қазақ» газеті арқылы халыққа білімнің, мәдениеттің, елдік бірліктің қажеттігін түсіндіруі – бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайында да құндылығын жоғалтпаған идея.

Сонымен бірге, ғалымның әдебиеттану саласындағы мұрасы да бүгінгі ғылыми ойға негіз болып отыр. «Әдебиет танытқышта» айқындалған ұғымдар қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының терминологиялық қорының негізіне айналды. Ұлттық әдеби мұраны сақтау, насихаттау ісінде Байтұрсынұлының көзқарасы бүгінгі гуманитарлық ғылымдармен тікелей сабақтас. Қазақ тілін дамыту мен қолдану саясаты да оның «тіл – ұлттың жаны» деген ұстанымымен үйлеседі. Бүгінгі таңда тіл саясатына қатысты мәселелерде Ахметтің мұрасы ғылыми әрі әдістемелік негіз болып отыр. Қазіргі заманғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да Ахмет идеяларымен үндеседі. Өйткені ол ұлтты өркендетудің басты жолын білім мен ғылымнан көрді. Сонымен қатар, оқулық жазу, білім беру әдістемесін жетілдіру ісіндегі тәжірибесі бүгінгі педагогтарға да үлгі болып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының тарихындағы аса ірі тұлға, ғалым, педагог, қоғам қайраткері және ұлттық ағартушы. Ол өз еңбектері арқылы қазақ тіл білімінің негізін қалап, ұлттық мектеп пен оқулық жасаудың алғашқы қадамдарын жасады. Сонымен бірге, қазақ қоғамының саяси және мәдени дамуына белсенді араласып, халықтың сауатын ашуға, ұлттық сананы оятуға қызмет етті.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы – тек тарихи ескерткіш қана емес, бүгінгі күннің де құндылығы. Оның тіл саясатына қатысты ұстанымдары қазіргі мемлекеттік тілдің дамуына бағыт-бағдар береді. Педагогикалық көзқарастары Қазақстандағы білім беру жүйесі үшін әлі де өзекті. Ал қоғамдық-ағартушылық қызметі – ұлттың мәдени және рухани жаңғыруына үлгі. Ғалымның «Елді түзетуді бала оқытудан бастау керек» деген ұстанымы бүгінгі ұрпаққа да арналып айтылғандай. Өйткені ұлттық білім беру, ана тілін қорғау, рухани құндылықтарды дәріптеу – тәуелсіз мемлекеттің болашағын айқындайтын басты бағыттар. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен идеялары – ұрпаққа өнеге, ұлттық руханияттың темірқазығы. Оның ғылым мен ағарту жолындағы мұрасы ешқашан өз маңызын жоймайды және болашақта да қазақстандық қоғам үшін бағдаршам бола бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл-кұрал. – Орынбор, 1914–1916.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда: 1926.
3. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.
4. Әбдіғазиев Б. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ руханияты. – Алматы: Санат, 2002.
5. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. – Алматы: Білім, 1997.
6. Қирабаев С. Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі. – Алматы: Ғылым, 1998.
7. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969.
8. Оразбаева Ф.Ш. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тіл білімі мен әдістеме негізін қалаушы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
9. Ахмет Байтұрсынұлы энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2017.
10. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. Ахмет Байтұрсынұлына қатысты құжаттар жинағы. – Алматы, 2022.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ЗОЛОТОЙ СТЕРЖЕНЬ ПРОСВЕЩЕНИЯ**Тойынбекова М.С., преподаватель**

Жамбылский гуманитарный высший колледж имени Абая, г. Тараз.

E-mail: InigaTMS@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – одна из ключевых фигур в истории казахского народа. Учёный, лингвист, педагог, поэт, публицист, общественный деятель – его имя неразрывно связано с возрождением казахской национальной идентичности. Он оставил неизгладимый след в области просвещения, науки, лингвистики и литературы. Байтұрсынұлы был не только выдающимся учёным и педагогом, но и борцом за права казахского народа, за развитие родного языка и национального самосознания. Он был одним из лидеров движения «Алаш» и первым народным комиссаром просвещения Казахской АССР. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеткен ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болмақ» – говорит об этом М. Әуезов.

Всю современную лингвистическую терминологию разработал Ахмет Байтұрсынұлы. Алфавит, фонетика, грамматика и синтаксис казахского языка, теория литературы и история культуры – вот области, в которых проявился его талант. Напомним, что Ахмет Байтұрсынұлы создал «Әліппе» и первые учебники на казахском языке. С 1914 по 1925 год были опубликованы его учебники «Тіл құрал», которые остаются актуальными и сегодня.

Одним из самых значимых достижений А. Байтұрсынұлы стало создание реформированной казахской графики на основе арабской письменности. Многие учёные называли это «письмом Байтұрсынұлы», «национальной письменностью», «упорядоченной письменностью», а сам Ахмет ата называл её «казахским письмом». Народ же окрестил её «төте жазу» [1] (прямое письмо). Учёный начал работать над ней в 1910 году и подготовил за каких-то два года. В 1912 году он представил её широкой публике. Ахмет Байтұрсынұлы стал первым казахским учёным, внёсшим изменения в арабскую графику, которая оставалась неизменной веками. Эта письменность использовалась около 16 лет и была официально утверждена в 1924 году.

Эта система была адаптирована под фонетику казахского языка, сделав письменную речь доступной для широких масс. Он также является автором первого учебника по грамматике казахского языка – «Тіл-құрал», который долгое время служил основой в школьном обучении.

А. Байтұрсынұлы разделил грамматику на морфологию, синтаксис и фонетику, ввёл термины на казахском языке, что стало основой для современной терминологии. Его научные труды заложили фундамент казахского языкознания как самостоятельной науки.

Именно он ввел понятие «ана тілі», что переводится как «родной язык» или «язык матери». Это очень точно и глубоко, ведь первые слова, как и первые шаги, ребенок осваивает вместе с матерью, перенимая от нее не только язык общения, но и основы слушания, говорения и диалога. Помимо работ по языкознанию, Ахмет Байтұрсынұлы придавал большое значение духовному развитию личности, подчеркивая важность прогрессивных идей и образования, чтобы народ мог идти в ногу с прогрессом.

Не случайно Ахмета Байтұрсынұлы считают личностью, посвятившей себя служению своему народу. Он жил в эпоху перемен, его жизненный путь был полон трудностей и испытаний, но он стал ориентиром и источником вдохновения для миллионов в период неопределенности. Ахмет с ранних лет понимал важность образования и начал свою педагогическую карьеру в 1895 году, преподавая в различных аульских школах. Начав свой путь как простой учитель, он преподавал в школах Актюбинского и Акмолинского уездов, одновременно продолжая самообразование. В своих стихах, статьях и речах он призывал к борьбе с несправедливостью и отстаивал свободу человеческого труда.

«Учитель – это сердце и основа школы», – писал Ахмет Байтұрсынұлы, подчеркивая значимость роли педагога. Он считал, что успех образовательного процесса напрямую зависит от профессионализма учителя, и с этим трудно поспорить. Он приложил огромные усилия для того, чтобы педагоги казахских школ совершенствовали свои знания и навыки. В своих работах он акцентировал внимание на важности повышения культурного уровня учителей, разработки методик обучения и воспитания гармонично развитой личности. Неустанно трудясь на благо просвещения народа, он не подозревал, что его назовут Учителем нации. Он работал не ради наград или почестей, а из искренней любви к своему народу, будучи истинным патриотом и педагогом по призванию.

В труде «Об обучении по-казахски» он сформулировал ключевые требования к учителю: глубокое знание методики преподавания, понимание психологии детей и теоретических основ образовательного процесса. «Следует помнить, что любое дело будет выполнено качественно и быстро, если за него возьмется компетентный человек. Это относится не только к физическому, но и к интеллектуальному труду.

Педагоги, работающие с детьми, должны в совершенстве владеть методикой. Чтобы эффективно учить, нужно самому глубоко освоить предмет преподавания. Кроме того, учитель должен понимать природу ребенка и уметь распознавать его настроение. Для этого необходимо знать особенности физического и умственного развития детей с раннего возраста, уметь определять их внутреннее состояние по поведению.

У просвещенных народов обучением занимаются люди, специально подготовленные в области педагогики. Это логично, ведь если судья изучает юриспруденцию, а врач – медицину, то педагог тем более должен быть профессионально подготовлен к своей работе», – отмечал Ахмет Байтұрсынұлы.

В Казахстане его имя носят более 200 улиц, 39 школ и один музей. Это неудивительно, ведь он посвятил всю свою жизнь служению интересам народа, неустанно трудясь ради сохранения и возвышения казахского языка.

Он разработал учебники и методические пособия, такие как «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914) и «Баяншы» (1920), которые стали основой для обучения казахскому языку и грамматике [2]. Он считал, что через образование можно пробудить нацию и построить сознательное общество.

В своих трудах он подчеркивал важность обучения на родном языке, поднимал вопросы нравственного и патриотического воспитания, важности чтения, культуры речи и осознанного отношения к обучению и предлагал реформы в системе начального образования, создания национальной системы образования. В статье «Бастауыш мектеп» (1914) он предложил, чтобы начальные школы обучали детей сначала на казахском, а затем на русском языках, и включали предметы, такие как родной язык, история, география и естественные науки [3].

Ахмет Байтұрсынұлы – безусловно, был лидером, вдохновителем национального духа, одним из вождей движения «Алаш», целью которого было создание автономии и развитие нации и всего казахского народа. Он был главным редактором первой казахской газеты «Қазақ». Вместе с Алиханом Букейханом и Мыржақыпом Дулатұлы они издавали его в Оренбурге, где публиковал статьи по вопросам образования, культуры, прав народа и политики. Газета «Қазақ» в трудные времена стала для народа источником света и поддержки. Через газету Ахмет продвигал идеи просвещения и национального самосознания [4]. Он был убежден: чтобы быть свободным, народ должен быть образованным. Его идеи о свободе, независимости и необходимости научного развития остаются актуальными и сегодня.

Байтұрсынұлы был активным участником общественной жизни. Он также участвовал в работе Временного народного совета Алаш-Орды и был членом Коммунистической партии после 1919 года. Однако в 1929 году он был арестован и сослан, а в 1937 году – расстрелян. В 1988 году реабилитирован.

Ахмет Байтұрсынұлы оставил после себя богатое научное, литературное и духовное наследие. Его работы изучаются в вузах, его имя носят школы, университеты, улицы. В 2022 году на государственном уровне был отмечен его 150-летний юбилей.

Он стал символом служения народу, науки и просвещения. Его пример вдохновляет молодых педагогов, учёных, студентов и всех, кто верит в силу знаний и национальных ценностей. Он жил, творил и работал более ста лет назад, но его труды остаются актуальными и по сей день, служа образцом для научного изучения языка.

Для казахского народа число 7 считается священным, потому что с ним связано множество понятий, символов и традиций. Имя Байтұрсынова тоже связано с этим числом. 7 научных достижений Ахмета Байтұрсынұлы:

- прежде всего, Ахмет Байтұрсынұлы – это человек, придумавший новую письменность (алфавит);

- является основоположником науки о казахском языке;

- основал литературоведение как научную дисциплину;

- был педагогом, заложившим основы казахских учебников;

- считается первым представителем науки о культуре (культурологии);

- был хорошо осведомлён и в географии;

- был первым министром науки и образования.

У учёного есть небольшой труд под названием «Шаруа өзгерісі» («Изменения в хозяйстве»). Он создал алфавит, который точно передаёт звуки казахского языка и легко читается. В 1920-1922 годах исполнял обязанности председателя Академического центра при Краевом Народном комиссариате, который был эквивалентен современному Министерству образования.

Таким образом, Ахмет Байтұрсынұлы – это не только великий учёный это символ казахской науки, педагогики и борьбы за национальное самосознание. Это человек, посвятивший свою жизнь народу, науке и будущему страны. Его вклад в язык, образование и культуру трудно переоценить. Его жизнь – пример для подражания. Его идеи – светоч для следующих поколений. Изучая его жизнь и труды, мы не только уважаем прошлое, но и черпаем вдохновение для будущего.

Использованные литературы:

1. Байтұрсынов А. Тіл құралы». - Орынбор, 1914.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов – Учитель Нации. - Алматы, 2022.
3. Байтұрсыновский арабский алфавит. Википедия.
(https://ru.wikipedia.org/wiki/Байтұрсыновский_арабский_алфавит)
4. А. Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасы мен қызметі. KZNEWS.KZ.
(<https://www.kznews.kz/article/a-bajtursynovtyyn-pedagogikalyq-kozqarasy-men-qyzmeti>)
5. «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту, әдебиет мәселесі. e-history.kz. (<https://e-history.kz/kz/news/show/340153>)
6. Қирабаев С. Ахмет Байтұрсынов және қазақ әдебиеті. - Алматы: Рауан, 1993.
7. Нұрғалиев Р. Әдебиет және парасат. - Алматы: Санат, 1998.
8. Қазақ энциклопедиясы. - Алматы, 2005.
9. <https://massaget.kz/persona/ahmet-baytursynulyinyin-gyilyimga-koskan-7-janalygyi-71483/>
10. <https://kazislam.kz/ru/2024/09/ahmet-bajtursynuly-uchitel-nacii/>

2 СЕКЦИЯ



А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

ИСТОРИЧЕСКО-СОЦИАЛЬНЫЕ ВЗГЛЯДЫ А. БАЙТУРСЫНУЛЫ И М. ДУЛАТУЛЫ



ӘОЖ 1751

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ «ОЯН, ҚАЗАҚ!» ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Тлебалдина Н.Қ., п.ғ.к., аға оқытушы
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Қазақстан
Nurgul6161@mail.ru

Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси жағдайы күрделі де ауыр болды. Ресей империясының отарлық саясаты қазақ жеріне орнығып, халықтың тұрмыс-тіршілігіне орасан зиянын тигізді. Ұлттық сана әлсіреп, білім-ғылымнан алшақтаған қазақ жұрты артта қалған, езгіде отырған халыққа айналды. Осындай тарихи кезеңде ұлттық мүддені қорғап, халықты оятуды мақсат тұтқан қазақ зиялыларының рөлі ерекше болды. Солардың ішінде Міржақып Дулатұлының шығармашылық және саяси қызметі айрықша орын алады.

Ұлт қамы үшін ширығып, халық қамын жасаудың жолдарын іздеген Міржақып Дулатұлы ел ағалары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтармен пікірлес, мұраттас, ниеттес болады. Осы зиялылардың арасындағы достық қатынас Алаш азаттығы жолына арналады.

1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген «Оян, қазақ!» жинағы қазақ әдебиеті мен саяси ойының даму тарихында жаңа кезеңнің басталуына түрткі болып, қазақ халқының ұлттық санасының оянуына ерекше ықпал еткен туынды ретінде тарихта қалды. Бұл кітап халықты оятқан ұранға, азаттық идеясының бастауы болған рухани құбылысқа айналды және қазақ қоғамының артта қалуы, жер мәселесі, отарлық езгі, халықты оқу-білімге шақыру сынды өткір мәселелерді көтерді. Алайда патша үкіметі бұл еңбекті қауіпті деп танып, кітапқа қатаң тыйым салды.

Шығармада Дулатов қазақ халқын надандық, қараңғылық, отарлық тәуелділіктен құтылып, білімге, бірлікке шақырады. Автор халықтың артта қалуының басты себептерін – жерден айырылу, оқу-білімнің жетіспеушілігі, ұлттық намыстың төмендеуі деп көрсетеді. Бұл туынды саяси үндеу сипатына ие болды, сондықтан қазақ қоғамында ұлттық қозғалыстың рухани тірегіне айналды.

1909 жылы Қазан қаласында жарық көрген жинақ аз уақыт ішінде халық арасына кеңінен тарады. Патша әкімшілігі бұл кітапты «халықты үкіметке қарсы үгіттейді» деп бағалап, қазақ даласына таратылуына шектеу қойды. 1911 жылы Орынбор цензура комитеті кітапты тәркілеу туралы қаулы қабылдап, кітап дүкендерінен, кітапханалардан жинап алуды міндеттеді. М. Дулатовтың өзі де қудалауға ұшырап, полиция тарапынан бақылауда болды.

Тарихшы К. Нұрпейісов еңбектерінде «Оян, қазақ!» ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлттық қозғалысының идеялық бастауы ретінде қарастырылып, оның тыйым салынуы халықтың азаттық санасының күшейгенін дәлелдейді. М. Қойгелдиев зерттеулерінде патша үкіметінің цензуралық саясатына талдау жасалып, «Оян, қазақ!» тәркіленген шығармалардың қатарында болғаны нақты мұрағаттық құжаттар арқылы дәлелденген.

Кеңес дәуірінде бұл еңбек «ұлтшылдық бағыттағы» деп бағаланып, 1989 жылға дейін ашық жарияланбады. Жинақтың ресми түрде тыйым салынуы оның халық арасына таралуына кедергі бола алмады. Кітап жасырын түрде қолдан көшіріліп, ауыл-ауылға таралды. Бұл жағдай қазақ оқығандарының саяси күрескерлік қызметін күшейтіп, «Алаш» қозғалысының идеологиялық негіздерінің қалыптасуына ықпал етті.

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» еңбегі – қазақ халқының ұлттық санасын оятқан ұлы туынды. Оның патша үкіметі тарапынан қуғындалуы шығарманың қауіптілігі мен өткірлігін емес, қайта оның халыққа тигізген ықпалының күшін дәлелдейді.

Бүгінде «Оян, қазақ!» тек әдеби мұра емес, сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси күресінің символына айналған тарихи құжат болып отыр.

«Оян, қазақ!» жинағына енген өлеңдерді саралап көрсетейік: «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Қазақ халқының бұрынғы мағишаты», «Өнермен хасыл болған мәселелер», «Сайлаулар хақында», «Қазақ жерлері», «Мешіт-медресе хақында», «Қазақ халқына діни бір уағыз», «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға», «Жастарға», «таршылық халіміз хақында аз мінәжат», «Жесір даулары», «Насихат ғұмумия» т.б.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресей империясының отарлау саясаты күшейе түсті. Қазақ даласындағы шұрайлы жерлер тартып алынып, орыс мұжықтарына таратылды. Халық саяси құқығынан айырылып, жергілікті басқару жүйесі патша үкіметінің бақылауына өтті. Сонымен қатар қазақ халқының басым бөлігі сауатсыз еді. Діни медреселер болғанымен, зайырлы білім жүйесі дамымады. Жерден айрылған халық кедейленіп, әлеуметтік жағдайы төмендеді. Осындай ортада халықтың ұлттық санасы әлсіреп, бодандыққа бойсұнған күй кешті. Міне, осындай тарихи жағдайда қазақ зиялылары халықты «ояту», білімге, бірлікке, азаттыққа шақыруды басты міндет деп білген Міржақып Дулатұлы өзінің «Оян, қазақ!» еңбегі арқылы жүзеге асырды.

«Оян, қазақ!» жинағының алғашқы жолдары:

Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,

Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай?

Шамаңды қадри хал көрсетсеңші,

Байғұыс-ау, оянсаңшы қарап жатпай [1, 3 б.].

Бұл шумақта ақын идеялық мақсаты мен биік рухы «Оян» сөзі арқылы көрсетеді. Ақынның негізгі идеясы – халықты қараңғылықтан шығарып, білімге жетелеу, намысын ояту. Академик С. Қирабаевтың «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» атты ғылыми мақаласында: «Оян, қазақ!» – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ең үлкен жаңалығы. Бұл шығарма қазақ халқының санасын сілкіндіріп, азаттыққа жетелеген рухани құбылыс болды. Ол Абайдан кейінгі ағартушылық дәстүрді жаңа саяси деңгейге көтерді» [2, 17 б.] деген құнды пікір білдіреді.

«Оян, қазақ!» – мазмұны жағынан халықты тікелей әрекетке шақырған саяси-әлеуметтік туынды деуімізге болады, өйткені ақын шығармасында қазақ халқының мүшкіл халін ашық бейнелеп, мынадай негізгі ойларды саралайды:

- қазақ халқының надандығы мен қараңғылығы оның әлсіреуіне себеп болып отырғаны;

- отарлық езгінің халықтың тұрмысына тигізген зардабы;
- халықтың жерінен айырылып, отаршыл биліктің қысымына түскені;
- бұл тығырықтан шығудың жолы – оқу-білімге ұмтылу, бірлікке келу, намысты ояту.

Ақын халықты:

«Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,
Кеттік қой отқа күйіп, өрттен қашпай.

Әр халық алға кетіп жатса дағы,
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай...
Күн көреміз қайда барып, Алашым?
Білгіштерің хал мүшкілін қарасын.

Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң,

Әркім жейді біздің қазақ баласын...» [1, 6 б.] – деп, халықтың басындағы ауыр қасіретке қиналып, енді одан шығу жолдарын қарастырады.

«Қараңғыда қапастан,

Жалқаулықтан, надандықтан

Тұр, қазақ, оян, көз аш!» – деп, ұлттың болашағы үшін әрекет етуге үндейді.

Жинақтың атауының өзі – «Оян, қазақ!» – бүкіл халықтың ұранына айналып, ұлттық қозғалыстың символдық мәніне ие болды.

Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» еңбегінің саяси маңызы бірнеше қырынан көруге болады:

1. Ұлттық сананы оятты. Өлеңдер халықтың бодандық жағдайын нақты бейнелеп, олардың өз тағдырын өз қолына алу қажеттігін түсіндірді. Қазаққа тәуелсіздік идеясы алғаш рет кең көлемде насихатталды.

2. Алаш қозғалысының рухани негізін қалады. «Оян, қазақ!» Алаш қозғалысының басты рухани тірегіне айналды. Бұл кітаптағы идеялар кейін Алаш партиясының саяси бағдарламасында жалғасын тапты.

3. Отарлық саясатқа қарсылық танытты. Дулатұлы отарлау саясатының зардаптарын ашық көрсетті. Халықтың жерсіз қалуы, кедейшілікке ұшырауы – шығарманың негізгі тақырыптарының бірі. Бұл отарлық жүйеге қарсылықтың әдеби манифесі болды.

4. Жастарға жол көрсетті. Ақын өлеңдерінде білімнің, ғылымның маңызын ерекше атап, жастарды ел болашағы үшін қызмет етуге шақырды. Ол халықты надандықтан құтқаратын күш-жаңа білім екенін нақты көрсетті.

5. Саяси қуғын-сүргінге себеп болды. Бұл кітап патша үкіметінің қатаң бақылауына ілікті. Көп ұзамай «Оян, қазақ!» тыйым салынған шығармалар қатарына қосылды.

6. Ол халыққа тәуелсіздік идеясын жеткізді, ұлттық сананы оятты, азаттық жолындағы қозғалыстарға дем берді. Бұл да оның саяси ықпалының зор болғанын дәлелдеді.

Бұл еңбек туралы тарихшы ғалым Е. Бекмаханов: «Бұл еңбек – отарлық саясатқа қарсы алғашқылардың бірі болып ашық үн көтерген шығарма. Ол халықтың саяси санасының өсуіне зор ықпал етті» [3, 73 б.] десе, Р. Нұрғали: «Оян, қазақ!» – тек әдеби шығарма емес, ол – саяси манифест.

Бұл кітаптың жарық көруі – қазақ қоғамындағы ой-сана серпілісінің айғағы» [4, 56 б.] деп, жоғары баға берген ғалымдардың пікірлерінен көріп отырғанымыздай, «Оян, қазақ!» тек әдебиет үлгісі емес, ол – тарихи мәні бар саяси-әлеуметтік құбылыс. Ол ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының ең өзекті мәселелерін көтерді және халықтың санасын азаттыққа дайындады.

Қорытындылай келе, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» шығармасы – қазақ тарихындағы саяси-әлеуметтік ойдың дамуына өлшеусіз үлес қосқан туынды. Ол – ұлттық тәуелсіздік идеясының алғашқы жаршысы, халықты оятқан рухани манифест.

«Оян, қазақ!» – ұлтты бодандықтан құтқаруға бағытталған ұран ғана емес, тәуелсіз Қазақстан идеясының бастауы. Бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ та, Міржақып Дулатұлының еңбегі өзектілігін жойған жоқ. Ол бізге білімнің, бірліктің, азаттықтың мәңгілік құндылық екенін еске салып отырары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы, 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. – 344 б.
2. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. -17 б.
3. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20–40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. -73 б.
4. Нұрғали Р. Қазақ революцияшыл демократиялық әдебиеті. – Алматы: Қазақстан, 1999. - 56 б.

ӘОЖ 821.512.122

КӨКБАЙ МЕН МІРЖАҚЫП СӨЗ ТАРТЫСЫ: ТАРИХИ-ӘДЕБИ КОНТЕКСТ

Әубәкір Ж.М., ф.ғ.к., доцент

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, Астана қ.
kokwe7575@gmail.com

Ұлы Абайдың шәкірттерінің ішінде суырыпсалмалық өнерге ең жүйрік ақын ретінде танылған Көкбай Жанатайұлының көптеген айтыс-қағыстары бүгінге дейін сақталған. Ақын мен импровизация – егіз ұғым. Бұл қасиеттердің екеуі де Көкбай ақынның бойынан айқын көрініс тапқан. Ол өз заманының білімді, ұшқыр ойлы, өткір тілді өкілі ретінде танылады. Ақындығына суырып салмалығы сай, оқыған, тоқығаны мол Көкбай ақын өзі ұнатқан адамын бірден өлеңмен мақтап өтсе, жаратпағандарын қолма-қол сынап тастауымен қатар, көптеген ақындармен сөз жарыстырып, қағыстарға қатысып қалып жүрген. Импровизатор ақынның сөз қағыстарының дені аяқ астынан көпшілік ортасында туындап отырған. Көкбай қағыстарын көшелі ақындар айтысымен салыстыруға келмес, сонда да айтыс өнерінің алтын қорынан орын алары сөзсіз.

Көкбай қағыстары көлемі жағынан шағын болып келгенімен, мазмұн, мағына жағынан ешбір айтыстардан кем түспейді, айтылған жерде ойып түсетін өткірлігімен, шындықты бетке айтатын адалдығымен, әзіл-қалжыңды орынды қолданатын тапқырлығымен ерекшеленеді. Бұл қасиеттер Көкбай поэзиясын даралайтындығы анық.

Жас кезінде ән-жырға, ойын-сауыққа құмар Көкбай ауыл арасында әншілігімен де, ақындығымен де танылған. Көкбай жүрген жерінде өзі ұнатпаған адамды табан астында, көзіне түскенде немесе оғаш іс-қимылдарды байқап қалған кезде бірден өлеңмен түйреп тастап отырған. Кейде біреуге суырып салып қалжың өлең айтса, кейде айқын сынмен жауап берген. Бұл қасиеттер оның ақындық өнерін шыңдай түсті. Ауылдағы талапты жас ақын қалаға келіп білім алып, кейін Абай тәрбиесін көрген соң, өзінің таным көкжиегін кеңейтіп, ақындығы жаңа деңгейге көтерілді. Енді Көкбай ауыл ішінің жай ақыны емес, оқығаны мен тоқығаны мол, импровизацияға жүйрік, ұшқыр ойлы, өткір тілді ақын болады.

Көкбайдың ең алғашқы өлеңмен қағысуы, сөз жарыстыруы, айтысуы Семейдегі училищеде оқып жүрген кезінде болған. Одан кейінгі шығармашылық жолында да ол көптеген өлеңдер мен поэмалар жазумен қатар, Көкбайдың Әріп, Біралы, Саржан, Жүнісхан, Кемпірбай және Міржақыппен қағыстары сақталған. Олардың көпшілігі табан астында суырылып салып айтылған болса, кейбіреулері екі ақынның бір-бірімен хат арқылы жазысып айтысқан үлгісі. Қалай болған күнде де, Көкбай қағысуларынан оның ұшқыр ойы мен нысанаға дәл тигізер сөз өткірлігі айқын байқалады. Хат арқылы айтысқан қағысуларын да

ол табан астында шығарып отырған. Өз ойын хатпен жеткізген немесе жазбаша айтыс тілеген ақынға дәл сондай түрде жауап қайтарған.

«Жазып айтысу дәстүрі әдебиетімізде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде аса бір мол серпінмен дамыған. Бұл тұста екі ақынның хатпен жазысып айтысу салтына қоса енді көптеген ақындардың бір күрделі тақырып төңірегінде топтасып айтысу дәстүрі де кең орын тебеді», - дейді М. Жармұқамедов [1, 49 б.].

Жазба айтыс түрі туралы М. Әуезов былай дейді: «Ақындығына сай оқуы, білімі бар ақындар айтыстың өзін ауызша емес, жазбаша жүргізетін де болған. Мәшһүр Жүсіп, Нұрқожа, Мұса, Нұржан Наушабаевтар халыққа қадірлі болған айтыс үлгісін жазба айтысқа қолданған» [2, 311 б.]. Көкбайдың Әріппен бірлі-екілі айтысы, Міржақыппен айтысы жазбаша түрде өткен.

Міржақып пен Көкбайдың осы бір сөз қағысының жариялану, танылу тарихына да тоқтала кетелік...

1990 жылы Шығыс Қазақстан облысының «Коммунизм туы» газетінде «Оқыңыз, қызық» деген айдармен «Халық зердесінде сақталған» атты мақала мен өлең жарияланған [3]. Бұл өлеңді Көкбай мен Әубәкір айтысы деп көрсеткен. Алайда, бұл Көкбайдың Әубәкірмен емес, Міржақыппен айтысы. Көкбай мен Міржақыптың бұл жазбаша айтысы Абай музейінің архив қорында [4], сондай-ақ Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы [5].

Бұл айтыс туралы М. Әуезов: «Молдалықты тастады, мешітін жапты» деп Көкбайды ескі діншіл, реакцияшыл, ақсақалдық, ғұламалық көне жолға қайта тартқысы келген байшыл-ұлтшыл болған еді» [6, 144 б.], – деп Көкбай мен Міржақыптың айтысқандығы туралы тұспалдап болса тоқталған. Ол кезде Міржақыптың атын атауға тиым салынғаны белгілі.

Айтыстың қай жылдары болғандығы туралы әртүрлі пікір бар. «Айтыс шамамен 1920-21 жылдары болса керек. Осы кезеңде М. Дулатов Семейде, кейінірек Шыңғыстауда кеңес соты болған» [7], – деген пікір мен Қ. Мұхамедханұлының да «Бұл өлең 1922 жылы Міржақып Семейде заң орнында тергеуші қызметін атқарып жүрген кезде жазылған деуге болады» [8, 169], – деген ойы бір-біріне жақын. Ал, М. Дулатұлының шыққан екі шығармалар жинағында да [9] бұл өлеңдер 1917-18 жылдары жазылған делінеді.

Айтыс 1922 жылдың бас кезінде болған. Ол кезде Міржақыптың Семейде болғандығын мына құжат айғақтайды:

«Дело о службе члена Семипалатинского губернского совета народных судей товарища Дулатова. Выписка из журнала общего собрания Семгубнарсуда от 8-го декабря 1921 года. Слушали: 1. Словесное предложение Предгубнарсуда о явке сего числа к исполнению обязанности члена совнарсуда товарища Дулатова. Постановили: Предложить товарищу Дулатову вступить с сего числа в исполнении обязанностей зам. предгубнарсуда, возложив на него заведывание всеми киргизскими делами и участками в губернии и инструктированием судей и следователей киргиз» [10].

Сонымен қатар Міржақып өлеңінде кездесетін: «Бұл күнде жасы алпысқа жеткен дейді» - деген жолдың өзі 1861 жылы туған Көкбайдың 1921 жылы алпысқа толып, айтыстың осы кезеңде өткендігін дәлелдей түседі. Көкбай медіресесінде де 1921 жылдан бастап сабақ берілмегендігі де осы пікірлерге негіз болады.

Шыңғыстауға жұмыс бабымен келген Міржақып Көкбай медресесінде сабақ жүрмейтінін, мешіттің көбіне бос тұрғанын естіп, астарлы түрде былай деп өлең жазып қалдырады:

Ертеде Бозша деген ел болыпты,
Мекені Тұңғыш деген жер болыпты.
Өзі ғалым, құдайдың үйін көрген,
Сол елде Бозбай деген ер болыпты.

Көкбайды – Бозбай, Шыңғысты – Тұңғыш, Көкше елін – Бозша деп астарлы тілмен өлең шығарады. Бұрын медресесінде мұсылманша, дін жолын оқытқан, мешітінде намаз

оқылып, халық жиналған Көкбайды шариғат жолынан шығып, жаман атаққа ие болыпсың деп жазғырады.

Өзіне мешкей атақ ілініпті,
Бұл мінез жұртқа тегіс білініпті
Күніне екі-үш мезгіл ет жейтін боп,

Өткізген енді солай тіршілікті, – деп Көкбайдың жеке басына да соқтығып кетеді. Астарлы түрде жазылған бұл өлеңді Міржақып Көкбай үйіне тастап, «жауабын күтемін» деп жүріп кетеді. Екі-үш күннен кейін үйіне келген Көкбай қағазды оқып, қолма-қол өлең жазып, оны баласы Ахметқалидан Тұрағұлдың үйінде жатқан Міржақыпқа беріп жібереді.

«Өлеңмен мені біреу жамандаған,
Сөйтсе-дағы ретін таба алмаған», – дей келіп, Көкбай:
«Нысананы дәл атқан мерген қайда,

Ақбөкен деп қарды атқан аңғал мерген», – деп Міржақып терген міндердің орынсыз екендігін айтып, жамандамас бұрын не себептен оқудың тоқталғандығын сұрап алмағандығын ақынның басына кінә етіп тағады.

Өзінің жиырма жыл бойы бала жиып оқытқанын, бұл жолда көптеген ауыртпашылық, қиыншылықтардың болғандығын, жалғыз өзі көп тер төккендігін де жасырмайды. Қазіргі таңда заманның өзгергендігін, жаңаға ескінің қожа бола алмайтынын баса айта кетіп, бір өзгерістің болатынын Абайдан бұрынырақ естігенін, жаңа оқу жүйесін ұстазының асыға тосқандығын Міржақыпқа ұғындырады.

Босаттым медіресемді мұғалімге,
Берейін иесі сол, енді кімге? – дей келіп Көкбай:

Адамзатты билейді заманасы,
Жүр деген соқпағынан табыл дейді, – деп заманның өзгергенін, өзінің ескі жолынан уақыт талабына байланысты шығып, жаңа жолға көнгендігін айтады.

Екеуміз сынатайық ағайынға,
Сондағы айтар дауыңды тағайында.

Сен сөкті деп ескіше бала жиып,
Көшкен жұртқа қаңғырып лағайын ба?

Сондықтан да «Шырағым, өзің қаңғыр, менен аулақ, Жамандасаң жаманда мені жаулап» дейді Көкбай.

Жауап өлеңді оқыған Міржақып Дулатұлы шындығында да ақбөкен деп қарды атқан мергендей ағат кеткенін түсінеді.

Көке аға, осы күнде мен жаспын ғой,
Жай-күйіңді біле алмай адастым ғой.
Көп жылдар мешеу қалған халық үшін,
«Алаш» деп, «большебек» деп таластым ғой.

Ал, Көке жазған сөзді кешіріңіз,
Жариялатпай қатесін өшіріңіз.
Жаңа заң, жаңа үкімет түсініпсіз

Аяқты ұзын көлбеп көсіліңіз [11], – деп Көкбайға жауап хат жазып, өлеңмен кешірім сұрап, ақсақалдың алдындағы ағаттығын мойындайды. Жасы үлкен ақынға өзіңіз түсінген жолдың дұрыстығын ел арасына, азаматтарға айта жүріңіз деп інілік назын да білдірген.

К. Жанатайұлының айтыс-қағыстарынан оның шешендігі мен өткірлігін, тапқырлығын байқаймыз. Ол қарсыласының қапысын тауып, ең бір ұрымтал жерінен ұстап айтады. Ақын аз сөзбен алғыр ой айтуға шебер екендігін көптеген қағысуларында көрсете алған. Әзіл-қалжыңға, әділ шындыққа негізделген ақын қағысулары айтыс төрінен орын алары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жармұқамедов М. Айтыстың даму жолдары. - Алматы: Ғылым. 1976. - 168 б.

2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы: - Алматы: Жазушы. Т.17. - 1988. – 352 б.
3. Нұқаев Т. Халық зердесінде сақталған // Коммунизм туы. 1990, 23 наурыз
4. Абай мұражайы. 48-папка
5. ҚРҰҒА ОҒКҚ. 628-папка, 4-дәптер, 3-4 б.
6. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құралы. - Алматы: Санат, 1997. - 448 б.
7. Серікбаев Н. Өлеңнің анық иесі кім? // Семей таңы, 1990, 29 қыркүйек.
8. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері // Екінші кітап. - Алматы: Дәуір. 1994. - 336 б.
9. Дулатов М. Шығармалары: - Алматы: Жазушы, 1991. - 384 б.
10. Семей қалалық архиві. 226-қор, 118-іс, 1-св.
11. М.Дулатов шығармалары. - Алматы: Ғылым, 1996.

УДК 94 (574)

АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И ДВИЖЕНИЕ АЛАШ: ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ИСТОКИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Сейтов Э.Т., к.и.н.

Учреждение «Esil University», г. Астана
E-mail: seitov_erik@mail.ru

Аннотация. В данной статье исследуется важная роль Ахмета Байтурсынулы как одного из идеологов и практических лидеров движения Алаш. Анализируется его многогранная деятельность: от филологических и педагогических трудов, заложивших основы современного казахского литературного языка и национального самосознания, до непосредственного политического руководства в период революционных потрясений. Статья прослеживает эволюцию его взглядов от культурного просветительства к идее национально-территориальной автономии в составе демократической России. Особое внимание уделяется анализу программных документов Алаш-Орды, в разработке которых А. Байтурсынулы принял ключевое участие, а также трагическому противостоянию с советской властью, закончившемуся репрессиями и гибелью лидеров движения. Методологическую основу исследования составляют историко-генетический и историко-системный методы, позволяющие рассмотреть феномен А. Байтурсынулы в контексте эпохи. Делается вывод о том, что его наследие и движение Алаш стало фундаментальной основой для возрождения казахской государственности в конце XX века.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынулы, движение Алаш, Алаш-Орда, казахская интеллигенция, джадидизм, национально-освободительное движение, автономия, репрессии, казахская государственность.

Введение. На рубеже XIX-XX веков казахская степь переживала глубокий социокультурный и политический кризис, вызванный колониальной политикой Российской империи, массовым переселением крестьян из центральных губерний и насильственной седентеризацией. Ответом на эти вызовы стало формирование поколения национальной интеллигенции, которая, впитав как традиционное мусульманское, так и российское европейское образование, взяла на себя миссию по пробуждению и консолидации национального духа. В авангарде этого движения стояла плеяда блестящих мыслителей,

среди которых особое место занимает Ахмет Байтурсынулы – поэт, лингвист, переводчик, педагог и политик.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью глубокого переосмысления исторического пути Казахстана и роли личностей, чьи идеи были на десятилетия вычеркнуты из официального дискурса. Фигура А. Байтурсынулы является ключом к пониманию идейных истоков казахской государственности, поскольку его деятельность охватывала все её аспекты: культурный (создание языка и образовательной системы), социальный (формирование гражданского сознания) и политический (проектирование институтов власти).

Целью данной статьи является комплексный анализ вклада Ахмета Байтурсынулы в идеологическое и организационное становление движения Алаш. Для достижения этой цели ставятся следующие задачи:

- проследить интеллектуальную биографию и формирование его мировоззрения.
- проанализировать его теоретические труды как основу национальной идеологии.
- исследовать его непосредственную роль в создании Алаш-Орды и разработке её программы.
- оценить причины конфликта с советской властью и трагические последствия этого противостояния.

Источники и методология. Исследование базируется на анализе трудов самого Ахмета Байтурсынулы [1, 2], документов и материалов движения Алаш [3, 4], а также на работах современных казахстанских и зарубежных историков [5, 6, 7]. Применяются историко-генетический метод для выявления причинно-следственных связей в эволюции взглядов Байтурсынулы, и историко-системный метод для рассмотрения движения Алаш как целостного политического и культурного феномена.

1. Интеллектуальные истоки: от просветителя к идеологу нации.

Ахмет Байтурсынулы родился 5 сентября 1873 года в Тургайской области. Получив традиционное мусульманское образование, он продолжил обучение в русско-казахской школе, а затем в Оренбургской учительской семинарии. Этот синтез знаний определил его дальнейший путь. Под влиянием джадидистских идей Исмаила Гаспринского Байтурсынулы осознал, что будущее нации невозможно без современного образования, основанного на родном языке.

Его просветительская деятельность началась с создания учебников. Фундаментальный труд «Қазақ хрестоматиясы» («Казахская хрестоматия», 1906) и «Тіл Құрал» («Руководство по языку», 1911) стали краеугольным камнем казахской лингвистики и педагогики [1]. Ахмет Байтурсынулы не просто систематизировал язык; он провел его реформу, очистив от архаизмов и излишних заимствований, разработав научные принципы орфографии и терминологии. Это была не филологическая, а сугубо политическая задача – создание инструмента для национальной консолидации и мышления.

Как отмечает историк Нурбулат Масанов, деятельность А. Байтурсынулы и его соратников (Алихана Бокейхана, Мыржакыпа Дулатова) была направлена на преодоление традиционного родоплеменного сознания и замену его сознанием общенациональным [5, с. 45].

Его публицистика в газете «Қазақ» (соиздателем которой он был), стихи и переводы русской и европейской классики (Пушкин, Крылов, Шиллер) работали на эту цель, знакомя казахское общество с идеями демократии, парламентаризма и прав личности.

2. Революция 1917 года: от слов к делу.

Февральская революция 1917 года, уничтожившая царский режим, открыла перед национальными движениями империи беспрецедентные возможности. Для Байтурсынулы и его единомышленников идея культурной автономии мгновенно трансформировалась в проект автономии политической.

В июле 1917 года на Общекиргизском (Всеказахском) съезде в Оренбурге была создана партия «Алаш». А. Байтурсынулы вошёл в её руководящее ядро и принял

активнейшее участие в разработке программы. Программа партии «Алаш», опубликованная в газете «Қазак» 21 ноября 1917 года, была по сути проектом конституции будущего казахского государства [3, с. 12-18]. Она провозглашала:

- создание территориально-национальной автономии «Алаш» в составе федеративной демократической Российской республики;
- всеобщее равное избирательное право для мужчин и женщин;
- разделение властей, верховенство закона и независимый суд;
- свободу слова, совести, собраний и союзов;
- широкие социальные гарантии, включая бесплатное образование и передачу земли в трудовую частную собственность;

Как подчёркивает исследователь Дина Аманжолова, программа «Алаш» была одной из самых демократических и продуманных среди всех национальных движений окраин империи, отражая глубокое усвоение её лидерами лучших достижений европейской политической мысли [6, с. 78].

3. Алаш-Орда: между красными и белыми.

Приход к власти большевиков и развал государственности поставили лидеров Алаш перед тяжелейшим выбором. Не признав советскую власть в Казахстане в одностороннем порядке (поскольку её институты там отсутствовали), II Всеказахский съезд в декабре 1917 года провозгласил создание автономии Алаш и сформировал её временное правительство – Алаш-Орду. Ахмет Байтурсынулы был избран одним из ключевых членов правительства [4].

Политика Алаш-Орды в условиях Гражданской войны была лавированием между двумя силами, ни одна из которых не гарантировала осуществления их национального проекта. Изначальный антибольшевизм Алаш был обусловлен неприятием диктатуры пролетариата, которая на практике означала диктатуру над крестьянской и кочевой периферией. Однако и с белым движением коллаборация была тактической и непрочной. Лидеры белых, такие как Колчак и Дутов, придерживались великодержавной, унитаристской позиции «единой и неделимой России» и категорически отвергали саму идею национальной автономии.

А. Байтурсынулы, будучи реалистом, понимал шаткость положения Алаш-Орды. Его усилия были направлены на поиск любой возможности для сохранения национальных кадров и зачатков государственности. Этот период стал апогеем его политической деятельности и одновременно началом трагедии.

4. Конфликт с советской властью и трагический финал

После укрепления своей власти в регионе к концу 1919 – началу 1920 года большевики перешли к политике кооптации лидеров Алаш. Стремясь легитимизировать новую власть в глазах коренного населения и используя авторитет алашординцев, советское правительство объявило амнистию и предложило им сотрудничество.

Часть лидеров, включая Байтурсынулы, пошла на это, руководствуясь идеей сохранения национальной интеллигенции для будущей работы. Они искренне надеялись, что смогут реализовать идеи автономии в рамках советской федерации. Ахмет Байтурсынулы даже вошёл в состав Киргизского (Казахского) революционного комитета (Кирревкома) и работал наркомом просвещения, продолжая свою просветительскую работу: открывал школы, готовил учебники, боролся с неграмотностью [2].

Однако это был тактический союз, обречённый на провал. Большевицкая модель национальной политики (ленинская, а затем сталинская) подразумевала формальные атрибуты государственности при жёстком идеологическом и политическом контроле из центра. Независимые, авторитетные, мыслящие национальные кадры были для этой системы опасны.

Уже с середины 1920-х годов начались преследования. А. Байтурсынулы был неоднократно арестован (в 1922, 1926, 1928 гг.), но каждый раз его отпускали за недоказанностью обвинений. Однако в 1929 году он был арестован по сфабрикованному делу о «контрреволюционной деятельности» и сослан в Архангельскую область. В 1934 году,

благодаря ходатайству Максима Горького, его освободили, но в 1937-м, во время Большого террора, он был арестован вновь. 8 декабря 1938 года Ахмет Байтұрсынов был расстрелян как «враг народа» по приговору тройки НКВД. Реабилитирован посмертно в 1988 году.

Заключение. Деятельность Ахмета Байтұрсынулы представляет собой уникальный пример синтеза глубокой культурно-просветительской работы и практической политической борьбы. Его наследие многогранно:

1. Культурное – он считается основателем современного казахского литературного языка и системы национального образования, заложив основы культурного возрождения нации.

2. Идеологическое – его труды и публицистика сформировали идеологию казахского национально-освободительного движения начала XX века, основанную на демократических и правовых принципах.

3. Политическое – как один из главных идеологов и лидеров движения Алаш, он был непосредственным автором проекта казахской государственности – автономии Алаш, которая, несмотря на свой кратковременный характер, стала мощным символом и историческим прецедентом.

Трагическая судьба А. Байтұрсынулы и других алашординцев символизирует столкновение двух проектов: национально-демократического, стремившегося к эволюционному развитию и синтезу традиции с современностью, и тоталитарно-имперского, подавившего любое инакомыслие. Несмотря на физическое уничтожение, идеи Алаш не были искоренены. Они ушли вглубь национального сознания, чтобы стать морально-политическим фундаментом для провозглашения независимости Республики Казахстан в 1991 году. Сегодня, отдавая дань памяти Ахмету Байтұрсынулы, Казахстан не только восстанавливает историческую справедливость, но и обращается к его наследию в поисках ответов на вызовы XXI века.

Использованная литература:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 352 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Тандамалы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 112 б.
3. Движение Алаш: Сборник материалов и документов. – Алматы: Айқап, 2008. – 384 с.
4. Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Кызыл-Орда, 1929; репринт. – Алматы, 1992.
5. Масанов Н.Э. Политическая деятельность А. Байтұрсунова в 1917-1920 гг. // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия Исторические науки. 2003. – № 3. – С. 44-52.
6. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия: История движения Алаш. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 1994. – 318 с.
7. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 370 б.
8. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5 т. – Т. 4. Гл. 3. – Алматы: Атамұра, 2010.
9. Kendirbaeva G. “We are the Children of Alash...” The Kazakh Intelligentsia at the Beginning of the 20th Century in Search of National Identity and Prospects of the Cultural Survival of the Kazakh People // Central Asian Survey. 1999. Vol. 18, No. 1. – P. 5-36.
10. Поминов В.Ф. Ахмет Байтұрсунов: трагедия трижды первого // Простор. 1991. № 10. – С. 141-147.

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Доғалов А.Н., к.э.н., доцент

Западно-Казахстанский инновационно-технологический
университет, г. Уральск,
E-mail: dogalov51@bk.ru

Ахмет Байтурсинов, выдающийся просветитель казахского народа и активный деятель движения Алаш – член правительства Алашорды, был известной личностью с конца XIX века до сороковых годов XX века. Вся его сознательная деятельность была направлена на духовное возрождение казахского народа и достижения успехов в социально-экономическом развитии.

Живший на рубеже двух трагических веков в бескрайней казахской степи, он вместе с запахом горькой полыни впитал в себя идеи бунтарства, присущие народным батырам прошлого, а также свободолюбивые идеи демократического реформизма XX в. Он всегда пытался познать сложности острых общественно-экономических противоречий своей эпохи, искал различные пути преодоления отсталости казахского народа в социально-экономическом развитии. В своих научных трудах, в поэтических и публицистических произведениях он всесторонне рассматривал социально-экономические и хозяйственные проблемы в жизнедеятельности казахского народа.

Одной из самой важной проблемой при разрешении экономических и хозяйственных противоречий в развитии казахов, по мнению Ахмета Байтурсинова, был вопрос – связанный с землей. В своих многочисленных статьях он рассматривает земельные проблемы («Жер жалдау жайынан» (1913 ж.), «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913 ж.), «Көшпелі әм отырықшы норма» (1913 ж.), и др.).

Статью «Жер жалдау жайынан» он впервые опубликовал в 1911 году, затем, ее дополнив, издал в 1913 году. В этих и позже опубликованных научно-исследовательских трудах, по его мнению, земля – самое главное богатство казахского народа, переходящее от поколения к поколению. Поэтому, мы современное поколение – казахи независимого и суверенного Казахстана обязаны и должны сохранить наши земли.

Как известно, с момента вхождения Казахского ханства в состав Российской империи и особенно с конца XIX века и в начале XX века, воспользовавшись разладом в казахском обществе – колонии России, царское правительство, начала интенсивно осуществлять насильно переселение населения из Европейской части на казахские земли без согласия местного населения. Данный захватнический процесс осуществлялся колонизаторами несмотря на то, что в XIX веке генерал-губернатор Степного края Колпаковский отмечал о нехватке земельных угодий, (пастбищ) у казахского населения. Из-за этого казахи, как утверждал он, арендовали земельные площади под пастбища у русского населения Тобольской губернии.

17 марта 1888 года Колпаковский даже издал приказ о запрете строительстве новых поселений переселенцев на пастбищных угодьях казахов в Семипалатинской области. К сожалению данный приказ не был использован в реальной жизни [1, с. 161].

К тому же 9 июня 1909 года был издан приказ совета министров российской империи представляющий собой инструкцию о порядке переселения на казахские земли населения из европейской части страны. Данная инструкция не была переведена на казахский язык. Основная часть казахского населения не были информирована об этой инструкции, что способствовало усилению бесчинства со стороны местной администрации по отношению к казахскому населению.

Мудрый просветитель данную инструкцию перевел на казахский язык с соответствующими комментариями и опубликовал [2, с. 152-157].

Ахмет Байтурсынов в своих трудах указывает те негативные явления в самом казахском обществе, которые способствовали проведению такой грабительской политики в отношении местного населения Степного края. По его мнению, они заключались в следующем: в горизонтальных и вертикальных взаимоотношениях сложившихся в тот период в казахском крае.

В негативных горизонтальных причинах слабого противостояния казахского общества проводимой такой политике царской администрацией по отношению к ним, по мнению А.Байтурсынова, следует понимать отсутствие взаимопонимания и единства в области обеспечения национальной безопасности и обеспечения соответствующих условий для жизнедеятельности казахского населения. К ним он также относит те раздоры и распри между руководством трех жузов и между представителями отдельных родов.

Сложившаяся социальная структура казахского общества в рассматриваемый период под воздействием колониальной политики метрополия, по утверждению выдающегося поэта, также являлась одной из основных причин отсутствия какого-либо значительного противостояния казахов, проводимой по отношению к ним насильственного грабежа. Социальная иерархия казахского общества, отсталой окраины российской империи, представляла собой следующую структуру: компрадорская верхушка местной администрации, богатые (баи, использующие наемных работников), середняки (шаруа, имеющие свое хозяйство), батраки, (кедеи, не имеющие своего хозяйства). Между представителями указанных социальных групп, при подстрекательстве со стороны колониальных властей, существовали острые, а иногда непримиримые, противоречия, что как утверждал А. Байтурсынов, значительно ослабляло единство казахского народа при защите своих национальных, политических и социально-экономических интересов.

Другой важной темой, которой особое внимание уделял классик казахской литературы, были проблемы развития животноводства в казахской степи. В его произведениях рассматривается весь спектр социально-экономических вопросов связанных с развитием основной отрасли хозяйственной деятельности казахского народа в рассматриваемый период.

Особое внимание он уделял повышению продуктивности отрасли на основе обеспеченности домашних животных пастбищными угодьями и заготовленными кормами на зимний период, зарождению и развитию селекционной работы по выведению новых более продуктивных пород скота.

В своих произведениях мудрый просветитель подробно излагает свои мысли о развитии каждой подотрасли казахского животноводства: коневодства, верблюдоводства, крупнорогатого скота, мелкорогатого скота (овцы и козы).

А. Байтурсынов особое внимание казахского населения уделял размещению отдельных видов производства сельскохозяйственной продукции с учетом наличия городов, поселков, промышленных предприятий, железнодорожного и других видов транспорта. Так, казахам, живущим возле крупных населенных пунктов и железнодорожного транспорта он, исходя из закона рыночной экономики, советовал заниматься молочным скотоводством, выращиванием овощей и фруктов, бахчевых культур.

Живущим подальше от железной дороги рекомендовал заниматься выращиванием зерновых культур. Жителям же отдаленных аулов (200 км. и более, расположенных от железной дороги и крупных населенных пунктов) по его мнению наиболее выгодным является занятие отгонным животноводством.

Далее А. Байтурсынов предостерегает казахское население занимающихся хозяйственной деятельностью о том, что достижение определенных успехов возможно наряду со знанием дела умение быть терпеливым [3, с. 122-123].

Социально-экономические идеи просветителя формировались на основе всестороннего изучения передовых идей не только российских мыслителей в области рассматриваемой проблемы, но и передовых зарубежных ученых. Так, например, в своей работе «Кэператсие (Кооперация)» он ссылается на опыт создания и функционирования кооперативов в первой

половине 19 века Робертом Оуэном в Англии [4, с. 129-131]. Именно, исходя из английского опыта, предлагает сначала организовывать наиболее простую форму кооперации – потребительскую кооперации. Затем по мере развития кооперативного движения создавать более сложные формы кооперации. Например – производственные кооперативы.

В одной статье не возможно изложить всю широкую палитру социально-экономических взглядов А. Байтұрсынова на развитие казахского общества рассматриваемого периода.

Анализ вышеизложенных идеи мудрого просветителя свидетельствует о его глубоких познаниях в тот период существовавших проблем казахского общества, переживаниях о будущей судьбе родного народа в столь трагические времена. В своих произведениях он стремился довести до казахского народа наиболее правильные пути и направления в социально-экономическом развитии.

К сожалению, не все произведения Ахмета Байтұрсынова доступны широкому читательскому кругу. Причина эта заключается в следующем. Основная часть его трудов издана на казахском языке. Многие казахстанцы (в том числе, и казахи) у нас русскоязычные. Они, а также представители других государств, не имеют возможности ознакомиться с трудами выдающегося просветителя казахского народа.

Поэтому предлагаем издать полное собрание сочинений Ахмета Байтұрсынова на русском языке.

Использованная литература:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Жер жалдау жайынан. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том. - Алматы: АЛАШ, 2006.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ жерін алу турасындағы низам. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том. – Алматы: АЛАШ, 2006.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Агроном. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том. - Алматы: АЛАШ, 2006.
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Кәператсіе (Кооперация). Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том. – Алматы: АЛАШ, 2006.

ӘОЖ: 13.11.28

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «ҰЯТ» ҰҒЫМЫ

Юнисов Е.А., PhD, аға оқытушы
«Esil University» мекемесі, Астана қ.
E-mail: unisoversin@mail.ru

Кіріспе. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысында Міржақып Дулатовтың алар орны ерекше. Ол – ақын, жазушы, қоғам қайраткері, ағартушы. Дулатұлы шығармашылығының негізгі өзегі – халықты ояту, білімге шақыру, ұлттық сананы қалыптастыру. Осы мақсатта ол шығармаларында адамгершілік, ар-намыс, ұят ұғымдарын жиі қолданды.

Бүкіл адамзат қауымы «ұят» шеңберінен аттамауды адамдық борыш санап келеді. Атадан-балаға жалғасып келе жатқан барлық «адам болу» немесе «адам болып қалу» тәрбиесі осы бір ұят ұғымына келіп тіреледі. Адам өздігінен тұлға деген атаққа ие болмайды, адами сана тұлғаны ізгілікке жетелеп, нені жасаған бұрыс немесе дұрыс екенін саралап,

жамандыққа барудан сақтап отырады. Сондықтан қазақ мәтіндері ұят ұғымын әрқашан қастерлі ұғым ретінде қарайды [1].

Ұят – қазақ дүниетанымында моральдық-этикалық өлшемдердің бірі ғана емес, халықтың болмысын айқындайтын рухани категория. Дулатов еңбектерінде ұят тек жеке тұлғаның ішкі қасиеті емес, тұтас қоғамның, тіпті халықтың тағдырымен байланыстырылады.

Негізгі бөлім. Қазақ баласы үшін ұят ұғымы асыл қасиет болып табылады. Көзге көрініп тұрған зат болмаса да, қоғам мәдениеті үшін бұл ұғым өркениетті, дамыған заманда ауадай қажет. Ұят ұғымы сақталмаған қоғамда мәдениет туралы ой қозғаудың өзі қисынсыз, сондықтан арлы заманда тіршілік ету М. Дулатовтың да негізгі арманы. Оян, қазақ! – ұлттық сананы ояту идеясы. 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!» кітабы – қазақ қоғамындағы ұлттық өзіндік сананы, білімге, мәдениетке ұмтылуды насихаттаған тұңғыш саяси-әдеби манифест.

Дулатұлы халықты надандық пен қараңғылықтан құтқарып, оқу-білім арқылы өркениетке жетуді ұсынды. Ол ұлтты мешеуліктен арылтып, саяси тәуелсіздікке дайындау мақсатын қойды. Міржақып Дулатов еңбектерінің басты идеялары – ұлттық сана, тәуелсіздік, білім арқылы өркендеу, әйел теңдігі, ұлттық бірлік пен мәдени мұраны сақтау [2, 58 б.]. «Ұят» ұғымы М. Дулатов еңбектерінде былай түсіндіріледі:

1. Ұят – адамгершілік өлшемі.

Дулатұлы поэзиясында ұят адамның ішкі тәрбиесі мен имандылығының айнасы ретінде көрінеді. Оның пікірінше, ұятсыз адам – намыссыз адам. Ол жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде «ұят болады» деген қағиданы басты бағдар етіп ұсынды.

Мәселен, «Не пайда өнерің мен біліміңнен, Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!» [3, 160 б.] деген өлең жолдарында автор өнер мен білімді қоғам игілігіне жаратпау – ұят екенін айтады. Бұл жерде ұят – білімді дұрыс қолданбаған адамның ар алдындағы қателігі.

2. Ұлттық намыс пен ұят байланысы.

«Оян, қазақ!» жинағында Дулатұлы халықтың бейқамдығын сынап, ұлт намысына қозғау салады. Ол елдің отарлық езгіге мойынсұнуын «ұлттық ұят» ретінде бағалайды. Оның ойынша, тілі мен дінінен айырылған халық – ұятынан айырылған халық.

Ұят бұл тұста – ұлттық рухты оятатын күш. Ұят – елді намысқа, азаттыққа, бостандыққа жетелейтін қозғаушы құрал.

3. Білімсіздік – халықтың ұяты.

Дулатұлы еңбектерінде білім алмаған, ғылымнан артта қалған халық – ұятты халық деп сипатталады. Оның пікірінше, білімсіздік – халықты құлдыққа түсіретін басты себеп.

Ақын үшін білім – ұяттан арылудың, намысты сақтаудың басты жолы. Бұл идея оның ағартушылық миссиясының негізі болып табылады.

4. Әйел тағдыры мен ұят мәселесі

Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш романдардың бірі. Бұл шығармасында автор әйел теңсіздігін, ескі салт-дәстүрдің жастар тағдырын қиюын ашына суреттейді.

Жамалдың бейнесі – ұят пен ардың символы. Оның трагедиялық тағдыры – қазақ қоғамындағы әділетсіздіктің, әйелдің ар-намысына жасалған қиянаттың нәтижесі. Жазушының ойынша, қыздың ұяты – бүкіл халықтың ұяты. Сондықтан әйелдің бас бостандығы – ұлттық намыстың бір бөлігі.

Талқылау. «Бақытсыз Жамал» романындағы ұят ұғымы.

Қазақ мәдениетіндегі гендерлік ұят ұғымы – қоғамдағы ер мен әйелдің әлеуметтік рөлдеріне, мінез-құлқына, сөйлеуіне, киіміне, қарым-қатынасына қатысты қалыптасқан дәстүрлі моральдық өлшемдер жүйесі. Ол ғасырлар бойы қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, мақал-мәтелдері мен фольклорлық мұраларында орныққан.

Ұяттың мәдени-философиялық негізі. Қазақ түсінігінде ұят – тек жеке адамның емес, бүкіл әулеттің, рудың абыройына әсер ететін әлеуметтік-рухани категория. «Ұят болады» деген тіркес жас ұрпаққа кішкентайынан тәрбиелік тыйым ретінде қолданылған. Бұл

тыйымдар ер мен әйелге бірдей айтылғанымен, гендерлік тұрғыда мазмұны әрқалай болған. М. Дулатов гендерлік тұрғыда ұят мәселесін ашық көрсеткен ғұламалардың бірі болды. «Бақытсыз Жамал» романы толығымен әйел адамның құқығының шектелуін көрсете отырып, төмендегідей көріністерден жол табады [4, 5-10 б.]:

1- кесте. Қазақ мәтіндеріндегі гендерлік ұят

Ерлерге қатысты гендерлік ұят	Әйелге қатысты гендерлік ұят
<i>Жауынгерлік пен намыс:</i> Ер-азаматқа ұятсыздық – қорқақтық, уәдеде тұрмау, опасыздық, сөзінде тұрмау болып саналған.	<i>Әдеп пен ибалылық:</i> Қыз балаға артық сөйлемей, ер адамдармен қатты дауыс көтеріп сөйлеспей, жеңілтектік жасамау үйретілген.
<i>Әлеуметтік жауапкершілік:</i> Ер адамның отбасын асырай алмауы, қоғам алдындағы міндетін орындамауы да ұят саналған.	<i>Киім үлгісі:</i> «Қыздың жиған жүгіндей», «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөздер қыздың сыртқы бейнесінің, жүріс - тұрысының ұятпен байланысын білдіреді.
<i>Қоғамдағы мәртебе:</i> «Ер жігітке жеті өнер де аз» деген ұғым ерге қатысты ұяттың өлшемін еңбекқорлық, шеберлік, батырлықпен байланыстырған.	<i>Отбасы мен ар-намыс:</i> Ұят – қыздың арын қорғауымен, абыройымен тікелей байланысты. «Қыздың жолы жіңішке» деген түсінік осыдан шыққан.

1. Жеке ар-ұят

Жамал бейнесі – қазақ қызының ішкі ар-намысы мен ұятының символын көрсетеді. Ол – тәрбиелі, оқыған, заманына сай ойлы жас тұлға. Жамал үшін ұят – өзінің арын сақтау, махаббатына адал болу, оның сүйген адамына шынайы сезімі – ішкі ардың көрінісі. Бірақ ата-анасының зорлығымен сүймеген адамға қосылу – Жамал үшін үлкен ұят әрі қорлық. Әйел адамының махаббатының ескерілмеуі, әйел адамының ішкі «Мен» ұғымының маңызды құбылысқа жатпайтынын көрсетеді.

2. Қоғамдық ұят

Жазушы Жамал тағдыры арқылы қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті сынайды. Ескі әдет-ғұрып, қалың мал, әмеңгерлік сияқты дәстүрлер әйелдің ар-намысын аяққа таптап, ұятсыздыққа әкеледі. Жалпы қандай болсын әдет-ғұрып әуел баста махаббаттан басталады. Махаббаттан басталуы дегеніміз адам баласының өз баласына деген жанашырлық сезімінен тілден, көзден, бәле-жаладан аулақ болсын ниетте басталады. Алайда о бастағы адал ниет уақыт өте келе міндеттілікке ауысып, адамның махаббаты жауапкершілікке ауысады. «Жауапкершілік» ұғымы қоғам алдындағы адамның парызы болғанымен адамның ішкі әлемінің ескерусіз қалатынын көрсетеді. Жамал әке-шешесін сыйлауға, оларға қамқор болуға жауапты болғанымен, өмірлік жарын өзі таңдауы керек еді. Өкінішке орай, махаббатпен басталған салт-дәстүр адамдар үшін «борыш, парыз» ниетте қабылданып кеткен.

Жамалдың «қыз тағдыры өз қолында емес, әке мен ескі салттың қолында» [5] деген зарлы ойы – дәстүрді қоғам алдындағы ұят ретінде бағалаудың айқын дәлелі. Мұнда «ұят» – ескі салттың кесірінен әділетсіздікке тап болған қазақ қоғамының бейнесі. Бұл жердегі бар мәселе қазақ мәдениетіндегі білімсіздікте еді.

Жалпы ар мен ұят адамның ішкі тежегіші, адамды жамандықтан сақтан, ненің жаман, ненің жақсы екенін көрсетіп тұратын құбылыс. Егер адам баласы білімсіз болса ішкі тежегіш дұрыс жұмыс істей алмайды себебі сана дұрыс шешімді қабылдауға шамасы келмейді. Бұл жағдайда адам баласы тек біреудің айтқанымен өмір сүрумен шектеледі, яғни «мен нені қалаймын» деген түсінік еш ойландырмастан, әке-шешесінен көргенін жалғастырады.

М.Дулатов аталған еңбекпен адам баласының ішкі қалауы қоғамдық қалаудан шыға алмай жатқанын айтады.

Егер адам арын танымай өмір сүрсе, адам ұятпен өмір сүреді. Ұятпен өмір сүру деп «ұят» ұғымын келеңсіз түсінікке жатқызуға болмайды. Ұят адамның арымен оянып жұмыс істеу керек, сонда ол біртұтас адами әлем болып қызмет атқарады. Ішкі дүниемен үйлеспеген сыртқы ұят білімсіздік пен ақымақтық көрінісімен шығады себебі ол адамның шын ұяты емес. Сыртқы ұятпен өмір сүрген тек айналасы үшін өмір сүреді, өз қалауымен емес қоршаған ортасының тілегімен қадамын жасайды. «Жұрт айтпасын, елден ұят болмасын» деген сияқты шынайы емес ұятты жамылып алдамшы бір адамдықтың бейнесін жасайды.

3. Ұлттың ұяты

Жазушы үшін Жамалдың қайғысы – жеке адамның емес, бүкіл ұлттың трагедиясы. Қыз тағдырын аяққа таптау – халықтың болашағын ұятқа қалдырумен тең. Отбасы құру мәселесі жауапкершілікпен емес махаббатпен басталуы керек. Әйел махаббатының ескерілмеуі өмірге махаббатсыз ұрпақ келетінін, адам қоғам алдындағы әрекеттерді орындауға міндеттілікпен емес сүйіспеншілікпен атқаруы қажет (1-кесте).

Әйел теңдігі – ұлттық намыстың көрсеткіші.

Жамалдың қайғылы өлімі – қазақ қоғамының ұятсыздығы мен рухани мешеулігінің көрінісі.

4. Авторлық мақсат

Дулатұлы роман арқылы: Жеке ар-ұятты қорғауды, Қоғамдық әділетсіздікті әшкерелеуді, Ұлттың намысын оятуды көздеді [6].

Осылайша, «Бақытсыз Жамалдағы» ұят ұғымы үш деңгейде көрінеді:

Жеке ұят – Жамалдың ар-намысы.

Қоғамдық ұят – ескі салттың әйел құқығын таптауы.

Ұлттық ұят – қазақ халқының надандығы мен бейқамдығы.

Қорытынды: Міржақып Дулатов шығармаларындағы «ұят» ұғымы – кең әрі терең мәнге ие категория. Ол ұятты:

- жеке тұлғаның адамгершілік өлшемі,
- ұлттық намыс пен рухтың тірегі,
- әйел теңдігі мен қоғамның болашағы,
- білім мен ғылымға ұмтылыстың қозғаушы күші ретінде қарастырды.

Міржақып Дулатов қыз тағдыры арқылы ұят мәселесін көтеріп, ұлттық оянуға жол ашты. Ұят арқылы төмендегі идеяларды қозғады [7], [8].

1. Ұлттық сана мен ояну идеясы

«Оян, қазақ!» (1909) – халықты қараңғылықтан арылтып, ұлттық сананы көтеруге шақырған.

Қазақ халқын надандық пен жалқаулықтан құтқарып, өркениетке ұмтылуға үндеді.

2. Бостандық пен тәуелсіздік

Ресей империясының отарлық саясатын сынады.

Еркіндікті халықтың білімділігі мен бірлігі арқылы ғана алуға болады деп есептеді.

3. Білім мен ғылымның маңызы

Мектеп ашу, жастарды оқыту – ел болашағының кепілі.

Білімсіз халықтың болашағы жоқ деген тұжырым жасады.

4. Әйел теңдігі және әлеуметтік әділет

«Бақытсыз Жамал» (1910) – қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман, әйел теңсіздігі мәселесін көтерді.

Ескі салт-дәстүрдің әйел тағдырын шектеуін сынады.

5. Ұлттық бірлік пен мәдениет

Қазақ халқы бөлшектенбей, бірлік сақтауы қажет деді.

Тіл, дін, дәстүр – ұлттық болмыстың тірегі.

«Алаш» қозғалысы аясында ұлттық мемлекеттілік идеяларын қолдады.

Қорыта айтқанда, ұлттың оянуына, азаттығына, өркендеуіне ұят ұғымын арқау еткен Дулатұлы еңбектері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі жастар үшін оның

шығармалары – ұлттық сананы оятудың, ар-намысты сақтаудың, ұятты қадірлеудің өнегесі. «Бақытсыз Жамал» – қазақ қоғамындағы ұят категориясының бұзылуын, ар-намыстың аяқ асты болуын көрсететін шығарма.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ©PORTAL.ENU. - Қазақ және ағылшын мәтіндеріндегі «ұят» ұғымы. [электронды ресурс]
2. Дулатов М. Оян, қазақ! – Орынбор, 1909.
3. Дулатов М. Бақытсыз Жамал. – Қазан, 1910.
4. Мырзахметұлы М. Ұлт-азаттық әдебиет және Алаш қайраткерлері. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
5. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2005.
6. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995.
7. adebiportal.kz – М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы туралы [электронды ресурс].
8. elibrary.kaznu.kz – Этика и эстетика казахов [электронды ресурс]

ӘОЖ 502.11

М. ДУЛАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ТАБИҒАТТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Байдалина М.Е., магистр, аға оқытушы
«Esil University» мекемесі, Астана қ.
E-mail: merei_baidalina@mail.ru

Міржақып Дулатов – қазақ ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы. ХХ ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілі. Кеңес одағының билік уақытында Міржақып Дулатовтың есімі мен оның шығармашылығына көптеген жылдар бойы тыйым салынды. 1991 жылы Міржақып Дулатовтың шығармалар жинағы жарық көрді, онда оның барлық шығармалары, өлеңдері мен мақалалары жинақталған. 1988 жылғы 27 қазанда Қазақ КСР прокуроры тиісті наразылық білдіріп, сол жылдың 4 қарашасында Жоғарғы Соттың Республикалық алқасы оның құрметті есімін толық ақтады. Ал 1991 жылы Міржақып Дулатовтың шығармалар жинағы жарық көрді, онда оның барлық шығармалары, өлеңдері мен мақалалары жинақталған [1].

Міржақып Дулатов – түрлі әдеби жанрларда жазған қаламның шебері. Оның көптеген әңгімелері Азамат, Мадияр, Таймінер, түркі ұлы және арғынның Ұлы сияқты бүркеншік аттармен жарық көрді.

Міржақып Дулатов 1911 жылы Қызылжардан Семей облысына барып, халықтың тұрмысын өз көзімен көру үшін қазақ ауылдарын аралайды.

Оның алғашқы кітабы – Санкт-Петербург қаласында шыққан «Оян, қазақ!». Содан кейін Орынборда 1913 жылы «Азамат» кітабы, ал 1915 жылы «Терме» өлеңдер кітабы жарық көрді [2].

Шығармашылық жолын поэзиядан бастаған Міржақып Дулатов проза жанрында жаза бастайды. 1910 жылы Қазан қаласында оның осы жанрдағы шығармасы – «Бақытсыз Жамал» романы жарық көрді. Бұл прозада жазылған қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман болды. 1914 жылы кітап қайта басылды. Міржақып Дулатұлының 1910 жылы жазылған «Бақытсыз Жамал» романы қазақ тілінде жазылған алғашқы роман болып саналады. Роман мұсылман шығысындағы бірінші шығар

Сол жылдары М. Дулатов бірнеше мақалалар мен фельетондар жазады. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын «Арифметика бойынша нұсқаулық» оқулығы жарық көрді. «Балқия» пьесасын құрастырады.

Міржақып Дулатовтың шығармашылығында адам мен табиғаттың мотивациялары бір-бірімен тығыз байланысты, бұл оның поэзиясы мен прозасында айқын көрінеді. Міржақып Дулатов табиғатқа деген терең құрметті көрсетеді, оны адамның тәжірибесінің негізі ретінде ғана емес, сонымен бірге адаммен тығыз байланыста болатын тірі жан ретінде қарастырады. Ақын сұлулығымен мақтанады

Міржақып Дулатов табиғатта материалдық әл-ауқаттың қайнар көзін ғана емес, сонымен бірге шынайы құндылықтарға жол көрсететін рухани компасты да көрді. Оның поэзиясы адам өмірінің мәңгілік табиғаты, кішіпейілділік пен оның заңдарын қабылдау қажеттілігі туралы ойларға толы. Оның өлеңдерінде ойлауға, шөптің әр сыбдырында, бұлттардың әр қимылында даналықты түсінуге шақыру бар. Ол табиғатта элементтердің жиынтығын ғана емес, тірі ағзаны көруге үйретеді, онымен адам қарама-қайшылықта емес, диалогта болуы керек.

Міржақып Дулатовтың шығармашылығында табиғи әлемнің ажырамас бөлігі болып табылатын және қазақ халқының өмірімен тығыз байланысты жануарлардың бейнелері ерекше орын алады. Көшпендінің адал серігі ат еркіндікті, жылдамдықты, төзімділік пен адалдықты білдіреді. Даланың тұрғыны қасқыр жабайы табиғатты, күш пен тәуелсіздікті білдіреді. Бұл бейнелер терең символдық мағынаға ие, халықтың өзіне тән қасиеттерді көрсетеді. Ол адамның тірі екенін көрсетеді.

Табиғатпен осы диалогта Міржақып Дулатов сыртқы әлемнің көрінісін ғана емес, сонымен бірге адам жанының айнасын да көреді. Ол Жомарт молшылық немесе қатал құрғақшылық болсын, қоршаған ортадағы өзгерістер адамның ішкі күйіне, көңіл-күйіне, үміттері мен қорқыныштарына қалай тікелей әсер ететінін бақылайды. Ақын бұл байланысты нәзік сезінеді, оны жарқын, есте қаларлық бейнелер арқылы жеткізеді. Мысалы, ұзақ қыстан кейін дала тірілген көктемгі табиғаттың оянуын сипаттауда Міржақып Дулатов адамдардың жүрегін толтыратын жаңару мен үміт сезімін білдіреді. Керісінше, құрғақшылық пен аштықтың суреттері оның өз халқына деген терең жанашырлығы мен азабын тудырады, бұл адамның табиғат күштеріне осалдығын көрсетеді.

Міржақып Дулатов сонымен қатар адам өз кезегінде табиғатқа қалай әсер ететіні туралы ойлайды. Ол ақылсыз тұтынуды, қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін табиғи ресурстарға деген жыртқыш көзқарасты айыптайды. Оның өлеңдерінде ескерту бар: табиғаттың үйлесімділігін бұза отырып, адам өзін де бұзады.

Табиғатпен осы диалогта Міржақып Дулатов сыртқы әлемнің көрінісін ғана емес, сонымен бірге адам жанының айнасын да көреді. Ол жомарт молшылық немесе қатал құрғақшылық болсын, қоршаған ортадағы өзгерістер адамның ішкі күйіне, көңіл-күйіне, үміттері мен қорқыныштарына қалай тікелей әсер ететінін бақылайды. Ақын бұл байланысты нәзік сезінеді, оны жарқын, есте қаларлық бейнелер арқылы жеткізеді. Мысалы, ұзақ қыстан кейін дала тірілген көктемгі табиғаттың оянуын сипаттауда ол адамдардың жүрегін толтыратын жаңару мен үміт сезімін білдіреді. Керісінше, құрғақшылық пен аштықтың суреттері оның өз халқына деген терең жанашырлығы мен азабын тудырады, бұл адамның табиғат күштеріне осалдығын көрсетеді.

Міржақып Дулатов сонымен қатар адам өз кезегінде табиғатқа қалай әсер ететіні туралы ойлайды. Ол ақылсыз тұтынуды, қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін табиғи ресурстарға деген жыртқыш көзқарасты айыптайды. Оның өлеңдерінде ескерту бар: табиғаттың үйлесімділігін бұза отырып, адам өзін де бұзады

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің жарқын өкілдерінің бірі Міржақып Дулатовтың шығармашылығы адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты терең түсінумен тығыз байланысты. Ол, сол үшін табиғат – бұл жай ғана фон емес, адамның жеке басының, дүниетанымының және тағдырының қалыптасуына орасан зор әсер ететін тірі, рухани әлем. Оның шығармалары туған жерге деген сүйіспеншілікке, оның сұлулығы мен

ұлылығына толы, бірақ сонымен бірге бұл қарым-қатынастың күрделілігін, тіпті трагедиясын көрсетеді.

М. Дулатовтың өлеңдерінде табиғат жомарт донор, өмір мен әл-ауқаттың қайнар көзі ретінде көрінеді. Ол жерді нәрлендіретін және халыққа тамақ беретін шексіз далаларды, күдіретті тауларды, таза өзендерді жырлайды. Табиғат бейнелері тек сипаттама емес, күш, сұлулық, мәңгілікті бейнелейтін метафоралар.

Дала: шексіз, қауырсынды дала – қазақ халқының бостандығының, кеңдігінің, рухани күшінің символы. Міржақып Дулатов оны тек тіршілік ету ортасы ғана емес, сонымен қатар дәстүрлердің сақтаушысы, қайнар көзі деп санайды

XX ғасырдың басындағы көрнекті қазақ ағартушысы, ақын және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың шығармашылығы туған жерге деген терең сүйіспеншілікпен және оның әл-ауқатына деген қамқорлықпен тығыз байланысты. Қазіргі мағынадағы экологиялық проблемалар ол кезде онша түсінілмегенімен, ол өз еңбектерінде табиғаттың жай-күйіне және оның халық өміріне әсеріне алаңдаушылық білдіре отырып, бүгінгі таңда біз экология саласына жатқызатын мәселелерді көтерді.

Міржақып Дулатов шығармашылығындағы негізгі экологиялық мотив – адам мен табиғаттың үйлесімді өмір сүруі. Ол далада, оның кеңістігінде, тұрғындарында қазақ халқы үшін күш, шабыт пен өмірдің қайнар көзін көрді. Оның өлеңдері көбінесе табиғаттың әсемдігі мен жомарттығына таңданатын көркем суреттерін салады:

М. Дулатов шексіз кеңістікті, қауырсынды шөпті, өзендерді, тауларды сүйіспеншілікпен сипаттайды. Ол оларды тек фон ғана емес, халықты тамақтандыратын және қолдайтын тірі организм деп санайды. Мысалы, ол өз замандастарына табиғатта тек ресурс емес, өмір сүруге үйреткен. Қамқорлық пен сыйластықты қажет ететін жаратылыс. Осылайша, оның шығармашылығы мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен бірге қазақ мәдениетіндегі экологиялық ойдың бастауларын түсінудің маңызды көзі ретінде қызмет етеді, бізге мәңгілік шындықты еске салады: адамның әл-ауқаты табиғаттың әл-ауқатымен тығыз байланысты.

М. Дулатов өз заманының адамы бола отырып, қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі немесе табиғи ресурстардың сарқылуы сияқты қазіргі экологиялық қиындықтардың ауқымын болжай алмады. Алайда оның көрегендігі оған адамның іс-әрекеті мен табиғат жағдайы арасындағы нәзік, бірақ мағыналы байланыстарды алуға мүмкіндік берді. Ол сыртқы факторлардың әсерінен экономикалық қызметтің өзгеруі ғасырлар бойы қалыптасқан нәзік тепе-теңдікті қалай бұзуы мүмкін екенін көрді. Оның алаңдаушылығы қазақ халқының өмірі мен әл-ауқатына тікелей әсер еткен аспектілерге, атап айтқанда жайылымдардың тозуына, азаюына бағытталуы мүмкін.

Міржақып Дулатов өз заманының адамы бола отырып, қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі немесе табиғи ресурстардың сарқылуы сияқты қазіргі экологиялық қиындықтардың ауқымын болжай алмады. Алайда оның көрегендігі оған адамның іс-әрекеті мен табиғат жағдайы арасындағы нәзік, бірақ мағыналы байланыстарды алуға мүмкіндік берді. Ол сыртқы факторлардың әсерінен экономикалық қызметтің өзгеруі ғасырлар бойы қалыптасқан нәзік тепе-теңдікті қалай бұзуы мүмкін екенін көрді. Оның алаңдаушылығы қазақ халқының өмірі мен әл-ауқатына тікелей әсер еткен аспектілерге, атап айтқанда жайылымдардың деградациясына, көшпелі өмірдің көптеген аспектілері тәуелді болған жабайы жануарлар популяциясының азаюына немесе су сапасының нашарлауына бағытталуы мүмкін.

М. Дулатов өз шығармаларында осы байланысты баса көрсететін метафоралар мен бейнелерді жиі қолданған. Дала, өзендер, таулар – бұл жай ғана пейзаждар емес, олардың күші мен мағынасы бар тірі заттар.

М. Дулатов өз заманының адамы бола отырып, қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі немесе табиғи ресурстардың сарқылуы сияқты қазіргі экологиялық қиындықтардың ауқымын болжай алмады. Алайда оның көрегендігі оған адамның іс-әрекеті мен табиғат жағдайы арасындағы нәзік, бірақ мағыналы байланыстарды алуға мүмкіндік

берді. Ол сыртқы факторлардың әсерінен экономикалық қызметтің өзгеруі ғасырлар бойы қалыптасқан нәзік тепе-теңдікті қалай бұзуы мүмкін екенін көрді. Оның алаңдаушылығы қазақ халқының өмірі мен әл-ауқатына тікелей әсер еткен аспектілерге, атап айтқанда жайылымдардың деградациясына, көшпелі өмірдің көптеген аспектілері тәуелді болған жабайы жануарлар популяциясының азаюына немесе су сапасының нашарлауына бағытталуы мүмкін.

Міржақып Дулатов өз шығармаларында осы байланысты баса көрсететін метафоралар мен бейнелерді жиі қолданған. Дала, өзендер, таулар – бұл жай ғана пейзаждар емес, олардың күші мен мағынасы бар тірі заттар. Ол гүлденген даланың сұлулығын немесе толық су.

М. Дулатовтың туған жерімен ажырамас байланысы туралы ойды жалғастыра отырып, оның экологиялық мотивтері қазақтардың дәстүрлі өмір салтын терең түсінуімен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Көшпелі мал шаруашылығы, олардың тіршілігінің негізі, жайылымдарға ұқыпты қарауды, табиғат циклдарын түсінуді және онымен үйлесімді өмір сүруді қажет етті. Міржақып Дулатов осы мәдениеттің иесі бола отырып, бұл тепе-теңдік бұзылған кезде интуитивті сезінді. Оның алаңдаушылығы табиғатқа тікелей зиян келтіруден ғана емес, сонымен бірге осы үйлесімді құрылымның өмір сүруіне қауіп төндіретін өзгерістерден де туындауы мүмкін.

Мысалы, отаршылдық әкімшілігі жерді пайдаланудың жаңа бұйрықтарын енгізгенде немесе жаңадан келген қоныс аударушылар жерді және оның ресурстарын ғасырлық дәстүрлерді ескермей пайдалана бастағанда, Дулатов мұны тек өз халқына ғана емес, жердің өзіне де қауіп төндіруі мүмкін. Оның даланың сұлулығы мен жомарттығын дәріптейтін өлеңдері бұл жомарттықтың шексіз емес екенін және қамқорлықты қажет ететінін еске сала алады.

М. Дулатов нағыз патриот және ойшыл ретінде табиғатты қорғауды тек физикалық өмір сүрудің ғана емес, сонымен бірге ұлттың рухани денсаулығының кепілі ретінде көрді. Ол туған жерімен, оның ерекше табиғатымен байланысын жоғалту өзін-өзі жоғалтуға әкелетінін түсінді. Оның шексіз дала, таза өзендер мен күдіретті таулардың бейнелеріне толы өлеңдері пейзаждардың сипаттамасы ғана емес, адамдардың осы жерге деген терең сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін оятуға арналған заклинание болды. Ол табиғаттың әр элементін – шөптен бастап тау шыңына дейін – адамның өзі бөлігі болып табылатын біртұтас тұтастықтың бір бөлігін көруге үйретті.

Сонымен, Міржақып Дулатов өзінің поэзиясы мен ағартушылық қызметі арқылы адамның табиғатпен ажырамас байланысын еске түсіре отырып, бүгінгі күнге дейін өзекті экологиялық сананың негізін қалады.

Қорыта келгенде, Міржақып Дулатов өзінің поэтикалық туындыларының призмасы арқылы адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың терең әрі жан-жақты бейнесін ашады. Ол табиғаттың мінезді қалай қалыптастыратынын, шабыт пен моральдық нұсқаулардың қайнар көзі екенін көрсетеді, бірақ сонымен бірге адамның оны сақтау жауапкершілігін көрсетеді. Міржақып Дулатов шынайы әл-ауқатқа сыртқы әлеммен үйлесімде қол жеткізіліп, бұл байланыстың ұлттық бірегейлік пен рухани денсаулық үшін маңыздылығын еске салады деп сенді. Оның жұмысы өзекті болып қала береді, туған жеріне ұқыпты қарауға және табиғаттың Мәңгілік қозғалысынан даналық іздеуге шақырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Электрондық ресурс: <https://iie.kz/?p=25630&ysclid=merpvaedqms570269832&lang=ru>
2. Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 192 б.

А. БАЙТҰРСЫНОВ БОСТАНДЫҚ ҮШІН КҮРЕСТЕГІ МЫҚТЫ ТҰЛҒА

Оспанова Д.К., Ph.D., ассистент-профессор

Қазақ технология және бизнес университеті, Астана қ.

e-mail: d_k_ospanova@mail.ru

Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толған жылы тарихшылар осы уақытқа дейін оның өмірі мен қызметі туралы жаңа мәліметтер белгілеп келеді. Байтұрсыновтың саяси қызметі 1905 жылдан басталады. Ол – Қарқаралы петициясының авторларының бірі, онда жергілікті басқару, сот мәселелері көтерілді; халықтық білім беру жүйесін өзгерту; ар-ождан мен дін бостандығы; газеттер шығару, баспаханалар ашу; жаңа заңдар қабылдау. 1909 жылы 1 шілдеде Байтұрсынов тұтқындалып, автономды өзін-өзі басқару идеясын таратқаны, орыстар мен қазақтар арасындағы ұлттық араздықты қоздырғаны үшін Семей түрмесіне отырғызылды. Патша өкіметі оны Қазақстаннан шығару туралы шешім қабылдайды.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі қарсаңында Ресейде, әсіресе 1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстандағы көтерілістен кейін полиция департаменті "Қазақ" газетінің редакция мүшелері А. Байтұрсынов, А. Бөкейханов және М. Дулатовтың қызметін мұқият қадағалады [1].

1916 жылы қаңтарда Байтұрсынов – Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясы отырысының қатысушысы. Байтұрсынов халықтың ақпан мен қазан төңкерістеріне деген көзқарасын былай тұжырымдады: "қазақтар Ақпан төңкерісін қаншалықты түсінсе, Қазан төңкерісі де олар үшін түсініксіз болып шықты. Бірінші болып қазақтар сөзбе-сөз қабылдап, қуанышпен қабылдады, өйткені ол оларды патша билігінің қанауы мен қысымынан құтқарды, оларда өзін-өзі басқару туралы бұрыннан келе жатқан арман нығайды". Қазақтардың Қазан төңкерісіне сақтықпен қарауын Байтұрсынов қоғамда капиталистік қатынастардың және қоғамның тиісті таптық топтарының болмауымен түсіндірді. Байтұрсынов, Бөкейханов және Дулатов – "Алаш" партиясы мен Алашорда үкіметінің құрушылары, Қазақ ұлттық мемлекеттік идеясының "әкелері".

Байтұрсынов 1917 жылғы қаңтарда самодержавиені құлату қарсаңында мақаланың басында: "Ресейдегі нағыз саяси жағдай қазіргі сияқты болған жоқ. Рас, 1915 жылдан бері министрлер ауысымы жиі болғанымен, қазіргідей дәрежеде емес: бұл ауысым – күн сайын дерлік. Бүгінгі министр ертең де өз қызметінде қалады деген сенімділік жоқ" [1].

Патша үкіметінің дағдарысын егжей-тегжейлі қарастыра отырып, газет редакторы жеке шабуылдардан қашып, жоғарыдағы барлық қозғалыстарды мұқият бақылап отырады. Авторлық сарказм өте дипломатиялық көрініс тапты. Мұны эпизодтардың бірінде көруге болады: «Кейбір министрлер жаңа жылға дейін өз қызметтерінен кетті, басқалары өз қызметтерінде қалды, бірақ олардың кейбіреулері ауру, ал кейбіреулері демалыста болды» [2, 127 б.]. Мұндай пікірталастың нәтижелерінің бірі «елордада қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын іздей отырып, кабинет мүшелері тіпті ішкі істер министрі Ә.Д.Протопоповты оппозицияға жек көретін патша өкілеттіктерін елемей, Министрлер кеңесінен алып тастады. Алайда бұл жағдайдың одан әрі дамуына әсер еткен жоқ. «Тарихи билік» соңғы күндерді көрді» [2, 127 б.].

Патша режимінің азабын көптеген фактілер дәлелдеді. Байтұрсынов императорлық отбасының ар-намысын құрметтемейтін кейбір егжей-тегжейлерді мимоходпен, бірақ мақсатты түрде береді: "Соңғы кездері бұрын болмаған оқиғалар көрініс таба бастады. Ұлы Князьдер Петроградтан өз үйлеріне кетті деген сыбыс тарады. Бұл не дегенді білдіреді – белгісіз" [1]. «Қазақ» газетінің жауапты редакторы тамыз тектес тұлғалар туралы өте нәзік сөйледі. Есесіне ол бір мезгілде патша билігінің атқарушы органының жағдайына түпкілікті диагноз қояды.

Колониялық әкімшілік «Қазақ» газетіндегі мақалаларды алаңдаушылықпен бақылап отырды. Анық көрінбейтін сын сөздері бар мәтіндер де мұқият қадағалауға алынды.

Мысалы, Орынбор губерниясының Бас басқарушысы Н.А. Сухомлиновтың 1915 жылғы 13 наурыздағы (№ 1481) қаулысы "...Оренбур қаласында шығатын 1914 жылғы № 91 "Қазақ" газетінде қырғыз тілінде мынадай мазмұндағы "Бұл не дегенді білдіреді" деген мақала орналастырылғанын көрсетеді. Ресми аудармашы А. Байтұрсыновтың мақаласындағы бірнеше абзацты былайша сипаттады: "Бізге Қаратай кентінде қырғыздардың 4-5 қожайыны ғана қалды деген хат келді. Қырғыздардан қалған Қаратай ауылындағы жер телімдері шаруаларға беріледі, осылайша Бахитжан ақсақал, ал ақсақал – қырғыз / соңғылар тектес құрметті тұлға болады дейді. 1910 жылы Бахитжан бастаған Джембейтті және Чевдарды қырғыздарына жер телімдері бөлінгенде, бұл қырғыздарға көбінесе басқалардың алдында ең жақсы жерлер бөлінді деп жазды" [1].

Мұндай жалған ойлар, әрине, полиция департаментінің назарынан тыс қала алмады. "Қазақ" газетінің 1917 жылғы қаңтардағы санына орналастырылған "саяси ереже" мақаласының аудармасы Ресей империясының ішкі істер министрлігінің қарамағындағы Торғай облыстық басқармасынан жіберіліп, Орынбор губернаторының кеңсесіне бір күні, 1917 жылғы 14 ақпанда келіп түсті. Тауларға шығатын уақытша басылымдар. Орынбор татар және қырғыз тілдерінде – Торғай облыстық басқармасының аудармашысы" [1].

Бұл ресми лауазымда 1917 жылғы Ақпан төңкерісі қарсаңында Мұхамедияр Тунганчин қалды. Бұл әйгілі, бірақ өте жағымсыз тұлға болды. Сонымен қатар, Тунганчин туралы "облыстық басқарманың аудармашысы лауазымы бойынша үлкен пара алғаны" белгілі болды [3, 22 б.]. Жандарм басқармасының агенті Торғай облыстық қазақ съезінен ұятпен қуылды. Революциялық өзгерістер өмірдің барлық салаларына әсер етті.

Ресейдегі ағартушылық, ұлтшылдықты дамыту арқылы, оның ішінде ұлттық қазақтың бірегейлігін ресімдеу негізінде аккумуляцияның империялық саясатын жүзеге асыру мемлекетті қайта форматтаудың күрделі процесіне алып келді, нәтижесінде империя өзі қаламай, өзінің "қабір қазушыларын" тудырды деген тұжырым ұтымды болады [4, 114 б.].

Қазақ зиялы қауымның бастамасымен құрылған, 1913 жылғы 2 ақпаннан бастап Орынборда А. Байтұрсынов редакторы болған «Қазақ» газетінің тарихында зерттеушілер үшін сөзсіз қызығушылық тудыратын бірқатар материалдарға назар аудару қажет. Газет редакторларының бірі М.Дулатов (заңды негізде А. Байтұрсынов болмаған кезеңде оның орнындағы) қазақ тілді газеттің еңбегін былайша сипаттады. Мысал келтірейік: «Қазақ» («Қазақ» - автор) өзінің бар уақытында далада дамып келе жатқан теріс қылықтарға қарсы жүйелі күрес жүргізіп, қарақшылардың лас әрекеттерін әшкереледі; парақорлар мен түрлі жолдағы алаяқтар. Олар әрбір қадамды және «Қазақ» деген әрбір жолды мұқият бақылап, мәлімдемелермен айналыса бастады; олар үкіметтің қатаң жазылған және айыптайтын әрекеттері мен саясатын өз түсініктемелерімен аударып, басшыларға ұсынды" [5, 17-18 б.].

1917 жылдың басында патша цензурасы "Қазақ" газетінің жауапты редакторына қарсы кезекті сот ісіне материалдар дайындай бастады. Мұндай оқиға Ресейдегі 1917 жылғы ақпан төңкерісінен бір ай бұрын болған.

Ресей империясының әкімшілік органдары А. Байтұрсынов пен оның жақтастарына қатысты сот және айыппұл салу шараларын жиі қолданды, олар жиырмасыншы ғасырдың басынан бастап үнемі бақыланып отырды, жандармерия барлық агенттік хабарламаларды ерекше маңызды істерге айналдырды. Мұндай мәліметтерде газет басылымдарының сипаты, оның ішінде орыс тіліне аудармасы және басқа да материалдар туралы ақпарат болды [6, 27-32 б.]. Орынбор губернаторының кеңсесіндегі кейбір мұрағаттық құжаттар жарияланды [7, 43-47 б.], бірақ, өкінішке орай, олар ғылыми әдебиеттерде көрінбеді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында полицияның жасырын бақылауындағы газеттер мен журналдардың қатарында "Қазақ" газеті де болды. "Бұл басылымдардың көпшілігі жаңа қоғамдық-саяси риторикаға толы болды, көбінесе түсініксіз немесе билікке сұрақтар туғызды" [8, 185 б.]. "Алаш" басшылары және осы қозғалыстың көзқарасын білдіретін "Қазақ" газетінің редакциясы патша әкімшілігімен, оның ішінде 1916 жылғы Түркістан және Дала өлкесіндегі көтеріліс кезеңінде де қарсыласудың заңды нысандарын ұстануға тырысты. Жетекші қазақ тілді газеттің жауапты редакторы А. Байтұрсынов

қоғамдық қозғалысқа белсене қатысты. Сонымен бірге, ол "қызыл сызықты" патша цензурасының тағы бір мұқият назар аудару қаупінің алдында ғана емес, сонымен бірге уақыттың шындығын объективті түрде бағалай отырып кесіп өткен жоқ. Мұны Алаш көшбасшылары жақсы түсінді, олар қазақ мемлекеттілігінің нысанын анықтау мәселесін заңды түрде шешуге, орталықпен сындарлы өзара іс-қимылға, қандай саяси түске ие болса да, бағытты ұстанды [1].

"XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларына 1917 жылғы оқиғаларды бағдарлау өте қиын болды "деген тұжырым да негізсіз емес [9]. Сонымен бірге, А. Байтұрсынов өзінің публицистикалық мақалаларында Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Ресей империясындағы қазіргі саяси жүйенің өсіп келе жатқан дағдарысындағы көптеген процестерді көрсете отырып, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі қарсаңында патша автократиясының күйреуінің сөзсіз болатынын алдын-ала біліп, жабық түстермен көрсете алды. Орынбор губернаторының Әкімшілігімен "Қазақ" ("Қазақ") газетінің жауапты редакторы А. Байтұрсыновтың сот талқылауында қол жеткізген жеңістерінің тарихы Қазақ ұлттық зиялыларының көшбасшылары Ресей империясының саяси элитасының құрамына сәтті кірігіп, бір мезгілде өз халқының мүдделерін мақсатты түрде қорғай алғанын көрсетті (қысқа мерзімді қамауға алудан және "құрметті" сілтемелерден құтылмай).

"Қазақ" газеті "Алаш" қозғалысының идеяларын білдіретін трибунаға айналды. Газет редакциясы заңды түрде жұмыс істейтін баспасөз органын Қазақ ұлттық зиялыларының пікірін білдіретін мүйізге айналдыра алды [10, 29-33 б.]. Қазақстанның Тәуелсіздігіне ол қайтыс болғаннан кейін ондаған жылдар өткен соң қол жеткізілсе де, қоғамды осы тарихи оқиғаға дайындаған Байтұрсынов сияқты тұлғалар болды. Оның мұрасы бүгінгі күнге дейін шабыттандырады, тілдің, мәдениеттің, тарихтың және ұлттық бірліктің маңыздылығын еске салады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Легкий Д.М., Ибраев Е.Е., Табулденов А.Н. Ахмет Байтұрсынов және Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан төңкерісі қарсаңындағы "Қазақ" газеті // <https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.027>
2. Флоринский М.Ф. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Ресей империясының Министрлер Кеңесінің құзыретінің эволюциясы (1914 ж. шілде – 1917 ж. ақпан). - Ресейдің қазіргі заманғы тарихы. № 3 (11). 2014. – Б. 116-131.
3. Мартыненко Н. Алаш-Орда: құжаттар жинағы. - Алматы. 1992.
4. Любичанковский С.В. Орынбор өлкесінің оқу орындарында қазақ зиялыларының қалыптасуы: реформадан кейінгі жаңғыру сын-қатерлеріне жауап. Орал Тарихи хабаршысы. № 4. 2021. – С. 106-114.
5. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынұлы: өмірбаяндық очерк. Қырғыз өлкесін зерттеу жөніндегі Орынбор қоғамының еңбектері. 3-шығарылым. - Орынбор. 1922. –Б. 17-25.
6. Қасенов Е.Б. Алаш қозғалысының тарихы бойынша Томск және Орынбор облыстарының мемлекеттік мұрағаттарының материалдары. Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих Сериясы. Философия. № 2. 2014. – Б. 27-32.
7. Тернова И.К., Исетова Р.К. Күреспен жарықтандырылған өмір: Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 125 жыл толуына арналған. – 1998. –Б. 43-47.
8. Христофоров В.С. XX ғасырдың басындағы саяси іздеу және "мұсылман мәселесі": Дала өлкесінің мұсылмандары туралы ақпарат жинау және бағалау. Омбы университетінің хабаршысы. "Тарих Ғылымдары" Сериясы. № 3 (19). 2018. – Б. 185-188.
9. Қашқымбаев А. 1917 жылғы революция жағдайындағы қазақ зиялылары [Электрон.ресурс]. – <https://e-history.kz/ru/news/show/4109> / (өтініш берген күні. 16. 12. 2021).
10. Сағадиев К.А. Ахмет Байтұрсынов және Алашорда көшбасшыларының экономикалық көзқарастары. Отан тарихы. № 3. 1998. – Б. 29-33.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ – АЛАШ КӨШБАСШЫСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Жорабекқызы А., п.ғ. магистрі

Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі МКҚК, Түркістан қ.

E-mail: arai_ka84@mail.ru

XX ғасырдың басы – қазақ халқының тағдырын шешкен күрделі кезеңдердің бірі болды. Ресей империясының отаршылдық саясаты күшейіп, қазақтың ең шұрайлы жерлері тартып алынды, халық өз атақонысында жерсіз қалып, әлеуметтік жағдайы әлсірей түсті [1, 10 б.]. Қазақ даласында дәстүрлі басқару жүйесі әлсіреп, ұлттық мүдде аяққа тапталды. Халықтың тұрмыс-тіршілігі ауырлап, қарапайым бұқараның мұңы мен зары күшейді.

Сонымен қатар бұл кезеңде дүниежүзілік тарихи үдерістер де қазақ қоғамына әсер етті. Еуропада ұлттық-демократиялық қозғалыстар күшейіп, Ресейдің өз ішінде де саяси реформалар талап етілді. 1905 жылғы Ресейдегі революциялық толқулар, Мемлекеттік думаға қазақ депутаттарының сайлануы – қазақ зиялыларына жаңа ой салды. Осылайша ұлттық тәуелсіздікке, теңдікке ұмтылған жаңа буын зиялы қауым қалыптасты [2, 21 б.].

Қазақ халқының ұлттық санасын оятуда Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш зиялыларының еңбегі айрықша болды. Олар халықты білімге, ғылымға шақырып қана қоймай, саяси күреске бастап, ұлттық мүддені қорғау жолына түсті. Бұл зиялылардың басты мақсаты – қазақ халқын бодандықтан құтқарып, дербес мемлекет құру еді [4, 356 б.].

Міне, осы күрделі тарихи жағдайда тарих сахнасына шыққан Міржақып Дулатұлы – халқының шынайы жанашыры, азаттығы үшін жанын берген қайсар тұлға. Ол өз заманының ең өткір мәселелерін көтеріп, халықты ұйқысынан оятуға тырысты. Оның қаламынан туған «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы халықты білімге, азаттыққа шақырған манифест болды. Ал «Бақытсыз Жамал» романы қазақ әдебиетінде жаңа дәуірдің бастауы болды [3, 14 б.].

Саяси күрескер ретінде ол Алаш партиясын құруға атсалысып, Алаш Орда үкіметінің идеологиялық негізін қалады. Оның бар өмірі – ұлт тәуелсіздігіне қызмет етудің айқын үлгісі. Сондықтан Міржақып Дулатұлы – тек Алаш көшбасшысы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тағдыры үшін күрескен ірі қоғам қайраткері.

Өмір жолы мен қалыптасуы. Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Қызбел ауылында дүниеге келген [4, 356 б.]. Әкесі Дулат – ескіше сауатты, ел арасында сыйлы, әділдігімен танылған жан болса, шешесі Дамелі ерте қайтыс болып, Міржақып жастайынан жетімдік тауқыметін көреді. Бұл жағдай болашақ қайраткердің өмірге ерте есейіп қарауына ықпал етті.

Міржақып әуелі ауыл молдасынан хат танып, кейін Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде білім алады. Мұнда ол орыс әдебиетімен, ғылыммен танысады, қазақ зиялыларының алдыңғы толқынымен араласады. Оның ұстаздары арасында Спандияр Көбеев және Ахмет Байтұрсынұлы болды [2, 34 б.]. Бұл тұлғалар жас Міржақыптың дүниетанымының қалыптасуына үлкен әсер етті.

1902 жылы ол оқуын тәмамдап, ауылда мұғалім болып еңбек етті. Сол кезде ол халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік әділетсіздікті, отаршылдықтың ауыр зардаптарын өз көзімен көрді. Қарапайым халықтың жоқшылықта өмір сүріп, білімсіздіктен қор болып отырғанын айқын сезінді. Осы кезеңнен бастап Міржақып елінің мұңын мұндап, халықтың болашағын ойлаған азаматқа айналды.

1904 жылы Омбыға барған сапарында ол Әлихан Бөкейханмен және Ахмет Байтұрсынұлымен кездесіп, олардың идеяларына біржола қосылады. Бұл кездесу оның өмірлік жолын анықтады: енді ол бар күшін халықты оятуға, ұлттың азаттығы үшін күреске арнады [1, 42 б.].

«Оян, қазақ!» – халықты азаттыққа шақырған үндеу. 1909 жылы Уфа қаласында Міржақыптың ең алғашқы және ең әйгілі туындысы – «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы жарық көрді [3, 5 б.]. Бұл кітап қазақ халқының тарихында ерекше рөл атқарды. Ол тек әдеби шығарма емес, халықты оятуға бағытталған саяси-әлеуметтік үндеу болды.

Кітаптағы негізгі идеялар:

- қазақ халқы ғасырлар бойы ұйқыда, надандықта жатыр;
- халықтың артта қалуының басты себебі – білімсіздік пен ұйымсыздық;
- жер – қазақ үшін ең басты байлық, оны сақтап қалу керек;
- қазақ халқы отарлық езгіден құтылмай, болашағы болмайды [2, 67 б.].

Міржақып өлеңдерінде халыққа ашық үн қатады: «Көзіңді аш, оян, қазақ! Көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты...» – деп елді серпілтеді.

Кітап халық арасында тез тарап, қазақ жастарының санасына зор әсер етті. Алайда патша үкіметі бұл еңбекті «қоғамға қауіпті» деп тауып, таралуына тыйым салды, даналарын тәркіледі. Автордың өзін бақылауға алды [1, 45 б.].

Соған қарамастан, «Оян, қазақ!» қазақтың ұлттық санасының оянуына үлкен ықпал етіп, ұлттық қозғалыстың ұранына айналды.

«Бақытсыз Жамал» және әдеби мұрасы. 1910 жылы Қазан қаласында Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» атты романы жарық көрді [3, 14 б.]. Бұл – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман.

Романдағы басты кейіпкер – қазақ қызы Жамал. Ол білімге құштар, өр мінезді қыз болса да, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік пен ескіліктің құрбанына айналады. Жамалдың тағдыры арқылы автор қазақ қыздарының еріксіздігі мен теңсіздігін, қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздікті көрсетеді [2, 102 б.].

«Бақытсыз Жамал» – тек бір қыздың тағдыры ғана емес, бүкіл қазақ әйелдерінің басындағы ауыр жағдайдың көрінісі еді. Осы арқылы Міржақып халықты ойлануға, қоғамдағы әділетсіздікті жоюға шақырды.

Сонымен бірге Міржақып публицистика саласында да өнімді еңбек етті. Ол «Қазақ» газетінде көптеген мақалалар жариялап, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік мәселелерін көтерді. Оның қаламы өткір, ойы батыл болды.

Алаш қозғалысы және саяси қызметі. Міржақып Дулатұлы – қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын Алаш қозғалысының белсенді мүшесі.

1917 жылы Орынборда өткен Жалпықазақ сиезінде ол Алаш партиясының құрылуына белсене қатысты. Алаш партиясы қазақ халқының дербес мемлекетін құруды, елдің жерін сақтап қалуды, ұлттық мәдениетті дамытуды мақсат етті [1, 123 б.].

Міржақып осы сиезде сөйлеген сөзінде халықты бірлікке шақырды. Ол:

- жерді халықтың меншігіне беру,
- оқу-ағартуды дамыту,
- әйел теңдігін қамтамасыз ету,
- қазақты саяси жағынан ұйымдастыру сияқты мәселелерді көтерді [2, 89 б.].

Сонымен бірге ол «Қазақ» газетінің редакторы ретінде халықты саясатқа араласуға, ел тағдырына бей-жай қарамауға үндеді. Газет арқылы ол қазақтың саяси санасын қалыптастыруға үлкен үлес қосты.

Алаш Орда үкіметінде Міржақып ағарту ісіне жауапты болды. Оның мақсаты – қазақ балаларына ұлттық мектеп ашу, ана тілінде білім беру, ғылымды дамыту еді.

Кеңестік дәуірдегі тағдыры. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін билікке келген кеңес өкіметі бастапқыда Алаш зиялыларымен ымыраға келуге тырысты. Бірақ көп ұзамай большевиктер Алаш қозғалысын «ұлтшылдық» деп айыптап, оның басшыларын қуғынға ұшыратты.

1928 жылы Міржақып Дулатұлы тұтқындалып, Мәскеуге жөнелтілді. Одан кейін Соловки лагеріне айдалып, ауыр азапты күндерді бастан кешті [1, 276 б.]. Лагерьдегі ауыр еңбек, қиын жағдай оның денсаулығын әлсіретті.

1935 жылы 5 қазанда Міржақып Дулатұлы Соловки лагерінде қайтыс болды [4, 357 б.]. Оның сүйегі туған жеріне тек 1992 жылы қайта жерленді.

Осылайша, қазақ халқының азаттығы үшін бар ғұмырын арнаған қайраткер өмірінің соңын ауыр қасіретпен аяқтады. Бірақ оның идеялары, еңбектері, мұрасы халықпен бірге мәңгі жасайды.

Міржақып Дулатұлы – қазақ халқының ұлы перзенті, күрескер тұлға. Оның бүкіл өмір жолы ұлттың тәуелсіздігіне, халықтың оянуына, азаттыққа жетуіне арналып өтті. Ол – ақын, жазушы, публицист қана емес, халықтың саяси көсемі, Алаш қозғалысының бел ортасында жүрген ірі қоғам қайраткері.

Біріншіден, оның «Оян, қазақ!» атты кітабы ұлттық сананы оятуда аса зор рөл атқарды. Бұл еңбек сол дәуірдің саяси-манифесіне айналып, халықты білімге, бірлікке, тәуелсіздікке шақырды [5, 5 б.].

Екіншіден, «Бақытсыз Жамал» романы арқылы қазақ әдебиетінде жаңа дәуір – прозалық роман жанры басталды. Бұл шығарма қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті терең ашып көрсетті [5, 14 б.].

Үшіншіден, ол Алаш партиясының құрылуына, Алаш Орда үкіметінің ұйымдасуына белсене қатысып, елдің саяси тағдырына ықпал етті [1, 123 б.].

Төртіншіден, кеңестік қуғын-сүргінге қарамастан, оның идеялары кейінгі ұрпаққа жетті. Міржақыптың өмірі – азаттық үшін күресудің, халыққа адал қызмет етудің айқын үлгісі.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында Міржақып Дулатұлының еңбектері мен мұрасы ерекше маңызға ие. Ол армандаған ұлттық тәуелсіздікке халқымыз жетті. Сондықтан да Міржақыптың «Оян, қазақ!» деген асқақ үндеуі – қазір де өзекті. Оның шығармашылығы мен саяси көзқарастары бүгінгі ұрпаққа ұлтжандылықтың, азаматтықтың биік үлгісін көрсетеді [2, 145 б.].

Қорыта айтқанда, Міржақып Дулатұлы – Алаш қозғалысының аса көрнекті көшбасшысы және қоғам қайраткері. Оның есімі – қазақ халқының азаттық күресі тарихындағы мәңгілік биік шоғы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 300 б.
2. Ахметов З. Алаш және Алашорда. – Алматы: Санат, 1995. – 200 б.
3. Дулатұлы М. Оян, қазақ!. – Уфа, 1909. – 112 б.
4. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2005. – 560 б.
5. Дулатұлы М. Бақытсыз Жамал. – Қазан, 1910. – 140 б.

ӘОЖ 821.512.122

АЛАШ ҰРАНДЫ ӘДЕБИЕТ – АЗАТТЫҚТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Нұрпейісов Н.Ж., ф.ғ.к., аға оқытушы

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ.
nariman_nur@mail.ru

Қазақ елінің өткен тарихы күні кешегі кеңестік қоғамда қатты бұрмаланды, соның ішіндегі «Алаш» партиясы, қозғалысы, олар құрған үкімет жайында да тым теріс, жалаң айыптауларға толы жабайы түсінік қалыптастырды. Сан алуан оқулық, зерттеулерде,

монографиялық еңбектердегі қиянаттар бірінен-бір асып түсіп жатса, тіпті энциклопедиялық анықтамалықта да әділетсіз пікір, дәйексіз дәлелдер келтіріліп жатты. Мысалы: «Алаш» – буржуазияшыл-ұлтшыл партия. Қазақ аулындағы феодал-байлардың, кертартпа дін басыларының және буржуазияшыл-ұлтшыл интеллигенцияның оңшыл тобының мүддесін білдірді», - деген мәлімет қандай ауыр [1, 56 б.]. Бұндай әділетсіз байлам алаштың қозғалысы мен үкіметіне де осы тұрғыдан берілді. Өкініштісі сол мемлекеттік деңгейдегі анықтамалық осылай деп түсіндірген соң басқаға не жорық, одан әрі осы түсінікпен әлденеше ұрпақ тәрбиеленді. Академик Рымғали Нұрғали атап көрсеткендей: «Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы тарихи шындық бұрмаланып, қып-қызыл өтірік айтылып келді. Ең бастысы Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тиым салынды» [2, 423 б.].

Тәуелсіздікпен бірге тарихымыздағы ақиқаттар қалпына келтіріліп, «ақтаңдақтар» ашыла бастады, соның бірі «Алаш» тарихына қатысты екені қатты қуантады. Алаш қозғалысының тарихына да 100 жылға толатын уақыт жақындап қалды. Алашқа қатысты тарихи деректер, таным-түсініктер, ол қозғалыстың тарихи мәні жайында тарихшылар ұлт рухына жақын ақиқатты шынайы тұрғыда айтып жатыр. Біздің айтуға ниет еткен мәселелеріміз алаш ұранды әдебиеттегі күрескерлік рух жайында, дәлірек айтқанда алаш ұранды әдебиеттің сол бір жылдары азаттықтың алдаспаны болып қалтқысыз қызмет еткені жайында.

1905 жылдары-ақ негізі қаланып, ғасыр басындағы аласапыран, төңкеріс кезінде өздерінің күрескерлік рухымен тарих аренасына шыққан оларды отаршылдық пиғылы Ресей империясынан да асып түскен большевиктер қоғамы мүлдем тұншықтырып тастады. Соған қарамастан Алаш қозғалысына қатысқан аяулы тұлғалардың дені ұлт мүддесін биік қойған іс-әрекеттерімен аянбай күрес жүргізді және өздері қуғын-сүргіннен көз ашпай жүрсе де әдебиет, публицистика, ғылым саласында өшпестей мол мұра қалдырды.

XX ғасырдың бас кезі дауылды, дүрбелеңге толы болып басталды. Ұлт-азаттық көтерілістер, сан алуан қозғалыстар мен төңкерістер, азамат соғысы, аштықтың етек алуы сияқты зұлматтар қазақ елін тарих аренасында не бар ететін, не жоқ ететін жағдайларға әкеліп тіреді. «Өлім ұйқысы» кұшағында жатқан халықтың құлағына Ахмет Байтұрсынов «Маса» болып ызыңдады, «қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша» қайтпай, қайсарлықпен әрекет етті.

Міржақып Дулатұлы «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты», «Қазағым енді жату жарамас-ты!» деп бар даусымен ұран салды. Ал енді бүкіл күш-қуатын қазақ елінің азаттыққа жету жолына арнаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт азаттық қозғалыстың теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси «Алаш» партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхановтың ел тарихындағы, егемендікке жету жолындағы жанкешті еңбектері енді ғана өз бағасын ала алып келе жатқаны да қуантады.

Бүгінгі азат, тәуелсіз ұрпақ Қазақстанның еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін жанын пида етіп күрескен көптеген батыр бабаларымызды үнемі еске алып отырады, олардың қатарында әйгілі батыр, қолбасшы, қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы, батырлар Сырым Датұлы, Махамбет пен Исатай, қанжығалы Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, шапырашты Наурызбай сияқты ардақты батырларымыздың есімдері құрметпен аталады. Бұл тұлғалардың барлығы да қазақ халқының ерлік тарихында аттары алтын әріппен жазылатын тұлғалар.

XX ғасырдың басындағы күресті күндерде алашорда үкіметінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының үміті ақталмады, жалған саясат, қара күшпен, қантөгіспен келген үкімет сендерге теңдік, бостандық әпердік деп сендірді, шын мәнінде алдады. «Бостандық» деп өлең жазбаған ақын кемде-кем еді. Алаш ұранды әдебиеттің ірі өкілі, қазақ поэзиясының падишасы Мағжан Жұмабаев та «Бостандық» атты өлең жазды, өлең түйінінде:

Қыбырлаған қоңыздар.

Қорсылдаған доңыздар,

Тілегің болды – қуан, күл.

Бостандық – ізгі періште,
Кетпекке ұшып ғарышқа
Ақ қанатын қомдап тұр, - деп күңіренді.

1918 жылы Сібірдегі реакция дәуірінде жазылған өлеңде өзге ақындардағыдай «бұл бостандық бізге көктен келген жоқ» деп ұрандату сарыны жоқ, керісінше «шірік жүрек сасықтар, арамдыққа асықтар, жетілді, жетті мұратқа» деп тарихи шындықтың бет-пердесін ашты, келген «бостандықтың» мәнін түсіндірді.

Бостандық бізге тым қымбатқа түсті, сол жолда күрес жүргізген қаншама ардақтыларымыз, атақты Кенесары бабаларымыздан бастап, күні кешегі Қайрат Рысқұлбековке дейінгі мерт болғандарды санап шығу тіпті мүмкін емес. Тәуелсіздік туын желбіретіп кетуге сол кездің мүмкіншілігі болмады, сол себепті Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған көсемдер автономия алуға әрекет етті, сол жолда жеңіске жетті, бірақ олардың азаттық туралы айтқан сөздерін, жасаған әрекеттерін большевиктер кешіре алмады, бірін ерте, бірін кеш құрбандыққа шалды.

Алаш ұранды әдебиетке өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның бірі, биылғы жылы туғанына 140 жыл толып отырған Міржақып Дулатұлы (1885-1935). Ол қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері «Алаш» партиясын құрып, Алшорда үкіметін орнатқан кезде алаш туын көтерген Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтардың қатарында болды. Ақынның «Алашқа», «Жаңа тілек», «Алаш» партиясына қосылмаған ақынға», «Тұңғыш құрбан» т.б. өлеңдеріндегі күрескерлік рух, «Алыстан алаш десе аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын» дейтін асқақ сезім атойлап тұр. Міржақыптың «Алашқа» атты өлеңі «реквием» (қазалы жыр) аталғанымен, бұл өлеңді ақынның өткенді аңсау сарыны деп түсінбеу керек. Ол өткен кездегі ақ киізге көтеріп сайланған хандарды, әділ би, ардақ тұтып, ел қорғаны болған батырлары көп болған дәуірлердің келмеске кеткенін түсінді, сол себепті қазақ көшін алға бастайтын көсемдерді іздеді, армандады.

М. Дулатұлымен үндес ақынның бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұранын» жазды.

Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің алашты,
Қорлығына бермейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын алаш, жасасын!

1917 жылдың өзінде «Алаш» партиясының әнұранын жазған ақынды қатты жазғырушы едік, шын мәнінде ақын Сұлтанмахмұт тек қана әнұран жазып қоймай, араға жыл салып, 1918 жылы сол кездегі алаш қайраткерлерінің алғы легінде тұрған көптеген азаматтарды өз кейіпкері етіп «Таныстыру» атты поэма жазған екен. «Қара қазақ» пен «Оқығанның» арасындағы сұхбат үлгісінде құрылған сюжет қызықты әрі мазмұнды. Аумалы-төкпелі заманда көп құбылыстың ақ-қарасын ажырата алмаған «қара қазақ» сұрақ қояды, «оқыған» жауап береді. «Қилы заманда» халық кімнің соңынан ерерін білмей дағдарып қалғаны рас, осы кезде ақын шама-шарқынша жол көрсетті. Алдыңғы кезекте ол Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты таныстырып, атақты тұлғалардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық еңбектеріне зор баға береді.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі.
Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.

Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,

Зарығып алаш үшін бейнет көрген, - деп басталатын «Таныстыруда» сонымен қатар Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, Ш. Құдайбердіұлы, Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар, (ерлі-зайыптылар) т.б. біршама қайраткерлердің аты аталады.

Ақын ұлы Абайды биік қояды, сондай-ақ ақынның шәкірті Шәкәрімге де бөлекше қарайды, оның ойшылдығы мен кемеңгерлігін былайша суреттейді:

Бұл қазақтың мақсұты – биік алыс,

Таппаса да сөзіне құлақ салыс.

Қазақ деп жекелеме, адамзат де,

Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.

Поэmanın идеялық мазмұны терең, «ақын жеке адамдарды бағалағанда, олардың адамдық, қоғамдық еңбектерін халыққа, еліне сіңірген қызметімен өлшейді, ел басшылығына дәмелі адамдарға салмақ артады, сын айтады. Мұның өзі кезінде заман халық ішінен шыққан қайраткерлерді іріктеп жатқан тұста айрықша маңызды болды. Сұлтанмахмұт елді ойлы, білімді басшылардың маңына бірігуге үндеді» [3, 13 б.]. Бір өкініштісі осы поэма да алаш қайраткерлерімен бірге ұзақ уақыт бойы қапаста, жарияланбай, халыққа жетпей жатты, тек тәуелсіздікпен бірге ғана елге оралды. Ақынның бұл шығармасы бүгінгі күні де маңызы зор, ел үкімет басындағы қайраткерлерді таңдау, іріктеу, оларға сенім, үміт арту жолдары әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. Қайраткерлерді тануда қателікке душар болып жатамыз, Сұлтанмахмұтша таңдау жетіспей жатады.

Алаш ұранды әдебиеттегі өзіндік орны бар Жүсіпбек Аймауытов та алаш «Ұранын» жазған, бұл жыр да сол кезеңде халық арасына кең таралып, әнмен айтылып, ұлттық рухтың оянуына өлшеусіз үлес қосты. «Қазағым, қақтықпа, қамалма! Ел болар қамыңды амалда!», - деп басталатын бұл ұран да аса бір биік рухпен, патетикалық көңіл күймен аяқталады:

Ұраным, қорғаным, сен Алаш!

Жолыңа құрбандық мал мен бас!

Өнер тап, өрге шап, қару ат,

Аллалап алға бас, ал Алаш! [4, 211 б.].

Ойымыздың өресін түйіндеп келгенде аңғарғанымыз ұлтын сүйіп, алашым деп атойлап шыққан осы жандардың бірі «ұран», бірі «таныстыру» жазып жатты, ол жырлардың қай-қайсысын алсаңыз да күрескерлік рух пен өрлік, келешекке деген сенім мен серт мен мұңдалап тұр. Өттең қара күш дегеніне жетті, арман мен үмітті тым ерте үзді, не шара.

Алаш ұранды әдебиет жайында сөз еткенде ХХ ғасырдың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Алаштың ардақтысы» деп аталатын еңбегіне соқпай кету мүмкін емес, ендігі ретте аталған еңбектегі түйінді ойға назар аударсақ: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», - деп баға беретін жазушы пікірінің мәні зор, шынында да біз біршама уақыт алаш ардақтыларын ұмыттық, ұмыттырды, естен шығардық, шығарғызды, ал тарих төреші ұмыта қоймапты, соған көзіміз енді жетті [5, 7 б.].

Алашордалықтар арман еткен тәуелсіздікке ХХ ғасырдың соңында ғана қол жеткіздік. Тәуелсіздік жолындағы күреске ғұмырларын арнаған алаштықтардың басынан қауып-қатер бір күн де кеткен емес, оған тарих куә. Олардың жанкешті күресі арқылы қолымыз жеткен азаттықты да қандай қауіп-қатерден болса да қорғауға енді біз дайын болуымыз керек.

Қаншама ғасырлар бойы күткен, сол жолда қаншама зұлматтарды, қасірет пен қайғыны басынан кешірген, ең өкініштісі сол тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтар қаншама. Демек, сол тәуелсіздік жолында күреске шыққан, саяси партия құрған, алаш ұранды әдебиетті дүниеге әкелген, ең бастысы ұлттық ояну мен ұлы мұраттарға толы тәуелсіздікті ту етіп халық көсемдері бола білген аяулы азаматтарды үнемі есте сақтап

отыру, рухани дүниеміздің төрінде ұстау бүгінгі азаттық арманына қолы жеткен бақытты ұрпақтың басты парызы болуға тиісті.

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз ұрпақ – кешегі аласапыран дәуірде азаттықтың арманын ту етіп ел алдына шыққан, туған елін азаттықтың айдынына алып шықсақ деп арман еткен, сол жолда өздері құрбан болған аяулы азаматтардың асыл аманатын биік ұстап, ұлы Абайдың «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп басталатын өсиетін қағида етіп ұстанған халықтың бірлігі мен ынтымағы, татулығы мен ауызбірлігі мол болатынын ұдайы жадыда ұстауымыз керек.

Түйіндей айтқанда, азаттықты армандаған алаштықтардың арманы орындалды, азаттықтың ақ кемесіне мінген бүгінгі ұрпақ алаштықтардың аманатын бәріміз бір кісідей орындауымыз керек, сонда ғана ұлттың ұлы мұраттары жүзеге асады. «Алтыбақан алауыздықтың» зардабын аз тартпаған халықпыз, ендігі мұрат, алар биік, ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысу – бабалардан қалған парыз бен қарыз екенін ұмытуға хақымыз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедия. 1-том. - Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. 1984. - 592 б.
2. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. - Алматы: Санат, 1992. - 432 б.
3. Қирабаев С. Ақын тағдыры. // Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Ғылым, 1993. - 280 б.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Ғылым, 1997. - 240 б.
5. Байтұрсынұлы А. Маса. Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. - 208 б.

ӘОЖ / УДК: 82.09:82(574)-1

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ АЗАТТЫҚ, ӘДІЛДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕРЛІК РУХЫ МЕН ҚАЗІРГІ АҚЫНДАРДЫҢ АДАМИ-РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Құрманова Ә.Ж., ф.ғ.магистрі
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ, Астана қ.
ademi_kurmanova@mail.ru

Кіріспе. Қазақ әдебиеті тарихында ХХ ғасырдың басында ел тағдыры үшін күрескен қаламгерлердің орны айрықша. Солардың ішінде Міржақып Дулатұлы – тек ақын ғана емес, қоғам қайраткері, халықтың азаттығы жолында жанын қиған Алаш ардақтысы. Оның шығармалары – ұлттың саяси-әлеуметтік оянуына тікелей ықпал еткен көркемдік құбылыс.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінде жаңа тарихи жағдай қалыптасты: мемлекет тәуелсіздігін алды. Дегенмен қазіргі ақындардың басты арқауы – адамның рухани бостандығы, ар-ождан еркіндігі, жанның азаттығы. Осы тұрғыдан алғанда, Міржақыптың күрескерлік рухы мен қазіргі ақындардың адамдық еркіндікке үндеуі арасында өзара сабақтастық бар.

Мақсатымыз Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы азаттық, әділет идеяларын саралап, оларды қазіргі қазақ ақындарының рухани еркіндік тақырыптарымен салыстыру болды. Бұл үшін келесі міндеттерге басты назар аударылды:

- Міржақып Дулатұлының поэзиясындағы азаттық пен әділет идеясын талдау;
- қазіргі қазақ поэзиясында көрінетін рухани бостандық концепциясын анықтау;

- екі дәуірдегі поэзияның үндестігі мен айырмашылығын көрсету;
- қазақ әдебиетінің миссиясы – бостандық пен әділетті жырлау екенін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Негізгі бөлім. Міржақып Дулатұлы өмір сүрген кезең талай халықтардың үстінен небір сұрапыл дауылдарды соқтырып тұрған XX ғасырдың басы, патша өкіметінің отаршылдықты қазақ даласында күрт күшейтіп, қалың елге тізесін қатты батырып тұрған шағы болатын. XIX ғасырдың аяқ кезіндегі атышулы Столыпін заңынан кейін қазақ даласына жаппай көшірілген орыс шаруалары патша әкімшілігінің отаршыл саясатымен жергілікті халықтың ең шұрайлы, суы тұнық, оты шүйгін, топырағы құнарлы жерлері жаңа қоныстанушыларға тартып әперілген. Атамекеннің асылынан айырылған қазақ халқы мыңғырған малмен тастақты жерде қалып қойды.

Бұл жағдай сол кездегі қазақтың көзі ашық, оқыған, зиялы азаматтарына қозғау салды. Наразылық туды. Елі үшін уайым шегер азаматтар адамзаттың тарихи көшінен қағаберіс қалып, марғау жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздеп шарқ ұрды. Күресудің жолдары қарастырылып жатты. Қапастан құтылудың ең бірінші баспалдағы – озық елдердің қатарына қосылып, өнер-білімге тартылу деп білген олар өздерінен бұрын өткен ағартушы ағаларының дәстүрін жалғастырып, қалың бұқара арасында осы бағытта насихат жұмысын күшейтті. Оқуға, білім алуға ұмтылыс арта түсті. Бірте-бірте халық саяси құбылысқа айналып, ел ішінде отаршыл саясатқа қарсы ұлт-азаттық идеялары туындады. Патшалық Ресей де бірінші буржуазиялық-демократиялық дүмпудің қарсаңында болатын.

Осындай тарихи ахуалда ел ішінде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген Міржақып секілді көзі ашық, көкірегі ояу, көңілі сергек жас ұстаздың туған халқының тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерден оқшауланып, қалыс қалуы мүмкін емес еді. Езілген еліне ес болуға, жоғын жоқтап, мұңын мұңдауға серт байлап, халық ісіне бар болмысымен бүтіндей беріліп, «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!» деп бар даусымен жар салды. Өз бетінше талпынып, білім жинап, орыс тілін жетік меңгерген Міржақып орыстың озық ойлы азаматтарының еңбектерімен танысуы арқасында замана тозаңын суырып, дүниені дүр сілкіндірер дауылды күндердің тақап келе жатқанын өзгелерден бұрын сезеді [1].

Міржақып Дулатұлы поэзиясындағы *күрескерлік рух*. Міржақыптың шығармашылығы тікелей қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайымен байланысты. Оның «Оян, қазақ!», «Ғақлы кәміл жігіттер» сияқты өлеңдерінде басты идея – ұлттың бодандықтан құтылып, еркін ел болуы.

Ақын халықтың қамын ойлаған азаматтарға: «Халықтың ойла пайдасын, өзің үшін налыма» – деп үн қатады. Әділетсіздікті сынап, қарапайым елдің зарына құлақ асуды талап етеді. Жастарды ел үшін күреске, қайрат пен намысқа шақырады: «Алдымен өлсең майданда, талас жоқ сенің бағыңа». Міржақып үшін бостандық – ең әуелі ұлттық азаттық [2].

Қазіргі қазақ поэзиясындағы *рухани бостандық*. Тәуелсіздік кезеңінде ақындардың негізгі мұраты – адамның ішкі еркіндігі, рухани тұтастығы.

Ақындар адам болмысының тазалығын, ар-ождан еркіндігін алдыңғы орынға қояды. Мысалы, қазіргі поэзияда жалғандыққа қарсы тұру, шынайылықты іздеу, адамның өзін-өзі табуы жиі жырланады.

Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылық пен жеке тұлғаның бостандығы қатар көтеріледі. Егер Міржақып Дулатұлы үшін азаттық – саяси тәуелсіздік болса, бүгінгі ақындар үшін ол – рухани тәуелсіздік [3].

Үндестік пен айырмашылық. Үндестік: Екі дәуірдегі ақындарды біріктіретін ортақ арна – әділетке, шындыққа ұмтылыс. Міржақып ұлттық азаттықты жырласа, қазіргі ақындар адамның жан азаттығын жырлайды. Бірақ екеуінің де түпкі идеясы – бостандық.

Айырмашылық: Міржақып шығармашылығында күрес – отаршылдыққа қарсы ұлт тағдыры үшін болса, қазіргі ақындарда күрес – адамның рухани тұтастығы мен сананың тәуелсіздігі үшін.

Әдеби-ғылыми пайым. Әдебиеттану ғылымында поэзияның «дәуір үнін жеткізу» қызметі бар екендігі белгілі. Міржақып Дулатұлы – ХХ ғасыр басындағы ұлттың күрескерлік үнін жеткізген ақын. Қазіргі заман ақындары – ХХІ ғасырдағы адамның ішкі бостандығы мен рухани тұтастығын жеткізушілер. Осы сабақтастық – қазақ поэзиясының үзілмес рухани желісі [4].

Міржақып Дулатұлының «Алаш» тақырыбындағы лирикасы, онда ақын өзінің жеке тағдырын халық тағдырымен байланыстырады. Бұл – оның азаттық, әділдік жолындағы күрескерлік рухын айқын көрсететін туынды. Енді талдап көрейік:

Тақырыбы мен мазмұны. Ақын өзін «ойпаң жерге біткен аласа ағашқа» теңейді – яғни, қарапайым, көп жеміс бермейтін, бірақ барымен халыққа қызмет қылуға дайын жан.

Өлеңде жеке қайғысы мен халықтық мұңы қатар өрілген:

- қам көңіл, жалғыздық, әділетсіздіктен қажу;
- қазақ халқының қараңғылықта адасуы;
- әділдіктің түбінде жеңетініне сенім.

Идеясы:

- жеке басының азабын ұлт мұратына арнау;
- қазақ халқын надандық пен қиянаттан құтқару үшін күресу;
- әділдік пен азаттықтың кешігіп болса да орнайтынына сенім.

Көркемдік ерекшеліктер:

1. Метафоралар, теңеулер:

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш» – өзін қарапайым, бірақ пайдасы бар жанға теңеу. «Қаптап тұр күнбатыстың қара бұлты» – отаршылдықтың қара түнегі.

2. Эмоциялық бейнелеу:

«Қаламнан жылап аққан қара бояу» – өлеңнің жүректен шыққан мұң екенін білдіреді.
«Жүректен қашан шығар қадалған оқ» – әділетсіздіктің жан жарасы.

3. Қайталамалар: «Қоймас» сөзін үш рет қайталау – әділдіктің түбінде жеңетінін нық сеніммен айту.

Лирикалық кейіпкер. Ақынның өзі – жалғыз, қажыған, бірақ үмітін үзбеген күрескер бейнесі.

Оның «бар кінәм – қиянатқа шыдай алмай, балта шабуым» деген сөзі – ұлт мүддесі үшін күрестің айғағы [5].

Тәрбиелік мәні:

- халыққа адал қызмет етудің үлгісін көрсетеді.
- жастарды әділдік пен азаттыққа сенуге, қайсар болуға шақырады.
- қиындыққа қарамастан, шындық жолынан таймауға үйретеді.

Бұл өлең – Міржақыптың ұлт алдындағы адалдығын, әділетке деген сенімін паш ететін туынды. Ақын жеке қайғысын халық тағдырымен ұштастырады. Оның айтуынша, әділдік кешіксе де, түбінде жеңеді.

Салыстырмалы талдау жасау үшін біз Міржақып Дулатұлы заманының өлеңдерін қазіргі ақындардың шығармашылығымен қатар қойып қарауымызға болады.

Салыстырмалы талдау

1. Міржақып Дулатұлы заманы (ХХ ғ. басы)

Тақырыптары:

- Ұлттың бостандығы, тәуелсіздік, азаттық арманы;
- Қоғамдағы әділетсіздік, отаршылдық қысымы;
- Жеке қайғыны халық тағдырымен байланыстыру;
- Халықтың қараңғылықта, надандықта қалуы (қараңыз: кесте 1).

Көркемдік сипаты:

- Ауыр тұрмыс пен отарлық езгіні нақты суреттейді;
- Үміт пен күрес рухы басым;
- Метафора, халықтық мақал-мәтелдерді жиі қолданады.

Мысал: «Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш» – өз қарапайым болмысын халыққа қызмет етумен байланыстыруы [6].

2. Қазіргі заман ақындары (XXI ғ.) Мысал үшін: Айнұр Төлеу, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс шығармаларын алайық.

Тақырыптары:

- Жеке тұлғаның ішкі әлемі, жалғыздық, махаббат, рухани ізденіс;
- Тәуелсіз елдегі әлеуметтік мәселелер (жастар, тіл, экология, жаһандану);
- Ұлттық болмысты сақтау, рухани құндылықтар.

Көркемдік сипаты:

- Символика, метафора, жаңа поэтикалық формалар;
- Жеке «Мен» арқылы қоғамның күйін ашу;
- Бостандыққа, тәуелсіздікке емес, рухани еркіндікке көбірек ден қояды. Мысал: Ақберен Елгезек: «Мен – өзімнің мәңгілік түрмемін...» – бостандық бар заманда да адамның рухани шектеулері, жалғыздық сезімін ашық білдіреді.

3. Ұқсастықтары:

- екеуі де адам жанын, қоғам тағдырын жырлайды;
- екеуінде де үміт пен күрес бар: Міржақыпта – ұлттық азаттық үшін, қазіргі ақындарда – рухани азаттық үшін;
- жеке адамның мұңы мен халықтық мәселелер астасады (қараңыз: кесте 1).

4. Айырмашылықтары:

Кесте 1. М. Дулатов заманы мен қазіргі заманғы ұлттық құндылық пен жеке тұлғаның бостандығы

Міржақып заманы	Қазіргі заман ақындары
Негізгі мәселе – ұлттық бостандық, отарлықтан құтылу	Негізгі мәселе – рухани ізденіс, жеке тұлғаның еркіндігі
Күреске шақыру, халықты ояту	Ішкі әлемге үңілу, жеке адамның жан қасіреті
Халық даналығы, мақал-мәтел, айқын реализм	Символика, постмодерндік ойлау, метафоралық тіл
«Әділдік ерте ме, кеш пе, женеді» – сенім басым	Көбіне күмән, рухани жалғыздық, жаһандану ықпалы сезіледі

Қорыта айтқанда, Міржақып Дулатұлы: сыртқы еркіндікті – ұлттың азаттығын жырлады. Қазіргі ақындар: ішкі еркіндікті – адамның рухани бостандығын жырлайды. Екеуін байланыстыратын ортақ идея – адамның ар-намысын, рухын сақтап қалу.

Міржақып Дулатұлы шығармалары – қазақ халқының саяси оянуына ықпал еткен азаттық гимні. Қазіргі ақындар болса, адамның жан бостандығын, ар-ождан еркіндігін жырлауда. Екі дәуір поэзиясының үндестігі – бостандық пен әділетке деген ұмтылыстың мәңгілік құндылық екенін дәлелдейді.

Осылайша, әдебиет әр дәуірде түрлі формада болса да, адамды азат ету, рухани еркіндікке шақыру миссиясын жалғастырып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Қазан, 1909.
2. Дулатұлы М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Астана: Елорда, 2001.
5. Қалижанұлы У. Алаш әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
6. Қазіргі қазақ поэзиясы антологиясы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.

**А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ОНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСЫ**

Құрманова Ә.Ж., ф.ғ.магистрі

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ, Астана қ.

Бериккалиева А. М. 2 курс студенті

Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы

ademi_kurmanova@mail.ru

XX ғасырдың басында қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Отаршылдық қысымның күшеюі, ұлттық мәдениеттің әлсіреуі және жер мәселесінің шиеленісуі ұлт зиялыларын бір мақсатқа – ұлттық дербестікке ұмтылдырды. Солардың алдыңғы шебінде Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Ол – ағартушы-ғалым, саяси қайраткер, Алаш қозғалысының идеялық көшбасшыларының бірі. Оның саяси көзқарастары мен Алаш идеясына қосқан үлесі – қазақ тарихындағы тәуелсіздік жолындағы күрестің маңызды кезеңі.

1. Тарихи-әлеуметтік жағдай. Ахмет Байтұрсынұлының көзқарастары Ресей империясының отаршылдық саясаты күшейген дәуірде қалыптасты. Ол өз ортасында ұлттық тәуелсіздік көзқарасын қалыптастырып, Ресей империясының отаршылдыққа қарсылығын білдірді. Қазақ халқының жерін тартып алу, тілін, дінін шектеу – оның негізгі күрес тақырыбы болды. Ол қазақтың бостандығын, дербес дамуын армандады.

Қазақ даласы әкімшілік-территориялық реформалар арқылы бөлшектелді. Жергілікті басқару жүйесі орталықтың мүддесіне бағындырылды. Жер мәселесі – отарлық саясаттың ең ауыр салдарының бірі болды. Осы жағдайда А. Байтұрсынұлы мен оның серіктестері ұлттық автономия мен өзін-өзі басқару қажеттілігін түсінді.

Кеңестік билікпен қарым-қатынасын зерделей келе қазақ қоғамына қайшы келмейтіндей өкімет құруды ойластыра бастады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың тәуелсіз мемлекет болуын көздеді. Мемлекеттің тірегі – ана тілі, білім мен ғылым, ұлттық бірлік деп білді. Ол «Қазақ» газеті арқылы халықты оқу-білімге, ұйымшылдыққа, әділдікке шақырды [1, 56 б.].

2. Алаш идеясының мазмұны. 1917 жылы Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлымен бірге «Алаш» партиясын құруға атсалысты. Партия бағдарламасында:

- халық билігі мен демократия;
- жеке адамның құқығы;
- теңдік пен әділдік;
- сөз, дін, баспасөз еркіндігі;
- ұлттық әскер мен білім жүйесін құру сияқты талаптар болды.

Бұл А. Байтұрсынұлының демократиялық бағыттағы қоғамдық саяси көзқарасын айқын көрсетеді. Сол кезеңде де қазақ елі үшін жер мәселесі күрделі мәселе болатын.

Жер – қазақ үшін ең басты байлық әрі өмір сүрудің кепілі. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жері халық меншігінде болуы тиіс деп санады. Ол қоныс аудару саясатына қарсы шығып, жердің әділетті бөлінуін талап етті.

Алаш идеясы – қазақ халқының ұлттық тұтастығын, мәдени өркендеуін және саяси дербестігін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарлама. Басты ұстанымдары:

1. Ұлттық автономия құру – Қазақ елі өз тағдырын өзі шешуі керек.
2. Тіл мен мәдениетті сақтау – Қазақ тілі мемлекеттік деңгейге көтерілуі тиіс.
3. Ағартушылық және білім – Халықтың саяси санасын көтеру, ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру.
4. Заң үстемдігі және әділдік – Құқықтық мемлекет принциптерін енгізу.

5. Экономикалық тәуелсіздік – Жер, байлық халық игілігіне қызмет етуі керек [2,89б.].

3. Саяси көзқарастары.

А. Байтұрсынұлының саяси қызметі 1905 жылдан басталды. Ол Қарқаралыдағы петиция авторларының бірі. Онда жергілікті басқару мәселелері; сот; халыққа білім беру жүйесіндегі өзгерістер; ар-ождан және дін бостандығы; жаңа заңдарды қабылдау мәселелер көтерілді. Қазақ грамматикасын анықтау үшін ғылыми терминология әзірледі. 1913 жылы Бірінші Мемлекеттік думаның бұрынғы депутаты Ә. Бөкейхановпен, жазушы М. Дулатовпен бірігіп Орынборда «Қазақ» газетін ашты. Газет 1918 жылға дейін жұмыс істеді. Қазақ даласында басты ұлттық қоғамдық-саяси және ғылыми-әдеби басылымға айналды

Ахмет Байтұрсынұлы – саяси реформалар мен мәдени жаңғыруды қатар ұстанған қайраткер. Оның Либерал-демократиялық ұстанымы – бейбіт, реформалық жолды таңдады. Қазақ ұлтының өзін Конституциялық басқару, заң алдында теңдік, сайлау еркіндігі сияқты құндылықтарды жақтады.

Сол кездегі Ұлттық мүдде басымдығына – тіл, дін, жер – басты құндылықтар болды.

А. Байтұрсынұлының оқу ағартушылық жолы – Ұлтты оятудың басты құралы – білім деп білді.

«Маса» атты өлеңдер жинағы 1911 жылы жарияланып, «Қырық мысал» кітабы екінші рет басылым көреді. Осы жылы «Айқап» журналында «Қазақ һәм түрлі мәселелер», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. өзекті мақалалары жарияланады.

Қазақ әліпбиін 1912 жылы өзгертіп, қолданысқа ұсынады. Осы жылы қазақша әліппесі «Оқу құралы» бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында бірнеше мақаласы «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шәйзіман мырзаға», «Қазақ һәм төртінші Дума» жарияланады. Сол кездегі «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылады [3, 243 б.].

4. «Қазақ» газеті – саяси мінбер. 1913–1918 ж.ж. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетіне редактор болған – Алаш қозғалысының басты ақпарат алаңы болды. Онда:

- жер дауы;
- автономия құру маңыздылығы;
- білім, оқу, мәдениет, әйел теңдігі;

Жан жақты мемлекет ретінде қалыптасуда экономикалық реформалар жайлы мақалалар жарияланды. Қазақ даласына саяси коммуникация Алаш ордасын құрумен келді. Қазақ халқының саяси көзқарасы мен қоғамдық пікірдің қалыптасуына, ой сананың дамуына қосқан үлесі сол кезде шыққан газет басылымдарындағы мақалалар дәлел. Сол заманда көзі ашық, оқыған қазақ зиялыларын большевиктер тиімді пайдаланғысы келгені туралы деректер бар.

Ахмет Байтұрсынұлы осы басылымның бірінші нөмірінде негізгі төрт мәселені былай деп көрсетті: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын білу жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ.

Екінші, газет жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газет халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте молайып, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші.

Төртінші, газет халықтың дауысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», деген тұжырым арқылы мерзімді баспасөздің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді.

«Қазақ» газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Тұтас алғанда қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды.

«Қазақ» газетінің алғашқы 40 санын Мұстафа Оразаев бастырса, 41 санынан бастап «Азамат серіктігі» бастырды. Ахмет Байтұрсынұлы – 231; Міржақып Дулатұлы – 33; Жанұзақ Жәнібекұлы – 2 санын шығарды. «Қазақтың» жалпы 266 нөмері жарық көрді. 1913 жылы 44 саны, 1914 жылы 48 саны, 1915 жылы 71 саны, 1916 жылы 48 саны, 1917 жылы 46 саны, 1918 жылы 9 саны басылды. 1915 жылдан бастап жетісіне екі мәрте, жыл ортасында қайтадан бір мәртеден басылды. Соңғы №266 саны – 1918 жылы 26 қыркүйекте жарық көрді. Газеттің 1913, 1914, 1915 жылғы сандары жинақталып, жеке кітап болып басылып шықты [5].

5. Алаш Ордадағы қызметі. Қазақ халқы XIX соңы мен XX ғасырдың басында жаңа тарихи кезеңдерге қадам басты. Алғашқы қазақ кітаптары, ұлттық баспасөз құралдары, жаңаша мектептер пайда болып, ұлттық қозғалыс қалыптасты. Ресей түркілері арасында жалпыласқан қоғамдық-саяси және ағартушылық қозғалыс «Жәдитизімнен» қазақ қоғамы да қағыс қалмады. Қазақтар арасында да жәдиттік бағыттағы ағартушылық қозғалыс барынша өркен жайып, алаш идеясы өрістеді. Ұлтты ең алдымен ағартушылық һәм іскерлік жолға салу басты бағыт болды. Халықтың сана сезімі мен ұлттық мәдениетті көтере отырып теңдік пен еркіндікке жетуге тырысты. Бұл жолда, бұл бағытта қазақтың тұңғыш баспасөздерінің атқарған міндеті өте пайдалы болды.

«Қазақ» газеті және оның ізбасар басылымдары туралы Тұрар Ырысқұлұлы өз еңбегінде былай жазады: «1913- інші жылдан 1916 -інші жылға шейін қазақтың ұлтшыл оқығандарының қозғалысы едәуір күшейді, олардың қала сайын үйірмелері, ұйымдары болады. Февраль төңкерісінен кейін қазақтың осы ұлтшыл оқығандары «Алаш» атты саясат партиясын жасайды да, «Қазақ» осы «Алаш» партиясының орталық газеті болады [6].

1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін: Бірінші және екінші жалпықазақ съездерінде ұлттық автономия мәселесін көтерді. А. Байтұрсынов Алаш Орда үкіметінің мүшесі болды. Қазақ елінің Ішкі істер және оқу-ағарту салаларына жетекшілік етті. Өз кезегінде Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізіп, қазақ мүддесін қорғады.

Азамат Әбілдаев, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты «Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру.

Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш кайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де» деп қазіргі заманда да Алаш идеясының бабалар өсиеті ретінде қабылдайды. Ел басқаруға келген әр азамат елі үшін еңбек етерде Алаш идеясын меңгеру маңызды.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның бастауында тұрған алғашқы толыққанды үкімет пен саяси партия. Ең алдымен мектеп оқулықтарында жеткілікті көлем берілуі керек. Елімізде Алаштың ескерткіштері орнатылуы тиіс. Кітаптар мен фильмдер көптеп шығарылып, мектептерді қамтамасыз етуі керек. Жоғары оқу орындарында Алаш идеясын оқыту жүйеге айналуы керек. Алаш оқулары жолға қойылып, еліміз бойынша қанат жаюы тиіс. Алаштың ордасы болып, Алашқала аталған қазіргі Семейдегі Ертіс өзенінің сол жағалауындағы Алашорда үкіметі мен Алаш партиясы тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылып, ол үйді мұражайға айналдыруды қолға алуда [7, 239 б.].

Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: «басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деген еді. Әлихан Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып, киілуі керек. Яғни мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізілуі тиіс болған.

Алаш алыптарының бірі Міржақып Дулатов «Оян, қазақ» деп жар салса, Алаштың тағы бір қайраткері Халел Досмұхамедов «Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» депті. Уақытынан оза туған Алаш қайраткерлерінің идеялық мұрасын терең зерттеп, бүгінгі күннің қажетіне жаратып, олардың ісін жалғастырған абзал. «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы мемлекет үшін қажетті саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық атрибуттарды қалыптастыруды қажет етті. Алаш қайраткерлері бұл салада да өнімді еңбек етті. Олардың қазақ ұлтын ұйыстырудағы, оятудағы бірнеше жылдық пәрменді әрекеттерінде жоғарыда аталған қажеттіліктер көрініп жатты.

Мемлекеттің іргесін қалау мәселелері жазған еңбектері мен атқарған істерінен айқын аңғарылып жатты. Алаш қайраткерлерінің облыстық, уездік съездер мен комитеттерді, жалпықазақ съездерін ұйымдастыруы, сол тұстағы Уақытша үкіметпен келіссөздері, бағдарлама дайындауы, қаулы-қарарлар қабылдауы – олардың қаншалықты дәрежеде саяси өте сауатты қайраткерлер болғандықтарын көрсетеді [8].

6. Кеңес өкіметі тұсындағы тағдыры. 1919 жылы кеңес үкіметімен келісімге келіп, қантөгіс болдырмауға тырысты. Ұлттық мектеп жүйесін құруға күш салды. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің мүшесі болды. Дегенмен, кеңестік биліктің ұлт мүддесіне қайшы әрекеттеріне сын көзбен қарап, көп ұзамай қуғын-сүргінге ұшырады.

Сол заманның жеңдеттері қазақ зиялысын аямады. 1937 ж. «ұлтшыл», «халық жауы» деген жалған айыппен атылды.

Қорытынды. Өз заманында Ахмет Байтұрсынұлының саяси көзқарасы – ұлттық тәуелсіздік пен демократиялық құндылықтарды үйлестірген жүйелі бағдарын құрды. Ол осы заманда да өзекті. Оның Алаш идеясына қосқан үлесі – бүгінгі Қазақстан үшін де тарихи сабақ. А. Байтұрсынұлы көтерген тіл, білім, әділеттілік, ұлттық бірлік мәселелері қазіргі кезеңде де маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси көзқарасы – қазақ халқының азаттығын, дербес мемлекет құруын, демократиялық қоғам орнатуын мақсат етті. Оның идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де басты рөлде: ұлттық бірлік, жер мен тілдің сақталуы, әділдік пен білімге негізделген қоғам құру – А. Байтұрсынұлы армандаған мұраттар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Атамұра, 1995. – 240 б.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
4. Омарбеков Т. Алаш және Түркістан. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 280 б.
5. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2005.
6. <https://abai.kz/post/159401>
7. Тұрсынов Е. Алаш арыстарының мұрасы. – Астана: Фолиант, 2017. – 352 б.
8. Қазақ газеті (1913–1918 жж.) – Ұлттық кітапхана қоры.

ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ В ТРУДАХ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Жусупова М.Т., старший преподаватель
Нураханова Э.М., старший преподаватель
Хохлунова В.А., преподаватель
Учреждение Esil University, г. Астана,
E-mail: Zhusupovam@mail.ru

Президент Республики Казахстан К.Токаев, выступая на пленарном заседании Августовской конференции на тему «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман», подчеркнул важную роль качественного образования и достойного воспитания подрастающего поколения в построении Справедливого, Чистого и Сильного Казахстана [1].

Глава государства указал на необходимость постоянного совершенствования уровня знаний педагогов в соответствии с новыми технологиями, адаптации мировых моделей образования к отечественным реалиям. Важным механизмом социализации личности является воспитание. Поэтому следует давать молодому поколению казахстанцев правильные жизненные ориентиры, прививать ответственность, трудолюбие, национальные ценности. Семье, школе, государству, как ключевым факторам социализации, необходимо объединить усилия в формировании креативной, эрудированной, благородной личности казахстанца.

В Аналитическом докладе по результатам социологического исследования «Молодежь Казахстана» (Астана, 2024) отмечается, что в современных условиях масштабной глобализации и развития информационно-коммуникационных технологий, а также под влиянием социально-экономических изменений в мире происходит серьезное переосмысление ценностных ориентаций. В этом контексте важное значение приобретает процесс самоопределения индивида на уровне личности и гражданина, особенно в молодежной среде [2].

Результаты проведенного исследования показали, что при оценке системы образования наименее проблемными аспектами является квалификация преподавателей, комфортность библиотек и доступность материалов на казахском языке. При этом выделяются такие вопросы как ношение религиозной одежды, размер стипендии, оплата обучения и количество грантов. Респонденты заинтересованы в образовательных программах и курсах по креативным профессиям, а также рекомендуют расширить инфраструктуру в этой сфере. В особенности молодежь интересуется маркетинг, IT и кинопроизводство [2].

Несмотря на удовлетворенность жизнью, некоторые респонденты все-таки беспокоятся о своем будущем. Существует проблематика недостаточной финансовой грамотности среди опрошенных. Ценности казахстанской молодежи формируются на основе семейных отношений, личном здоровье и материальном благополучии. Большинство респондентов стараются навестить родителей в свое свободное время.

Молодежь использует и государственный, и русский язык в бытовом обиходе, английский язык не столь популярен. Преобладает принцип светскости – 61,6% верующих следуют канонам от случая к случаю, либо не соблюдают их вообще. Самыми актуальными вопросами государственной политики, по мнению опрошенных, являются обеспечение молодых семей жильем и трудоустройство.

Молодежь, участвовавшая в опросе, редко проявляет гражданскую активность. Молодые люди готовы участвовать лишь в волонтерских движениях, молодежных и гуманитарных проектах. Имеются высокие протестные настроения в Мангистауской области [2].

Вопросы формирования национальной идентичности, развития образования, культуры исследовали представители ранней казахской интеллигенции, как наиболее образованной и активной социальной группы казахского общества. Среди них, Ч. Валиханов, И. Алтынсарин, А. Кунанбаев, Ш. Кудайбердиев, А. Букейханов, А. Байтурсынов и др.

В 2022 году под эгидой ЮНЕСКО в нашей стране отмечалось 150-летие Ахмета Байтурсынова – видного государственного деятеля, поэта, лингвиста, литературоведа, тюрколога, публициста, педагога, переводчика. Его активная гражданская позиция служит личным примером для всех казахстанцев. Поэтому и сегодня мы продолжаем изучать творческое наследие выдающегося классика.

В своих трудах Ахмет Байтурсынов призывал казахский народ к просвещению, образованию, трудолюбию, активному участию в решении актуальных социально-политических проблем казахстанского общества начала XX века. В статье «Главный казахский поэт» А. Байтурсынов раскрывает значение и наследие творчества Абая. Как достойный ученик великого педагога, А. Байтурсынов продолжил работу по развитию и сохранению казахского языка и литературы.

В своей первой книге «Қырық мысал» (Сорок басен), А. Байтурсынов адаптировал басни И. Крылова к явлениям жизни казахского народа, призывая его к объединению. Напомним, что в 1909 году (год издания «Қырық мысал») казахи испытывали последствия царской политики, оставшись без традиционно принадлежащих им земель и пастбищ.

В 1911 году в Казахстане продолжается рост социальных противоречий, стремление казахского народа к самоопределению и государственности. В книге А. Байтурсынова «Маса» («Комар») продолжаются призывы автора к знаниям и трудолюбию, избавлению от невежества, лени, тщеславия, равнодушия. Таким образом, А. Байтурсынов как поэт-сатирик использовал жанр басни для глубокого анализа социальных проблем казахского общества, продвигая идеи его преобразования, в том числе через механизмы социализации личности.

Стихотворения А. Байтурсынова «Состояние казаха», «Традиция казаха» показывают негативное воздействие на социализацию личности таких явлений как самоуспокоение, беспечность. В «Письме к другу» и «Пожелания» автор призывает казахский народ к действию. В сборнике «Собранное-выбранное» А. Байтурсынов обозначил свои взгляды на состояние современного ему казахского общества, национальной идентичности.

В целом, вся просветительская деятельность А. Байтурсынова пронизана идеей успешной социализации казахов – быть равноправными гражданами своего общества, сохранить национальную идентичность, иметь необходимые условия для роста самосознания и самовыражения.

В соавторстве с единомышленниками, на страницах общественно-политической и литературной газеты «Қазақ», А. Байтурсынов публиковал актуальные вопросы просвещения, воспитания, образования казахов. Наряду с научно-педагогической деятельностью А. Байтурсынов вел активную политическую деятельность, призывал казахский народ к укреплению и развитию национальной самобытности. Не случайно его называли «вождем казахской интеллигенции».

А. Байтурсынов, А. Букейханов, М. Дулатов и другие представители казахской интеллигенции в 1905 году выдвинули на имя царя «Каркаралинскую петицию», в которой, на основе изучения общественного мнения (согласие выразили более 14 тысяч человек), выдвинули требования демократического управления. Среди них – свобода права, средств массовой информации, вероисповедания, разделение власти и др. Таким образом, был заложен фундамент построения основ политической системы казахского общества, разработки программы первой партии казахов «Алаш».

Занимая пост наркома просвещения Казахской АССР с 1920 по 1921 годы, А. Байтурсынов продолжал активную деятельность в сфере образования, культуры, просвещения казахского народа. Был разработан «байтурсыновский алфавит» на основе арабской графики, открыты первые музеи, сформирована лингвистика казахского языка и

др. В 1926 году А. Байтурсынов в своем первом научно-теоретическом труде «Әдебиет танытқыш» изложил определение истории, систематизировал казахское литературоведение.

Таким образом, в трудах А. Байтурсынова социализация личности, как процесс становления человека, усвоения ценностей, норм общества, рассматривается в контексте приобщения казахского народа к просвещению, образованию, культуре. Освоение и воспроизводство социального опыта способствует сохранению и развитию казахской письменности, языка, литературы. Вместе с тем важно изучать язык и литературу других народов для повышения культурного уровня, национального самосознания казахского народа. А. Байтурсынов стремился избавить казахов от лени, тщеславия, праздности, призывал к трудолюбию, благородству, патриотизму.

Личность А. Байтурсынова является достойным примером для подрастающего поколения казахстанцев в деле служения и преданности своей родине. Социализация в понимании А. Байтурсынова – это постоянный процесс самосовершенствования личности, направленный на развитие казахского общества через воспитание, образование, культуру, активное участие в социально-политической жизни общества и государства. Реалии современного казахстанского общества XXI века подтверждают актуальность и востребованность данной практики.

Использованная литература:

1. Пленарное заседание Августовской конференции на тему «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман», 15 августа 2025 г.
2. Социологическое исследование «Молодежь Казахстана»: Научно-исследовательский центр «Молодежь». - Астана, 2024. – 104 с.

УДК 101.1

ФИЛОСОФСКОЕ ИЗМЕРЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ В НАСЛЕДИИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА И ИДЕОЛОГИИ АЛАШ ОРДЫ

Пернекулова М.М., магистр гуманитарных наук

Учреждение «Esil University», г. Астана

maira.pernekulova@icloud.com

В истории казахской общественной мысли начала XX века особое место занимало движение Алаш Орда, ставшее символом национального возрождения и стремления к свободе. Центральной фигурой этого движения был Ахмет Байтурсынов – мыслитель, педагог, реформатор языка, публицист и политический деятель. Его наследие выходит за рамки лингвистики и педагогики, поскольку несет в себе целостное философское видение: язык как основа национальной идентичности, просвещение как путь к свободе, государственность как воплощение исторической справедливости.

Цель данной статьи – раскрыть философское измерение национальной идеи, сформулированной в трудах Байтурсынова и в идеологии Алаш Орды, а также показать её значимость для современного Казахстана.

Начало XX века стало временем глубоких трансформаций для казахского общества. Распад традиционного кочевого уклада, колониальная политика Российской империи, рост образовательных и культурных потребностей общества – всё это вызвало потребность в новой национальной идее. Деятели Алаш Орды выступили как представители философии

национального модерна: они стремились соединить традиционные ценности (язык, культура, вера) с современными развитыми моделями просвещения и правового государства. Их философия имела прикладной характер – она была направлена не только на размышления, но и на практическое преобразование общества. Идеология Алаш Орды строилась вокруг идеи свободы, самостоятельности и модернизации. Её ключевые философские положения:

- народ как субъект истории, обладающий правом на государственность;
- справедливость как принцип государственного устройства;
- образование и наука как условие прогресса;
- синтез традиции и модерна как основа устойчивого развития.

Алашординцы стремились не к разрушению культурного наследия, а к его обновлению в духе современности [1, С. 112-120]. Их философия имела характер национального просвещения, близкий к европейскому гуманизму, но при этом глубоко укоренённый в казахских реалиях. Движение стало мостом между традицией и модерном. Оно показало, что национальная идея должна соединять историческую память (язык, культура, ислам) и современные ценности (наука, государственность, права человека). В этом заключается философская уникальность Алаш Орды – они не отвергали прошлое, а искали синтез с будущим. Когда мы говорим об исламе в Казахстане во времена царской империи, мы должны понимать о противостоянии двух направлений, как джадидизм и кадимизм.

Идеи джадидизма – мусульманского обновленческого движения конца XIX – начала XX века, зародившегося среди татар и узбеков, – оказали мощное влияние на казахскую интеллигенцию. Основным содержанием джадидизма была реформа системы образования, переход к новым методам преподавания (*усул жаидид*), а также стремление соединить исламские ценности с требованиями модернизации [2]. Для Ахмета Байтурсынова и его соратников из Алаш Орды эти идеи стали основой понимания того, что именно через просвещение, язык и письменность можно достичь духовного возрождения народа.

Призывы к обновлению школ, расширению грамотности, переводу научных и литературных трудов на казахский язык отражают непосредственное влияние джадидизма на философские взгляды казахской интеллигенции начала XX века. Наряду с джадидизмом в мусульманской среде конца XIX – начала XX века существовало и противоположное течение – кадимизм (*от араб. «кадим» – старый, древний*). Кадимисты отстаивали сохранение традиционной религиозной школы (*медресе*), выступали против реформ образования и новых методов обучения (*усул жаидид*), считая их угрозой исламской идентичности.

Для казахского общества кадимизм также имел влияние, поскольку часть духовенства и старшей интеллигенции опасалась, что модернизация приведёт к утрате религиозных основ и усилению влияния России. Однако Байтурсынов и его соратники из Алаш Орды видели в кадимизме проявление консерватизма, препятствующего развитию народа.

Философское значение полемики между джадидизмом и кадимизмом заключается в том, что она выражала спор о пути национальной модернизации:

- кадимизм – сохранение традиций и замкнутость;
- джадидизм – поиск синтеза исламских ценностей и прогрессивных методов;
- позиция Алаш Орды – опора на джадидистскую идею просвещения при уважении к духовному наследию.

Поэтому, выбор в пользу обновления, сделанный Байтурсыновым, стал не только образовательным, но и философским актом, определившим направление культурного возрождения Казахстана.

Лидеры «Алаш» и выражающая взгляды этого движения редакция газеты «Қазақ» («Казах») старались придерживаться легальных форм противостояния с царской администрацией, в том числе и в период восстания 1916 г. в Туркестанском и Степном крае [3, с. 215]. Ответственный редактор ведущей казахоязычной газеты А. Байтурсынов принял активное участие в общественном движении. Вместе с тем, он не переходил «красную черту» не только перед угрозой очередного пристального внимания царской

цензуры, но и объективно оценивая реалии времени. Это хорошо понимали лидеры Алаш, которые придерживались курса на легитимное решение проблемы определения формы казахской государственности, конструктивное взаимодействие с центром, какой бы политической окраски он ни был. Газета «Қазақ» стала трибуной для выражения идей движения «Алаш». Редакция газеты сумела превратить легально действующий орган печати в рупор, выражающий мнение казахской национальной интеллигенции.

Сходство идей Ахмета Байтурсынова и Алаш Орды проявляется в трёх измерениях:

1. Язык и культура как основа национального сознания.
2. Образование и просвещение как путь к свободе.
3. Государственность и справедливость как цель национального движения.

А. Байтурсынов делал акцент на культурно-языковом аспекте, тогда как Алаш Орда развивала политико-философские принципы. Вместе они формировали целостную концепцию национальной идеи, где личность и народ рассматривались как единое целое. Тема алфавита Байтурсынова (т. н. «төте жазу») – это не только лингвистический, но и философский и культурный феномен. Он напрямую связан с его проектом национальной модернизации.

Ахмет Байтурсынов вошёл в историю не только как просветитель и мыслитель, но и как реформатор письменности. Им был создан казахский алфавит на основе арабской графики, получивший название «*төте жазу*». Этот шаг имел фундаментальное значение: письменность становилась инструментом сохранения языка, передачи знаний и формирования национальной идентичности.

С философской точки зрения алфавит Байтурсынова можно рассматривать как символ стремления к самостоятельности и культурной суверенности. Он стремился соединить исламскую традицию (сохранив арабскую основу) с практическими задачами упрощения обучения и модернизации образования.

Таким образом, алфавит выступал не просто техническим средством коммуникации, а важнейшим элементом национальной идеи, выразившим стремление к культурной автономии и духовному возрождению казахского народа [4, с. 252]. Алфавит, созданный Ахметом Байтурсыновым в 1912 году (на основе арабской графики, известный как «төте жазу»), официально использовался в Казахстане до конца 1920-х годов. Потом его заменили сначала латиницей (1929), а затем кириллицей (1940).

В ближайшее время планируется переход на латиницу. Однако «*төте жазу*» продолжает жить, и мы можем привести примеры с такими странами как: КНР, Монголия, Афганистан, Иран, Пакистан, Турция. В казахских диаспорах Китая «төте жазу» до сих пор является основным письменным стандартом для казахского языка. На нём издаются книги, газеты, школьные учебники. В других перечисленных регионах казахские общины продолжают применять арабскую графику для записи языка, хотя масштабы ограничены. В Казахстане сам алфавит имеет скорее символическое и историческое значение – как часть национального наследия и культурного возрождения, особенно в научных исследованиях, музеях, и при издании трудов Байтурсынова.

Сегодня философия консолидации – это идея, что нация способна развиваться, если сохраняет внутреннее единство при многообразии культур, вероисповеданий и региональных различий. Наследие Алаш Орды показывает, что подлинная консолидация строится на основе:

- общего языка и культурного кода;
- справедливости и равенства;
- духовных ценностей и модернизационного курса.

Консолидация (от лат. *consolidatio* – укрепление, объединение) означает процесс объединения людей вокруг общих ценностей, целей и идеалов. В историко-философском плане – это не только политический союз, но и духовное единство, создающее устойчивый фундамент общества. Для деятелей Алаш Орды консолидация казахского народа имела экзистенциальное значение:

- объединение против угрозы ассимиляции и колониального давления;
- сплочение вокруг идеи национальной независимости и культурного возрождения;
- формирование единого интеллектуального фронта (интеллигенция, учителя, публицисты, юристы, писатели).

Ахмет Байтурсынов видел консолидацию прежде всего в языке, образовании и культуре. Его алфавит и реформы в сфере обучения служили инструментом консолидации через общее слово и письмо. Публицистика и поэзия Байтурсынова объединяли разные слои общества в едином национальном дискурсе, положившим основание культурного кода.

В современном Казахстане вопрос общего языка и культурного кода занимает ключевое место в национальной идее. Казахский язык рассматривается не только как средство общения, но и как символ национальной идентичности и главный фактор консолидации общества.

Наследие Ахмета Байтурсынова, создавшего реформированный алфавит и разработавшего основы казахской грамматики, показывает, что язык является стержнем духовной независимости. Для него язык был не просто инструментом коммуникации, а хранителем исторической памяти и культурных ценностей.

Вместе с тем, современный Казахстан – многонациональное государство. Поэтому культурный код формируется не только через казахский язык, но и через общие ценности гражданственности, толерантности и диалога культур. Этот синтез позволяет сохранять многообразие и одновременно укреплять общенациональное единство.

Таким образом, общий язык и культурный код сегодня – это:

- казахский язык как основа национальной идентичности;
- многообразие культур и традиций народов Казахстана;
- ценности независимости, согласия и модернизации, восходящие к философии Алаш

Орды.

Современная эпоха глобализации открывает новые возможности для культурного обмена, образования и технологий, но одновременно ставит вызовы сохранению самобытности. Для Казахстана эта проблема особенно актуальна: страна стремится интегрироваться в мировое сообщество, не утратив при этом национальную идентичность. Философия Алаш Орды и наследие Ахмета Байтурсынова показывают, что подлинная модернизация невозможна без опоры на национальные ценности. Их идеи о языке, образовании и культурной автономии могут рассматриваться как предвосхищение современной стратегии Казахстана, где язык, культура и историческая память выступают основой идентичности.

Национальная идентичность в условиях глобализации – это не изоляция, а способность:

- сохранять язык и культурный код как фундамент самоопределения;
- участвовать в глобальных процессах, опираясь на собственные традиции;
- выстраивать диалог культур, где казахская духовность и философия становятся частью мировой цивилизации.

Следовательно, идеи Алаш Орды помогают понять, что национальная идентичность – не преграда, а условие полноценного участия Казахстана в глобальном мире.

В заключение хотелось бы отметить, что философское наследие Ахмета Байтурсынова и идеология Алаш Орды представляют собой ранний проект национальной модернизации Казахстана. Их идеи о языке, просвещении, справедливости и государственности сохраняют актуальность и сегодня, когда вопросы национальной идентичности, культурной преемственности и социального прогресса остаются в центре общественного дискурса. Таким образом, философия Алаш Орды и Байтурсынова может рассматриваться не только как историческое явление, но и как фундамент современного понимания национальной идеи Казахстана.

Использованная литература:

1. Бекиш Е. Т. Вклад казахской интеллигенции в трансформацию общества XIX-XX веках // Вестник КазНУ. Серия историческая. 2018. №4. – С. 112–120.
2. Auzhanova A. Impact of Jadidism on the Development of People's Consciousness in the Second Half of XIX Century on the Territory of Modern Kazakhstan // ResearchGate. 2023. URL: <https://www.researchgate.net/publication/370314177> (дата обращения: 25.08.2025).
3. Хасенов А. Газета «Қазақ» и её роль в общественной мысли начала XX века. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 215 с.
4. Абдрахманов А. Национальная идентичность и глобализация: казахстанский контекст. – Астана: Фолиант, 2020. – 198 с.
5. Байтұрсынов А. Избранные произведения. – Алматы: Жазушы, 1989. – 400 с.
6. Габдуллин М. Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы. – Алматы: Санат, 1995. – 354 с.
7. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 280 с.
8. Khalid A. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. – Berkeley: University of California Press, 1998. – 376 p.
9. Nurlanova K. National Identity and Modernization Processes in Kazakhstan // *Central Asian Survey*. 2018. Vol. 37(3). – P. 345–360.

УДК 22.015

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Бөкен Қ.М. пед. ғ. магистрі, педагог-зерттеуші
Қарағанды облысы Абай ауданы «Ы. Алтынсарин атындағы
тірек мектеп (ресурстық орталық)» КММ
E-mail: kazbek.boken@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасыр басындағы ұлттық жаңғыру дәуіріндегі бірегей тұлғасы. Ол – ғалым, ағартушы, ақын, аудармашы, қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі. Қазақ даласында ұлттық сананың оянуына, халықтың болашақ тағдырына ықпал еткен тұлғалардың ішінде Байтұрсынұлының орны айрықша.

Ол ұлт үшін қызмет етудің басты мақсатын «елдікті сақтау, жұртты білімге жетелеу, тілді қорғау, жерді сақтау» деп білді. Осы көзқарастар «Алаш идеясы» деген ұғыммен сабақтас.

Алаш идеясының мәні – ұлтты азат ету, елдің дербестігін қамтамасыз ету, өркениетті қоғам құруға ұмтылыс. Бұл идеяның өзегінде халықты білімге тарту, ұлттық мәдениет пен тілді сақтау, демократиялық басқару жүйесін орнату секілді мақсаттар бар. XX ғасыр басында қазақ халқы саяси құқықтан, әлеуметтік теңдіктен айырылған кезде, Алаш зиялылары елді ұйыстыратын бағдар ретінде осы идеяны алға тартты.

Ахмет Байтұрсынұлының көзқарастарын зерттей отырып, Алаш идеясының негізгі қырларын былайша топтастыруға болады:

1. Ұлттық тәуелсіздік пен жер тұтастығы.
2. Ана тілін сақтау және дамыту.
3. Білім мен ғылымға сүйенген өркендеу.
4. Әділетті қоғам орнату.
5. Мәдениет пен руханиятты өркендету.

Ахмет Байтұрсынұлы бар ғұмырын ағартушылыққа арнады. Ол «Оқу құралы», «Тіл құралы», «Әліппе» сияқты еңбектер жазып, қазақ баласына ана тілінде білім алудың жолын ашты. «Әліппе» оқулығы ондаған жылдар бойы халықтың сауат ашуына қызмет етті.

Ғалымның тіл біліміне қосқан үлесі ерекше. Ол қазақ тілін фонетика, морфология, синтаксис салаларына жіктеп, тұңғыш ғылыми жүйесін жасады. Байтұрсынұлы әліпби реформасын жүзеге асырып, қазақ жазуын ұлттық ерекшелікке бейімдеді.

Бұл еңбектерінің барлығы – Алаш идеясының ағартушылық қырының жүзеге асқан айғағы. Білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы ұлттың болашағын жарқын ету – Байтұрсынұлының өмірлік ұстанымы болды.

«Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді [1].

Бірінші жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейханов қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейтінін айтады.

Екінші жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Бұл жөнінде Ә. Бөкейханов: «Оның әр бір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» дейді.

Үшінші Ә. Бөкейханов «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек екенін айтады, демек, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылу керек еді.

Төртінші қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, осы туралы Х. Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын. Бұл – А. Байтұрсынұлын «ұлт ұстазы» атандырған ұлы ұстанымның қорытынды тұжырымы [1].

Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапония секілді ұлттық-демократиялық мемлекет құру.

Яғни, тағы да сол Х. Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек: Бұл дегеніңіз – «тәуелсіз сот құрылымы, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң)» [1].

«Қазақ» газеті – Алаштың үні. 1913 жылы Ахмет Байтұрсынұлының жетекшілігімен Орынборда «Қазақ» газеті жарық көрді. Бұл басылым ұлттың саяси ой-санасын оятуда шешуші рөл атқарды. Газет бетінде елдің жер мәселесі, оқу-ағарту ісі, шаруашылық, мәдениет, әйел теңдігі сияқты тақырыптар кеңінен көтерілді.

«Қазақ» газеті ұлт-азаттық қозғалысының бостандық үшін күрес идеясына ұласуына зор әсер етті. Алашорда құрылған тұста тәуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болған осы идеялар еді [2].

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының идеясы елді оятты. Алдымен ойы бір, ақылы бір жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. С.Торайғыров, М. Жұмабаев, С. Дөнентаев, М. Сералин, С. Көбеев, Ж. Аймауытов, С.Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов сияқты бірін-бірі толықтыра шыққан жастар тобы әдебиеттің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шындығын кең көлемде бейнелеуге жетті. Елдің артта қалушылығын сынап шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты. Бұл салада Сұлтанмахмұттың таланты айрықша танылды. Ол Алашорда көтерген идеяның жауынгер жақтаушысы болды. Ұлт көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімімен байланыстырды [2].

«Қазақ» газеті – Алаш қозғалысының идеологиялық тұғыры, Алаш идеясының насихатшысы болды. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сынды тұлғалардың мақалалары халықты азаттық жолына үндеді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін құрылған Алашорда үкіметінің саяси-әлеуметтік бағдарламасында да Ахмет Байтұрсынұлының идеялары көрініс тапты. Ол ұлттың дербестігін, демократиялық басқару жүйесін, жердің тұтастығын қорғауды жақтады.

Ахметтің саяси қызметі сол кезеңнің күрделі ахуалымен байланысты болды. Ол большевиктермен уақытша мәмілеге барса да, түпкі мақсаты – қазақ елін дербес мемлекет ету еді. Өкінішке қарай, тарихи жағдай оған мүмкіндік бермеді.

Бүгінгі күнде Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің еңбегі – тәуелсіз Қазақстан үшін мәңгілік өнеге. Бүгінде олардың идеялары «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасымен үндесіп жатыр. Ана тілін сақтау, ұлттық мәдениетті дамыту, халықты білімге жетелеу – Алаш мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін де маңызы зор.

Ахметтің «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген сөзі қазіргі жаһандану дәуірінде өзекті болып отыр. Ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың ең басты шарты – тіл, мәдениет, білім.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш идеясының рухани тірегі әрі көшбасшысы. Оның ғылыми еңбектері, ағартушылық қызметі, саяси көзқарастары қазақ халқының ұлттық болашағына қызмет етті.

Алаш идеясы – тек тарихи құбылыс емес, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның іргетасы. Ал Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері – сол идеяны жүзеге асырудағы асыл қазына. Халықтың санасын оятқан, азаттыққа жетелеген тұлғаның мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттық рухты асқақтата береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш!..., Түрме әфсанасы, Жегі, 1 том., - Алматы: Ел-шежіре. 2007, - 464 б.
2. Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/news/23228/>

УДК 22.015

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН

Шербаева Б.Б., п.ғ. магистрі

«Болашақ Қазақстанға» қоғамдық студенттік бірлестігі, Астана қ.
sherbaevabb@mail.ru

XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихындағы ең күрделі де тағдыршешті кезеңдердің бірі. Бір жағынан отаршылдықтың қыспағы күшейіп, ұлттық болмыс жойылу қаупіне тірелсе, екінші жағынан халықтың ішінен азаттықты аңсаған, елдің еңсесін көтеруді мұрат еткен жаңа ойлы, өршіл буын өсіп шықты. Бұл буын үшін тәуелсіздік – жай ғана саяси еркіндік емес, ең алдымен ұлттық рухтың азаттығы, халықтың өзін-өзі тануы, тілі мен дінін, тарихы мен мәдениетін қайта түлету болатын. Осындай арпалысты дәуірдің алдыңғы шебінде тұрған қайраткерлердің бірі – Міржақып Дулатұлы. Оның жүрек қаны мен қалам қуатынан туған идеялары халықты оятуға, намысты қайрауға, азаттыққа бастауға арналды. Дулатұлы үшін тәуелсіздік – арман ғана емес, бүкіл ғұмырын арнаған қасиетті ұстаным еді [1, 56 б.].

Міржақып Дулатұлы үшін тәуелсіздік ұғымы – тек мемлекеттің сыртқы саяси еркіндігі немесе өзін-өзі басқару құқығымен шектелмеді. Ол үшін шынайы азаттықтың түп қазығы – халықтың рухани дербестігі, ұлттық санасы мен мәдени болмысын сақтау еді. Оның көзқарасында отарлық бұғаудан құтылудың басты шарты – ең алдымен халықтың ішкі рухын, ой-санасын, білімге деген құштарлығын ояту болатын. Бұл идеясы айқын түрде «Оян, қазақ!» атты әйгілі еңбегінде көрініс тапты. М. Дулатұлы «ұйықтап жатқан халықты» «санаға

келуге», «өзін-өзі тануға», «білім іздеуге» шақырды [2, 14 б.]. Оның үндеуінде тек саяси мазмұн ғана емес, терең философиялық мән де бар еді. Өйткені ол ұлттың тәуелсіздігін ең алдымен рухани азаттықпен байланыстырды.

Егер халық өз тілін, дінін, салт-дәстүрін, мәдени мұрасын ұмытса, онда саяси тәуелсіздіктің де баянды болмайтынын ескертті. Дулатұлының пайымынша, рухани ояну – ұлттық бостандыққа бастайтын алғашқы қадам. Ол: «Ең әуелі қазақ халқының көзі ашық, көкірегі ояу болуы шарт» деген қағиданы ұстанды. Халықты надандық пен бейқамдықтан құтқармай, оған саяси тәуелсіздікке жету мүмкін емес еді. Сондықтан ол бар өмірін ағартушылық қызметке, жастарды білімге баулуға, халық арасында ұлттық сананы көтеруге арнады.

Ол тәуелсіздікті «саяси құрылым» деңгейінде ғана емес, ұлттың рухани еркіндігі мен ар-намысының қорғалуы деп білді. Міржақыптың ойынша, тәуелсіздік тек жерге, елге иелік ету емес, ең алдымен сол жердің иесі болған халықтың өзіндік болмысын сақтап қалуы. Бұл – ұлт ретінде жойылып кетпеудің кепілі. Осы тұрғыдан қарағанда, М. Дулатұлының идеялары ХХ ғасыр басындағы жалпы қазақ зиялыларының көзқарасымен үндес. Алаш қайраткерлері секілді ол да «ең әуелі халықтың санасын ояту қажет» деген түйінге келді. Тек сана-сезімі жетілген, өз болмысына берік халық қана саяси тәуелсіздікті сақтап қала алады [1, 103 б.]. Сондықтан оның еңбектерін тек саяси үндеу емес, сонымен бірге рухани тәуелсіздік манифесі деуге толық негіз бар.

Алаш қозғалысы – қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық идеясының саяси көрінісі болды. Оның ішінде Міржақып Дулатұлының орны айрықша еді. Ол қозғалыстың тек насихатшысы ғана емес, саяси-ұйымдастыру жұмыстарында да алдыңғы қатарда тұрды. Дулатұлы «Қазақ» газеті мен өзге де басылымдар арқылы қоғамға ықпал етіп, жастарды саяси күрестің негізгі қозғаушы күші ретінде таныды. Міржақыптың ойынша, ұлт тағдырының шешуші кезеңінде білімді әрі саналы жастардың қолына елдің ертеңі тапсырылуы тиіс. Сол себепті ол жастардың тек ағартушылық бағытта емес, саяси процестерге белсенді араласуын көздеді.

Дулатұлының жастарға арнаған үндеулерінде ұлттық еркіндік пен мемлекеттілік идеясы басты орын алды. Ол үшін жастардың шетелдік білімді игеруі, саяси мәдениетке жетілуі және халықтың мүддесін қорғауда батыл қадамдар жасауы қажет болды. Дулатұлы жастарды ұлттық қозғалыстың «зияткерлік қоры» деп қарастырды. Олардың білім арқылы ұлттық идеяны саяси шындыққа айналдыратынына сенді.

Бұл – Міржақыптың саяси стратегиясының басты өзегі еді. Ол жастардың қоғамдағы белсенділігін уақытша құбылыс емес, болашақ тәуелсіздіктің институционалдық негізін қалыптастыратын күш ретінде бағалады. Осы тұрғыда Міржақып Дулатұлының рөлі – Алаш қозғалысында жастарды ұлттық саясат сахнасына шығарып, олардың тарихи миссиясын айқындап беруінде. Бұл – қазақ қоғамында жаңа саяси элитаның қалыптасуына ықпал еткен шешуші идея болды.

Тәуелсіздік алғаннан бері жастар Қазақстанның ұлттық даму стратегиясының басты тірегі саналып келеді. Бүгінгі күні жастар саясаты тек әлеуметтік қолдау шараларымен шектелмей, ұлттық бірегейлікті сақтау, азаматтық жауапкершілік пен саяси мәдениетті қалыптастыруға бағытталған күрделі мемлекеттік жүйеге айналды. 2004 жылы қабылданған, кейін 2015 жылы жаңа редакцияда бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңда жастардың азаматтық белсенділігі мен патриоттық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді [6]. Ал 2023–2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы жастардың азаматтық және саяси қатысуын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту, ұлттық мәдениет пен патриотизмді күшейту бағыттарына басымдық берді.

Мемлекет деңгейінде 2021–2025 жылдарға арналған «Жастарды қолдаудың кешенді жоспары» бекітіліп, білім, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, әлеуметтік қолдау тетіктері нақты іске асырылып келеді. Бұған қоса, «Жастар дамуы индексы» енгізіліп, мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы билік жастармен жұмыс тиімділігін бағалай бастады. Жастардың

саяси процестерге қатысуы жылдан-жылға артып келеді. 2029 жылға дейін жастар квотасын 20%-ға, жас мемлекеттік қызметшілер үлесін 25%-ға жеткізу көзделген [7].

Волонтерлік, қайырымдылық және экологиялық бастамаларға 2,2 млн жасты тарту жоспары да жастардың қоғамдық белсенділігін жаңа деңгейге шығаруды көздейді. Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес жастардың ұсыныстарын мемлекеттік шешімдерге енгізуге мүмкіндік беретін маңызды алаң болып отыр. Жастар ресурстық орталықтары мен «Мемлекеттік жастар саясаты мектебі» сияқты жобалар арқылы жас мамандардың цифрлық және жобалық дағдыларын дамыту қолға алынуда [6].

Сондай-ақ 2025 жылға дейінгі жастарды қолдау стратегиясы әзірленіп, волонтерлік қозғалыстар мен жастар ұйымдарының әлеуетін арттыруға құқықтық негіз жасалып отыр. Міржақып Дулатұлы жастарды ұлттық болашақтың басты тірегі деп таныды. Оның «ояну» идеясы бүгінгі жастар саясатының рухани өзегіне айналды деуге болады: азаматтық белсенділік пен саяси мәдениетті қалыптастыру – Дулатұлының рухани тәуелсіздікке бастайтын қадам туралы ойының қазіргі көрінісі; мемлекет пен жастар арасындағы жүйелі диалог – ұлт санасын көтеру мен қоғамды ағартуға бағытталған тарихи сабақтастықтың жаңа формасы; жастардың білімге, кәсіпкерлікке және қоғамдық іске араласуы – М. Дулатұлы көтерген ағартушылық дәуірдің постмодерндік жалғасы.

Осылайша, Міржақып Дулатұлының ұлттық тәуелсіздік пен рухани оянуға қатысты көзқарастары қазіргі Қазақстанның жастар саясатының саяси-идеологиялық іргетасы ретінде өзектілігін сақтап отыр. Міржақып Дулатұлы көтерген ұлттық сана, рухани тәуелсіздік пен азаматтық жауапкершілік идеялары бүгінгі Қазақстандағы жастар саясатының мазмұнымен тығыз байланысты. Оның «Оян!» үндеуі сол дәуірде бодандықтың тұманында қалған халықты серпілтуді мақсат етсе, қазіргі кезеңде бұл ұғым жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, саяси мәдениетін қалыптастыру және ұлттық бірегейлікті сақтаумен сабақтасып отыр.

Тәуелсіз Қазақстанда жастардың мемлекеттік істерге араласуы, қоғамдық пікірді қалыптастыруға қосқан үлесі – М. Дулатұлы аңсаған «оятылған жастардың» заманауи бейнесі. Әсіресе, әлеуметтік желілердегі пікірталастарға қатысуы, еріктілер қозғалыстарындағы белсенділігі, қоғамдық бастамаларға үн қосуы – саяси мәдениеттің жаңа формасы ретінде көрініс табуда. Бұл құбылыс Міржақып мұрат еткен «ұлт үшін еңбек ететін саналы буынның» қазіргі заманғы жалғасы іспетті.

Сонымен, Міржақып Дулатұлының тәуелсіздік туралы саяси ойлары мен ұлттық санаға қатысты ұстанымдары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін өзектілігін жойған жоқ. Оның «Оян, қазақ!» үндеуі – халықты азаттыққа, білімге, бірлікке шақырған тарихи идея болса, қазіргі кезеңде бұл үндеу жастардың азаматтық белсенділігі, ұлттық бірегейлігі мен рухани тәуелсіздігі арқылы жалғасын табуда. Дулатұлының еңбектеріндегі басты идея – азаттыққа ұмтылған, ел тағдырына жауапкершілікпен қарайтын жас буын тәрбиелеу.

Қорыта келгенде, бүгінгі мемлекеттік жастар саясаты да дәл осы бағытты көздейді: жастардың саяси мәдениетін арттыру, қоғамдық өмірге белсене араласуына жағдай жасау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Әлеуметтік желілердегі белсенділік, волонтерлік қозғалыстар, ұлттық мәдени жобаларға қатысу – Дулатұлы армандаған «оятылған жастардың» жаңа бейнесі. Осы тұрғыдан алғанда, Міржақып Дулатұлының мұрасы тек тарихи мұра емес, қазіргі Қазақстандағы жастар саясатының рухани-идеялық бастауы болып қала береді. Оның ойлары бүгінгі ұрпаққа ел болашағы үшін жауапкершілік пен ұлттық рухтың биік үлгісін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
2. Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Қазан: Каримовтар баспасы, 1909. – 97 б.
3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы. – Астана, 2015.

4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана: Елорда, 2007. – 240 б.

5. UNDP Kazakhstan. Youth Empowerment in Kazakhstan: Challenges and Opportunities. – Astana, 2021. – 54 p.

6. <https://adilet.zan.kz> - Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы.

7. <https://zakon.uchet.kz> - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 1145 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы.

ӘОЖ:94 (574)

М. ДУЛАТҰЛЫ – АЛАШ КӨШБАСШЫСЫ

Шәйкен А.Б., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«№21 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Жезқазған қ.

Алаш қозғалысының жанданып, дамуына өз үлесін қосқан қоғам қайраткерінің дүниеге келгеніне 140 жыл. Біз Міржақып Дулатұлын тек қоғам қайраткері деп тануымыз қате. Міржақып Дулатұлы – қазақ халқының тарихында есімі алтын әріппен жазылған ағартушы, жазушы, ақын, публицист, педагог, математик. «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі» деген жолдан оның ел үшін еңбек етуді бақыт санағанын көруге болады. Ол – ұлт тағдырына алаңдаған, елін оятуға жанын арнаған, Алаш идеясына өмірін арнаған зиялы. Оның шығармашылығы, саяси көзқарасы және қайраткерлік қызметі – қазақ халқының рухани жаңғыруында ерекше орын алады.

М. Дулатұлы халықтың саяси санасын ояту үшін, ең алдымен оның бойында білімге деген құлшыныс болу керек екенін, сауатсыздықты жою қажеттігін түсінді. Осы орайда ардақты ағартушының сіңірген еңбегі көп. «Оян, қазақ!» – қазақ жұртының рухани тәуелсіздігі үшін күрестегі алғашқы қадам. Онда автор отарлық саясаттың зардаптарын ашық айтып, білім алуға, тіл мен дінді сақтауға, ұлт болып бірігуге шақырады. Осы шығарма арқылы Міржақып Дулатұлы елді надандықтан, отарлық езгіден құтылуға шақырып, ұлттық сананың оянуына серпін берді. Кітап сол кездегі патшалық тарапынан бірнеше рет тәркіленген болса да, оның халыққа берген әсері зор болды [1, 32 б.].

«Өнерімен хасіл болған нәрселер» деген өлеңінде Міржақып Дулатұлы алға ілгеріленіп кеткен елдердің мәнді де сәнді өмірін қызықтыра, еліктіре баяндап, соған жетуге шақырады. «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқырмандарға», «Жігіттер» тәрізді шығармалардағы ағартушы идеяларын М. Дулатов «Шәкірттерге», «Мешіт, медресе хақында», «Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта», «Қазақ халқына діни бір уағыз» деген өлеңдерінде өзіндік бір жаңаша педагогикалық принциппен ұштастырады. Медреселер мен ауыл мектептерінде діни оқумен бірге ғылыми пәндер, орыс тілін қатар оқылатын тәртіп енгізілсін деген пікір ұсынады. «Сайлау хақында». «Жесір даулары хақында» атты өлеңдерде патшаның орталау саясаты шенеледі, әйел теңдігінің ұраны көтеріледі.

Міржақып Дулатұлы – Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, ұлт көсемдерінің бірі. 1917 жылы Ресейде ақпан төңкерісі орын алған соң, елде саяси еркіндік пайда болды. 1917 жылы желтоқсан айында өткен Бүкілқазақ съезінде «Алаш» партиясы құрылды. М. Дулатұлы – бұл партияның негізін қалаушылардың бірі. Сол кезеңнің ұлттық, демократиялық қозғалыстың басқа да белді қайраткерлерімен танысып, өзін де таныта білді.

Міржақып Дулатұлы Алаш партиясының бағдарламасын жазуға қатысқан, Алашорда үкіметінің идеологы ретінде мойындалған. Ол ұлт-азаттық күрестің тек қарумен емес, білім

мен ақпарат арқылы жүргізілуі тиіс екенін ұқты. Сондықтан Міржақып көптеген газет-журналдарға мақала жазды, әсіресе «Қазақ» газеті арқылы ұлттың рухын оятуға тырысты. Бұл басылым Алаш идеясын халыққа кеңінен жеткізуге үлкен ықпал етті. 1913 жылы осы аталмыш газеттің ашылуына Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлымен бірлесіп ашылуына атсалысты. [2, 304 б.].

1917 жылы Алаш партиясы құрылғанда, Міржақып Дулатұлы партияның саяси бағдарламасын дайындауға белсене қатысты. Онда:

- Жер мәселесі;
- Білім беру;
- Жергілікті бостандық;
- Дін ісі;
- Мемлекеттік басқару сияқты маңызды мәселелер қамтылды.

Алаш партиясы құрылғаннан кейін, 1917 жылы Алашорда атты уақытша ұлттық үкімет жасақталды. М. Дулатұлы осы үкіметтің белсенді мүшесі ретінде ел ішіндегі саяси тұрақтылықты сақтауға, білім беру ісін дамытуға, ұлттық автономияны қалыптастыруға күш салды. Ол халықтың бірлігін сақтау, большевиктермен келіссөздер жүргізу, Алаш әскерін жасақтау істеріне қатысып, ұлт тағдыры үшін үлкен жауапкершілік алды. Оның кейбір гуманистік ойлары «Алаш» партиясының негізгі бағыттарына айналды.

Міржақып Дулатұлы этикалық нормалардың көмегімен адамдық мұраттарды анықтады, әлеуметтік әділетсіздіктің түпкі тамырын ашты. Өз халқына тәуелсіздікті сыйлауды, отаршылдық құлдықтан азат етуді көздеді. Әр адамның және әр елдің жеке өз бостандығына құқығы бар екендігін алға тартты, жалпыадамзаттық құндылықтар үшін күресті [3, 256 б.].

XX ғасырдың басында Міржақып Дулатұлы және басқа да қазақ зиялыларының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды. Соның бірі – жер мәселесі. Ежелден қоныстанып келген қазақтың мекеніне орыс шаруаларын қоныстандыру жағдайды ушықтырып жіберді. Патша заңдары көшпелі халықтың құқығын жерге таптады. Әділетсіздікке шыдамаған олар патша үкіметіне қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы хабар жеткізуге, оның құқықтық мүдделерін қорғауға тырысты.

Кеңес үкіметі орнаған соң Алаш қайраткерлеріне қысым күшейді. Міржақып 1920 жылдары ұсталып, бірнеше рет түрмеге қамалады, елден қуылады. Бірақ оның қайраткерлік рухы сынған жоқ. Қоныс аударғаннан соң бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда белсене қызмет атқаруына мүмкіндігі болмайды. Дегенмен ол сот кеңсесінде тілмаштық қызмет атқарып, жеке адамдарға жалданып, мұғалімдік қызметін жалғастырады. Ұлт үшін күрестің қай саласында да озық шығар ол өз құқығын қорғай білді. Жаңа заманға икемді болу үшін қазақ балаларына орыс тілінен сабақ берді. 1935 жылы Соловки лагерінде азаппен қайтыс болды. Өмірінің соңына дейін ол Алаш идеясына, ұлт болашағына адал болып қалды. [4, 264 б.].

Қорыта айтқанда, бүгінде Міржақып Дулатұлының еңбектері – қазақ руханиятының алтын қазынасы. Оның «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш прозалық шығарма. Сонымен қатар, публицистикасы мен өлеңдер жинағы да – елшілдік пен ұлттық сана үлгісі.

Міржақып Дулатұлы – тек қаламгер емес, нағыз қоғам қайраткері. Ол өзінің ғұмырын ұлтқа қызмет етуге арнады. Оның ұраны – «Оян, қазақ!» – әлі де өзекті. Қазіргі Қазақстанда ұлттық болмыс пен тәуелсіз ой қалыптасуы жолында Міржақып Дулатұлындай қайраткерлердің идеясы үлкен рөл атқарады.

М. Дулатұлы – қазақ халқының XX ғасыр басындағы ең көрнекті тұлғаларының бірі. Ол – өз ұлтының надандықтан, отарлық езгіден құтылуын көксеген шыншыл қайраткер. Оның шығармашылығы мен қоғамдық қызметі – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Алаштың асыл мұраты – елдің тәуелсіздігі мен дамуы жолында Міржақып Дулатұлының алар орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Уфа, 1909. – 32 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 304 б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
4. Әбжанов Х. Алаштың ақ жолы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 264 б.

ӘОЖ 80/81 (063)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ФИЗИКА ҒЫЛЫМЫ

Токсанбаева Э.Б., мұғалім

«№ 49 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Семей қ.

toksanbaeva@mail.ru

XX ғасырдың басы – қазақ халқы үшін аса күрделі әрі тарихи маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл кезеңде елдің тәуелсіздігі үшін күрес, ұлттық сананың оянуы, рухани жаңғыру мен білім-ғылымға бет бұру қатар жүріп жатты.

Дәл осы тарихи кезеңде ұлттық болмыс пен мәдениетті сақтап қалу үшін бар күшін арнаған тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – ұлттың рухани көсемі, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ағартушы, ұстаз, публицист және мемлекет қайраткері ретінде халық жадында қалды. Оның атқарған істерінің ауқымы өте кең, ал мұрасы бүгінгі күнге дейін өзекті.

Ахмет Байтұрсынұлының аты аталғанда, көп жағдайда оның тіл саласындағы еңбектері мен әліпби, орфография реформалары еске түседі. Алайда оның ағартушылық қызметі бұлармен шектелмейді. Ол – бүкіл қазақ халқының білім алу жүйесін, ғылыми ойлау мәдениетін жаңғыртуға күш салған тұлға. Бұл ретте оның көзқарастары мен еңбектері тек гуманитарлық ғылымдармен ғана шектелмей, жаратылыстану бағытындағы ғылымдарды да қамтыды. Солардың бірі – физика ғылымы.

Физика – әлем заңдылықтарын зерттейтін, табиғат құбылыстарын түсіндіретін және техника мен технология дамуына тікелей әсер ететін іргелі ғылым саласы. Қоғам дамуының әр кезеңінде бұл ғылымның маңызы артып отырған. Ал осы ғылымды ұлттық тілде, қазақша оқыту мен түсіндіру мәселесі – өткен ғасырдың өзінде-ақ күн тәртібіне қойылған болатын. Бұл тұрғыдан алғанда Ахмет Байтұрсынұлының ұстанымдары мен атқарған қызметі аса маңызды рөл атқарды.

Ахмет Байтұрсынұлы ғылымды, соның ішінде жаратылыстану ғылымдарын, халыққа ана тілінде үйретуді басты мақсат етіп қойды. Оның «білім – ұлттың болашағы» деген ұстанымы қазақ қоғамында жаратылыстану пәндерінің, оның ішінде физиканың, мектеп бағдарламасына енгізілуін тездетті. Ол оқулық жазуда, білім беру мазмұнын жасауда әрдайым ғылым мен тілдің тығыз байланысына мән беріп отырды. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасуына жол ашты.

Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы физиканы, жалпы ғылымды ұлттық таныммен сабақтастырып оқытуды ұсынды. Оның оқулықтарында қолданған сөздер мен тәсілдер ғылымды түсінікті, қарапайым, әрі өмірмен байланысты етіп жеткізуге бағытталды. Физика саласына қатысты «қозғалыс», «күш», «жылу», «ауа», «тығыздық», «ағызу», «салмақ», «қысым» сияқты терминдердің қолданысы осы кезеңнен бастау алады.

Бұл – ғылыми терминологияның қазақша қалыптаса бастағанының нақты дәлелі.

Осы тұста маңызды сұрақ туады: Байтұрсынұлының физика ғылымына тікелей қатысы бар ма? Шындығына келгенде, ол арнайы физик болмаса да, физика және басқа да жаратылыстану ғылымдарына жанама түрде зор ықпал еткен. Атап айтқанда, ғылыми білімді

ана тілінде берудің жолын ашқан тұлға ретінде физика пәнінің қазақша оқытылуына негіз салды. Ол ғылымның тілін ұлт тіліне икемдеп, ғылым мен халық арасындағы көпір рөлін атқарды. Бұл – жай ғана педагогикалық немесе лингвистикалық жетістік емес, бұл – ұлттық ғылым үшін жасалған батыл қадам еді.

Қазіргі таңда ғылым мен технология қарыштап дамыған заманда физика ғылымы елдің стратегиялық ресурсына айналып отыр. Ғарыштық технологиялар, ядролық энергетика, нанотехнология, жасанды интеллект – осының бәрі физиканың негізінде дамып жатыр. Ал осы күрделі ғылым саласын жас ұрпаққа ана тілінде түсіндіру – сапалы білім берудің негізгі шарты. Мұнда Байтұрсынұлы бастаған ұлы ағартушылардың еңбегі мен жолы біз үшін үлгі болып қала бермек.

А. Байтұрсынұлының ағартушылық мұрасы және ғылымды оқытуға көзқарасы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ағартушылық қозғалысының негізін қалаған тұлғалардың бірі. Оның ағартушылық идеялары тек балаларды оқыту, мектеп ашу сияқты тар мағынада емес, тұтас ұлтты жаңғырту, оның білім мен ғылымға деген қатынасын өзгерту сияқты кең ауқымды мақсаттарды көздеді.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында сауатсыздық деңгейі өте жоғары болатын. Осы кезде Байтұрсынұлы: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген ой тастады.

Бұл тұжырым – қазақ ағартушылығының тұғырнамасына айналды. Ол білім беру ісін жүйелі ұйымдастыру үшін оқу құралдарын жазды, мектеп бағдарламасын жасады, мұғалімдерге әдістемелік нұсқаулар ұсынды. Бұл әрекеттерінің барлығы кешенді, терең білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталды. Оның «Оқу құралы» (1912), «Тіл – құрал» (1914), «Әліппе» (1924), «Баяншы», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектері білім мазмұны мен әдіснамасын ұлттық сипатта құруға арналған. Бірақ ең маңыздысы – ол бұл оқулықтарда тек тіл мен әдебиетке емес, жаратылыстану пәндеріне де ерекше орын берді.

Ахмет Байтұрсынұлы ғылымды – ұлтты алға сүйрейтін күш ретінде таныды. Ол ғылымды тек элита үшін ғана емес, бүкіл халық үшін қолжетімді ету керектігін айтты. Осы мақсатта ол күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру тәсілін ұсынды. Бұл тәсіл жаратылыстану пәндерін, соның ішінде физиканы үйретуде аса маңызды. Себебі физика – логика мен дәлдікті талап ететін ғылым. Ал оны ұғыну үшін оқушы алдымен сол ұғымдарды өз ана тілінде еркін түсінуі тиіс.

Осы тұста Байтұрсынұлының қызметі ерекше маңызды болды. Мысалы, физикада қолданылатын «қысым», «тығыздық», «ағыс», «жылдамдық», «ауырлық», «жарық», «қозғалыс», «күш» сияқты ұғымдардың баламасын табу немесе қалыптастыру – тек тіл мамандарының емес, физика ғылымына жанашыр тұлғалардың жұмысы. Байтұрсынұлы осы бағытта алғашқы қадамдарды жасап, термин жасаудың принциптерін ұсынды:

1. Қазақ сөзіне негізделу: ол термин жасау барысында қазақ сөздерін қолдануға тырысты. Мысалы, «density» сөзіне – «тығыздық», «motion» – «қозғалыс», «pressure» – «қысым» деген балама ұсынуға негіз салған.

2. Жаңа сөз жасауға жол ашу: егер қазақ тілінде дәл балама табылмаса, жаңа сөз жасау ұсынылды. Бұл – қазіргі ғылым тілін дамытуда қолданылып жүрген әдістеме.

3. Түсіндіру арқылы беру: ғылыми терминді тікелей аударуға болмайтын жағдайда, ол ұғымды қазақша сипаттап, түсіндіру арқылы жеткізуді құп көрді. Бұл әдіс бүгінгі мектеп оқулықтарында кеңінен қолданылып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының осы тәсілдері мен идеялары бүгінде оқытылатын физика курстарында тікелей қолданылады. Мысалы, оқушыларға үйкеліс, ауырлық, энергия, жарық, дыбыс сияқты ұғымдарды түсіндіру кезінде олардың күнделікті өмірмен байланысы көрсетіледі. Бұл тәсіл оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттырып, күрделі формулалар мен заңдарды қабылдауды жеңілдетеді.

Осылайша, А. Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі ғылымды, соның ішінде физиканы оқытудың ұлттық моделін қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Ол тек білім жүйесінің емес, ғылыми дүниетанымның да негізін қалады. Жаратылыстану пәндерінің

мазмұнын ұлт мүддесіне сай бейімдеп оқыту – оның ағартушылық ұстанымының жарқын көрінісі.

Физика ғылымының қазақ тіліне бейімделуі және терминология мәселесі. Физика – адамзат баласының дүниетанымын кеңейткен, әлем заңдылықтарын ашқан іргелі ғылымдардың бірі. Бұл ғылымның заңдары – нақты, дәл әрі шынайы. Ол табиғаттағы құбылыстарды, материяның қозғалысын, энергия мен зат алмасуын зерттейді. Алайда мұндай күрделі ғылымды халыққа түсіндіру үшін алдымен оның тілі, терминдері мен ұғымдары ұлттық тілде қалыптасуы керек. Қазақ тіліндегі физика ғылымының дамуына жол ашқан алғашқы қадамдардың бірі – А. Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны жүйелеуі болды.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл ғылымының теориялық негіздерін жасап қана қоймай, оны ғылымды оқытуда, ғылыми ойлауды қалыптастыруда да қолданды. Оның терминжасам тәжірибесі – қазақ тіліне көптеген жаңа ұғымдарды енгізуге жол ашты. Мысалы, қазіргі таңда физика сабақтарында қолданылып жүрген көптеген терминдердің түп-төркіні осы кезеңнен бастау алады.

Байтұрсынұлы терминологияны жасауда үш негізгі бағыт ұстанды:

1. Қазақтың төл сөздерін пайдалану. Бұл әдіс бойынша, шет тілдердегі терминдерге қазақша балама іздестірілді. Мысалы:

- Force – «күш»
- Motion – «қозғалыс»
- Weight – «салмақ»
- Light – «жарық»
- Heat – «жылу»
- Density – «тығыздық»
- Pressure – «қысым»

Осы терминдердің барлығы қазіргі мектеп физика оқулықтарында сәтті қолданылып жүр. Бұл сөздер қазақ оқушысына жақын, түсінікті әрі көркем образды. Бұл – ғылыми ұғымды ана тілінде сіңірудің тиімді тәсілі.

Терминология мәселесінің қазіргі маңызы. Физика – халықаралық ғылым. Бұл салада көптеген ұғымдар алғаш рет латын, грек немесе ағылшын тілдерінде пайда болды. Сондықтан оларды қазақ тіліне икемдеу – ерекше назарды талап ететін процесс. Бұл жерде ең алдымен ұлттық дүниетаным ескерілуі тиіс.

А. Байтұрсынұлы термин жасау кезінде «халыққа түсінікті, қарапайым және мағыналы болу керек» деген қағиданы ұстанды. Бұл принциптер әлі де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Қазіргі терминологиялық комиссиялар мен оқулық авторлары осы әдіснаманы басшылыққа алуы тиіс. Алайда бүгінгі таңда ғылыми терминологияда бірізділік жетіспей жатады. Кейбір оқулықтарда бір термин әртүрлі түрде аударылып келеді. Бұл оқушылардың физика пәнін толық меңгеруіне кедергі келтіреді.

Қазақ мектебіндегі физика пәнінің қалыптасуы. Физика пәні Ресейдің ықпалымен қазақ мектептеріне алғаш рет ХХ ғасырдың басында енгізіле бастады. Бірақ сол кездегі оқулықтар орыс тілінде жазылғандықтан, ауыл мектептерінде бұл пән дұрыс оқытылмады немесе мүлде енгізілмеді. Алайда Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары физика мен жаратылыстану пәндерінің маңызын түсініп, оларды ана тілінде оқытуға ерекше назар аударды.

А. Байтұрсынұлының бастамасымен құрылған «Ұшқын», «Шора», «Қазақ» газеттері мен оқу құралдарында жаратылыстану ұғымдарына қатысты танымдық мақалалар жарық көрді. Бұл материалдарда табиғат құбылыстары, күн мен түннің ауысуы, судың булануы, жарықтың таралуы сияқты негізгі физикалық заңдылықтар қарапайым тілмен түсіндірілді. Бұл сол заманның өзінде қазақ баласының ғылыми танымын оятуға бағытталған алғашқы қадам еді.

Байтұрсынұлы идеяларының қазіргі білім беру жүйесіндегі жалғасы

Бүгінде Қазақстандағы мектептерде физика пәні 7-сыныптан бастап оқытылады. Бұл пәннің мазмұны халықаралық стандарттарға сай, бірақ қазақ тілді мектептер үшін ана тіліндегі сапалы оқулықтар мен әдістемелік құралдар қажет. Бұл мәселе бүгінде өзекті болып қала береді. Осы тұрғыда А. Байтұрсынұлының мынадай идеялары ерекше маңызға ие:

1. Ғылым тілін ана тілінде қалыптастыру. Байтұрсынұлының «ғылым тек ана тілінде оқытылғанда ғана бала оны толық меңгереді» деген ұстанымы қазіргі білім беру саясатына да негіз болуы тиіс. Бүгінде көптеген мектеп оқушылары күрделі физикалық ұғымдарды ана тілі арқылы ғана түсінгенде жақсы қабылдайды. Сондықтан қазақ тіліндегі физика оқулығын сапалы, жүйелі әрі ғылыми негізде жазу – өте маңызды.

2. Білім мен өмір байланысын көрсету. А. Байтұрсынұлы білім тек кітапта қалып қоймай, өмірмен тығыз байланыста болуы тиіс деді. Бұл қағида қазіргі физика сабақтарында кеңінен қолданылып отыр. Мысалы:

- үйкеліс күші – автокөліктің доңғалағындағы қозғалыс;
- Архимед күші – суға бататын немесе қалқып жүретін денелер;
- электр тоғы – тұрмыстағы құралдармен жұмыс;
- жарық пен көлеңке – күнделікті бақылаулар арқылы түсіндіріледі.

Осылайша, физика оқушының күнделікті өмір тәжірибесімен ұштасады. Бұл әдіс Ахмет Байтұрсынұлының «оқу – өмірмен сабақтас болуы керек» деген идеясының заманауи жалғасы болып табылады.

3. Мұғалімнің рөлі және әдістеме. Ахмет Байтұрсынұлы мұғалімді білім мен тәрбиенің басты тұлғасы деп санады. «Мұғалім қандай болса, мектеп хәм оқушылары сондай болмақ» - деді.

Бүгінде физика пәні мұғалімінен тек ғылыми білім ғана емес, оны қарапайым, нақты, логикалық жүйеде түсіндіре алуы талап етіледі. Бұл да Байтұрсынұлы қалыптастырған әдістеменің жалғасы.

А. Байтұрсынұлы идеяларының қазіргі ғылым мен технология дамуындағы орны мен жалғасуы. ХХІ ғасыр – ғылым мен технология дәуірі. Ақпараттық жүйелер, жасанды интеллект, нанотехнология, ғарыштық зерттеулер, кванттық физика секілді күрделі салалар күн сайын дамып келеді.

Бұл ғылымдар негізінен физика заңдылықтарына сүйенеді. Қазіргі қоғамдағы әрбір жетістік – бір кездері тек теориялық білім ретінде оқытылған физикалық ұғымдардың практикалық жүзеге асуының нәтижесі.

Осы орайда ұлттық ғылымның іргесін қалаған А. Байтұрсынұлының идеялары бұрынғыдан да маңызды бола түсуде. Ол ғылымның тек санаулы элитаға емес, барша халыққа түсінікті, қолжетімді болуы тиіс екенін дәлелдеді. Бұл идея бүгінде инклюзивті, тең қолжетімді білім беру жүйесімен үндеседі.

Ахмет Байтұрсынұлы ғылымды ана тілінде үйретудің маңызын өте ерте түсінген. Ол ғылым тілі ұлт тілінде қалыптаспаса, халық ғылымнан алыстап кетеді деп қауіптенді. Бұл пікір бүгінгі күні де өте өзекті.

Мысалы, физика пәні халықаралық маңызы бар ғылым болғанымен, оны ана тілінде түсінген оқушы ғана сол білімді әрі қарай қолдана алады.

Мәселен:

- киберфизикалық жүйелер – заттар интернеті (IoT) арқылы түрлі құрылғыларды басқару;

- нанофизика – медицина мен биотехнологиядағы микродеңгейдегі жаңалықтар;

- астрономиялық зерттеулер – ғарыштық серіктер, телескоптар, спутниктерді басқару.

Осының бәрі – физиканың қолданбалы нәтижелері. Бірақ бұл салаларды игеру үшін оқушы физика негіздерін өз тілінде терең меңгеруі керек. Байтұрсынұлы мұны бір ғасыр бұрын-ақ айтқан: «Ұлттың ғылымы – өз тілінде сөйлегенде ғана дамиды».

Байтұрсынұлының принциптерінің бүгінгі білім беру жүйесіндегі қолданысы.

Қазіргі білім жүйесінде бірнеше стратегиялық бағыттар Байтұрсынұлы идеяларымен тікелей үндеседі:

1. STEM-білім беру және тіл

STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) – ғылым, технология, инженерия және математика бағыттарын біріктіретін интеграцияланған жүйе. Бұл бағытта оқушылар физикалық құбылыстарды тәжірибе арқылы зерттеп, инженерлік шешімдер ұсынады. Алайда бұл білімді ана тілінде беру арқылы ғана терең түсінік қалыптасады. Байтұрсынұлының «білім – тілмен беріледі, тіл арқылы меңгеріледі» деген қағидасы STEM-білімнің қазақша моделін жасауға негіз бола алады.

2. Физикадан ғылыми жобалар мен олимпиадалар. Бүгінде көптеген қазақ жастары физикадан халықаралық деңгейде жүлде алып жүр. Бұл – ұлттық мектептегі физика оқыту деңгейінің артуының белгісі. Алайда олардың жетістіктерін арттыру үшін:

- ғылыми жобаларды қазақ тілінде дайындау;
- ғылыми баяндамаларды ана тілінде қорғау;
- терминологияны нақты стандарттау қажет.

Бұл Байтұрсынұлының ғылымды ана тілінде дамыту туралы идеясының жалғасы.

3. Цифрлық ресурстар мен қазақша контент. Қазіргі білім беру процесінде цифрлық платформалар (Bilimland, Kundelik, Online Мектеп т.б.) кеңінен қолданылады. Бірақ бұл ресурстарда физика пәні бойынша қазақша контенттің үлесі әлі де төмен. А.Байтұрсынұлының «оқу – көріп, естіп, қолмен жасап меңгерілетін процесс» деген тұжырымына сай, бүгінгі цифрлық құралдар қазақ тілінде жетілдірілуі тиіс. Бұл – ұлттық ғылымның цифрлық дәуірде де сақталуына сеп болады.

Ғылымның дамуы – елдің мәдени, рухани, интеллектуалдық әлеуетін арттырады. Байтұрсынұлы ғылымды тек кәсіби сала емес, ұлттың болмысын қалыптастыратын құндылық ретінде бағалады. Ол ғылым мен тілдің байланысы арқылы ұлттың ойлау қабілетін, таным көкжиегін кеңейтуді көздеді.

Қазіргі қоғамда бұл идея өте өзекті. Себебі жаңа буын ана тілінде еркін сөйлей отырып, жаһандық ғылымды меңгеріп, жаңалық ашуға қабілетті болуы керек. Осы мақсатқа жету үшін білім беру жүйесі Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған ғылым мен тілдің біртұтас дамуы жолын ұстануы тиіс.

А. Байтұрсынұлы – қазақ халқының рухани көшбасшысы, ағартушы, тіл реформаторы ғана емес, ұлттық ғылымның іргесін қалаған тұлға. Ол ғылым мен білімнің ел болашағы үшін шешуші мәнге ие екенін терең түсініп, бүкіл өмірін халықты оятуға, ағартуға арнады. Байтұрсынұлының идеялары тек өткен ғасырдың тарихи контекстінде ғана емес, бүгінгі күнгі білім беру мен ғылыми жүйе үшін де аса өзекті.

Баяндама барысында біз Байтұрсынұлының:

- қазақ тілінде ғылыми терминология қалыптастырудағы еңбегін;
- жаратылыстану пәндерін, соның ішінде физиканы ана тілінде оқыту қажеттігін алғаш көтергенін;
- физика ғылымының ұғымдарын түсінікті, өмірмен байланысты етіп жеткізу жолдарын ұсынғанын;
- білім беруді ұлттық болмыспен ұштастыру идеясын жүйелі түрде негіздегенін;
- білім мен ғылымның тіл арқылы меңгерілетінін дәлелдегенін қарастырдық.

Қорытындылай келе, бұл идеялардың барлығы бүгінгі таңдағы білім беру жүйесі, ғылыми даму, тіл саясаты үшін аса маңызды бағыттармен үндеседі. Физика – адамзат өркениетін алға сүйрейтін жетекші ғылымдардың бірі. Бұл ғылымдағы білім мен тәжірибенің ұлттық тілде берілуі – терең түсінік пен сапалы білімнің кепілі.

Ахмет Байтұрсынұлы осы қажеттілікті бір ғасыр бұрын көре білді. Оның «ғылым – ұлт тілімен дамиды» деген ұстанымы бүгінде еліміздегі білім беру саласындағы басты қағидалардың біріне айналуы керек. Физиканы тек формула, есеп арқылы ғана емес, ұлттық таныммен, ана тілінде түсіндіру – ғылымды елге жақындатудың ең тиімді жолы.

Баяндама негізінде ұсынылатын нақты шаралар

Ахмет Байтұрсынұлының идеялары мен бүгінгі жағдайды ескере отырып, келесі ұсыныстарды ұсынуға болады:

1. Физика пәнінің мазмұнын ұлттық контекспен ұштастыру.

Сабақта қолданылатын мысалдар, есептер, зертханалық жұмыстар ұлттық болмысқа, өмірлік тәжірибеге негізделуі керек. Мысалы, қазақтың көшпелі тұрмысындағы салт-дәстүрлерді физикалық құбылыстармен байланыстыра оқыту (мысалы, киіз үйдің құрылымы – геометрия мен термодинамика тұрғысынан).

2. Физикалық терминдердің қазақ тіліндегі нұсқаларын біріздендіру.

Терминологиялық комиссия физика саласындағы барлық ұғымдарға ресми қазақша балама бекітіп, оларды оқулықтар мен оқу құралдарына енгізуі қажет.

А. Байтұрсынұлының термин жасау принциптері негізге алынуы тиіс.

3. Мұғалімдер даярлауда тіл мен ғылым байланысына ерекше мән беру.

Педагогикалық ЖОО-ларда болашақ мұғалімдерге физиканы ана тілінде тиімді үйретудің әдіснамасы оқытылуы керек.

Байтұрсынұлы ұсынған тілдік-құрылымдық тәсілдер оқу процесіне енгізілуі қажет.

4. Қазақ тіліндегі заманауи цифрлық контентті дамыту

Онлайн платформа, мобильді қосымша, анимация, видео сабақтар қазақ тілінде қолжетімді болуы қажет.

Бұл контенттерде физика пәні ұлттық болмысқа сай, ғылыми әрі түсінікті тілмен ұсынылуы керек.

5. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын оқу бағдарламаларына кеңінен енгізу.

Орта білім беретін мектептерде «Ұлы ағартушылар» курсы немесе факультативін енгізіп, А. Байтұрсынұлының ғылым мен білім саласындағы рөлін жүйелі түрде түсіндіру.

Физика пәні бойынша да Байтұрсынұлы терминдерінің пайда болу тарихы мен маңызын көрсету.

А. Байтұрсынұлы – ұлты үшін өмірін сарп еткен, ғылым мен білімді ұлттық тілмен сабақтастыра отырып дамытуға күш салған ұлы қайраткер. Оның идеялары – бүгінгі Қазақстан үшін стратегиялық маңызды. Әсіресе ғылым мен тілдің байланысын түсіну арқылы біз ұлттық ғылымды, соның ішінде физика ғылымын өзіміздің төл топырақта дамыта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал / Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Арыс, 2006.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жалын, 1991.
3. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Қазан: Каримовтар баспаханасы, 1912.
4. Байтұрсынұлы А. Баяншы. – Алматы: Білім, 1926.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
6. Ысқақов А. Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1974.
7. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ҚР ҰҒА Тіл білімі институты. – Алматы: Арыс, 2008.
9. Тұрысбек Ғ. Ұлт зиялылары және рухани жаңғыру. – Алматы: Білім, 2017.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаратылыстану-математика бағытындағы білім беру бағдарламасы (Физика, 7–11 сыныптар). – Астана, 2021.
11. Мырзалы С. Қазақ физика терминологиясы: тарихы мен қазіргі жай-күйі // Ұлт тағылымы, 2020, №1.
12. Әлімжанова Г. Физика пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды қолдану жолдары // Қазақстан мектебі, 2021, №4.
13. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
14. UNESCO. Education in a Multilingual World. – Paris: UNESCO Publishing, 2003.
15. OECD. Science Education for the 21st Century. – Paris: OECD Publishing, 2018.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕРЕН ҚЫЗМЕТІ

Молдалиева Г.С., тарих пәнінің мұғалімі

Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылы

Қ. Сұлтанбеков атындағы орта мектебі

E-mail: moldalieva64@mail.ru

Саналы ғұмырын өз халқының сауатын ашып, өркениетті халықпен терезесі тең болуын көздеуге ұмтылған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымы мен мәдениетіне, ұлттық педагогика мен оқу-ағарту ісіне сіңірген еңбегі ерен. Ол елді тек оқу-білімге шақырып қана қойған жоқ, мектептің жайын, оқытудың қыр-сырын тікелей ұстаздық қызмет атқара жүріп бір жүйеге түсірді. Өзінің оқу-ағартушылық қызметінде оқытудың әдістемесін қалыптастырып, іс жүзінде мұғалімдерге жол сілтеді. Оның ғылыми-педагогикалық, дидактикалық тұжырымдары өзінің жеке іс-тәжірибесіне негізделуімен құнды. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлын «Ұлт ұстазы» [4, 136 б.] деп дәріптейміз.

Халықты ояту мен жаңа заманға бейімдеу ісінің маңызды бөлігі – оқыту ісі. Қазақтың оқусыз көсегесі көгермейтінін өткен ғасыр басындағы барша қазақ зиялылары айтса да, мәселеге кешенді түрде қарап, нақты жүзеге асыру үшін бел шешіп кіріскен Ахмет Байтұрсынұлы екенін ешкім жоққа шығармайды және де біз бұл еңбегін айрықша бағалауымыз керек. «Ұлт ұстазы» деген атағының өзі атқарған жұмысына сол кезде берілген баға. Ол ұлт болашағын оқудан іздеді.

«Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі» [1, 17 б.], - деп атап көрсетеді.

Оқу ісі туралы мына ойлары бүгінгі күн үшін де аса маңызды: «Қазақтың оқу жұмысы бұл күнде школада: қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүр, бір парасы ескі молдадан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады. Орысша оқығандарды оқыту һәм тәрбиелеу ғылымы оқыған адамдардың қолында. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет...» екенін айтады. Қазақ тілінің алдынан шығып жатқан бүгінгі проблемаларды сол кезде, яғни бір ғасыр бұрын болжаған көреген адамды кемегер демеске себеп бар ма?! Өйткені ол орыстың тіліне тәуелділікке ұшырауымыз мүмкін екенін, бойына біткен ғайыптан хабар алатын сиқырлы күш арқылы емес, кемел білімімен болжай білді. Басталып келе жатқан замана желінің соңы қайда апарып соғатыны оған айнадағыдай айқын еді. Сондықтан ол қазақша оқуды ұлтты құтқарудың бірінші құралы деп бағалады.

Қазіргі кезде өз алдымызға тәуелсіз ел болып тұғырымыз қатайғанда, осы жолда өздерінің салықалы ғұмырларын құрбан еткен азматтарымыздың халқы үшін сіңірген ерен еңбектерін саралап, жаңа заман талабына сай «ақтандақтардың» бет пердесін ашып зерделеу өте маңызды. Өсіп келе жатқан ұрпақ өткен тарихын талдап, есінде сақтап, одан әрдайым сабақ алып отыруы қажет. Тарихымызға сын көзбен қарасақ, төңкеріске дейін жекелеген ұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырылып, зерттеуге тыйым салынғаны, зерттеле қалғандарының өзі біржақты бағаланып, шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік болмағандығын ашып айтуға болады. Сондықтан да ұлттық рухы мықты қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұловтың халқы үшін көрсеткен елеулі еңбектерін дәріптеу маңызды мәселелердің бірі болмақ.

А. Байтұрсынұлов ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса білімді, салауатты, ірі саяси қайраткер. Ол өзінің орасан зор ерік-жігерімен, ірі

ұйымдастырушылық қабілетімен, саяси оқиғаларға көзқарасының тұрақтылығымен зор беделі мен құрметке ие болды. Теориялық жағынан жетік болғандықтан, өз қызметінде таптық белгілерден гөрі ұлттық ұстанымды ұстанды. Өз халқының сауатты болуына, білім алып, көздерінің ашық болуына зор үлес қосқан айтулы азаматтардың бірі деп анық айта аламыз. Бұл орайда, А. Байтұрсынов республикадағы мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауына алып отырған.

Сауат ашуда қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру керектігін дер кезінде түсініп, жаңа мұғалімдерді дайындаумен қатар бұрынғы мұғалімдердің білімдерін жетілдіру мақсатында уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарды ашты. Осы курстарға жастарды көптеп тартып, оларға стипендия төлеген. Сонымен қатар, ұлтын сүйген ұлды ауыл мәдениеті қатты алаңдатты. Осы орайда ауыл мәдениетінің мүлдем артта қалғанын ескере отырып, А. Байтұрсынов өз кезегінде Комиссариат нұсқаушыларын шалғай ауылдарға іс сапармен мектептер, сауат ашатын орындар мен қызыл отауларды ашуға жіберген.

А. Байтұрсыновтың басшылығымен комиссариат педкурстардың қызметі мен жағдайын зерттеу үшін анықтама парақшаларын жіберіп, бірінші басқыш мектептерінің мұғалімдерін дайындау үшін ашылған қысқа мерзімді 4 айлық педкурстар мен мектеп нұсқаушыларының 2 айлық курстарының бағдарламалары мен есеп жүйесін жасаған. Мамандардың тапшылығына байланысты А. Байтұрсынов Халық Ағарту Институттары мен педагогтар дайындайтын арнаулы орта оқу орындарын ашқан. 1921 жылдың бірінші шілдесіне қарай республикада төрт Халық Ағарту институтын іске қосты.

А. Байтұрсынов 1920 жылы Орынборда ашылған үлгі-тәрбие мектеп-коммунасының жанынан интернат ашқан. Алғашқы жылдары бұл бастауыш мектеп болды, кейін оны жеті жылдық үлгі-тәрбие мектебі етіп қайта құрды. Оны ауыл шаруашылығына бейімделген үлгі-тәрбие мектебіне айналдырған. Мектепті Академиялық Орталықтың тәжірибелік жұмыс орталығына айналдырады. Мектеп-коммунасында қазақ кедейлерінің, Қызыл Әскердің, кемтар адамдардың балаларын 10 жастан қабылдап оқытқан. Ал жетім балалар мектептің интернатында ешбір ақысыз оқып, үкімет қамқорлығында болды.

1920 жылдың 10 желтоқсанындағы Қазақ Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісі А. Байтұрсыновқа жіберген қатынасында РСФСР Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы құрамы аз ұлттарды ағарту бөлімі Қазақ Республикасын мекендейтін халықтардың мәдени-ағарту қызметі туралы очеркін құрастыруға қатысуын міндеттейді. Бұл тапсырманы орындауда Орталық Атқару Комитеті Комиссариаттардың өкілдерінен тұратын арнайы құрылған комиссияның мүшесіне А. Байтұрсыновты енгізеді. Президиум алдындағы жауапкершілікті Халық Ағарту Комиссары А. Байтұрсыновқа жүктеген.

А. Байтұрсыновтың ыждағатты бақылауының арқасында не бары үш ғана оқулық – әліппе, грамматика, арифметика оқулықтары шықты, бұлардың жалпы таралымы 178 мың дана [5, 432 б.] ғана болды. Бұл оқулықтардың бір бөлігі Қазақстанда, бір бөлігі Қазанда басылды. Басылған оқулықтардың таралымы аз болғандықтан, мектептердің болмашы қажеттігін де өтей алмаған. Халық Ағарту Комиссариатының қызметі 1921-1922 жылдардағы аштық кезеңіне тап болғандықтан, комиссариаттың жергілікті орындармен байланысы үзіліп, өлкедегі ағарту жұмысына басшылық ету күн өткен сайын қиындай түскен.

Қаржы-қаражат пен басқа да қажеттіліктердің жетіспеуі өсіп келе жатқан мектеп жүйесінің қарапайым сұраныстарын қанағаттандыра алмаған. Орныққан жағдайдан шығу үшін А. Байтұрсынов комиссариаттың жергілікті бөлімдеріне арнап қабылдаған қаулысында аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуге шақырған. Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариатының жанынан арнаулы ғылыми бөлім – Академиялық Орталық болып 1923 жылы қайта құрылды.

Ғылыми мекеменің төрағасы етіп А. Байтұрсыновты бекіткен. Бұл мекеменің басты қызметіне – халық ағарту ісінің өзекті мәселелерін шешумен қатар ғылыми мәселелерге басшылық жасап, олардың жұмысын бір-бірімен байланыстыру арқылы реттеп отырған.

Ахмет Байтұрсынұлының осы педагогикалық іс-тәжірибесі нәтижесінде кейіннен қазақ балаларын тиімді оқыту мәселелері бойынша «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Тілжұмсар» т.б. еңбектері жарық көрді. «Қазақ тілі мен әдебиеті кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет Байтұрсынұлы» деп айтып кеткен Сәбит Мұқанов [6, 5 б.]

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Ахмет жоғары оқу орындарында, атап айтсақ, Орынборда Қазақ халық ағарту институтында (кейін Қызылордаға көшірілген), 1928-1929 жылдары Алматыда Қазақ педагогикалық институтының профессоры болып ұстаздық етті. Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық қызметі сауат ашу әдістемесін ғана емес, ана тілін оқытудың толық жүйесін реттеп берді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Сол 1911–1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды [2, 22 б.].

XX ғасыр басында алаш зиялыларын маңына топтастырып, бүкіл халықтың жоқшысы, жанашыры болған басылымның бірі – «Қазақ» газеті. Ахмет Байтұрсынұлы бес жылдай осы «Қазақ» газетін басқарды. Газеттің мазмұнды болуына ерекше мән берді. Қазақ халқы үшін сол кездерде құлағы, үні, тілі болып, айналасына ұлт болашағын ойлаған қазақ азаматтарын біріктіре білген «Қазақ» газетін Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың жан жарасына айналған жер, тіл, дін, оқу және тағы басқа мәселелерді көтеретін басылымға айналдырды.

«Қазақ» газеті ақпарат тарату ұйымына айналып, ішкі және сыртқы жаңалықтарды бұқараға хабарлап, таныстырып отырды. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «дүниеде болып жатқан істер, сөйлеп жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге залалды екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, залалдысынан сақтанып тұрды». А. Байтұрсынұлы басқарған «Қазақ» газеті қазақ сол кезеңдегі ең көкейкесті мәселе-оқу-ағарту ісіне ерекше маңыз беріп, халықтың білім беру жүйесінің қалыптасуына қолдау көрсетіп, жанашырлық танытты. Ғылым, білім жаңалықтарын насихаттап, алғашқы қазақ ағартушыларының озық ойларын іс жүзіне асыруға қомақты үлес қосты.

1919 жылы А. Байтұрсынов Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны белгілеуге белсенді қатысты. 1920-1921 жылдары құрылған Қазақ АКСР-нің халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922-1925 жылдары Қазақстан Халық комиссариатының ғылыми-әдеби комиссиясын басқарды. Мемлекеттік қызметпен қатар, Байтұрсынов педагогикалық қызметпен де айналысты: 1921-1928 жылдары халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиетінен, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. Кеңестік органдардағы жұмысына қарамастан, А. Байтұрсынов Қазақстандағы Кеңес үкіметінің алғашқы қадамдарын қатал сынға алды [3, 768 б.].

А. Байтұрсынов Қазақ АКСР-нің халық ағарту комиссары қызметінде болғанда әртүрлі қорларға студенттер жіберу және оларға комиссариат атынан стипендия бергізуге ат салысты. Мысалы: көрнекті қайраткер Ә. Ермековке және әйеліне Томскіде оқып жүрген кезінде стипендия бөлгізгенін айта кету керек. Сондай-ақ ол Әлихан Бөкейхановтың қызы Елизавета Садуақасованы Ташкент университетінің медицина факультетіне жіберу және стипендия бергізуге қол қол қойған [6, 5 б.].

